821.512.122
Ж 18



# ТАҒДЫР

**Ғ.С. Жазыбаев**

# Тағдыр

**Қарағанды 2022**

**УДК 821.512.122**
**ББК 84 (5 қаз)**
**Ж18**

***Пікір беруші:***

**Әли Тойжігітов** - Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі.

**Серғазы Қабылдаұлы** - Журналист-ақын, «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.

**Г.Т.Айгаринова** - Заң ғылымының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

**Жазыбаев Ғ.С.**
**Ж 18** «Тағдыр» кітабі / Ғ.С.Жазыбаев - Қарағанды: «Арка и К» ЖШС, 2022. - 320 б.

**ISBN 978-601-068518-5**

«Тағдыр» атты еңбегі жалпы оқырмандарға арналған. Бұл еңбегінде автор өз басынан өткен қиыншылықтар, Ресей Патшалығы және Кеңес Одағы кезіндегі қазақ елінің тағдыры, кейінде еліміз егемендік алған уақыттағы халқымыздың хал-жағдайы сөз болады. Өткенді ой елегінен өткізіп, негізгі деректерді жинастырып, бір арнаға толыстырып қалың оқырманға ұсынып отыр.

Сонымен қатар, автор өз қаламынан шыққан туындыларды (очерктер, өлең, толғаулар) ұсынған. Өлеңдердің сарыны да тәрбиемен, негізгі автордың осы еңбегіндегі жазудағы мақсатымен ұштасыл отыр.

Кешегі көненің көзін көрген, жақсы қасиетін бойына сіңірген азаматтың кітабына бірауыздан жоғары баға беру лайықты. Түсіне білген адамға бұл кітап таптырмас қазына.

ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ
АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 39366

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-068518-5

© Жазыбаев, 2022



Ғабдыманап Серікұлы Жазыбаев

## *Автордан*

Мен -қазақпын,биікпін,байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта бергім.

*Жұбан Молдағалиев*

Әрбір халықтың өткені мен кеткенін белгілі бір дәрежеде көзге елестету үшін сан алуан деректерді салыстыра қарауға тура келеді.

Халқымыздың оянған тарихи санасы, егемендігіміз енді бүгін өткен жолымызды шынайы көрсетуді талап етеді. Халқымыздың шын мәніндегі тарихын қайта жасау және оның әлемдік өркениеттегі орны мен рөлін айқындап ашу тарихшыларымызбен бірге азамат ретінде бәрімізден де өз үлесімізді қосуды талап етеді. Әр адамның тарихқа көз қарасы әртүрлі. Адамзат баласының көпшілігі тарихты тек әртүрлі оқиғалардың, құбылыстардың, адам аттары мен тарихи фактілердің жиынтығы деп түсінеді. Ал біреулер тарихтан ата-бабалары атқарған ұлы істердің белгісін іздейді. Біреулер үшін тарих Өмір-тіршіліктегі ғұлама ұстаз. Тарихы жоқ халық және мемлекет болмайды. Тарих біз үшін тереңге кеткен тамыр сияқты. Ол шыққан тегімізді, қоғамдық болмысымызды және жер бетіндегі тіршілік иелерінің алдындағы, артымыздағы ұрпақтарымызға жауаптылығының маңызын сезіну үшін қажет.

Қазақ халқы - Еуразиялық, көнеден келе жатқан көшпенділер өркениетінің мұрагері. Көшпенділердің айтулы істері тарих санасынан баяғыда етті, жарқын мәдениетін қалың шаң басты. Бірақ олардың өрде ер, жасампаз рухы өлген жоқ: «Ерте замандарда біздің көшпелі ата - бабаларымыз кеңістіктің шексіздігін, уақыттың жалғандығын алдымен сезінді, тарихи сана мен



этикалық рух туғызды, мемлекеттерді қаз тұрғызды, дүниенің төрт бұрышын теңгеріп тұрды» (Ж.О.Артықбаев. Қазақстан тарихы. Астана, 2000. 3-4б., Жұмағұл Шөжентегі. Ақжолтай Ағыбай батыр.,2002. 10-11б).

Мен, кәсіби әдебиетші емеспін, жоғарғы оқу орнының есеп-экономика факультетін бітіргенмін. Егеменді Қазақстанымыздың азаматы ретінде, бәрімізден өз үлесімізді талап етеді. Сол себепті осы ұсынылып отырған еңбегімді жалпы оқырманға жолдауды жөн көрдім. Менің бұл еңбегімде: өз басымнан өткен қиыншылықтар, Ресей Патшалығы және Кеңес Одағы кезіндегі қазақ елінің тағдыры, кейінде еліміз егемендік алған уақыттағы халқымыздың хал-жағдайы сөз болады. Сонымен қатар, қаламымнан шыққан туындылармен (очерктер, өлең, толғаулар) толықтырылды.

Халқыңның сырын өзің білесің де,
Ісіне күйесің де, күлесің де.
Қаласың кейде кейіп, кейде мәз боп,
Әйтеуір, сол халқыңды сүйесің де!..

деп Ілияс Жансүгіров айтқандай жаза білу деген: өмірдегі бар құбылысты көре білу, көп нәрсенің сырын көңілге түйе білу, таңдана, қуана, күйіне білу.

Жазған ойым, оқырман қауымның жүрегінен жол тауып, келешек ұрпаққа азда болса кәдеге жараған болса, көңілімнің орнығып, алға қойған мақсатымның орындалғаны.

Бұл кітап өзім шексіз пір тұтып құрметтейтін жанұямның, ағайын-туыстарымның және аяулы достарымның қолдауымен жарық көріп отыр.

## Рухты кітап

Жалпы журналистика мамандығы адамды психолог етіп тәрбиелейді. Ұлттық мүддеге қозғау салатын тұлға ретінде қалыптастырады. Мен телеарнада қызмет еткен 42 жылда көкірегінде көзі, ұққанға айтар сөзі бар көрнекті тұлғалардан сүбелі сұхбат алдым, олармен етене таныстым. Соның көпшілігінен өзіме үлгі алдым. Соның бірі тағдыр сынына сынбаған, мұраты мұқалмаған, қайта қылыштай өткір қайсарлығы шыңдаған Таңсәуле Серіков. Сұхбат барысында оның абадан рухты, телегей текті азамат екенін байқадым. Ол өмірдің өткелдері табанын тайғанатса көне білген, темірдей тегеурінділік танытып төзе білген, бастысы бәрін жеңе білген азамат. Ал әкесі Ғабдыманап Жазыбаевтың кітабын оқыған кезде Таңсәуленің ішкі мәдениетімен ұшан - теңіз білімі мен парасатты позициялары әке мен атадан қалған асыл-мұра іспеттес екенін байқадым.

«Тағдыр» кітабы ерекше мазмұнға ие. Оқуға жеңіл. Бастысы жазушы өміріндегі болған шынайы оқиғаларға сүйеніп, тағылымды тәмсілге толы ой, топшыланған. Атақты психолог, философ Виктор Франклдің «Сказать жизни «ДА»!» немесе «Концлагерьдегі Психолог» деген кітабы көптеген оқырмандар үшін рухани нұсқаулыққа айналған. Туындыда психолог, жазушы өзінің тұтқында өткізген тауқыметті жылдар жаңғырығын жазып шыққан. Оның санасына түйгені «Адамды темір тордың қапасынан алып шығатын білектігі күш емес, бастағы ақыл». Ғабдыманап Жазыбаевтың да «Тағдыр» кітабын оқи келе осындай сапмақты сенімге сөзсіз иланасың. Тіпті терең ойдың кемесіне мініп, теңізіне шомыласың. Әрі көзі қарықты оқырман ретінде осы кітаптан азаматтық көзқарас пен ұстанымына берік болуды үйренесің. ізгілік пен



мейірімділікті тұщына түйсікке түйіп, көңілге медеу қылып ұялатасың. Ата ананың тағылымды тәрбиесін үйде де түзде де көрсетіп, отбасы құндылықтарының бәрінен де биік екенін айқындайды. Әсілінде білім - асыл қазына. Оқу - инемен құдық қазғандай, - дейді халық даналығы. Мұнда әкесінің жолын жалғаған Ғабдыманап Жазыбаев әр азамат қаншалықты білімді болса, соншапықты бай-қуатты болады, - деген қанатты қағиданың қайнар бұлағына қанып ішкен. Адам өмірінің соңына дейін білім алады,ал кейде тіпті оның өзі аз болатынына оның перзенті техника ғылымдарының докторы Таңсәуле Серіков дәлел. Оның ғылым жолындағы жарқын жетістігіне қарап білімді мыңды жығатынын тағы бір анық айқындайсыз.

Адам баласы арманымен асқақ жетістіктерімен жасампаз. Адамдыққа адалдығымен абыройлы. Кіршіксіз кредолары арқылы көптің көңіл төрі мен жүрек түпкірінен орын алатыны ақиқат. Сол арманға жету жолында жасалған ерліктер қиындығымен, қимастықтар құрбандығымен құнды. Жаратушы адам баласының барлығына тағдырын таңдап беретіндей көрінеді де тұрады. Ал «Тағдыр» кітабыннан мен Ғабдыманап Жазыбаев тағдырына бұйырған барлық тауқымет тіршілігіне құрметпен қарайды деп ой түйдім.Сана биігінен байыппен бағамдадым.Бұл туынды ормандай оқырман үшін нағыз тәрбие көзімен өнегенің өлшемі болады деп нық сеніммен нығарлап айта аламын.

***Әли Тойжігітов***
***Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,***
***Қазақстанның Құрметті журналисі,***
***Қазақстанның Мәдениет қайраткері,***
***Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі.***

## Ұрпақ кәдесіне жаратар шығарма

Қолдарыңызға тиген бұл кітаптың авторы ақын да, жазушы да емес. Керек десеңіз, шығармашылыққа жақын да жан емес. Алайда өз өмірінен түйген ойларын қарапайым тілмен көпшілікке жеткізе алған. Баласы Таңсәуленің ауыр тағдыры, он сегіз мәрте ота жасатып, екі бірдей аяғынан айырылса да жасымаған жас жігіттің жазбаларын оқып отырып ойға қаласың. Еріксіз көзіңе жас келеді. Не деген ерік-жігер, не деген құштарлық! Арбаға таңылса да өмірден түңіліп кетпей, докторлық диссертация қорғаған жігіттің өмірі, әке-шешесінің, туғандарының жанашырлық әрекеттері Таңсәуленің жазбасы арқылы өте әдемі әдіптелген. Тылсым дүниенің құпиясындай ота үстіндегі түс-елесі қайран қалдырады. Жүрегіңді ауыртады... Соның бәрін қарапайым тілмен оқырманға жеткізе білуі бұл жігіттің тегін адам еместігін көрсеткендей. Риза боласың.

Бұл көркем шығарма емес. Әйтсе де оқырманын терең иіріміне тез тартып әкетері сөзсіз. Автор өзінің жазықсыз жапа шегуі мен темір тордың ар жағындағы өмірін де шынайылықпен еске алады. Келер ұрпаққа ой тастау үшін қатпарлы тарихымыздың белгілі де беймәлім тұстарына дәйек келтіре отырып, түсінік беруге тырысады. Ана тілінің тағдыры, ел ертеңі авторды бей-жай қалдырмайтынын байқауға болады. Тәуелсіз елдің азаматы ретінде мемлекетімізді меңдеп алған жемқорлық дертіне жаны ауыратыны оқырман көңілінен шығары сөзсіз.

Кітапта келтірілген тарихи деректер мен Мөңке би, Абай сынды ұлы тұлғалардың айтқан сөздері мен жырлары орнымен қолданылғанын байқауға болады. Автор шама-шарқынша кең қамтуға тырысқан еліміздің



қалыптасу кезеңі, кешегі кеңес жүйесі тұсындағы ел тағдыры діттеген жерінен шыққан.

Өзі айтқандай шығармашылық адамы болмаса да, академик Сұлтан Сартаевтың ел алдындағы арылуы арқылы өзінің де жіберген қателіктері мен күнәсіне кешіріммен қарауды өтінген ниетін айғайлап айтпаса да іштей ұғынасың. Ұрпағының дұрыс түсінуін қалайтынын аңғарасың. Ол дұрыс та.

Кітап авторына шығармашылық табыс тілей отырып, өз өмірінен түйген ойларының ұрпақ кәдесіне жарауына тілектестігімізді білдіреміз.

***Серғазы Қабылдаұлы***
***Журналист-ақын,***
***«Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.***
***«Шет шұғыласы» газетінің***
***(2007-2013) редакторы***

***Жазыбаев Ғабдыманап Серікұлының***
***«Тағдыр» атты еңбегіне әл-Фараби атындағы***
***Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,***
***заң ғылымдарының кандидаты***
***Айгаринова Гульнар Тулеухадировнаның***

## ПІКІРІ

Бұл еңбек өмірінің жартысын Совет Үкіметінің уақытысында қызмет еткен, жартысына жуығын Егеменді елі үшін қызмет еткен азаматтың қоспасы жоқ шындықтан сыр шерткен еңбегі, қолжазбасы.

Автордың жан дүниесінен шыққан еңбекті, әсіресе, тұла бойы тұңғышының басына түскен ауыртпашылық пен қиындықтарын толқымай, жан жүрегің тебіренбей оқу оңай емес.

Әйтседе, бұл шығарманың кейіпкері бір туар азамат, оның алдынан кезіккен алланың сынағы өз мақсатына жетуге кедергі бола алмады, денсаулығының жағдайына қарамастан докторлық диссертациясын нәтижелі түрде қорғап, ғылыми салада үлкен жетістіктерге жетті, ғылыми белестерді бағындырды, асқар асуларды игерді. Таңсауле бұл жетістікпен тоқтап қалған жоқ, қазірдің өзінде, бірнеше құнды еңбектердің, шет мемлекеттерде және Қазақстан Республикасында жарияланған ғылыми мақалалардың, ғылыми монографиялардың авторы, ғылыми жобалардың орындаушысы. Ғылыми саладағы ізденістері мемлекетіміздің ғылыми жүйесіне өз үлесін қосары сөзсіз. Ал енді, отбасылық жағдайын айтсақ, ата-анасының мақтанышы, үш баланың асқар таудай әкесі, асыл жар, жағасы бола алатындай аға, тынысы бола алатындай іні.

Бұл еңбектің авторы әзінің басынан кешкен әр түрлі оқиғаларын қағаз бетіне түсіре отырып, келешек ұрпағын



ойлап, олардың болашағына алаңдай отырып, жасалған кемшіліктер мен қателіктерді ұрпағы қайталамасын деген мақсатта тәрбиелік тұрғыда жазған.

Сонымен қатар, автордың қазақ халқының тарихын зерделеп, Күл тегіннің заманынан қазіргі Егеменді Қазақстанның тарихына шолу жасағаны болашақтың негізі болған жастарға тәуелсіздіктің тәтті дәмін, егемендіктің ерен қасиетін санасына жеткізгісі келгені болар. Мемлекетіміздің ата Заңы Конституцияның мазмұнын сыни тұрғыдан қарастырғаны, еліміздің мемлекеттік құрылымына сызат түспей, бірегейлігі сақталып қалуына қосқан үлесі деп санаймын.

Егемендіктің алғашқы күндерінен басталған жекешелендіру үрдісінің ақылға қонымсыздығын зерделей отырып халқының жарқын болашағына алаңдаушылығын білдірген, сонымен бірге діни көзқарастары мен қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптеген.

Қорытындылай келе, бұл еңбекпен танысып, оқып отырған кез келген оқырман жағымды әсер алып, өз тәрбиесі мен санасына жетерлік ой тоқтатып, пікір алатыны сөзсіз.

***Г.Т. Айгаринова***
***Заң ғылымдарының кандидаты,***
***профессор.***

# КІРІСПЕ

***Ей, өмір!***
***Мен, саған ез болуға келмегем.***
***Қияларға қанатымды сермегем.***
***Сен, көтермеген әлсіздікті.***
***Мен, өз қолымнан жерлегем!***
***Шолпан Иманбаева***

Су түбінде жатқан тас,жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз,шер толқытса шығады - демекші 60 жылғы өмірімізді сараптап көрейік. Кім оқыр, кім оқымас. Мүмкін кейбір сәттер кәдеге жарар. Өмірдің өзі түс сияқты қалай өтіп кеткенін байқамайды екенсің.

Адамға өмір, бұл дүниеге келгенде қаншаға келерсің, қанша өмір сүрерсің маңдайыңа жазыла келер. Біреу бұл өмірден ерте, біреу кеш өтер.

Қамшының сабындай қысқа өмірде: ұмытылмас жақсы күндер, өмірдегі ләззатты кездер, өмірінде бітпейтіндей азапты уақыттар да болар. Кейін бәрі-бәрі бітіп, адамның дәм-тұзы таусылар.

Өмір - деген арман, арманның бірі орындалып тұрса, екінші арманның төбесі көрініп тұрар.

Адам бұл өмірге пенде болып келгеннен, о дүниеге кеткенше, басынан жақсы да жаман да ғұмыр кешеді. Адам баласы бұл дүниеге келгеннен құлқыны - тамағы, киімі, сүйген жары, үйі,баласы, жұмысы - қызметі, атағы, байлығы, дәрежесі, тағы да бәрі - бәрі бір басынан өтер. Бірақ, осы аталғандардың бәрі әр адамға әртүрлі жолмен келер. Біреуге адалдықпен - парасаттылықпен, адамгершілікпен, адал еңбекпен, біліммен келер, енді біреулерге: алдаумен - арбаумен, зұлымдықпен, қысаспен, қанменен келер.



«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап» - деп ұлы Абай айтқан екен.

Адамның дәм-тұзы таусылған уақытта тіршілікте істеген қарекеттің бәрі де жер бетінде қалып, о дүниеге тәні ғана тапсырылар.

Өмірден өтер алдында тілге келсе, жер бетіндегі істеген қиянатына адам өкінер. Бірақ сол өкініш ерте ме, әлде кеш пе? Біздің қазақ халқында бір - бірімен кешу алысып жатады. Иә, ең бір орынды мәселе. Ойдағы, жүректегі өкінішті тазарту. Уақытында кешу алыса алмаса, ары бар адамға ол да тіршілікте көретін бір азап - бір өкініш. Бұл мәселені де өмірдің талабы заңдастырған шығар. Неге сол өкінішті адам баласы жасайды екен?Адамға - адам жақсылық тілей отырып, неге бір-біріне үстемдік қылады? Ол үстемдік: қанмен-жауыздықпен, алдау-арбаумен келеді. Неге? Дүниеден өтерде арамдықпен келген сол байлық, атақ-дәреже ештеңеге керек болмай қалады. Істеген қысастары үшін "тозаққа" бармасам екен, - деп жанталасады. Неге?

Адам баласы жаратылғаннан, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан сол - зұлымдық. Бір елді - бір ел жаулап басып алу, шауып алу, үстемдік ету. Адамның ой-өрісі өскен сайын, ақыл-ойы шарықтау шегіне жеткенге қарай, зұлымдық та арта түседі. Неге? Жылан да бірін-бірі шақпаса, жолбарыс та бірін-бірі таламаса, жан-жануар бір-біріне бармаған қатыгездікке тек адамдар барады. Сонда жер бетінде адамдар ғана бір-біріне жауыз болғаны ма? Неге? Ол «қандай күш» адамдарды бір-біріне «жауыз» ететін?

Таршылық көрген адамдар бір-біріне тату-жақын болады. Біздің халқымыз «ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» - дейді. Ал, адам байыған сайын бір-бірінен алшақтай бастайды, қашықтай береді. Неге? Мүмкін сол байлықтың адамдарды жек көргізетін «сасық» иісі болар?

Дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллиннің бір шумақ өлеңі есіме келеді:

Бұл сыншы, «сұм белсенді» пасықтар ма?
Ары жоқ адамшылық, - жасықтар ма?
Шолақ атақ,
Жылы орын.
Алсам - ау! - деп,
Жорғалап... қол жалаған сасықтар ма?

*Байлықта үстемдіктің бір түрі болар?*

«Шырық айналар шіркін тауық,
Жемің болса қолыңда» - дегенге келе ме?

Сол байлық арам жолмен келсе, сонда сасиды-ау. Өлексе еттің адам жақтырмайтын иісі болады. Дені сау уақытта не болса да осы өмірде көріп қалайық дейді де, ауырған уақытта немесе басына қиындық түскен кезде барлығынан безіп бір жаратқанға жалынумен болады. Басы ауырмағанның құдаймен ісі жоқ,- деген содан болар.

Осы сырды шертіп отырғаным, өзімді сүттен ақпын,- деп жазып отырған жоқпын. Мен де қателіктеріме өкінем. Содан кейін де бойыма сыймай, мазалаған ойды жазып отырған шығармын. Кейінгі ұрпаққа жамандыққа бармауға азда болса себебі тиетін болар. Мүмкін менің кейбір пікірім, түсінігім қате шығар, оған да саралау қажет шығар. Өмір деген адамның тағдыры, тіршілігінің ащысы мен тұщысы, әрине көздің де жасы. Сол себеппен «Неге?» деген сұрақтарыма жауап іздеп көрейінші.



# ӨЗ ТАҒДЫРЫМ

Көздің жасы адамға, адамның тағдырының қиындығында келер, өкініштен, қимастықтан, қысастықтан, зарыққаннан, қоштасумен - көрісуден, зорлықпен - зомбылықтан, сағыныштан, қорыққан мен қуанғанда иіріліп келіп адамның жан дүниесін босатар. Өмір сүрген уақытта көз жасты тек қана адамдардан емес, жан - жануарлардан да байқадым. Еркіндікте әуелетіп ұшып жүрген құс, кең далада жосылтып жүрген аң, торға түскенде, әрі-бері талпынар, еркіндікке шыққысы келіп, өз ұясын іздер. Талпынысынан ештеңе шықпаса,аңсаған бостандығын ала алмайтынын білгенде мұңайған күйге түсер, тек шыбын жаны шыққанша өткен күнін аңсаумен өтер.

Мен жазып отырған жолдарымды өз өміріммен байланыстыра, ортамызда болып жатқан тіршілік пен тағдырым маған не сыйлады, өз басымнан өткен жайларды жазып келешекке жеткізу.

Жаңбырдың тамшылары жер ширатар,
Тағдырдың қамшылары ер ширатар.
Жер емес тамшыдан соң жатса езіліп,
Ер емес қамшыдан соң кетсе үзіліп, - дейді
Т.Есімханов

Адам басына түскен қиындықты жеңе білсе деген ойдамын. Жасым жетпіске аяқ басқанда соғысты көрмесем де, бір адам басына жетерлік орталарда болдым.Өмірімнің жартысы қалада, жартысы ауылда өтті.Ауыл мектебінде орта мектеп бітірдім, техникумда және институтта оқыдым, ауыл шаруашылық жұмыстарында,студенттік отрядтарда, Совет армиясы қатарында болдым, бас бостандығымнан айрылып

зонада да болдым, өмірімнің жартысын Совет Үкіметінің уақытысында қызмет етсем, жартысына жуығын Егеменді елімізде өмір сүріп, аудан деңгейінде де, қала деңгейінде де басшылық қызметте болдым. Коммунисте болдық, аудандық партия комитетінде қызметте болып, басшы қызмет атқардық, қалалық маслихаттың депутаттығына үш мәрте сайланып, қалалық маслихаттың хатшысы қызметінде, қалалық әкімшіліктің аппаратында да әртүрлі қызметтер атқардық. Сондықтанда қай ортада болсын, қандай тақырыпта болсын қоспасы жоқ шындықтан сыр шертіп, Совет Үкіметі мен Егеменді Қазақстанның жақсылығы мен жамандығын айырып жазуға болар. Өз басымның да, халқымның да бастан кешіп келе жатқан тағдырынан, қуанышы мен шерінен сыр шертейін. Бар шындықты жазуымыз керек қой, кейбір шындығымыз ұнамай, сырттағы күш қамшыларда, бәріміз өткінші өмірде қорықсақ, сонда ақиқатты «Кім» жазады? Бүгінгі өміріміз ертеңге тарих, біз келешекке қандай тарих қалдырамыз? Біз жіберген қателікті келешек ұрпақ қайталамау керек қой. Жақсылығымыздан сабақ алып, жамандығымыздан жиіркену - келешек ұрпақтың еншісінде.

Сәкен Сейфулиннің «Әдебиет һәм оның бағыттары», - деген мақаласын оқыдым, сонда мынандай сөз бар: «Әкелердің тұрмысын алдарыңа суреттеп беріп, жақсылықтарынан үлгі беріп, жамандықтарынан сақтандырып, әдебиет адамды түзейді, кейінгі жас буынды тәрбиелейді, әдебиет үлгі», - дейді.



* * *

Өз басымнан өткен тіршілік, маған деген жақын адамның тіршілігі, елімнің тіршілігі, бастан өтіп жатқан жақсылықтармен ауыртпашылықтар бәрі бірдей байланысып жазылса, шынайы шындық болар. Адам әуелі өз басындағы тағдырын жазса, содан кейін ел тағдырымен байланысса дұрыс болар. «Ел» деген сіз біз емес пе? Ендеше заманымдағы жарты ғасырлық өмірім мен ел өмірін жазып көрейін. Мақтағанды да, даттанғанды да бір қалыпты қабылдаймын. Себебі менің өмір сүрген ортам, менің тағдырым,менің көз жасым мен қуанышым,елімнің бастан кешкен тағдыры, елімнің көз жасымен қуанышы, қателігі де болар, дұрысы да болар.Жазғанымныңішінен, керегін елеп алу үшін жазамын.

* * *

Мен 2011 жылдың наурызында тұтқындалып, маған айып тағылып жеті жыл бас бостандығымнан айырылдым. Иә, бұл биліктің бір «тапсырысы» болар. Тар жол тайғақ кешумен, бастан өткеріп шықтық. Ол туралы кейінірек жазармын. Бірақ жеті жыл деген өмір, адамның тағдыры ғой. Басқа орта, басқа тіршілік, басқа өмір , басқа тағдыр. Бір жағынан сырттай естігенмен, ондай өмірді де бастан кешіп, бастан өткізсе, содан кейін жазса, шынайы шындық болар. «Абақты» дегенді «Ұлы» адамдардың бәрі дерлік бастан кешкен ғой. Мен бәрін саралап жазбай-ақ қояйын. «Абақты» деген тіпті адамды ширатып, Өмірге деген көзқарасын өзгертіп, жақсылық пен жамандықты айыруға мүкіндік берер. «Ездіктен» арылтып, адамға жігер-қайрат берер.



ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ "ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 39366

Адамның ой-санасы шыңдалып, өткен мен келешекті саралап, ақиқат іздеуге жол ашар. Түрме де - бір академиядан кем емес. Заң, саясат, уақыт тынысынан хабардар болып, мағлұмат алып шығады.

* * *

Тұтқындалғаннан кейін екі күн өткенде Қарағандының атақты ел білетін № 16 түрмесіне қамалдым. Осы түрмеде, жертөледе он ай тергеу бітіп, сот үкімі шыққанша отырдым. Мені әкеліп қамаған камерада атақты банкир «Валют Транзиттің» төрағасы Беляев А.А. отыр екен. Ол кезде, егемендік алғаннан кейін, ондай адамдар аз отыратын. Кейіннен ғой, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап, сот та, прокурор да, әкімдер де, министрлер де, тіпті Премьер - министр де соттала бастағаны. Құдай - ау жауапқа тартылмаған саланың қазіргі таңда адамдарын айта аламысыз, әй жоқ айта алмассыз? Бұрын екі мың теңге пара алды, - деп шулап жатса, тіпті сол адамды «әзірейіл» көрсе, қазір бірнеше миллиардтап жеген қаптаған лауазымды «тұлғаларға» ел - жұрт таңданбайды. Біздің халықта мақал бар «Ханның басын, хан алады. Қардың басын, қар алады» - деген. Тіпті сол жемқорларды қара халық ашып жатқан жоқ, оған қара халықтың құрығы жетпейді. Жоғарыда отырған жемқорлар өздері, өзара жемтікке таласып, бірін - бірі торға апарып түсіріп жатқаны. Бұл ауқымды мәселеге кейінірек тоқталармын. Жоғарыда жаздым, өз тағдырымнан кейін, ел тағдырын жазармын, - деп.



* * *

Тағдыры бір болғаннан болар, адамдар бір - біріне тартылады ғой. Қарағанды халқы Беляев Андрей Андреевич деп лақап атпен біледі. Негізі Павлодар облысы,Баянауыл ауданының бір бөлімшесінде, ауыл қазағының отбасында он баланың бірі болып дүниеге келген Біләлов Ақып, руы - қаржас. Қидың иісін иіскеп, жабағы мініп, құдықтан су тасып, өскен ауылдың баласы. Тіпті он баланың бірі болғандықтан, жастайында тамақ пен киімге де толық жарымағандай. Менен 3 - 4 жас кішілігі бар, ұмытпасам 1957 жылғы болу керек. Ауылдарында тың игеруге келген орыстар көп болса керек, әке - шешесі орыс мектебіне беріпті. Орта мектепті бітіргеннен кейін Новосибирскінің университетіне түсіп, экономика мамандығы бойынша үздік диплом алып шыққан. Сол Новосибирскінің бір мекемесінде 1 - 2 жыл жұмыс істеп, Мәскеуге барып, аспирантураға түсіп, кандидаттық диссертациясын қорғаған. Әлиямен де сол Москвада танысып, үйленген. Әлия да аспирантурада оқып, медицина ғылымының кандидаты атағын алған. Ақшаның күші қайда болса да әсер етеді ғой, бір камерада жалғыз өзі, ас- суын дайындайтын бір жас жігітті қолбала ғып, түрме бастығынан сұрап алыпты. Түрме бастығына да, шабармандарына да ақша беріп қояды. Тамақ дегенді күнде ресторannан арнайы алдырады, қалған - құтқан тамақ пен темекісін контролерлерге де беріп қояды. Біреудің ісі біреумен деп, түрме бастығы да , басқа қызметкерлері де, май шелпекке біраз қарық болып қалыпты. Отырғанына бес жыл болыпты. Басқа тура сондай камерада он екі адам қысылып - қымтырылып жатса, бұл бір өзі бір камерада жалғыз. Міне мен сол камераға тап болдым. Мүмкін оған

да өз деңгейінде біреумен сөйлесіп, уақыт өткізу керек болған шығар. Оны кейін өзі дө айтты. Біздің жасымыз жобалас, жоғарғы біліміміз бар, совет мектебінде тәрбиеленгенбіз.

Саясатта ма, әлде басқа тақырыпта ма бір деңгейде сөйлесе аламыз. Тегін адам таз бола ма, - дегендей өте сауатты еді. Кемшіліксіз адам болмайды ғой, жақсылықтары да, кемшіліктері де бар еді. Бірақ оның бәрін саралап қайтемін. Бірде маған: «Мен күштімін бе?- деп ойлап едім, менен де күшті адамдар табылды - деді. Жоғарғы биліктегілердің бірі бизнесіңнің үлесіне қос,- деді, мен қарсы болдым. Ақыры олар дегеніне жетті. Әуелде бес жыл мерзім жазасын алған, ол мерзім бітер кезде тағы бес жыл қосып берді. Маған бұлар мені тірідей шығармайды, он жылын да отырармын, бірақ бітіп қалған кезде тағы қосып береді,- деді.» Онысы рас еді, тағы да газет беттерінде, бөлеңдей ақшаны жымқырған,- деп жиі шыға бастады. Ақыры өлгеннен кейін бәрі тынышталды ғой. (Өлді ме, тірі ме, бір «алла» біледі?).

Маған жеті жыл бергеннен кейін, екеумізді де бір күнде 2012 жылдың 10 ақпанында этаппен Қарабасқа зонаға әрі қарай жазамызды өтеуге жіберді. Маған Қарабасқа бармай тұрып, екеуміз бірге тұрайық, Қарабастағы зонаның бастығымен адамдарым келісіп қойған, жағдайымыз жақсы болады, - деп бақты. Бірақ, мен көппен көрген ұлы той, - деп көпшілікпен болғанды жөн көрдім. Мен уақытысында дұрыс шешім қабылдағанымды кейін де білдім. Көпшілікпен өткізген өмірім, ол да бір өмір мектебі екен. Мәдидің өлеңі бар ғой: «Түрме деген есігі қатар - қатар болады екен, іші жақсы - жаманға толады екен», - деген. Қарағандыдағы



түрмеде солай болды, Қарабастағы зонада да жақсы - жаманға толы болды.

Тағдыр деген солай, түрмеде темір есік, темір тор, төрт қабырға, темір нар, темір үстел, темір орындық. Далаға шыға алмайсың, таза ауа жұта алмайсың, өз еркің өзіңде емес, берген тамағын ішесің, отыр десе отырасың, тұр десе тұрасың. Бас бостандығың жоқ. Тағдырдың ондай сынына шыдай алмай, еркін жүрген адам, бір сәтте жанын да қиып жібереді. Заңы қатал, елдің бәрі шыдай бермес. Кім күшті, кім ақылды, кім қайсар, кім әділ сол адам жеңіп отырар. Бас бостандығынан айырылу деген сөзге, бостандықта мән бермесең, басыңа түскен уақытта бірақ білерсің. Бостандық адамның еркіндігі.

* * *

Қарабасқа барғаннан кейін Беляев А.А. бізден бөлек тұрды. Ақшасын беріп, зонаның ішінде, зона бастығының теплицасы бар еді, сонда тұрды. Мекеме басшылары тегін күш, тегін мүмкіндікті пайдаланып қалу керек қой, зонаның ішінен теплица жасапты. Ол теплицаны оңтүстік сотталып келгендер баптады. Тоғы, суы бәрі мекеме есебінен. Келген комиссияға осындағы сотталғандарға жағдай жасаймыз, деп қояды. Ал, негізіне келгенде, қаптап - қалталап, мекеме қызметкерлері шамасына қарай үйлеріне тасиды. Менің айтайын дегенім - басқа мәселе. Беляев А.А. сол теплицаның ішінен кішкене үйшік салдырды, сонда тұрды және бір жас баланы өзіне қазаншы ғып сұрап алды. Әрине бәрі ақшаның күші ғой. Бәріне тамақ керек. Іштегі ағайындарға да жағдайын жасап қояды, темекісіне, шай - кәмпитіне және тағы

басқасына. «Ағайындардың» несі бар жағдайларын жасап отырса қуанбаса - ренжімейді. Қайта бізге де «құдайдың» бергені шығар деп мәз болып қалады. Бір-екі рет маған сәлем бере келген, менің де жаман тұрмайтынымды көрген. «Ағайындардың» арасында беделім барын білетін. Алдын ала ойлайтын адам ғой, заманды күн қандай болады, менен де қол үзбеу керек. Бізді қонаққа да шақырып жүретін. Бір күні беделі бар, ширақтау бір жігіт маған: - Аға, досыңызға қонаққа барып қайтсақ қайтеді,- дейді. Оған сәлемдеме күнде сырттан келіп жатады, тіпті посылкалар Мосвадан келіп жатады. Зонадағы қызметкерлер өздері үшін жүгіріп жүріп кіргізеді, арасында қалған - құтқандары соларға тиеді. Мен жаңағы жігітке:

- Жарайды, - деп келістім. Екеуміз жаңағы теплицаға келдік. Беляев темекі тартпайтын, бақылауда болғаннан кейін арақ ішпейтін, спортпен шұғылданатын, штанга көтеретін, бокспен айналысатын. Бұндай спортпен шұғылданудың өзі саясат қой, сырт көзге айбар. Сол штангасын көтеріп жатыр екен. Денсаулығы өте мықты еді. Өзін - өзі күтетін. Біз келгенге мәз болып қалды, өтірігі ме, әлде шыны ма білмеймін, зонада әр сөзіңе жауап бересің, сондықтан адамдар әр уақытта ішін бермейді. Мен теплицаны аралап қарасам, теплицаның бір бұрышына Беляев кішкене үйшік салдырған екен, теплицаның екінші бұрышында торда даланың бүркіті отыр, ал үшінші бұрышында торда кәдімгі даланың қасқыры аласұрып жүр. Қасқырдың торының ені екі метрдей де, ұзындығы алты-жеті метрдей. Түрменің бастығы аңшы екен, содан қолында күші бар, жаңағы екі жыртқышты теплицада ұстап отыр. Күтуге әдейі бір - екі адам бөліп қойған, зонаның



асханасының тамағымен тамақтандырады. Бұл адамдар билік берсе не істемейді, жаңағы сотталғандардың тамағынан өздері де жейді, ит - құсына да береді. Мен таң қалдым және қалың ойға кеттім. Өзіңіз ойлаңызшы? Адамның байы, ақшаның құдайы банкир, аспанның әлдісі, көке самғап ұшатын бүркіт, жердегі жыртқыш аузынан қан таматын көкжал қасқыр, үшеуі бір теплицаның ішінде, бір ауаны жұтып, бір краннан су ішіп, бір тамақты жеп өмір сүруі. Бұл сонда не, тағдыр ма? Ойлаңызшы? Үш алыптың бас қосуы. Таңқаларсыз? Мен бүркітке тақалып келдім, арып кеткен, құр сүлдесі, көз жанары сөніп бара жатқандай, көзінің маңында жас бар сияқты. Көк аспанда еркін самғайтын қыранның өмірі аянышты - ақ. Мен ауыр күрсініп, енді көкжалдың қасына келдім, қасқыр деген аты болмаса құр сүлдесі қалыпты, қабырғасы ырсиып, аузынан ақ көбік ағып, ерсілі-қарсылы аласұрып жүр. Аласұрғаны не керек бәрібір темір торднн шыға алмайды. Көзінің қиығымен қарай ма, мұнында көзінің шетінде жас көрінгендей. Әй, адамдар, бүйтіп азаптағанша неге атып тастамайсыңдар дей ме ?! Шіркін, қазақтың кең даласы - ай дегендей. Беляев та Қарағандыда түрмеде отырғанымызда, таңертең

жуынып алғаннан кейін, ух-ах, - деп айқайлап жіберуші еді. Не болды Андрей Андреевич дегенде, үйімді сағындым, балаларымды сағындым, өстіп іштегі шерді бір мезгіл шығармасам, ішімді уайым - қайғы жайлап алатын түрі бар дейтін. Енді міне үш тағдыр бір жерге түйіскен. Тағдырларының соңы да бірдей аяқталғандай. Кейін зонаның бастығы қызметінен кетті. Бүркітіміз сол тордың ішінде өліп қалды. Қасқырды байлап матап, бір жаққа алып кетті. Ағайындар: «қасқырымыз этаппен кетті», - деп күлетін. Ал, Андрей

Андреевичіміз сол зонада өлді дедік. Оның денсаулығы өте мықты еді, жүрегі өмірінде ауырмаған адам, расымен сол Белляв өлді ме білмеймін? Не десек те, Беляев А.А. деген есім бұл өмірден кетті. Міне, үшеуінің тағдыры осылай аяқталды.

* * *

Мен қызмет бабымен 1993 жылдың күзінде Приозерск қаласына ауыстым. Дұрысын айтқанда, қалалық әкімшіліктің экономика комитетінің төрағасы болып. Приозерск әскери полигон болған қала. Тікелей Мәскеуге қарайтын. Кейін еліміз егемендігін алып, Қазақстанның өзіне бағынып, біртіндеп қазақтана бастаған. Қаланы қазақтандыруға алғашқы ұйтқы болған біздер едік, қала жайлы кейінірек жазармын. Мен басқа мәселе жайлы жазғым келіп отыр. Менің ата-анам, кенже інімнің қолында, бұрында мен тұрған Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда тұратын. Кенже інім Есенжол сол жылы Қарағанды медицина институтын бітіріп, аудандық ауруханаға хирург-анестезиолог болып орналасқан. Әкем Ұлы Отан соғысының ардагері еді, көп жылдары Нұраталды совхозының орта мектебінде математика-физика пәнінен сабақ беріп, зейнетке шыққан. Кейін аудан басына көшіп келген. 1995 жылы бүкіл еліміз болып, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 50 жылдығын тойлады. Бізде жылдағы әдетімізше әкемізді жеңіс күнімен құттықтап отбасымызбен тегіс Приозерск қаласынан Ақсу-Аюлыға келдік. Әкеміз қыстай бір жылқыны семіртіп байлап отыр екен, 9-шы мамыр күні сойып тастады. Ол кезде еліміз егемендік алғанмен, елдің тұрмыс - жағдайы төмендеп кеткен. Әкеміз соғыстан аман-есен келген де



бар, келмеген де бар, - деп. Бұл күнді көргеніме де шүкіршілік, - деп той жасап жатыр. Елмен бірге көрген ұлы той, - дейді. Жан - жақтағы туған - туыс, жекжат, құда-құдағилар, бала - шағасы, немерелері бәріміз жиналдық. Сол тойда анамыз ерекше ширап, барлық келген елдің көңілін табуға тырысты, құрақ ұшып үлкенге де, кішіге де бәйек болып ұшып жүр. Өзі қонақжай, жиынды думандатып жүретін кісі еді. Бұл жолғы елді күтіп, сыйлауы тіпті ерекше болды. Кейде көзіне жас алып қояды. Мен таңдандым да қойдым. Ойыма жаман ой келмеді. Содан той - тойлап қайттық. Уақыт өтіп жатты. Бір күні дәрігер інім Есенжол телефон шалып тұр. Даусы сәлең, тәтем ауырып қалды, Қарағандыға апару керек болып тұр, - деп. Біз анамызды «тәте», әкемізді «көке», - дейтінбіз. Не болып қалды, - деп сұраймын. Тура диагнозды Қарағанды дәрігерлері қою керек,- дейді. Содан Қарағандыға әкеліп, тексертіп, онкологиялық асқазаннан ауру екенін айтты. Содан ауруханаға жатқызып, жиырма күн лазермен емдеді, аз уақыт үзіліс жасап тағы он күн емдеді,әдейілеп келген дерт шыға қоя ма,анамыз күннен - күнге төмендей берді. Содан үйге алып қайттық. Інімнің қолында тұратын. Әйтеуір бауырым дәрігер, жанында ертелі - кеш жаны қиналғанда уколын, дәрі - дәрмегін беріп тұрады. Мен жұма сайын, әр жұмада түнгі 11 - де, жұмыстан кейін ст. Сарышағаннан пойызға отырып, таңға жақын сенбі күні ст.Жарыққа келем, әрі қарай автобуспен Ақсу-Аюлыға барам. Анам мені күтіп жатады. Демалыс түстен кейін, автобуспен ст.Жарыққа келіп, кешкі пойыздармен ст.Сарышағанға қайтам, одан әрі такси жалдап, Приозрскіге барам. Міне осылай бір жыл жүрдім. Жұма күні басталысымен тағат таппаймын,

уақыт өтпей қояды. Анама баруға асығам. Қыстың боранымен, аязына қарамай, келіп жүрдім. Анам маған: - Бір күні үсіп қаласың, келмей ақ қойсайшы, - дейді. Бірақ қалай жұма болады мені күтіп жатады, есік жаққа қарап, мен қашан келер екен, - деп. Оны маған жеке жерде, үй ішіндегілер айтады. Бір жағынан мені уайымдап, амандығымды тілеп жатады. Мен де сағынып келіп, төсіне басымды қоямын, анам болса, мені жас балаша аяулы алақанымен басымды сипайды, бір - бірімізге білдірмесек те, жанарымыз жасқа толы болатын. Біз білетінбіз, күн өткен сайын дәм - тұзының таусылып келе жатқанын. Менің құр сүлдем қайтатын. Бір күні інім телефон шалады. Аудан басында біреу Алматыда керемет емші шығыпты, соған барып жазылып келіпті, біздің де туысқандар аналарыңды соған апармайсыңдар ма? -депті. Маған: - Не істейміз?- дейді. Оған анамыз қыстың күні жолды көтере алмайды, төсек тартып жатып қалған, тек дәрінің күшімен жатыр еді. Егерде, жүруге шамасы келмесе, фотосын апарса, ем жазып береді екен, - дейді. Мен онда адресін бер, Алматыға тақаумыз ғой, мен барып келейін, - дедім. Бірақ, інім де, мен де, біздікі далбаса екенін білдік. Сол телефон шалған күні емшінің адресін, үйден фотосын алып, түнгі пойызға отырып, таңертең Алматыда болдым. Алматыдағы достарыммен алдын - ала хабарласқам, мені көліктерімен күтіп алды. Сол бетте жаңағы емшіге бардық. Барсақ біраз кісі бар екен. Мен емші әйелге, фотоны және қол ақысы деп ақшамды ұсындым. Фотоға біраз қарап отырып: - Жазылады, қолдың жиырма жұмыртқасын, екі бөтелке таза сұйық май және жусан алып келіңдер. -дегені. Достарымның көмегімен, астында көліктері бар, іздеп жүріп



Алматыдағы жер үйлерден, жұмыртқаны да, жусанды да тауып алдық және айтқан сұйық майын алып емшімізге қайта келдік. Емші әлден уақытта бәрін бір пакетке салып, қалай ішетінін айтып берді. Мен өзімше дәмеленіп, ем болып қала ма, - деп үміттеніп, қайта-қайта рахметімді айтып шықтым. Бұл кезде түс болып қалған еді. Мен қайтамын, - дедім достарыма осы бетте. Жолдан шаршап келдің қонбайсың ба, оның үстіне қолма - қол билет те жоқ шығар, - дейді. Мен: - Жоқ,анам болса мені күтіп жатыр, амандық болса, кейін келермін,- деймін. Онда пойыз кешке, қазір үйден тамақ ішіп кет,- деп бір досым үйіне алып келді. Үйінен бір тамақ ішіп, вокзалға келсек, билет жоқ, күні бұрын сатылып кеткен,- дейді.Енді не істейміз, жолсерікке келіп айтсақ, орын жоқ, деп алмайды. Бәріміз жағдайымызды айтып жалындық, ақыры ел жүретін жерде отыратын болып, келісіп міндім. Әйтеуір, пойызға тұмсығым кіргеніне қуандым. Ақыры не керек, сол Алматыдан тікелей ст.Жарыққа елдің жүретін жерінде, бірде отырып,бірде тұрып, жеттім-ау. Сол бетте Ақсу-Аюлыға келіп, емшінің дәрісін жеткіздім. Әкем марқұм: «құс болып ұшып, барып келдің бе»?- деп бір жағы таңданып, бір жағы ризашылығын білдіріп жатыр. Сол еммен анамды, біраз күн емдеді. Бірақ, ондай ауру бір кірсе шықпайтыны бәрімізге аян. Тура бір жыл болғанда, 1996 жылдың мамыр айында өмірден өтті. Иә, бір жыл бұрын жеңіс тойын тойлап едік. Сол, бір жыл бұрын анам байғұс ауырып жүрсе де бізге білдірмей жүрген. Өзі де көпке бармайтынын білген екен. Қайран анам! Өмірімдегі, содан кейінгі ауыр жағдай, жалғыз қарындасым жаман аурумен ауырғанда қайталанды. Тағдырдың жазуы болар.



*Анам және мен. (1978 жыл)*

* * *

Мен, босап келгеннен кейін үлкен ұлым ауырды. Бір жылдай Қарағандының дәрігерлеріне қаралды, ем қонбады. Содан Москваның бір клиникасында жазады дегеннен кейін, сол клиникамен интернет арқылы хабарласып жіберетін болдық. Жаз айы еді «суға кеткен тал қармайды» дегендей, ағайын - туыс, дос - жолдастары жиылып баламды Москваға, ем болар деп сол клиникаға жібердік. Келінім алып жүрді. Үш баласын бізге, яғни атасы мен әжесіне тапсырып кетті. Бала деген қайткенде әке - шешесін іздейді ғой, немерелерім ренжімесін деп күнде бір нәрсені далбасалаймын. Балаларды паркке апарып ойнатам, кинотеатрға апарам, әйтеуір күніне бір нәрсемен алдандыруым керек. Бірде қайдан есіме түскенін білмеймін, сендерді ертең зоопаркке апарамын,- дедім. Ертеңінде түске қарай үйімізден екі аялдама еді,



зоопаркке апармаймын ба? Зоопаркімде қандай аң, қандай жануар жоқ дейсің. Жыртқышы да бар, момыны да бар. Дала жануары да, үй жануары да. Бір кезде баяғы Қарабастағы бүркіт пен қасқыр есіме түсті. Мен енді әр жануарға өзім нақтылап қарай бастадым. Бәрі де арып ашқан, еркіндік жоқ мұңайған түрлері, қимылдары баяу, көз жанарлары мұңлы, көздерінің айналасы жасқа толып тұрғандай. Осындай жағдайдың бірінен кейін бірін көргенде көңілім құлазып, жүрегім қысқандай болды. Менің де темір торда отырған кезім көз алдымнан елестеп өтті-ау деймін. Біреуге қызық, біреуге шыжық. Ел ақшасын төлеп кіріп қызықтап жүр. Кейбір балалар қызықтап тордағы аңды ызаландырып қояды. Кейбір адамдар жазықсыз торға түседі. Жер бетінде қаншама аң бар, жануар бар соның ішінен мыналардың торға келіп түсуін қарашы деп ойлаймын. Бұларға да жазған "тағдыр" солай болғаны ғой. Жарайды жыртқыштарға жөн болсын, ал қоянның, бозторғайдың, тағы да басқа әлсіздердің жазығы не? Өй, адамдар-ай, өзіміздің қызығымыз үшін басқаның көз жасын қайтеміз. Адамның азғындары жануар түгілі ана мен баланың көз жасына қараған ба? Мен Қарабаста жүргенде, кейбір жастар, осы Беляев қандай адам, барып көрейікші, - деп қызық көретіндері де болатын. Мен қалың ойға шомып тұрғанда, ортаншы немерем ата үйге қайтайықшы дегені, мен өзімде келуі келгенмен қалай бұл жерден тезірек кетсем, - деп тұр едім. Балаларым не дер екен, қалай ұнады ма?- дөп сұрадым. Ортаншы немерем Ажарым: - Ата, түрлері өте аянышты екен, аяп кеттім, - дегені. Шынымды айтсам, мен де жетісіп тұрған жоқ едім.

* * *

Өзімнен айналып халқымның жағдайын жазуға әлі жете алмай жатырмын. Маған 2017 жыл өте ауыр жыл болды. Өмірімде көп жылаған жыл осы 2017 жыл болған шығар. Көзім жасқа толы болды. Үш ағайынның ортасындағы жалғыз қарындасымның жаман аурумен ауырғаны, тұла бойы тұңғышымның ауыр дертке шалдыққаны. Өмірімдегі маған деген екі адамның ауырғаны, жанымды жегідей жеп, жүрегімді сыздатып, көзімнен жас кетірмеді. Үлкен ұлым бір жарым жылдың ішінде он сегіз ота жасатты, яғни айына бір отадан, ақыры екі аяғын беріп тынды. Қарындасым ақыры айықпады, сайланып келген ажал қоя ма, алып тынды. Қарашаның жиырма алтысы күні ел - жұрт болып жерледік. Осы бір ауыр жыл маған деген тағдырдың «сыйы» ма түсінбедім. Алпыстан асқан шағымда әр жұманың бес күнін баламды күтіп, соның қабағына қарап, сол қамықпасын деп жанында жұбатумен боламын, ал сенбі күні мен қашан келеді деп есікке қарап жаутаңдап күтіп жатқан қарындасыма барамын. Осы жолдарды жазып отырсам, көзіме жас ие бермейді, ішімді удай ашытқан шерім шығар, алпыс екі тамырымды солқылдатып отырған. Мен келгенде қатты қиналып жатса да басын көтеріп алып, маған қиналғанын білдірмеуге тырысатын, бауырының хал - жағдайын сұрайтын, менің қабағыма қарайтын. Мен маңдайынан иіскеп, біраз жанында отырып қайтатынмын. Көрініп келген дерт қой, бізге әр күн қымбат еді. Біз сол күннің өтіп бара жатқанын іштей білуші едік, ол қамығып қала беретін, мен болсам сыртым бүтін ішім түтін құр сүлдем шығатын.



Аяулы қнрындасым өмірден өткеннен кейін, бірде өткенді көз алдымнан жүгіртіп ойға шомып отырғаным да, сағыныштан болар қарындасыма, - деген ой толғауым, ойыма орала берді:



Қарындасым Төлеугүл және мен
(ескі үйіміздің ауласында).
1975 жыл

## Сағыныш

*(Қарындасым - қарлығашым)*

Сол бір ай қараша ызғарлы күн,
Суық хабар жадымнан кетпейтін үн.
Жүргенімде науқас баламен Алматыда,
Сол сағат ұшатын болдым Қарағандыға.

Жете алмай келем қанатым талып,
Бір сағатым ғасырдай болып.
Ойыма менің не келіп, не кетпеді,
Көкелеп көз алдымда бой жеткені.

Келсем табалдырықты мен аттап,
Жақындарым отыр үйде қаптап.
Төр жақты меңзейді олар маған,
Ұзаққа бармас,келді,- деп күткен адам.

Ұсынған аяулы алақанды ала бердім,
Маңдайынан иіскейін,-деп бара бердім.
Келдің бе,- деп кірпігін бір қақты,
Айтуға шама жоқ, үндемегені жанға батты.

Қырық қарақшыға «дір» етпеген жүрегім,
Сары балшықтай езілді-ау білемін.
Көгершінім кетті қолымнан ұшып,
Көкетайымды көрдім.-деп мезет тұтып.

Жанарым менің болды жасқа толы,
Қолымнан ажырады екі қолы.
Аспан айналып жерге түсті ме
Зары жарандардың үйге толы.



Сол бір айрылған көгершінім,
Енді қайтып оралмасын білемін.
Жаны жәнәтта болсын,-деп,
Жұма сайын дұға оқып жүремін.

Жапырақ сарғайып, күз келер,
Ажал да ерте ме, кеш пе бір келер.
О, жарандар!
қарындасты сағындырмай аялашы,
Өлемде жан барма оған тең келер.

*12.10.2020ж.*

* * *

Жоғарыда жаздым балам он сегіз ота жасатты деп. Бірде тағы да жедел жәрдем шақырып баламды ауруханаға апармақшы едік, жаз айы болатын, машинаға баламды орналастырып, енді жүрейік дегенде есік алдында ойнап жүрген немерем жедел жәрдемді көріп жүгіріп келгені. Әкесін әкетіп бара жатқанын көріп, есік алдындағы орындыққа отыра қалып даусын шығармай өксіп - өксіп жылағаны. Жедел жәрдем әкеткен сайын дәрігердің аяғын кесетінін біледі ғой, балам баласына жаны қиналып әрі қарай не боларын білмесе де, баласын шақырып алып басынан иіскеп мен жазыламын деп, жұбатып жатса да, екі көзі жасқа толы еді. Менің де көзім жасқа толы еді, мен де әрі қарай не боларын білмеймін. Тура жазамыз деп айтатын жер бетінде бір дәрігер жоқ, тек дәрігерге барған сайын жоғары қарай аяқты кесе беру. Үш немеремнің үшеуінің де есі кіріп қалған, әкелерін

аймалап жанынан шықпайды. Немерелерім, келінім және мен баламның қабағына қарап, жұбатумен боламыз. Шіркін, бала деген оттан ыстық болар ма, құлындарын құшақтап, балам көзінің жасын төгіп-төгіп алады. Балаларға да әкесі қандай күйде болса да, көз алдына әкелерінің тірілігі керек еді. Балам да соны түсінді, үш баласы үшін өмір сүру керек екенін, сол үшін де аурумен арпалысып бақты. Бірінші топтағы мүгедек болды. Арбамен қозғалады. Адамның адамгершілігі шығар туған - туыстарымыз, дос - жолдастары, әріптестері өте қатты сыйлайды. Өткен жылдың жаз соңына қарай ауруы тоқтағандай болды, әлі де болса дәрігердің бақылауында, дәрі - дәрмегін үзбей ішіп тұрады. Өзі Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде сабақ беретін, жаңа оқу жылында университеттің әкімшілігі жұмысқа шақырды. Университет әкімшілігіне рахмет, балама барлық жағдайды жасап қойыпты. Университеттің бірінші қабатынан лекция оқитын үш аудитория бөліпті, университеттің алдына мүгедектердің машинасы тоқтайтын аялдама, коляскамен ішке кіретін жол, тіпті аудиторияға, дәретханаға, асханаға коляскамен кіретіндей жағдай жасап қойған. Мен зейнеткер адам,баламды жұмысқа алып келіп, алып кетем. Жұмысқа шыққаннан кейін баламның өмірге деген көзқарасы өзгерді. Өмірден түңілгенді қойды. Қоғамға, отбасына, жақын адамдарға керегін сезінді. Өмірге деген құлшыныс пайда болды. Өзі докторантурада оқушы еді, 2017 жылдың қараша айында, Алматыға Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық унивеситетіне алдын ала қорғауға, кейін желтоқсан айында докторлық диссертацияны қорғауға бардық. Сәтін салып 25



желтоқсан күні докторлық диссертацияны ойдағыдай қорғап шықты. Алматыда коляскамен жүріп докторлық диссертацияны ойдағыдай қорғап шыққанда, қайран қалмаған адам баласы болмаған шығар. Комиссия мүшелері бір ауыздан қолдағанда, залдағы адамдар ду қол шапалақтап жіберді. Бір профессор орнынан тұрып:

Мен бұрын «Нағыз адам» деген повесті оқып едім, енді міне мен нағыз адамды көзіммен көріп, куәсі болып отырмын, - деді. Тепсе темір үзетін, бірақ басын алып жүре алмайтын талай азаматтарды көріп жүрміз ғой дегені.

"Басы ауырмағанның құдаймен ісі жоқ» - дейді ғой, кейін де байқадым басымызға осындай ауыртпалық түскеннен бе,әйтеуір бізге деген қайырымды адамдар көп.Қай мекемеге барайық, денсаулық орнына, оқу орнына немесе машинаға, пойызға мініп - түсіп жатсақ, маңымыздағы адамдар көмектескісі келіп тұрады. Жасы үлкен - кішісі,ұлтына қарамай қолынан келгенше жәрдем бергісі келеді. Мыңнан біреу болар қайырымсыз. Бір қызық жағдайды айтайын.Жаздың бір айында халқымыздың аяулы әншілерінің бірі Мақпал Жүнісова Қарағандыда "Кеншілер сарайында" концерт беретін болды.Балам сол концертке барайықшы, - деді. Мен көңілін көтерсін деп, барайық дедім. Сөйтіп, концертке келген адамдар бізге көмектесіп ішке кірдік. Концерт өте тамаша өтті. Мақпал баламның жанына келіп фотоға түсті, балама арнап екі ән айтты, балам да гүл ала барып еді, сол гүл шоқтарын сыйлады. Сондай көңіліміз көтеріліп қалды. Концерт бітіп шығып келеміз, мен қол арбаны итеріп келем, елдің бәрі бізге жол беріп жатыр, бір кезде алдымыз апыр - топыр бола қалды. Бір қазақтың егде тартқан әйелі, алдындағы бір қазақтың

жас келіншегін желкесінен шап беріп ұстадыдағы қалтасынан бір ұялы телефонды жұлып алды да, жаңағы келіншекті бір балағаттады да, ұялы телефонды менің балама әкеліп берді. Сөйтсек жаңағының жымқырып бара жатқаны менің баламның ұялы телефоны. Иә, мыңнан бір қайырсыздар кездесер. Жалпы халқымыздың қайырымдылығын көріп келеміз, бізден қайтпаса жақсылық басқадан қайтар, еліміз - жұртымыз аман болсын.

* * *

Менің балаларым орыс мектебінде оқыды және жоғарғы оқу орындарында да орыс тілінде жалғастырды. Жоғарғы оқу орындарын үздік бітірді. Үлкен ұлым ғылым докторы, ал кіші ұлым мен қызым ғылым магистрі атақтары бар. Менің әкем өмір бойы ауыл мектебінде математика - физика пәнінен сабақ берді. Мүмкін сол кісінің тілеуі шығар, балалары да, немерелері де оқуға алғыр, жоғарғы білімді мамандар болып шықты. Менің айтайын дегенім, балалар орыс тілінде оқығанмен, ана тілін жетік меңгерді. Қай жерде болсын, қай ортада болсын, ана тілімізде сөйлейміз, қазақ тіліндегі әдеби кітаптар мен тарихи деректерді көп оқыды. Тіпті жай ғана қазақша сөйлеу емес, ана тіліндегі мақал - мәтелдерді, тарихи деректерді, сөздерін де орынды пайдаланады, қазақи қалжыңдары да орынды болып жатады. Ұлдарым жоғарғы оқу орындарда қазақ тілінде де дәріс береді. Менің осы жолдарды жазып отырған себебім: қаламы төселген ақын - жазушы болмаса да үлкен ұлым тағдырдың қиындығын өз басынан өткеріп келе жатса, сол бір сәттерін қағаз жүзіне түсіріп немесе инстаграмға жазып



отырады. Іштегі ауыртпалықты жеңілдетудің бір емі шығар.Сол басына түскен ауыртпалықты жеңудің бір түрі, кейінгі жастарға үлгі болар деген мақсатпен еш сөзін өзгертпей, кейбірін сол қалпында осы еңбегімде түсіріп отырмын. Мен көркем сөз шебері емеспін, әйтпесе жаза білген адамға өте бір өмірге келген тамаша шығарма болар еді. Мүмкін көп кемшіліктері бар шығар, дегенмен шынайы өз жан дүниесінің толғауы.

## Бейтаныс бейне

Тәтті ұйқының ырғағына малтып, денем жіпсіп жатыр едім. Себебі сенбілік түннің уақыты болатын. Отбасыммен бақытты күндердің бірі болатын еді. Түннің бір уақытында суық алақан денеме тигендей болды, денем тітіркеніп өне бойым мұздап,тәтті ұйқым бұзылып көзімді әрең аштым. Ашсам үйдің іші тас қараңғы, ортаңғы бөлмеде ғана ала көлеңке шам жанып тұр екен. Жан - жағыма қарадым, қасымда жұбайым, ортамызда кенжеміз ұйықтап жатыр екен деймін.
Ішімнен балалар ұыйқтап жатыр ма екен, - деп ойладым, барып көріп келейін бе деген ой келді, келесі бөлмеге.
Сосын қой оятып жіберермін дедім де,«біссіміләмді» айтып жата бергенім сол еді, «ойланып болдың ба? - деді. Мынау кім? Астапыралла! - дедім. Артыма жалт қарадым, ешкім жоқ, жан - жағыма қарасам, ешкім жоқ. Қорқып кеттім. Әлгі дауыс: «қорқатындай жөнің бар» - деді. «Себебі мен саған келдім», - деді. «Ұйқыңнан ояттым, айып етпе», - деген дауыс өне бойымды суытты. «Уақыт осылай болды. Болмысыңды болжасаң да, адамға мен келер уақыт әртүрлі, сондықтан саған

келген уақытым осы болды»,- деді. Мен мысқылдап, асыққаннан шаршап қалған жоқсың ба?,- сен өзің кімсің, қай жерде тұрсың?», - дедім. Әлгі дауыс: «мен сенімен қалжыңдасуға келгенім жоқ, сені өзіммен ерте кетейін деп келдім, қорықпасаң көзіңе көрінейін», - деді. Үйдің іші жарықтана бастаған сияқты болды, бірақ әлгі сол жақтағы бұрыштан, сұр киім киген, беті көрінбес, түсі суық тартар бөгде бейне пайда болды. Бөгде бейне қасыма жақындады да: «міне мен, жүр кеттік» деді. Мен: - қайда?, түн ішінде қайда барамын?, - дедім. Сол кезде ешқашан естігім келмеген жауап айтылды: «Келмеске». Мен жаспын ғой, мен не істедім, қандай күнә жасадым, кімді ренжіттім. - дедім. Бөгде бейне: - Саралағанда білесің, - деді.

Мен: - бармаймын.

- Б-бейне: - Ойлан.

- Мен: - Ойланатын несі бар, мен әлі жаспын.

- Б-бейне: - Дайын болмасаң айт, мен басқасын әкетемін, - деді.

- Мен: - Кімді?

- Б-бейне: - Қасыңда жатқан жұбайыңды, сендер ұрысасыңдар, бір нәрсені мәмілемен шешпейсіңдер, ішкі - сыртқы жұмысты өзің атқарасың, оның саған керегі шамалы, - деді.

- Мен: - Өтінемін тиісе көрме, ол менің сүйіп қосылған жарым, балаларымның анасы. Қателігіміз болса бір кісілік, мінезі болса, әр адамға тән. Мен оны сүйемін, ол менің қисық қабырғамнан жаралған, сол себептен түзетуге тырыспастан болмысын, барын қатты сүйемін,- дедім.

- Б-бейне ойланып қалды. Сол кезде санама ащы дәм сезіле бастады. Айғай салдым: «Ойланушы болма,



олар менің балаларым, садағаң кетейін тиіспеші,- дедім.

- Б-бейне: Жоқ оларды емес, ана бір жаққа қарашы, - деді. Орнымнан тұрып бөгде бейненің артынан қол сермеген жағына ере жүрдім. Елеске бет бұрып қарасам, анам мен әкемніңи бейнесі көрінді. Тоқтай тұр, бұл екі кісі мені дүниеге әкелді, ақ сүтімен ажырамас өрісін сыйлады, сондағы менің айтар алғысым сол ма? - дедім. Екеуіне қарашы,көрген қиындығы аз ба? - дедім. Жоқ болмайды.

- Б-бейне: - Онда, - деп келе жатыр еді, «Осы жерден тоқта, бауырларым,дос - жарандарым мен үшін жауапты емес», - дедім.

- Б - бейне ойланып біраз тұрды, содан соң: - Ер артымнан, - деді.Мен ере бардым. Қап- қараңғы бөлмеге бардық. Дым көрінбеді. Жалғыз ептеген сәуле бір орындық тәріздіге түсіп тұрды. Әлгі суық дауыс:

- Онда саған анау жерге барып отыру керек болады, - деп қолын сол орындыққа қарай сілтеді. Мен ойланбастан жүгіріп барып сол орындыққа отыра кеттім. Отырған соң не нәрсе деп қарасам, төрт дөңгелегі бар арба екен. Миым «шың» ете қалды, булығып,демім жетпей қысылып қалдым.

Б - бейне қасыма келіп: сезіміңе байып тілеймін, жалған өмірден жалықпасын үмітің, жаңа өмірдің көресін сен жарығын, көгін түріп, болашаққа қол созарсың қиялмен,қилы армандарға, үйелерсің шамаңның иланғанына, - деді. Бір жаныңа жақындарыңды сұрадым, сен бермедің, енді бойыңдағы саған керегі жоқты аламын, - деді. Екі аяғым ашып кетті, сезімсіз қалды. Қарасам әлгі бөгде бейне екі аяғымды алыпты. Сен не істедің, қайтар, - дедім. Болды тоқ етері осы , - деді.

Өкінішпен өксік бір басыма жетерліктей еді, сол екеуі екі жағымнан қысты. Ал, бөгде бейне болса менен алыстай бастады. Аяғымды қайтаршы, - деп жалынып, өксіп бастадым, ол «жоқ», - дегендей басын шайқады. Мені аяғымнан айырған кім екен, - деп өтінемін бейтаныс бейне, сен кімсің?, - дедім. Ол шыдай аласың ба? - деді. Мен: - Иә!», - дедім. Қасыма жақындап келіп, бет-пердесін ашты да, көзіме қара, - деді. Сөйтсем мені күні бойы тергеп жүрген, аяғымнан айырған, менің өзімнің өткен өмірім екен. Қайтейін тағдырдың тәлкегіне қарсы келерсің бе? Бейтаныс алыстап кете бара жатып, есіңе ал, еріксіз қиналғанда, - деді. Ал, мен болсам көзімді жұмып, жалғыз тіземді құшақтап жылап қала бердім.

Бір мезетте бір дауыс: «Аға, көзіңізді ашыңыз, операция бітті, сіз палатадасыз», - деді. Ауырсынып көзімді әрең ашып қарасам, аппақ бөлмеде жатыр екенмін, медбике келіп: «Аға операция ойдағыдай өтті, енді аяқтарыңыз ауырмайды», - деді. Көрпемді ашып қарасам, жалғыз тізем қалған екен. Жанарыма жас үйірмеленді. Жанымда, палатада мен сияқты мүгедектер екен. Менің баяндап отырғаным, операция кезіндегі, наркоз уақытысындағы елес еді. Ол сәтте алланың маған жіберген бір елесі шығар. Мен көзімді жұмдым да: «Мен жаңа өмір бастаймын»!, - дедім. Себебі бақыттымын, мен осыған шексіз сенемін, асыл жандарға, жақын жандарға болған үшін керегім. Шапағаты мол, махаббаты мол, өмірді ғана аңсады менің жаным. Осы жолдарды оқып отырған аяулы адамдарға айтып отырған сырым. Өмір алға жетелейді. Өміріміз өшпесін, аяулы жандар!

***20.08.2017жыл.***



## Тағдырымдағы кейбір сәттер

Бала кезімнен ойланатынмын. Неге мен өмірге адам болып келдім. Неге мен, мен болып келдім, басқа емес? Басқа адамдар да осыны сезінеді ме екен? - деген сұрақтар туындайтын еді. Аллатағаланың қалауымен үшінші мүшелді еңсеріп қалғанда, осындай сұрақтарға жауап тауып келе жатқандаймын. Үш мүшел ішіндегі өміріңе көз жүгіртіп қарайтын болсаң, біраз нәрсені атқарып, бірталай жағдайларды еңсергеніңе көз жеткізесің. отыз алты жылғы өмірді тізбектемей, өміріңнің әр сәтінің кейбір есте ұмытылмастай қалған бір күніне тоқталасың. Әрине өткен өміріңді қайта қопарғанмен, өткенді өзгерте алмайсың. Себебі тағдырға тіл қата алмай,барына келісесің. Өмірге келгеннен бастап ойлап қарасаң, сенімен таласып жатқан қандай күштер дерсің. Анаңның құрсағында басқа сәбилер құсап тоғыз ай жатпай, жеті айлық болып өмірге келіппін. Өмірге бір кило алты жүз грамм болып келген салмағыңа қарамастан, өмір мен өлімнің ортасыңда тұрсаң да, арпалысып өмір сүргің келеді. Сол кезіме академик Сұлтан Сартаевтың өлеңінен бір шумақ есіме түседі.

«Өмірге, - деген ынталық,
Шөпке де әлсіз, күш берер.
Күштілігі соншалық,
Жолындағы тас тесер»... Осы шумақтардан да байқауға болады, өмірге деген құштарлықтың қаншалықты мықтылығын. Өмірге келмей жатып, анашымның көзін бақырайтып қойып, "балаңыздың тілін кесеміз", - деген дәрігердің сөзін естудің анама қаншалықты ауыр екенін білсеңіздер?. Сонда ойласам

туғанымнан бастап, денеме пышақ тиген - ау дерсің. Сондағысы ана төсін жөндеп еме алмағаныма байланысты тілімнің астындағы пленканы кесу екен.

Келесі бір сәт, шамамен 4 - 5 жастамын - ау деймін. Ата - бабадан келе жатқан заң, немеренің ең үлкені ата мен әженің тәрбиесінде өседі.Үлкен әке - шешем ауылда совхоз орталығында тұрды.Таң ата үлкен шешемді «Апа»,- деймін, мені оятып бала - бақшаға апаруға дайындап, жуындырып киіндіретін. Айранға қант қосып, жаңа піскен бауырсақпен таңғы асыңды береді. Еркелікті күшейтіп алдыңдағы асты ішпейсің, әке - көкелеп әйтеуір ішкізеді. Апам арқасына арқалап алып, мені бала - бақшаға апаратын. Мені апарысымен еркелікпен жылайтынымды біледі де, тез көзімнен таса болады. Көршілөрдің бәрі білетін, көшені басыма көтеріп жылайтынмын. Апам барлық еркелігімді көтеруші еді. Апам кеткен соң, топқа кіріп тәрбиешіні көрген бетте, сенен әдепті, момын бала жоқ. Тәрбиешінің айтқанымен жүресің. Кешкі құрым апам мені бала - бақшадан алады да, арқалап мені дүкенге барады. Дүкеннен қалағанымды алып береді және үйге керек - жарақты алып қайтамыз.

Бірде, кешкі ас үстінде атам сүйек мүжіп отырып, тісіндегі салынған протезін сындырып алды. Әлі күнге дейін есімде, сол сәтте жаман бірдеңе болғандай, өмірімде бірінші рет жаныма жақын адамға зақым келгендей, жаныма батарлықтай, атамнан айрылып қалатындай қатты өксіп - өксіп жыладым. Апам мен атам мейірімделе айналып - толғанып сәби жүректің нәзіктілігін байқап мені жұбата түсті. Өксігімді тиып ұйықтап қалыппын. Балалық шағымның тәттілігін бөліскен қайран менің апам мен атам.



"Талаптының талғамына ештеңе тең келмес", - деуші еді атам. Мен Шет ауданының орталығы Ақсу - Аюлы елді мекеніндегі М.Горький мектебінде оқыдым. Бірде, алтыншы сыныпта оқитын кезім, сабағымыз түстен кейін оқылатын. Мектентен кеш қайтып келе
жатқан едім, күз айының соңғы күндері еді, күн күңірене суық тартып тұрған болатын. Кеш батып, иттер өткен-
кеткенге үре бастады. Мен қорқақтап үйге кеш келдім. Апам "Құлыным, неге кешіктің", - деп сұрай бастады.
Мен көп ойланбастан мән - жайды айтып бердім. Ертеңгі күнболды, күнделікті жағдай қайталанды.Кеш болды, сабақ жүріп жатты. Ақырғы сабақ алгебра еді. Ол пәнді Қамар Қапасовна деген ұстаз оқытатын еді. Есеп шығарып, сабақ қызу жүріп жатыр еді, бір кезде есік қағып, үлкен әкем кіріп келді.Атам бәрімен амандасты. Мен, қорқатын болған соң келдім, - деді мұғалімге. Мен сыныптастарымнан ұялдым, іштей «апам жіберген ғой", - деп ойладым. «Әй, Қамар, баламды жібер», - деді. Мен таңғалдым. Сосын мұғалімнің рұқсатымен сыртқа шығуға дайындалдым.Кетіп бара жатып атам тақтаға қарады да: Мына есепті кім шығарды? - деді. Мұғалім: - Мен, - деді. Атам: Қате деді де, қателігін көрсетті. Мұғалім атама қарады да: - Серік Жазыбаевич, кешіріңізші мен қателесіппін, сіз әлі ұмытпағансыз ба?,- дегені. Сонда атам: - 80 - ге келсең де, арифметиканы ұмыту мүмкін емес», - деді. Мен қодиланып, іштей атаммен мақтанып тұрдым, Әлі күнге дейін білмедім, осы аталған кісілер әріптес болды ма, әлде Қамар Қапасовна атамның оқушысы болды ма екен. Бірақ осы күнге дейін осындай текті кісінің үрім бұтағы болғаным мен үшін үлкен мәртебе және мақтан тұтатыным ақиқат.

Сегізінші сыныпта оқып жүргенде, әкемнің қызмет бабына байланысты, қоныс аударып, Приозерск қаласына көшіп бардық. Аталған жерде, төрт мектептің біреуі «Қазақстанның 60 жылдығы» атындағы орта орыс мектебінің 8 «В» сыныбына тіркелдім. Приозерск - әскери қала. Сыныпқа алғашқы келгенімде, 25 баланың, 24-і орыс және басқа ұлттан, мен ғана жалғыз қазақ болдым. Орыстың балалары өздерінше болып, мені төмендеткісі келді. Мұғалімдер де өзге ұлттың өкілдері еді, олар да шеттетіп, кеміткісі келіп, бағаларды төмендетіп, жіберген қателіктерді басып айтатын. Сол кезде өзіме ант берген едім, «бұларды өзімді мойындатып, силайтын етемін»,- деп. Түбінде дегеніме жетіп, мектептің бетке ұстар белсенділерінің бірі болдым, мектеп қабырғасын бітірмей жатып, Алматы энергетика және байланыс университетінің студенті атандым. Өмірде әртүрлі көпірлер болады, соларды жоғарғы деңгейде, сенімді де - ұялмайтындай өтсең, ол да өміріңдегі маңызды істердің бастысы.

Университеттің бірінші курсын аяқтап қалған кездегі бір сәт, көктем айы болатын. Аптаның алғашқы күні сабақтан кеш қайтып бара жатыр едім, ол кезде ҚазҰУ-дің жатақханасында нағашы әпкеммен бірге тұратынмын. ҚазҰУ-дің алдында, жолдың бір жағынан екінші жағына жер астымен өтетін жол бар, Мүмкін көктем айы болғандықтан ба, әлде ешкім жинамағандықтан ба, әйтеуір жағымсыз иіс шығып тұратын. Сол жағымсыз иістен қашқақтап, жолдың астымен емес, үстімен өтейін,- деп өте бергенімде, белгісіз көлік қағып кетті. Бірде есімді жисам, бір көліктің ішінде екенмін, енді бірде есімді жиғанда ауруханада



екенмін, енді бірде жатақханада екенмін. Нағашы апам шыбын - жаны қалмай, маған қатты алаңдап, жедел жәрдем шақырып, қағып кеткен адамды тауып жазасын бергізген еді. Әлі күнге дейін соңынан ерген бауыры ретінде қатты жақсы көріп,төбесіне көтеріп арқа тұтады. Менен бір жас үлкендігі бар, қазір заң ғылымының кандидаты, ҚазҰУ - дің профессоры.

Сол университеттің қабырғасында өмірлік жарымды кездестірдім, бір қызығы мектепті 1-7 сыныпты бірге оқығанбыз, бас қосуға бел байладық. Өмірдің ағымымен жүріп,қызығы мен шыжығын бірге бастан кешіп келеміз. Дүниедегі адал жарым Анар сұрағаным ұл болса, Алмас пен Әлімжандай ханзадаларды сыйлады,сұрағаным қыз болса, Ажардай ханшайымды сыйлады. Әке атандырды. Бас көтеріп, бой түзеп келе жатқанымызда тағдыр екі аяқтан айырды. Мүмкін өмірде жіберіп алған қателігім шығар, жоқ әлде сынақ па екен, білмедім. Бір білерім, үш құлынымды ел қатарлы жеткізсем, - деп армандаймын. Аллаһ тағала өмір берген соң, әр атқан таңымыз, міндетті түрде жалғасын табуы керек. Еске алатын қуанышты сәттеріміз көп болғай дей отырып, келесі өлең жолдарымен аяқтағым келіп отыр.

Бағалағанға қолдағы алтынмын,
Табалағанға, пендемін кешірімдімін.
Бақытты күнге талпындым,
Бауырында жатып қасқырдың.
Жалғаны болып жапанның,
Аурумен арпалыстым, алыстым.
Аузынан қайтып апанның,
Жәнәттына кетпей жалғанның.

Жаратқан аллаһтың қалауымен,
Ауыртпалыққа төздім, шыдадым.
Бар өмірімнің тәттісі, бала деген,
Үш бөлтірігімді қимадым.

*2017жыл.*

* * *

Таңсәуленің өмірі, ел - жұртымен, халқымен тығыз байланыста болып келеді. Келешек ұрпаққа университетте дәріс бергенімен қатар, өзіндей мүгедек жандарға шамасы келгенше көмектескісі келіп тұрады. Жан дүниесі құлазып, қамыққан жандармен кездесіп-сырласып, ақылын айтып, демеу болады. Жастарды қиындықты жеңе білуге, еңбекке, білімге талпынуға шақырады. Таңсәуле бірінші топтағы мүгедек бола тұра, үлгілі отбасы, ғалым - ұстаз, спортпен шұғылдануы, ақылдылығымен қоса кішіпейілділігі, адамгершілігі, өмірге деген құлшынысы, жаны жаралы адамдарға демеу болғандай. Жай қарапайым еңбек адамдарымен де араласқанды ұнатады. Күнде жанында жүрсем де, биыл бір жайттың куәсі болдым. Күндегі әдетіміз, екеуміз мүгедектерге арналған көлікпен ҚарМТУ-ға барамыз, сабағы біткен соң сондай көлікпен қайтамыз. Мен, балам ауырғаннан бері жанындағы көмекшісімін. Биылғы жылдың, яғни 2020 жылдың наурыз айының алғашқы күндері еді, ерлер әйелдерді 8 наурыз мерекесімен құттықтай бастаған. Таңсәуле үйден шығарда бір пакетті қолыма ұстатып: «жұмысқа ала жүріңіз», - деді. Мен ішінде не барын сұрамадым, артық сұрақ қою әдетімде жоқ еді. Университетке кіре бере менен жаңағы пакетті сұрады, мен пакетін бердім де



қол арбаны итеріп жүре бердім. Бір кезде кіре берістегі вахтер егде тартқан орыс әйелінің жанына келгенде: "тоқтаңыз", - деді. Мен тоқтадым. Ол жаңағы кісіні келе жатқан мерекесімен құттықтады да, пакеттен бір қорап кәмпитті берді, жаңағы әйел аң - таң болып басын шайқап, қайта - қайта рахметін айта берді. Одан кейін еден жуып жатқан орта жастағы әйелдің жанына тоқтап, ол кісіні де келе жатқан мерекесімен құттықтап, бір қорап кәмпитін берді,жаңағы әйел мекніңше,оралман-қандасымыз болса керек. Жаңағы кісі не айтарын білмей, булығып, көз - жасы іркіліп, ризалықпен еңкейіп басын изей берді. Күтпеген жағдайда не айтарын білмей қалды ма деп ойладым. Келесі жерде, келген кісілердің киімін іліп тұрған зейнеткер егде әйелдің жанына келіп тоқтадық.Оған да балам: «апай, мерекеңізбен келе жатқан», - деп жымиып бір қорап кәмпитті ұсынды. Жаңағы кісі толқып тұрып: «... е, жаратқан ием, мына құлыншақты енді ауыртпашы»,- деп,ризалығын білдіріп, көзінің жасын қайта-қайта сүрте берді. Аудиторияға кірген кезде: «Әке, жастары келген кезде, өмірдің тауқыметін тартып жүрген адамдар ғой, ол кісілердің де жан дүниесін түсінетін пенде бар екенін түсінсін» - дегені. Мен, «япырмай, жаңағы кісілерге келген сайын, жаны ашып, қабырғасы қайысып жүр екен - ау», - деп ойладым. Мен, балама «білімділігіңмен қоса мұның ерлік болды» - дедім. Баламның да көңілі босаңқырап тұр екен: «Әкеден бала асып туа ма?», - деп риза болып, сөзімнің соңын қалжыңға айналдаырдым.



*2015 жылғы бір демалыста Топарға барып,*
*бақытты бір күнімізді өткізіп едік. Үлкен ұлы Алмас,*
*қызы Ажар, Таңсәуле және әкесі,*
*мен Ғабдыманап.*





*Оталар жасалынып,*
*ең алғашқы жұмыс орнына шыққан*
*кездерінен бір сәт.*




*Таңсәуленің «Saryarqa» теле арнасының «Ойталқы» бағдарламасында, мүмкіндігі шектеулі жандармен кездесуі. 2018 жыл.*






*Қарағанды қаласы. Орталық саябақтағы арманның қиялына кеткен бір сәт. 2018 жыл.*



*Бурабайда, кіші ұлы Әлімжанмен демалыста.*
*2018 жыл, тамыз айы.*



Таңсәуле: Облыстық және Республикалық теле - радио арналарға шығып, әртүрлі хабарларға қатысып (Ойталқы.Уақыт KZ., Қайсар жан, Я все смогу, Жан жылуы, Қарекет және т.б), ойын бөлісіп, өзіндей жандардың әлеуметтік мәселесінің шешімін іздейді. Қалалық мәслихаттың отырыстарына қатысып, мүмкіндігі шектеулі жандардың өзекті мәселерін көтеріп жүр.

Төменде бір сәттегі ойын ұсынып отырмын, өлеңнен үзінді пайдаланыпты, бірақ авторы кім екенін білмедім.

Я построю ноги из песка! Кто бы мог подумать, 20 лет назад бегая по этому берегу, строя замки из песка даже не задумывался, что по истечению времени буду лепить ноги, собственные ноги. И мои дети воспримут это никак иначе, как очень хорошая шутка. Ноги мои забрали и превратили в песок, но придя в себя Вам,

мои друзья я построил ноги. Всегда буду благодарен с начало Всевышнему,а потом Вам кто поддержал меня в этом деле.

**Обиды оставляй ты на песке**

За пазухой ли камень, иль в руке -
Все лишний он. Обиды не копите!
Все сожеленья - запишите на песке,
Все сяастье - высекайте на граните.

Мы каждый день растем, меняя роль,
И испытанья, каждый, переносим.
Пусть заберет песок печаль и боль,
Пусть пробудит ответы и вопросы.

Как из песчинок, сложится Судьба
Из разных удивительных мгновений.
Любовь песчинки сцепит, как вода,
Чтоб проще было вылепить решения.

Чтоб легче было форму им придать,
Построить что-то из себя, былого.
Все страхи и обиды - закопать,
А все ресурсы - пробудить вдруг, снова!

Струится жизнь меж пальцев, как песок,
И удержать её насильно невозмоно...
Она петляет - за витком дает виток,
Спешит, бежит.... Догнать, бывает, сложно.

Но главное всегда в ТВОЕЙ руке:
Ты сам себе садовник и строитель!
Обиды - оставляй ты на песке,
А радость - высекай ты на граните.

Я Бога не прошу меня спасти,
Решив мои проблемы на пути.
Но я прошу мне силы дать в бою,
Тогда я точно песню допою....

Я бога не прошу мне денег дать,
Чтоб я мог богатым самым стать...
Благодарю за работу для души
И я смог мечту в науке осуществить....



Надежду, радость, Веру, доброту,
Любовь и счастье, блеск любимых глаз.
И что осуществлять пора мечту,
Не в будущем когда - то, а сейчас...

Таңсәуле туралы біраз мақалалар басылым беттерінен жарық көрген болатын, Облыстық және Республикалық басылымдарда шығып жүр, соның бірі «Казахстанская правда» және «Новый Вестник» газеттеріне шыққан мақаланы оқырманға ұсынып отырмын.

30 октября 2019 года ЗА ЖИЗНЬ «новый вестник» №43 стр.9

ВСЕМ ПРИМЕР «Я СТАРАЛСЯ не показывать свою боль»

Карагандинец перенёс 18 операций, но не потерял волю к жизни

***Последнюю операцию по ампутации части ноги Тансауле Серикову делали без наркоза. Он чувствовал, как врачи резали его мышцы и пилили кости. Боль была ужасная, чтобы не кричать, карагандинец пел на операционном столе. Он знал, что должен выдержать ради своих детей, супруги и родителей.***

Преподоватль КарГТУ Тансауле Сериков считает себя счастливым человеком.

Связист Тансауле Сериков работал в «Казахтелекоме», преподавал в КарГТУ, воспитывал троих детей и не думал, что его коснется беда. Однажды ночью он проснулся от сильной боли в правой

ноге. Она стала холодной и твердой. В нее почти перестала поступать кровь. Карагандинец испугался и пошел к врачам. Они, обследовав его, обнаружили, что в кровеносном сосуде под коленом застрял тромб длиной в 2 сантиметра. Пациенту в областном кардиохирургическом центре сделали операцию. Она прошла успешно, но через несколько дней тромб образовался снова. Причем еще больше прежнего - 38 сантиметров. Врачи убрали и его. Однако спустя несколько суток появился новый тромб - длиной в 42 сантиметра. Тут врачи опустили руки, поставили пациенту диагноз «болезнь Бюргера» - восполение сосудов ног.

Это болезнь плохо изучена. Поэтому Тансауле лечили разными методами: и лекарствами, и гармонами, и даже химиотерапией. Однако ничего не помогло. Ему приходилось терпеть адскую боль, которую не заглушали даже самые сильные препараты с содержанием наркотических веществ. Он не спал месяцами, силы шли на убыль. Поэтому было решено сделать ампутацию правой ноги. Операцию ему сделали в московской клинике.

- Когда я потерял правую ногу, у меня была истерика, и слезы, и тоска, - расказывает Тансауле Сериков. - Потому что до 35 лет я был здоровым человеком, а потом в одночасье стал инвалидом. А к ампутации левой ноги я уже пришел осознано. С правой ногой я мучился шесть месяцев, а с левой четыре месяца. Были постоянно адские боли. Я пил уйму лекарств. Бывало, что даже наркотические обезболивающие препараты мне приходилось запивать вином. Я мечтал только об одном - чтобы хотя бы 10



минут у меня ничего не болело. В сутки я спал не больше полутора минут. Причем не за раз, а частями, по несколько секунд. Мой отец сидел рядом со мной и засекал время.

Болезнь прогрессировала. В общей сложности карагандинец перенес 18 хирургических операций. Их делали ему и в Казахстане, и в России. Готовясь к 17, предпоследней, операции, врачи задели нерв на ноге Тансауле. Поэтому мышца бесперывно сокращалась, заставляя двигаться культю.

- А тут мне позвонила жена и сказала, что она с детьми уже идет ко мне в палату, - вспоминает карагандинец. - Чтобы их не напугать, я зажал культю рукой, держал ее и терпел. Сил хватило минут на 15.

Знаете, я старался не показывать окружающим свою боль. Я не хотел, чтобы моя жена, мои дети, мои родители видели, как я страдаю. При этом я никогда не думал о смерти.

После 17 операции врачи выписали Тансауле из больницы и сказали его отцу, что сыну осталось жить не больше двух недель. Однако он прогнозы врачей не оправдал. Через месяц мужчина приехал в больницу живой, но, к сожалению, нездоровый. Гангрена пошла выше по культе. Требовалось новое хирургическое вмешательство. Врачи предупредили пациента, что наркоз он не перенесет. Поэтому единственный вариант - резать ногу наживую.

- Врач меня спрашивает: «Ты выдержишь?», а я отвечаю: «Куда мне деваться?», - продолжает Тансауле Сериков.

- Эти подробности я никому не расказывал, юлько вам. Мне резали ногу, и я слышал, как это

делают. Но я ничего не видел, потому что меня держали. Наверное, наступает пик физической боли, когда тебе наживую режут ногу. Говорят, в таких случаях человек или теряет сознание, или боль притупляется. Так вот у меня она притупилась. Я лежал на операционном столе и пел. По моему, пел: «Солнечный круг, небо вокруг». Тогда еще врач у меня спросил: «Ты курт много ел?». Я ответил: «Да». А он говорит: «Оно и видно. Кости тяжело режутся. Кальция много». Я не знаю, подбадривал он меня или отвлекал, но его слова предали мне сил. Я еще подумал: «Вот какой я крепкий!».

Дальше было не легче. Врачи и медсестры из поликлиники по месту жительства Тансауле отказывались делать ему перевязки. Их пугал вид открытых ран, которые скрывали бинты. Поэтому мужчине самому приходилось делать себе перевязки, порой отрывая бинты от своих ног вместе с кожей и мясом.

- В такие тяжелые минуты ко мне подходил мой младший сын Алимжан, тогда ему было три года, и говорил: «Пап, нюхни меня!», - тут на глаза Тансауле наворачиваются слезы. - Он имел в виду «Прижми меня к себе». Я обнимал его, мне становилось легче. Знаете, слова моего сынишки придавали мне сил. А теперь, когда все позади, я называю его «мое обезболивающее».

У Тансауле трое детей и любимая жена. Он признается, что семья помогла ему пережить 18 операций и реабилитацию. Мужчина научился пользоваться инвалидной коляской, а потом стал ходить на протезах, деньги на изготовление которых собирали всем миром.



Большую помощь оказало и руководство КарГТУ, где до болезни преподовал Тансауле Сериков. Ему позвонили из вуза и позвали на работу. Ректор пообещал, что создаст для особенного преподавателя все условия, и сдержал слово. В первом корпусе КарГТУ оборудовали специальный кабинет, расширили двери, сделали доступными туалет и столовую. Возле здания оборудовали стоянку для спецтранспорта, обустроили пандус, занизили пороги и бордюры, чтобы смогла проехать инвалидная коляска. Тансауле виртуозно владеет ею. Иногда ему помогают студенты: они открывают двери и придерживают коляску.

- Поначалу мне было страшно вернуться в университет, - признается преподователь. - Я боялся взгляда людей. Как они на меня отреагируют? Будут ли пугаться? Но потом я понял, что молодежь принимает людей с инвалидностью, в отличие от старшего поколения. Я думаю, потому что у взрослых есть стереотип? Инвалид - это биомусор. Но это не так. Такие, как я - люди не с ограниченными возможностями, а с расширенной потребностью. Сейчас я и по дому хожу, и на седьмой этаж могу подняться, и машину могу водить, и с мамой вальс станцевать.

Инвалидная коляска не помешала карагандинцу защитить докторскую диссертацию и научится плавать. Сейчас он ходит в бассейн, находящийся в ФОК имени Головкина, тренируется и собирается в ноябре участвовать в соревнованиях особенных пловцов, которые пройдут в Омске.

- Жизнь надо любить, какая бы она ни была, - рассуждает Тансауле Сериков. - Когда у меня спрашивают, что для меня счастье, я отвечаю?

«Просыпаться утром и чувствовать, что у меня ничего не болит» Понимаете, счастье не надо ждать. Оно с нами каждую минуту. Надо лишь ловить счастливые мгновения и пользоваться ими.

***Автор, Елена Ульянкина.***



*Таңсәуле 2019 жылдың қазан айында, Омск қаласында өткен халықаралық турнирде қола медальмен оралды.*



Таңсәуленің 08.06.2018 ж. Сағ. 11: 00 Қазақ радиосында 103.4 FM толқынында Ақбаян Сапарбайдың «Жан жылуы» бағдарламасында берген сұхбатынан үзінді:

«Үш баламды жеткізсем, өзім де ұлтыма, еліме, адамзатқа қызмет етсем»,- дейді Таңсәуле Ғабдыманапұлы.

Бүгін арбаға таңылғанмен, ертеңге деген үміті зор. Атасынан бастап бүкіл әулеті ұстаздық жолын таңдаған жандар.

«Алдымдағы 60 жанның 120 жанары әр қимылымды бағып, аузымнан шыққан сөзімді жазып алып отырады. Тағдырдың тепеpішін көріп, төзімі таусылған кейбір жан менен демеу сұрайды. Мен балаларыма, отбасыма, еліме керек екенімді сезінемін. Мен бақыттымын!» - дейді Таңсәуле Серіков.

Осы сұхбаттан кейін, келесі айда Санкт - Петербург қаласына аяғына протез салдыруға барды. Санкт - Петербургтен Таңсәуленің халқына жолдауы: «Барлық ҚАЗАҚ халқына алғысымды білдіріп, өмірімде болып жатқан өзгерістермен бөлісуге және барлық Қазақстандықтарды Астананың 20 жылдық мерей тойымен құттықтауға Ақбаян Сапарбайдың @akbayansaparbaeva «Жан жылуы» атты бағдарламасында тікелей эфирде мүмкіндік туды. Сіздермен 103.4FM толқынында 06.07.2018ж. сағ. 11:00 дө сырласа аламыз. Пікір алмасайық? Мен тікелей эфирге Санкт - Петербург қаласынан шығамын. Айтатыным көп ағайын!».

* * *

Таңсәуленің студентеріңе де, ұстазыңа деген ықыласы зор. Соның бірі КарМТУ-дің 3 - курс студенті Н.Құрманбайдың екі өлеңін Таңсәулеге арнаған ұсынамын:

Тәлім алу сіздерден бір бақ шығар,
Шәкіртім деп қуаттап, шыңдап тұрар.
Өзімнің апам туған осы айда,
Дәл осы айда туады кіл жақсылар!
Тілерім: бұл туған күн құтты болсын,
Күніңіз шат, денің мықты болсын!
Ұл-қызыңыз жақсы атпен көтеріліп,
Ел басқарып, қалың ел жұртты көрсін.
Шаңырақта қызығыңыз ортаймасын,
Басыңыздан ешқашан бақ таймасын!
Достарыңыз компьютермен есептеліп,
Дұшпаныңыз асырмасын еш айласын!
Өміріңіз әрқашан жанып жүрсін,
Әр қазақ күлкіңізден танып тұрсын!
Сіздей жанның еңбегі ескеріліп,
Есіміңіз тарихта қалып жүрсін!

*28.11.2017 жыл.*

* * *

Таусылар мекен Тәңірге деген сұрақтар?!
Жауаптар да жоқ көңілге келіп тұрақтар!
Арпалыссақ та, жеңсек талай сындарды,
Өмірде мынау бітпейді екен сынақтар.

Оқушыңыз осылай өлең арнайды,
Сауықса деген үміттің гүлі солмайды.



«Жақсы жан» болғансыз... деші еді ғой үлкендер:
«Жақсыны Алла өзгеден қатты сынайды».

Шәкірт болсақ та жүретін сізге еркелей,
Сіз жүре беріңіз ұл - қызыңызды мәпелей!
Әкесіз өскен жан болғасын ба, кей - кезде
Көремін сізді өзімнің туған әкемдей.

Өкпелей берсек өмірге өкпе жетпейді,
Бұйырып тұрса, бақыт та бастан кетпейді.
Өмірге мынау ұмтылыспен қараңыз,
Тәңірдің сөзі... ештеңе де етпейді...

Он екі мүше сау жандар қанша табылады,
Қадірлей алмай өмір атаулы жақұтты,
Мен айтар едім, өнеге болар өзгеге,
Өмірге келген адамның бәрі бақытты ...

*12.02.2018 жыл.*




Общественное Объединение Инвалидов «Жан Дос»

ДИПЛОМ

Лауреату Общественной Премии Жан Дос

СЕРИКОВУ
Тансауле Габдыманаповичу

- лицу с ограниченными возможностями
за активную трудовую деятельность

Председатель
Общественного Объединения Инвалидов «Жан Дос» Тлемисов Д.А.

*Таңсәуленің еңбегі ескеріліп, 2019 жылдың қазан айында, жыл қорытындысы бойынша «ЖанДос» сыйлығының иегері болды.*

2020 жылдың қортындысы бойынша Қарағанды Техникалық Университетінің ең үздік жас ғалымы атанды.

* * *

Бірде, бір ескі қол жазбаларды оқып отырсам, бір ойды - бір ой қуалайды. Таңсәуле ұлым мектепті де, жоғарғы оқу орындарында орысша оқып тамамдаған. Маған аурып жүргенін де, Әке ояанғанда бір жерім ауырмай оянсам, соған қуанам, - деуші еді. Он минут ұйқыға да, зар болдым, - дейтін. Кейін жақсы бола бастаған сәттердің бірінде, өмірге деген ризашылығын білдіріп, өзінің шамасына қарай бір шумақ өлең келтіріпті. Авторы кім екенін білмедім, өзінің жан дүниесін осы өлең жолдарымен білдіргісі келген шығар деп ойлаймын.



Аллаға әуелі рахмет!
Тірлікті мынау жаратқан.
Анаға шексіз рахмет!
Ақ сүт берген, толғатқан.
Әкеге айттым мың алғыс!
Ұрпақтар жібін таратқан.
Бауырға туған рахмет!
Қолдаған, сүйген, жұбатқан.
Ұстазға ұлы рахмет!
Нәрімен білім сусатқан!
Балалық досқа рахмет!
Қуанған бірге мұңдасқан.
Халқыма туған рахмет!
Салт - санасын сіңірген.
Жеріме байтақ рахмет!
Таза ауа үшін сімірген.
Жарыма айтам мың алғыс!
Сыйлаған ұл - қыз түсінген.
Барша әлем, Саған рахмет!
Әр таңым үшін атырған.

Осы өлеңді оқыған менің замандасым, инстатутта бірге оқып, бірге бітіргенбіз, өзінің де бірнеше өлеңдер жинағы жарық көрген, ақын Болат Ақтанұлы былай деп жазыпты:

*Таңсәулеге ағалық ізетпен:*

Рахмет айттың Аллаға,
Тәубә қылып иншалла.
Ананың сүті ақталмас,
Апарсаңда Қағбаға.

Әке орны бөлек қой,
Үндемейтін жүрек қой.
Ойлайтыны ұрпағы,
Солар үшін тірек қой.

Аман болсын бауырың,
Ұшып тұрған құрағың.
Кірбің шалса жүзіңді,
Аша тұғын құшағын.

Ұстазға жақсы кім жетер?
Білгенін саған үйретер.
Білімнің жағып ошағын.
Ілім мен сені тербетер.

Мыңнан біреу жаралған,
Достарың болсын адалдан.
Мұндай достар таптырмас,
Сен қуансаң қуанып,
Сен жыласаң мұңайған.

Халқыңа шексіз алғысың,
Сіңірген дәстүр санасын.
Далаға алғыс айтасың,
Сіміркен таза ауасын.

Жарыңа шексіз алғысың,
Қиямет күнгі жолдасың.
Аялап ұста солмасын.,
Ұл қызыңның анасын.



Арайлап атсын таңдарың,
Аман болсын жан жағың.
Қиындықты жеңе біл,
Шағылмасын тауларың.

*Болат Ақтанұлы.*

* * *

Таңсәуленің 2021 жылдың 6 - шы сәуірінде жазған, бір кішкене өмірдегі жағдайды, өзгертпей жазуды жөн көрдім.

## ***Балшықты басқаннан алған әсер!***

«Жалпы елімізге биылғы жылы көктем кеш келді. Көктемнің шырайлы шуақты күндері енді басталған секілді. Түс қайта жұмысымды аяқтап далаға шықтым. Қардың ерінді суы есік алдында сарқырама болып ағып жатыр екен. Судың аяғына қарай аяңдап жүріп келе жатыр едім, алдымнан бір балшық кездесті. Әлгі балшықты аттап өтіп бара жатып, сол сазды басқым келмесі бар ма? Көңілімдегі әр ойға, атқарған ісіме жауап беретін мен, өзіме сұрақ қойдым «осы лайды басайын ба»? - деп. Ішкі дауыс «Бас»! - деді. Сол балшықты басып өтіп бара жатқанда, темір табаныма жан біткендей лайдың әр түйіршігін сездім. Ішімде діріл қосылған бір қуаныш пайда болды. Лайды езіп тұрып «Былш» еткізіп жан жағына шашыратып таптап өттім. Өттім де бұрылып артқа қарасам әлгі жерде ізім қалып қойыпты. Істеген ісіме күлкім келді, бірақ көңілімде кірбің қалып қойды. Неге осы балшық менің жолымда кездесті екен? Әлгі «балшық» бар өткен қиындықты еске салды. Жаратқаныма сазды бастырғаныңа шүкір, деп алғыс білдірдім. Бәлкім осы қиындықты етпесем

лайдың қадірін білмеген болармын. Өмір жолында гүлзарлар кездесе бермесін жақсы білеміз ғой. Адамның өмірлік жолында не бір балшықтар кездеседі екен. Шыдамдылық, ақыл - ой парасат болса, әр кез келген қиындықты жеңуге болады. Аллаһ күш - қуат берсін! Өмірлік жолымызда енді балшық тәрізді қиындықтар кездеспесе екен, деп тілеймін! Лай кепкенде, індетте кетсе екен. Жаратқан жігер берсін. Гүлдеген қызғалдақтар секілді жағымды жаңалықтар көп болсын!».

* * *

## *Сағың сынбасын!*

Бүгінгі постымды осылай атағанды жөн көріп отырмын. Жалпы адамның төзімділігінің және оның өмірге деген құштарлығының негізін құрайтын сабырлық пен шыдамдылық деп ойлаймын өз басым. Сол шыдамдылықпен сабырлық шығар сағымды сындырмаған. Кеше қала #карантинге жабылады дегенді естігенде, балалар" Папа бірнеше күн үйде қамалып отырамызғой алысқа бармаяқ есік алдына барайықшы" деп ұсыныс тастады. Үйден шықпайақ тәулік тұрмақ айлап далаға шықпаған кездер болдығой шіркін, сол себептен бұл жағдай маған аса қиындықты туғызбады. Енді семьям айтқаннан соң бір ізбен шығып - бір ізбен кірерміз деген тұжырымға келіп шықсақ шығайық деп шештім. Шыққан соң есік алдындағы турникке үлкен ұлым тартылдыда "Папа енді сен көрші" деді. Ұлымның алдында ұятқа қалмайын деп бірақ ішімнен "неупасть бы лицом в грязь" деп 4 - 5 рет тартылып, артынан "Кувырок" жасап жатып өмірімде бір жайт есіме түсіп кетті. Екі аяқты кесіп, коляскада отырып Университетте енді сабақ



бере бастаған кезім еді. Лекциямды оқып бітіп аудиториядан енді шыға бергенім сол еді сыртында екі кісі әгімелесіп тұр екен. Содан біреуі басымен шұлғып мынау кім деді, "ол осы университеде оқытушы деді" екіншісі. Сонда әлгі егде жасқа келген кісі

"жан таласып сонша не көрініпті, елдің аяғына оратылмай үйінде отырмайма, мен оның орнында болсам мемлекеттің беретін пенсиясын алып тыныш үйде отырар едім, бәрі бір бұндайлар алысқа бармайды, бұл не істей алат дейсің, тағдырына көніп отырмайма тыныш" деді. Мен жаққа қарадыда үш рет түкіріп "Құдай сақтасын" дегені. Осы оқиғадан соң ішімнен булығып тығылып бір жылап алғаным бар еді. Кәзір ойлаймын сол кісі менің жетістіктерімді көрсе ғой деп... Кейде ойлаймын неге үндемей кеттім екен деп, неге бетіне айтпадым екен деп. Сосын ойлаймын мені Ата - Анам олай тәрбиелемеген соң, сол себептен үндемегенім жақсы болдау деп. Аллаһ сағымызды сындырмасын қалғаны ЕРУНДА!

* * *

Таңсәуле өмірге деген көз қарасын, өзінің пікірін-ойын, алған әсерлерін, ортаға салып отырады. Әр кезде жазған жазбаларының біразын сіздерге ұсынайын:

## *Желеткенің ішіндегі тігілген тығынды қалта.*

Бүгінгі постымды осылай атағанды жөн көрдім. Осыдан екі апта бұрын ауылыма бардым, өздеріңіз білетіндей Ақсу - Аюлы (Қарағанды облысы) ауылынанмын ғой. Қасымдағы кісі кім десеңіздер, ол кісі әкемнің нағашы жеңгесі. Алыс естіледі, иә? Бірақ,

жақындығы жүрегімнің төрінде. Барғандағы мақсатым қалын сұрап, балалардың маңдайынан иіскетіп, батасын алайын, деп бардым.



*Таңсәуленің әкесінің нағашы жеңгесі Тлеукеш (2021ж).*

Көптен бері бармап едім. Келгенімді көріп, қатты қуанып қалды. Бала кезімде, каникулда қолым тисе, осы кісілерге барғым келіп тұратын. Әңгіме онда емес. Көрісіп мәре-сәре болып дастархан басында отырып, біраз әңгіме-дүкен құрып, енді қайтайық деп жатсам, апам жыбырлап бірдеңе іздеп жатыр, сөйтсем өзінің киіп жүрген желеткесінің ішкі жағында тығынды тігілген кішкене ғана қалта бар екен. Аузын қатты ғып тігіп тастапты., соны сөгіп маған деген 5-10 теңгесін балаларыма беріп жатыр. Қысылыңқырап, апау оныңыз не?-десем, балам менің жасымды ұрпағыңа берсін, ала ғой, көзімнің тірісінде берейін, мен кімге бере берер дейсің, өзіңе арнап сақтап қойып едім, деді. Іші-бауырым



елжіреп кетті. Бір-ақ уыс болған апамның таудай жүрегінің кеңдігін білсеңіздер ғой. Кейін ойлап қарасам менің үлкен шешемнің де (әкемнің анасы) желеткесінің ішінде тігінді ішкі қалта болатын. Бәріміз апамның сейфі дейтінбіз. Оның ішіндегісі тек қана алыстағы сүйікті немере-шөберeге арналған болатын (ол туралы кейін жазам). Мәселе бергенде емес, мәселе ішкі көңіл, жүректің ұрпағына деген жылылығында деп ойлаймын. Бұл да қазақи тәрбиенің нышаны болар? Кіші ұлым Алимжан үйге келген соң «әке, бұл дәстүр ме»? деп сұрақ қойды. Бәлкім солай болар. Бұл жазылмаған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып жатқан дәстүр, деп ойлаймын. Бірақ, балама бір сөзбен түсіндіруге тырысқанмен болмады. Оны ішкі дүниемен сезіну керек шығар. Алимжанды әкем осы түп нағашымның атымен «Әскербай» деп атайды., әруағы желеп-жебеп жатсын деген мақсатта айтылады екен ғой. Ескінің сөзі бар еді «көз көргендер» деген. Үлкендеріміз аман болсын, ғұмырлары ұзақ болсын!

* * *

## *Анаңызға еркелейсіз бе?*

Әр перзент үшін Ананың орны ерекше ол - Аксиома. Анам бар да менен асқан бақытты жан жоқ шығар бәлкім. Анама әлі күнге дейін еркелеймін. Анамның алдына басымды қойып жатайын деп жатсам, анашым алақанын төседі де: «Балам саған жұмсақ болсын» -деді. Жатқан бетте ыстық алақанын сезініп, баласына деген ыстық мейірімі деген осы екен ғой деп ойладым. Мамамның алдында жатып, анамның бетіндегі әжімдерді көріп, бір жәйт есіме түсіп кетті. Анам үшін ол жылдар ең қиын кезеңдер еді. Ата-анамның басына төнген қиын-

қыстау кездер еді. «Жығылғанға жұдырық» демекші, мені кардиологияға жатқызды да «операция жасаймыз»,- деді. Енді ауыра бастаған кезім еді, әлгі көп операциялардың бастапқы кезі еді. «Операция» деген сөзден қорыққан мені анам жұбатудың орнына, маған бүріп-бүріп ұрысты да, өзінің коренной сөзін айтты: «Ештеңе етпейді, это временно, түк те қылмайды»,- деп шығып кетті. Ішімнен «анам не деген қатты адам», деп ойладым. Мамам шығып кеткеннен кейін терезеден қарасам, мамам әлгі больницаның шыға берісіндегі бұрышына тығылып жылап тұр екен, сондағысы маған көрсетпестен анамның қатты қиналғаны-ау дедім. Күніне бір рет даусын естімесем көңілім көншімейді, ол кісі де менімен бір рет телефон арқылы сөйлеспесе, жатып дем алмайды да. Ал, бүгінгі күні көргенім, сол қиналған күндердің салдары, осы әжімдері ғой деген ойға келдім. Аналарымыз ешқашан жыламасын! Анасы бар адамдар бақытты! Аналарымызға ұзақ ғұмыр тілейік! Аналарымыздьщ төрт құбыласы тең болғай!

* * *

### *Мои настоящие друзья!*

Сегодня не особый день «благодарности», «друзей» или «близких». Сегодня обычная суббота! И вот этот день хочу послать чуточку положительных эмоции в ленту. Наверняка у каждого из вас есть такие люди, которые понимают Вас с одного вашего дыхания или взгляда, которые готовы ради вас на что угодно, которые переживают то, что преживаете Вы, душой всегда с вами и даже мыслите одинаково. Один мой студент как-то спросил, кто мой друг? Я незнаю, честно незнаю... Но, я точно знаю, кто мой настоящий друг.



Ностоящий мой друг стоял за дверью операционной и просил у Аллаһа о помощи, мой настоящий друг сидел у изюловья и плакал прося, что бы я проснулся после операции, мой настоящий друг поднимал меня на руки и отводил меня туда, куда я просил. И это малая часть. После всего пережитого (ведь у каждого из них своя история жизни, который просто так «за чашечкой чая» нераскажешь) мы можем радоваться каждому дню. На обратный вопрос «какой для них я друг»? наверно надо спросить у них... Берегите настоящих друзей их очень мало!

* * *

### *Баланың балалығын қолдан келсе, ұрламайықшы.*

Бүгінгі постым осылай аталады.

Адам дүниеге келгенде ата-анасын, ұлтын, дінін, елін таңдамайды ғой. Өсіп өз қолы өз аузына жеткенде де, аталған дүниелерді ақыл-ойы дұрыс адам алмастырады деп ойламаймын. Қоныс аударып, денсаулықгы түзеу барысында, дененің шынығуы, артық салмақ секілді дүниелер кейінге қалып қойыпты. Әдеттегіндей күнделікті күйбелең тірліктің ортасында демалып жатып жәй «пресс» жасайын, деп жатсам, кенже ұлым келіп протезімнің аяқ жағынан ұстап: - кел папа мен ұстай тұрайын, саған жеңілдірек болады,- деді. Ештеңе ойламастан, екі қолым мен басымды көтеріп келе жатып, баламның көздеріне көзім түсті де, тік қарадым. Мүмкін менің қиялым болар, мүмкін елес болар. Баламның ерте есейіп келе жатқанына көзім жетті. Есеюі дегеніміз: ақыл-ойының ерте дамуы, алдында туындаған мәселелердің шешімін табуға

ұмтылуы. Себебі Ер азаматтың үй тіршілігіндегі орны бөлек. Ал,отағасы кемтар болса, оның міндетінің толықтырылуы біреуге жүктелуге тиіс. Жанашыр бала, қолынан келгенше осы алшақтықты болдырмауға тырысады, осылайша ұлдарым ойынды ойнау емес, үй тіршілігіне ерте араласа бастады: Себебі әкенің де қамын ойлап, анаға жеңілдік жасау. Әлімжанның орнында басқа бала болса, темір тұрбаларды көріп, қашып кететіні ақиқат, алайда күнделікті тірлікте біздің от басымызда ол қалыпты жағдай. Көп нәрсені саралamaймын, менсізде сарапшылар артып жығылады. Еліміздегі болып жатқан ақуал, ол өте күрделі жағыдай, Аллаһ! ұрпағымызды аманғылсын. Енді бұндай жағыдайды болдырмағанымыз жөн. Қалыпты жағыдайға айналып кетпес үшін, өз санамызды таза ұстайық, бейбіт өмірге ұмтылайық, тойымдық, деген ұғымды ұмытпайық. Балаларымыздың балалығын қолдан келсе, ұрламайық.



*Кіші ұлым Әлімжанның менің жаттығуыма көмектесіп жатқан кезі. 18.01.2022 жыл.*



* * *

## *Сендегі бар, біреуге арман болып көрінер...*

Көмескі тағдыр, көлеңкелі өмір... Кейде адам жаны күресуден де шаршайдау шамасы. Айтпағым ол емес... Күнделікті өмірде өзіме іспеттес түрлі тағдырдың куәсі болып келемін. Мен де адамның баласы, ет пен сүйектен жаралған жанмын ғой... Жаным ашиды. Санасы ояу әрбір адам баласы өмірдің өзін өзіне ыңғайлап алғысы келеді жене тырысады, Болмай бара жатса, тағдырмен де тайталасудан тартынбаймыз. Амал қанша қолымыздан келе бермейді. Жер бетінде қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Фитнеске жазылған едім, әдеттегідей

"Сары-арқа орталығына" шынығуға бардым. Аталмыш орталық өзіме қатты ұнады. Мүмкіндігі шектеулі жандарға толық бейімделген. Шынығу барысында Талғат есімді жас жігітпен таныстым. Жасы 27-28 шамасы, мамандығы программист екен. Көлік апаты салдарынан екі аяғы тізеден жоғары жоқ екен. Бет-жүзіне қарасам шаршаған, еш нәрсеге қызығушылдығы жоқ екен, 11 жыл болыпты арбада отырғанына. Ойымда ештеңе жоқ бар білген көргеніммен бөлісіп, ақылымды айтып жатсам, Талғат бауырым қатты күрсінді де "Эх ең болмағанда сіздікіндей бір тізем болғанда ғой" деді. Өне-бойым мұздап кетті. Меніңде қалыма жете алмай жүрген жандар бар екен-ау деп... Әр атырған таңыма Аллаһқа алғыс айтып, кеш батқанда ертеңіме үмітпен қараймын. Барымызды бағалайық...

* * *

## *Қазақтың бір туары!*

Кезінде докторантураның бастапқы кезеңі болатын. Менің нағашы апам заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, Гульнара Айгаринова, Султан Сартаевичтің әріптесі ретінде, мені осы кісімен таныстырған болатын. Сол кезде маған өзінің батасын берген еді. Бүгін Сартаев Сұлтан Сартаевичтің туған күні. Заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. Қазақстан Республикасының конституциясының авторы. Бүгінгі күнге дейін осы кісінің батасы менің өмірлік КРЕДОма айналған. Аңыз адам, жатқан жеріңіз жайлы болсын, топырағы торқа болсын. 15.10.1927 - 13.12.2019 жж.

**Бата:**

Бұлақты көрсең көзін аш,
Мөлдіреп суы ағатын.
Талаптыны көрсең жолын аш,
Елге тірек болатын.

Қисайып жатса жас терек,
Сүйеп оны қоярсың.
Кездессе егер жас зерек,
Ақылшысы боларсың.

Қанаты сынса сұңқардың,
Қорегін тауып берерсің.
Еңсесі түссе жігіттің,
Көтересің кеудесін.



Шалшықта жатса жүзетін,
Көлге апарып саларсың.
Қабағы түссе жігіттің,
Күлдіріп өзің аларсың.

Қанаттыға аспан кең,
Жолын тапса ұшатын.
Ойлап тұрсаң дүние кең,
Бар адамзат сиятын.

Бұл дүниеде таршылық жасамай,
Кең дархан өмір сүрейік! Аумин!



*Сартаев Султан Сартаевич;*
*Заң ғылымдарының докторы, профессор,*
*ҚР ҰҒА академигі. Қазақстан Республикасының конституциясының авторы.*

* * *

***Преподаватель, ученый,***
***спортсмен - член параолимпийской сборной.***



Ректор КарГТУ, профессор, доктор технических наук, академик КазНАЕН и Национальной инженерной академии РК Ибатов Марат Кенесович и Сериков Тансауле Габдыманапович. (21.11.2019г).

19 ноября 2019 года ректор КарГТУ, профессор, доктор технических наук, академик КазНАЕН и Национальной инженерной академии РК Марат Кенесович Ибатов посетил лекцию доктора PhD, старшего преподавателя кафедры «Технология систем связи» Серикова Тансауле Габдыманаповича в. аудиторий №118 учебного корпуса №1. В ходе беседы со студентами, информировал их о проводимой работе по разработке инновационных образовательных программ, об особенностях и престижности



специальности «Радиотехника, электроника и телекоммуникации», рассказал о мерах, предпринимаемых для повышения качества подготовки. Поздравил Серикова Т.Г. с призовым местом на региональных соревнованиях по плаванию, пожелал успехов в предстоящих зарубежных стартах и вручил ему бейсболку, футболку с логотипом КарГТУ для продвижения бренда политеха.

Сериков Тансауле Габдыманапович - по истине уникальная личность! Прекрасный преподаватель, занятия которого студенты не пропускают. Автор более 50 научных трудов, 4-х монографий, 5 патентов. Более 15 статей, опубликованных в зарубежных журналах, входящих в международные базы Scopus и WofS. Конечно, так можно охарактеризовать большинство преподавателей КарГТУ, но Тансауле Габдыманапович - особый человек, с сильной волей, с целеустремленным характером. Он - член параолимпийской сборной Карагандинской области по плаванию (будучи инвалидом первой группы - без обеих ног). В ближайшее время за счет средств университета выезжает на соревнования - первенство России по паролимпийскому плаванию среди пловцов-инвалидов. В перспективе планирует участвовать во всемирных паролимпийских играх по плаванию. Пожелаем ему успехов!

*Ректор КарГТУ: М. К. Ибатов*

* * *

***Таңсәуле баламызға***

*(Туған күн)*

Өскелең мына ұрпаққа,
Рахмет айтып қояйық.
Жете берсін мансапқа,
Соны біздер тойлайық.

Әрбір қазақ баласы,
Бір өзіңдей болсыншы.
Жігері мен намысы,
Сенікіндей болсыншы.

Жастар сені мақтасын,
Сенен бәрі үлгі алсын.
Біз сияқты Ата-Ана,
Сендер үшін қуансын.

Сенде менің баламсың,
Айтқанымды ұғарсың.
Сенім артқан халқының,
Мүдесінен шығарсың.

Өмірден көп қой көргенің,
Көңіліңе тоқып түйгенің.
Қиындығынан тайсалмай,
Шыңына шықтың білімнің.

Қырыққа бүгін толыпсың,
Жігіт ағасы болыпсың.
Әрбір келген күндерің,
Күндері болсын ұлыстың.



Шаңырағың шайқалмай,
Айрандай ұйып отырсың.
Бәйгіден жүлде алғандай,
Көңілің селдей тасысын.

Алла! Саған жар болсын
Денсаулығың зор болсын.
Ата бабаң аруағы,
Өздеріңді қолдасын!

*Болат Ақтанұлы.*
*28.11.2021ж.*

* * *

2016 жылдан бастап оқытушылыққа толықтай ауысты. Ғылыми көрсеткіші бойынша Хирш индексі 3. Көптеген шетелдік конференцияларда мақұлданған және импакт-факторы жоғары ғылыми журналдарда жарияланған 70-тен астам ғылыми еңбектері бар. 4 монографияның авторы, КОКОСОН, РИНЦ, Scopus, Web of Science халқаралық базаларына енген 50-ден астам ғылыми басылымдары жарық көрген, 10 - шақты Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің мақұлдануынан өткен оқу құралдарының авторы, Қазақстан Республикасының 5 зияткерлік меншік жүйесінің авторы. 2020 жылдың соңында ҚарТУ-дың үздік жас ғалымы болып танылды. Бүгінгі таңда телекоммуникация желілері мен жүйелерін модельдеу, телетрафик теориясы, цифрлық интеграцияланған телекоммуникация желілері бағытында ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жүргізуде. 2021 жылдан бастап С.Сейфуллина атындағы Қазақ агротехникалық

университетінің шақыруымен Нұр-Сұлтан қапасына қоныс аударып аталмыш университте өз еңбек жолын жалғастыруда. 2022 жылғы қаңтар айында Қазақстан республикасының білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен Радиотехника және байланыс мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағы берілді.

Осыған орай Қызылордалық ақын Мира Тұраш қызы Жетесова құттықтау арнауын жолдаған болатын, сол өлеңмен таныстыруды жөн көрдім.

***Таңсауле Габдыманапұлына арнау..***

Қуаныш сыйлап ортаға
Жылуын берген анаға
Қолын жайған батаға
Таңсәуле балам осы ма ?

Еңбегімен шыңды алған
Орындалған әке арман..
Таңсауле балам осындай
Қызметімен орда алған..

Жора жолдас жүр қарманған
Өзіңді сыйлап таңданған..
Айналайын балам ай
Абыроймен жеткен жеңіске ай.

Орындалды басты арман
Денсаулық болсын шыңдалған.
Арнаймын осы жырымды
Жап жаңа профессорға туылған..



Достықтың туын көтерген
Әкелік міндет өткерген
Мың алғыс саған Ғабеке
Балаңа сана көп берген ...

*29.01.2022ж.*

## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Мен өзім жайлы жазатын болсам, тек бір басты мәселеге тоқталғым келеді. Осы бір мәселені, ашып жазбасам, оқырман мені түсінбеуі мүмкін. Неге өзі істі болып, сотталып, жазасын өтеген болса, осындай мәселені көтеріп, қалай жазады?-деген сұрақ туындауы сөзсіз. Сондықтан мен мәселенің басын ашып жазайын. Сіздердің алдарыңызда ақталғаным емес, бастан өткен өмірдің анығы. Арымның тазалығына кейінгі ұрпағымның көзі жетсе болғаны. Қазіргі уақытта, бұрынғы қызыл империяның кезінде, талай зиялыларымыз, әділетсіздіктің құрбаны болып, жасанды жасалған жаламен жазаланып кете барғаны бәрімізге мәлім. Иә, кейін уақыт өте біразы ақталды, ал еліміз Егемендік алғаннан бері толықтай ақталды деуге болады. Мен сол зиялылардың қатарына өзімді қосайын, - деп отырған жоқпын. Қазір егемендік еліміз апғанмен, халқымыз екінші бір сорға тап болды. Еліміздегі байлық та, билік те, адамның тағдыры да, ат тебеліндей қасиетсіздердің қолында. Оны халық жақсы біледі, бірақ бас көтеріп айтуға, өз басының, не үрім - бұтағының келешегі үшін қорқады. Тек, от басындағы күңкілмен қалады. Ал, азын-аулақ бас көтергендер сотталып, тіпті көзі жойылып кеткендері бар. Қазір билік, халықты тек күшпен ұстап отыр. Заңды да күшпен өздерініе қолайлы қылып жасап алған. Мен 1993 - 2003 жылдары Приозерск қаласында

тұрдым. Сол қалада, қала әкімшілігінде экономика комитетінің төрағасы, қалалық маслихаттың хатшысы болып сайландым. Семья жағдайымен 2003 жылдың қысында Қарағандыға көшіп келдім. 2004 жылы ақпан айында қала әкімшілігінің ұйымдастыру және бақылау бөліміне қызметке алындым, ал 2006 жылы тамыз айында қала әкімшілігінің кәсіпкерлік бөліміне қызметке ауыстым. Менің мамандығым экономист, оның үстіне біраз жылдар аудан-қапа денгейінде басшы қызмөтте болғанымды біліп, жұмысқа ықтиятты болғанымды байқаған болу керек, бөлім басшысы өзіне қызметке шақырып болмады. Мен өзім де басшылықтан гөрі, қатардағы қызметті жөн көргенмін. Мен естелік жазбақшы болып біраз материалдар жинай бастағанмын, маған жеке уақытымның көп болғаны керек еді. Жұмыстан кейінгі уақытта, сенбі-жексенбі күндері ойлаған шаруаларымды іске асырмақшы болып, аздап жаза бастағанмын. Кәсіпкерлік бөлімнің міндеті, қалада кәсіпкерлікті дамыту, жаңа өндіріс орындарын ашу, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, ішкі өнімдерді арттыру. Кәсіпкерлікпен айналысқысы келетіндер: біздің бөлімге келіп ақыл-кеңес сұрайтын, бизнес-жоспарларын жасайтын. Үкімет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға қандай іс-қимыл жасалып жатыр, ақпарат алатын.

Бірде менің бастығым:

- Жаңадан ашылайын деп жатқан бір зауыттың бастығын бөлімге шақыр,-деп нұсқау берді. Мен бастығым айтқан мекемеге телефон шалып едім, әр жағынан бір әйел:

- Адам, сіз айтқан адам директор емес, мен директормын,- дейді.



Онда сіз келіңіз,- деймін. Бір-екі күн өткеннен кейін, жаңағы «Л»- деген әйел келді. Бөлімде отырған бәрімізге:

- Сіздердің айтқан директорларыңыз алаяқ, ол сіздерді алдап жүр, мен сонда заңгер болып істегенмін, күллі құжат менде, енді мен директор боламын, юстицияға тіркелуге документтерімді дайындап жатырмын.-дейді.

- Бізге кім болса, ол болсын, тек мекеме жұмыс істесе болғаны,-дейміз. Кейінде бастығымызға да кіріп шықты. Бастығымыз бөлімдегі бізге:

- Мына кәсіпкерге құжаттарын дұрыстап, бизнес-жоспарын жасауға көмектесіңдер,- дейді. Бізге күніне бірнеше келетін болды.

- Трактор заводын іске қосам,-деп неше түрлі құжат,қағаздарды көрсетеді. Бірде тіпті қосымша «Топардан» теплица да ашпақшы. Біз сұрағанына қарай білгенімізді айтып және бизнес планына көмектесе бастадық. Маған жақындап неше түрлі жақсылықтарды үйіп - төге бастады. Тіпті ашылмаған мекемеге мені жұмысқа шақырып:

- Осы шаруа шешілсе жұмысқа кел, айлығың да жақсы болады, үй де болады, көлік те болады,- деп қояды. Мен:

- Әуелі ашып алсайшы, одан кейінгісін уақыт көрсетер,- деймін. Бір-екі рет әдейілеп мені күтіп тұрып:

- Автобуспен жүрме, апарып салайын,- деп үйге әкеліп салды. Жұмыс телофондарына қоңырау шалсаң, бос емес болады,-деп, менің ұялы телефонымды алып, тіпті жақындасып алды. Мен үйімді ипотекаға алып, айлықтан ақшасын төлеп жүргенмін. Бірде банкіден қоңырау шалады:

- Бүгін кредит төлейтін күн,-деп. Мен:

- Бүгін айлық түспеді, ертең төлермін,-деймін. Жаңағы сөзімді естіп отырған «Л» маған:

- Уақытысында төлемесең, пайызы өсіп кетеді, мен берейін, қанша болсын, ақша керек болса айт,- дейді. Менен қысылма уақытың келгенде қайтарарсың,- деп қояды.

- Мен бұл не деген батпан құйрық,- дел ойлап, не болса да тыныш ұйықтайын,- деп, онда қолхат берейін,- дедім.

- Қолхат қажет емес,-дейді. Мен болмай қолхат жазып бердім. Ол жақтырмағандай болып сумкасына сала салды. Бірақ, мен одан бердім деген қағаз алмадым, өзі қарызға ақша беріп, оның үстіне маған қолхат бере ме,- деген ой келді. Ең бастысы мен танып кетпеймін, мен қолхат бердім, сол жеткілікті шығар,- деп ойладым. Көп ұзамай маған телефон шалып:

- Жұмыс аяғына қарай соғамын, кешіксем кетіп қалма, шаруа бар, - деп өтінеді. Жұмыс аяғы біте тағы телефон шалып:

- Мен келдім, менің автокөлігіме келші,- дейді. Сыртқа шықсам, автокөлігі тұр екен, мені шақырады, машинаға отыр,-деп. Келіп жанына отырсам, маған:

- Ертең тығыз шаруам болып тұр Астанаға жүрейін,-деп отырмын, ертеңнен қалдыруға болмайды, мына құжаттармен, мына ақшаны юстиция басқармасындағы бір адамға апарып берші, әр жағын өзі тындырады.-дейді. Мен: - Қой құрысын,пәледен аулақ, - деп көліктен шығып кетемін. Ол мені қайта көлігіне шақырып:

- Мен сені біраздан білемін, адамгершілігің мол, мен саған көмектесем,сен маған көмектес, сенен басқа



ыңғайлы адам жоқ, ертеңнен қалса ұзап кетеді, тендрге қатыса алмай қапамын,- дейді. Өлердегі сөзін айтып отырғаннан кейін, юстиция жанымызда ғой, апарып бере салайын,- деп ойладым да:

- Жарайды,-дедім.

- Ақша заңды, төленетін ақша, пара емес, қабылдап квитанциясын береді.-деді. Мен машинадан шығып, оншақты адым жүрген кезде, артқы екі-үш машинадан бірнеше адам келіп маған жармассын. Мені тұтқындайды. Жаңағы «Л» қас-қағым уақытта, жоқ болып кетті.

Мені, финполымыз бәрі жабылып тексере бастады. Қуаныштарында шек жоқ. Мені біресе қорқытады, біресе үгіттейді, біресе алдайды. Әр пысығы өздерінше келіп, мені айналдырады.

- Сыбайластарың кім, аттарын ата,- деп қояды. Шыныңды айтпасаң он жылға кетесің,- деп қояды. Мен болған жағдайды баяндап:

- Жаңағы «Л»-ны кездестір,- деймін. Маған:

- Уақытысы келгенде кездесесің, көздесесің,- деп қояды. Біресе пара алдың, бірде, алаяқсың,- дейді. Ақырында біздің айтқанымызбен, басқаларды ұстап берсең, босатамыз,- деп қояды. Мен жазықсыз, кімді ұстап беруім керек?- деп өздерінен сұраймын. Ақыры түннің бір уақытында, басқа бір бөлмеде «Л» отыр. Мен «Л»-ға:

- Болған жағдайды айт,- деймін. Бір уақытта менің сенген «Л»-м басқаша, финполдың айтқанындай соғып отыр. Менен әр жұмысына ақша сұрады, күллі қаржы жағдайын шешіп берем,- дейді. Мен адвокат шақырттым. Адвокат сұрайды, қандай кінә тағасыздар, пара алды ма, әлде алаяқтық па?- деп. Егерде пара алған болса, ақша

жағдайын шешетін бұл кісі бастық емес қой және ақша мәселесін қала емес, облыс шешеді ғой,- дейді. Ал, енді алаяқ десеңіздер, ол қалай болады, бұл кісінің жұмыс орнын біледі, үйін біледі, ұялы телефонын біледі. Өзі заңгер тіпті болмаса жанындағы қызметкерлерге, не бастығына болған жағдайды айтпай ма?- десе үндемейді. Ақыры сонымен қамауға алды. Мен бұрында берген қолхатты танып шықты. Бізге келгенде финполдың тапсырмасымен, сөздерімізді жазып жүріпті. Бірақ, өзінің сөзін жазбай, сөзге тартып, біздің кейбір сөздерімізді жазып жүріпті. Не керек, сонымен тергеуімен қосып сот он айға созылды. Күнде Облыстық, Республикалық басылымдар бұрқыратып жазып жатыр, телевизор - радио,- деген тыным таппайды. Бір жарым миллиард тенге алмақшы болыпты,-деп. Қала әкімі жиналыс өткізеді, біздің рейтінгімізді түсірді,- деп, Облыс әкімі бүкіл құзырлы органдарды шақырып алып тапсырма береді, қатаң жазалаңдар,-деп. Заң орындарынан сұрастырсам, бәрі:

- Жоғарғы жақта бақылауда,-деп жауап береді. Мен айтамын:

- Мен не үшін бақылауда боламын, үкіметке бір тиын зиян келтірмесем, ешкімнің ала жібін аттамасам, саясатпен айналыспасам, жазықсыз неге жазаланам?- деймін. Ақыры не керек, бір жарым миллиард тенге алғысы келді,-деп маған жеті жыл берді. Соттың шешімінде, не үкіметке, не жеке тұлғаларға бір тиын қайтарсын,- деген шешім болған жоқ. Расында, ешкімнен ештеңе алмасаң, несін жазады. Сонда не үшін жеті жыл бергені ешкімге түсініксіз. Кейбіреулердің, ұзын құлақ айтатыны, жоғарғы жақтың тапсырысы, біз отырғызумыз керек болды. Сонда жоғарғы жаққа мен не



істегенмін, мемлекетке төңкеріс ұйымдастырайын,- деген адам емеспін. Сонда, не үшін мені жазаға тартқанына, заң орындарының өздері де анығын білмейді-ау деймін. Мен болған жағдайды түсіндіріп, Обл сотқа жаздым. Обл сот, аудандық соттың шешімін сол қалпында қалдырды.

Енді кейінде мәселенің қалай болғанын жазайын. «Л»-ға алаяқтығы үшін финпол іс қозғайды. «Л» финполға:

- Сіздермен жұмыс істейін, өзім заңгермін, үлкен басшылардан, пара алған, ұстап берейін, мені босатыңыздар,-дейді. Финпол келісімге келеді. Оларға да көрсеткіш керек, егерде әкімшіліктен біреуді ұстаса, жұмыстарының жүргені. Ол кезде 2010 жылдары уақ-түйек бірдеңеге біреуді ұстаса даурығып жататын, жеті жыл мерзімдерін беріп. Миллиардттап жегендер ұсталмайтын. Мысалға СЭС-тің бір қызметкері жалған справка жасап бес мың теңге алды,-деп жеті жыл, немесе ауылдың әкімі біреуге жалған справка беріп бір қой алды, жеті жыл, - деп беріп жататын. Сол кезде мәтел болатын, көп жесең сотталмайсың,-деген. Сонымен «Л» біздің бөлімді айналдырып, біреуді ұстап беріп,өз басын арашалап алмақ. Сөйтіп ретін келтіре алмай, 7-8 ай жүріпті. Прокуратура бірнеше рет, ізге түскенді қойыңдар,- деп баяндамаларын қайтарып та жіберіпті. Ақыры не керек, мен сотталғаннан кейін, «Л»-ның ісін қысқартып, шартты жаза беріпті. Ендігі қызықты айтайын. Мен ұстаған финполдың қызметкері, екі жылдан кейін бес жүз миллион теңге қапшықпен алып тұрған жерден ұсталып, тоғыз жыл мерзім алып мен отырған зонаға «Қарабасқа» келді. Расымды айтсам, финполдың адамдары маған:

- Зонадан тірі қайтпайсың, - деген. Бірақ басқаша болды. Адамына қарай ғой, тар жерде де ағайындар мені сыйлады. Төбесіне көтеріп ұстады десем де болады. Зонада да барлық жағдай белгілі болып отырады ғой, маған біраз адамдар келіп:

- Не істейміз, сізді отырғызған адам, ортамызға келді, - деді. Мен айттым, өзі де тоғыз жылын алыпты ғой, сол да оған жетер, - дедім. Кейіннен сұрап білсем, жаңағы «Л» - ның бізге бизнес жоспар жасатып далбасалап жүрген зауыты, біреудің атынан ашып жатқан Облыс әкімінің орынбасарынікі екен, ал Топардағы теплицамыз, біреудің атынан ашып жатқан сол кездегі Облыс әкімінікі екен. Енді олар біздің меншігімізге кірісті, - деп бізді оңдырсын ба? Оны маған жалпыштанып жаңағы финполым айтпай ма. Ай, соларға қолым жетпейді - ау деуші едім. Бір Алланың құдыретінің күштілігін айтсаңызшы? Әлде балаларымның, немерелерімнің, туғандарымның көз жасы ма? Аяқтарын аспаннан бірақ келтірді. Қала әкімі, Облыс әкімі болып, ал Облыс әкімі Премьер - Министр болып түкіріктері жерге түспей тұрған. Қардың басын - қар алады, ханның басын - хан алады, - деген, олардан да зор табылды. Баяғы рейтінгі туралы айтатын қала әкімі сотталып шыға келді, құзырлы органдарды жинап, менің көзімді құрт, - дейтін Облыстың әкімі де сегіз жылды арқалап шыға келді. Жеген бір жарым миллиард теңгесін, достарым жинап берді деп қайтарып берді. Сіз ақылға салып ойлаңызшы, егерде ақшаны жемеген болса, неге қайтарып береді. Екіншіден қандай дос біржарым миллиард теңге береді, оның жегенін өтеуге, ол мың теңге емес қой. Және де ол досқа, қайдан ондай ақша келеді, міне қызық. Өздерінің ұяты жоқтығы



сондай, біз байқамай қалыппыз, кешіріңіз, - деп «Ел басынан» қайта қызмет сұрайды. Біздің елде осындай қызықтар көп. Мен «Қарабасқа» әрі қарай жазамды өтеуге барғаннан кейін, уақыт өте Жоғарғы сотқа шағым жаздым. Менің сорыма қарай, облыстық сотта менің аппеляциялық шағымымды қараған сот, Жоғарғы сотқа, сот болып барыпты. Менің жазғаным сол соттың алдына қайта барыпты. Енді ол Қарағандыда қараған шешімін өзгерте ме, жоқ сол баяғы жазған жауаппен, қайта сондай жауап жазыпты. Сонымен жазамызды өтеп жаттық. Ешқандай тәртіп бұзбаймыз. Енді бір қызық, біз бақылауда дейтін, Бас прокурордың бірінші орынбасары, ол да сотталып кетті ұзақ мерзімге. Мен де дұрыс жүрсем, мерзімінен бұрын босатар, - деп әйтеуір неше түрлі арандатушылыққа бармадым. Қарабаста отырғандарды, Абай аудандық соты қарайды. Мерзімінен бұрын босайтындарды да, сол сот қарайды. Ішінде жүргендер айтады, мерзімінен бұрын босатқаны үшін, әр жылына екі мың доллар алады,-деп. Ол да рас болды. Сөйтіп сырттан ақша алдырып, көбісі босап жатты. Сотыңда әккіленіп алған, кімнен ақша түседі біледі. Ал, ақша бермегендерді, әртүрлі кемшілік тауып қайтарып жібереді. Мен мерзімнің үштен бірін отырғанда өтініш жазуым керек еді, мен бірақ жартысынан аса мерзім өтегенде жаздым, үйдегі бақылауға, - деп. Мекеменің әкімшілігінен: жақсы мінездеме, бірнеше алғыс хатпен, мақтау қағаздарды тіркеп. Кейін мекеме басшылары менің жазықсыз келгенімді біліп, дұрыс қарайтын. Мен көбінесе кітап алып оқитынмын, өзім де «Тұғыр» деген кітабымды жазбақшы болып, бір қалың дәптерге жазып жүретінмін. «Менің Нұраталдым» деген кітабымды кітапханасына

сыйлағанмын. Шахмат, дойбы жарыстарына қатысып, мақтау қағаздарын алып жүретінмін. Сонымен сотқа келдім. Мен сотқа ешқандай ақша ұсынбадым. Біріншіден менде ондай ақша болмады, екіншіден пара берді,- деп жылыма жыл қосып берсе не істемекпін. Оның үстіне ондай өмірге де көндіктік, арымыздың тазалығы керек болды. Сот істі қарап, мені тыңдап, сіз өзіңізді әлі дұрыс көрсеткен жоқсыз,-дейді. Мен айтамын, үштен бір емес тиісті, жарты мерзімнен артық отырдым, мекеме әкімшілігінің мінездемесі, алғыс-мақтау қағаздары алдыңызда, басқа мен не істеуім керек? - деп сұраймын. Сот маған жауап бермей:

- Сот ақылдасады, - деп бір бөлмеге жалғыз өзі кірді де, бір - екі минуттан кейін қайта шығып: - Сіздің өтінішіңіз қанағаттандырылмайды, - деп қайтарып жіберді.

- Ее, баяғы тапсырыстары шығар, - дедім де қойдым. Бір Алланың жазғанын көрерміз, - деп. Маған сонда отырғандар істерін көрсетіп, Обл сотқа, Жоғарғы сотқа касациялық шағым жаздырып жататын, кейде қанағаттандырылып, мерзімнен бұрын босап, не ақталып жататындар болатын. Жанымдағылар маған :

- Неге Обл сотқа жазбайсыз,- дейді. Мен айтам, бос әуре болар, бәрібір нәтижесіз қайтып келеді, - деп. Жанымдағы мен сияқты бір жігіт, өзіңізге де, маған да жазып беріңіз. Азар болса қайтып келер. - дейді. Сонымен 2015 жылдың жаңа жылының алдында Обл Сотқа жазып жібердік. Екі жұма өте Облсоттан қалған мерзімді үйінде тұтқындалсық - деген екеумізге де шешімі келіп тұр. Сөйтіп жеті жылдың қалған үш жылын үйде, құзырлы органдардың бақылауында өткізетін болдық. Кім білсін, тағы бір былығымыз шығып қала ма деді ме, әлде бақылау шартын бұзса, қайта апарып қамайық деді ме,



ішкі сырларын білмедім. Бірақ мені жансыздар арқылы, әртүрлі жағдайға итермелеп бақты. Әлде бұрынғы қала, облыс әкімдерімен кездесіп қалмасын деді ме. Ол кезде олар түрмеде - үйінде тергеуде еді. Тағы бір қызығы, мен Қарабастан шыққаннан кейін, менің ісімді қараған Абай ауданының сотын да жұмыстан шығарып жіберді. Мен сотталған жеті жыл мерзім, одан кейін үш жыл, содан кейін сотталғаны алынады. Яғни он жыл уақыт. Иә, сол он жыл өтті. Мен ешкімнен, не жалақы, не қызмет сұрамай - ақ он жыл өтті, жазықсыз өткерген уақытымды, ақтаңыздар,- деп жазуыма болар еді. Солай, - деп жазыңыз, - дейтін заңгерлерде бар. Бұрынғылардың бәрі жазасын алып кетті. - дейді. Мен айтамын: - Қойды қасқырға бақтырған заманда, маған қажеті қанша? - деп. Сонда мені жемқорлар ақтай ма, әлде мен жемқорлардан әділеттік сұраймын ба, ақталамын ба? Мен әділеттікті халқымнан, үрім - бұтағымнан сұраймын. Арымның тазалығын айтып келемін һәм жазып келемін. Қазір қорқаулар жемтікке таласып, бірін - бірі талап жатыр. Кімдер сотталмай жатыр деп айта аласыз ба? (әкімдер, министрлер, Премьер Министр, сот, прокурор, тағы - тағы), -Жоқ, айта алмайсыз. Ең шарықтзу шегі Облсоттың судьясы мен Жоғарғы соттың судьялары парамен ұсталып жатыр. «Асқанға, бір тосқан», - деген. Аллам! Ертелі - кеш жазаларын беріп жатыр. Бүгінгі күн, ертеңге тарих. Заман өзгере келе, біздерді, келер ұрпақ уақытысында ақтап шығады. Оған сенемін! Қазір қара халық, шырылдап жүрген «бозторғайымыз». Осыдан тура бір ғасыр бұрын, қазақтың Ұлы ақындарының бірі, Сәбит Дөнентаев «Бозторғай» - ды қалай жазып кеткен,- десеңізші. Зер салып оқыңыз.

## *Бозторғай*

Бозторғай зорлық көріп тұрымтайдан,
Таяныш таба алмапты қырдан, ойдан.
Болыпты мұңын шақпақ, зарын айтпақ,
Қырғиды жолықтырып көрсе қайдан.
Ағып жүр оқтай зырлап, көрмей дамыл,
Шыбындан жанын сұрап бір құдайдан.
Тілегі, көздің жасы қабыл болып,
Ақыры - ақ тапты іздеп бір тоғайдан,
Томарда, келсе, қырғи бұғып отыр,
Жемсауы ыңқ - ыңқ етіп шығып отыр.
Түрі бар бір нәрсені аңдығандай,
Орнында қозғалмастан нығып отыр.
Келді де, сәлем берді төресіне,
Аз - ақ тұр шықпай жаны денесінде.
Шақты кеп тұрымтайдың мінездерін:
«Ей, тақсыр, бейбағыңды көресің бе?»
Қырғи сәл торғай сөзі бітер - бітпес,
«Сабыр қыл! - деді, - тоқта еш нәрсе етпес»,
Қазірде қол бос емес, жұмыс қатты,
Аз күтсең жаның шықпас, күнің өтпес».
Деген соң, торғай кетті, амал бар ма?
Тұруға сөз қайтарып заман бар ма?
Қалжырап, қажып, жүдеп қайтты сорлы,
Бірде ұшып, бірде қонып томарларға.
Бір жерге демалуға бөгеледі,
Тағы ұшып ол орнынан жөнеледі,
Түбінде бір томардың бұғып жатқан
Бір кезде көзі шалды бөденені.
Бөдене қылды ишара: «Мұнда кел», - деп,
«Ағаңның мынау жатқан жәйін көр», - деп,



«Мені аңдып бір жау қырғи отыр еді,
Білдің бе, кетті ме екен хабар бер», - деп.
«Жеп қойды ұстап алып жолдасымды,
Сонан соң білдім мен де оңбасымды.
Білмеймін, әлі күнім екіталай,
Кетіп ем қашып, қорғап өз басымды».
Мұны естіп ішін тартты торғай пақыр:
«Ешкімге опа бермес мынау кәпір.
Мынадай болмас, сірә, істің сәті
Деп ойлап, іздеп кетті қаршығаны,
Мұң шағып, ішкі шерін аршығалы.
Көлдегі көп үйректің арасынан
Шулаған қаршығалап зар шығады.
Тыңдаса, бұл дауысты жақын келіп,
Әр жерде бір шүрегей жатыр өліп.
«Бұлардың бәрін қырған бір қаршыға,
Мен мәңгі келіп жүрген бұған сеніп».
Деді де, бір түкіріп ұшты аспанға,
«Қайткенде айла табам шыбын жанға?
Бұлардың бәрінен де бекзат еді,
Барайын, - деп ойлады, - лашын ханға».
Көп іздеп неше түрлі бейнет көріп,
Оны да бір мезгілде тапты келіп,
Түбінде бір теректің бекзадасы
Жеп отыр қаздың етін көкірек керіп.
«Жаным - ау, мынау біздің төреміз бе?!
Шынымен ақтық көрмей өлеміз бе?
Кемтарға бұлар қайтып кек әпермек?
Құдірет көн деген соң, көнеміз де».
Дағдарды осыны айтып торғай сорлы,
Жеріне барам деген барып болды.

Бүркітке - құс патшасы жолығуға,
Кезіпті жер - жиһанды оңды - солды.
Тапқанын бүркітті іздеп, таппағанын,
Шаққанын, ішкі мұңын, шақпағанын.
Білмеймін, әлі күнге естігем жоқ,
Жатқанын жаны тыныш, жатпағанын.

Менің айтарым. Міне қазіргі билікті , тура жүз жыл бұрын жазылған осы өлең әшкерлеп отыр емес пе?

Қандай әділдік іздейсіз?

Байлар мен басшылар өз әмірін жүргізіп, өз ойларын іске асырады. Ақ десе ақ, қара десе қара. Қызметтері жоғарылаған сайын арандары ашылып кеткен. Жемсауын толтырсаң, сонда ғана ісің оңға басады. Төменнен жоғары қарай бірінің бірі жемсауын толтырамын деп, қара халықты қанап келеді. Бозторғайлар кімге барып бас ұрарын білмей қалды. Тек, шырылдаумен күнін өткізуде. Қаншама шырылдаған дауыс үзіліп кетіп жатыр.

* * *

Институтта бірге оқыған курстас досым, ақын Болат Ақтанұлы 2020 жылдың тамыз айында, менің көңілімді жұбатып бір шумақ өлең жіберіпті.

Өмірдің сүрлеуі мен соқпағы бар,
Шалт бассаң ұратұғын тоқпағы бар.
Өмірде адаспайтын жан болмайды,
Алланың саған берер сынағы бар.
Тағдыр солай жазса, қояр сынап,
Тап болды сол сынаққа Ғабдыманап.
Досың түгіл дұшпанға тілемейтін,
Тартуға тура келдау талай азап.



Тағдыр өз айтқанын қылады екен,
Бұғалық сап бұлқынсаң,қинайды екен.
Айтқан сөзің ақталып сот кезінде,
Бос сөз болып бекерге қалады екен.
Жиырма бесі болатын әз наурыздың,
Жеті жылды арқалап кете бардың.
Алай - дүлей құйын боп бар өмірің,
Он алтыншы түрмеге сен қамалдың.
Жер төледе отырдың Беляевпен,
Уақытыңды өткізіп кітаппенен.
Жала жауып айдалып кете барған,
Тағдырды ұқсатам Сәкенменен.
Жертөледе тек свет жанып тұрды,
Бір жұтым таза ауа арман болды.
Күні құрғыр өтпеді сағым болып,
Уақыт екеш уақыт та тоқтап қалды.
Тар жол тайғақ кешуді сенде көрдің,
Басыңды азаматсың, бір имедің.
Ізі қалды тас болып жүрегіңде,
Емделмейді жарасы өткен күннің.
Ешкім сені ешқашан ез демеген,
Барлығы да айтады көзі көрген.
Ғабеке! ез емессің, ер жігітсің,
Алдыңда інің болып бас иемін.
Хат келгенде жеңгеміз Әсемкүлден,
Жас тамшылап кетуші ед екі көзден.
Жүрегін қуанышқа толтыратын,
Хабарлар келіп түскен, Таңсәуледен.
Күн өтті айлармен жылдар өтті,
Түрмеден шығатын мезгіл жетті.
Жазықсыз сотталғаны артта қалып,

Қуанышы қойнына симай кетті.
Қуанып қызына хабар берді,
Гулзаданың (папатайым) деген сөзі
Жүрегін назағай дір еткізді.
Айтарға ары қарай сөз табалмай,
Амалсыз көз жасына ерік берді.
Нардың жүгін көтеретін, бауырым,
Мойымадың, қамықпадың әр дайым.
Өткен күнді еске ала отырып,
Жаңа өмірдің баспалдағын жалғадың.
Ғабеке өзіңізге бақ тілеймін,
Астыңызға нық отырар тақ тіледім.
Отбасыңыз әрқашан аман болсын,
Қабыл ал достарыңның ақ тілегін.



*Аға - бауыр, үрім - бұтағымының ортасындамын.*
*2015 жыл*



# Патшалық Ресей және Кеңес Одағы кезіндегі Қазақ халқының тағдыры Қазақтардың Ресейге қосылуы

*(Қазақ халқының көз жасы)*

Мен жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп өмір сүрдім. Осы жиырмасыншы ғасыр туралы естігенімді, оқығанымды және көргенімді саралап көрейінші. Керегі болса келер ұрпақ алар, қателігі болса сынар, дегенмен оқыған адамға ой туғызар деп ойлаймын. Біз қарапайым халық арасында өскен адамбыз, кейбір отырыста, дастархан басында, әркім өз пікірін айтып, мемлекетті бірде мақтап, бірде даттап жатады. Мен де жағымды жағында, жағымсыз жағында жазғым келеді. Сондықтанда осы жауапты шаруаға бел будым. Еліміз егемендік алғаннан бері, жазушыларымыз, тарихшыларымыз, саясаткерлеріміз тағы басқалары жаппай жамырап Совет Үкіметін сынап жазып жатыр, оның ішінде Совет Үкіметінің бұрын жыртысын жыртқан, омырауларына орден - медаль таққан белсенділері де жетіп жатыр. Кейбіреулері заман солай болған соң солай жаздық қой дейтін ақын - жазушыларымыз да жетерлік. Мен ойлаймын, оларды жазуға кім зорлаған, жазғың келмесе жазбай қой. Жоқ, «біз қателестік» - деп айтқылары келмейді. Мен кейбір жазушыларды, саясаткерлерді түсінем, олар Совет Үкіметінің саясатын сынады, қателігін жазды, бірақ бәрін жасырын суырмада сақтады, жарыққа шығаруға қорықты. Себебі тек қана өз басы емес, үрім - бұтағымен қуғын - сүргінге ұшырайтын еді. Оны мен жазбай - ақ көзі ашық адам жақсы біледі.

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл,
Не жазып кетсе жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл, - Абай

* * *

...Адамның жасы ұлғая келе кейбір мәселелер ой салады, шешуін іздейді.

«Қазақ шежіресі» 1994 жылғы басылымда авторлар былай -деп жазады.

...Араб халифаты VII - ғасырдан бастап Еуразияда мекендеген түркі тайпаларын өзіне бағындырып, дініне кіргізбек болғанымен, ол жолда талай кескілескен шайқастар, сұрапыл соғыстар өткен. Тарихшылар арабтардың ісләм дініне бағынғысы келмеген түркі халықтарын «кәпір», «дінсіз» деп айыптап, оларды аяусыз жаныштауға бағытталған қанды жорықтарының үш жүз жылға дейін созылғанын айтады.

Ақыр соңында қылыштың жүзі, найзаның ұшы ержүрек түркі тайпаларына да **ісләм дінін** қабылдатып, олар арада бірнеше ғасыр өтпей - ақ өздерінің ата-бабаларын қырған басқыншылардың дініне, олардың пайғамбарларына **табынатын халге жетті.**

Ал, ғылыми деректерге сүйенер болсақ, Қазақ пайғамбардан тараған жоқ. Ол тым көне замандардан байтақ даламызда, алып аймағымызда қоныстанған, этникалық тарихы аса күрделі, байырғы тайпалық бірлестіктер қауымдасуының: сонау **Сақ, Ғұн,** Үйсін мемлекеттері, **Түрк, Түркеш, Қарлық** дәулеттерінің, **Қыпшақ ұлысы,** кейінгі **Алтын орда, Көк орда, Ноғай** ордаларының құрамына кірген түркі тілдес елдер мен жұрттардың топтасқан одағының **ортақ атауы.**



Бізге жетіп отырған шежірелер сол байырғы жеке-жеке рулардың, дәлірек айтқанда, бүгінгі Қазақстан территориясын мекендеген елдердің қазақ халқы боп ұйысқан қауымдастығы аясына бірігер алдында, не біріккен кейін ғұмыр кешкен аталарының бергі тарихы.

Бізде бар рулардың көпшілігі көршілес өзбек, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, түркімен жұрттарының да құрамына арыс - арыс боп еніп, сол елдердің халқын құруға қатысқан.

«Аңыз адам» журналы № 2(62) қаңтар санында: **Шыңғыс хан - Жошы - Орда Ежен - Шымтай - Орыс - Қойыршық - Барақ - Жәнібек** (Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі) делінген - деп таратылады.

Алтын орданың негізгі астанасы Сарай Берке Еділдің Каспиге құяр сағасында салынды. Ол хандықтың қысқы резинденциясы болды. Кейін Каспидің деңгеиі көтеріліп, Сарай Берке суға кеткенде жаңа астана Сарайшық Жайық бойынан (қазіргі Атырау қаласынан) 35 шақырым жерде салынды. Алтын орданың соңғы хандары Сарайшықта жерленген - дейді тарихшылар.

...Мысыр елінің **әмірі** болған сұлтан Әл - Мәлік әз - Захар - Бейбарыс (1217 - 1277) Алтын орданың ханы Беркенің қызына үйленеді.

...Сұлтан Бейбарыс ықпалымен Беркенің кезінде басталып 1312 жылы **Өзбек хан** Алтын ордада **исламды** мемлекеттік дін деп жариялады - делінген (Қазақ Ұлттық энциклопедиясы І том).

Енді бір мәселе « Тайны ХХ века» деген журналды оқып отырсам **«Мистика побед» -** деген мақалада былай дейді:

...По преданию грозный воитель всех времен и народов Чингисхан «потрясатель Вселенной», родился, сжимая в руке сгусток крови. Он нес на себе печать избранности. Смерть обходила его стороной и многочисленных битвах. Несгибаемая воля, редкий ум, военный организаторский талант обеспечивали ему успех в боях. Широко известны его стратегия и тактика на полях сражения, но мало что известно о мистических приемах, которыми пользовался Чингисхан, обращаясь к неземным силам, благодаря чему, как полагают многие, он и одерживал свои победы.

Известно, что любое материальное действие в этом мире имеет духовное начало.

Важно понять природу духовного гения который управлял Чингисханом.

До конца жизни он был шаманистом, верил в духов и заоблачный мир. Восходя на престол, каган для всех в государстве становился первосвященником. Чингисхан считал себя **Сыном Неба,** получал силу непосредственно от бога Тенгри и все свои приказы начинал словами: «По воле Предвечного Неба...». Перед великими сражениями он на три дня затворялся в юрте и молил Великое Небо даровать ему победу, в окружающий её народ все время (коллективная медитация) вызвал: «Тенгри! Тенгри!, Тенгри!».

Возможно, в этом и скрыт ключ к пониманию побед монгольских орд и созданию самой болшой по маштабам мировой империи за все время существования человечества.

Главная причина победы любой армии кроется в силе духа полководца, возглавляющего армию и вдохновляющего своим примером простых воинов. Его



воиско язычников, спаянных железной дисциплиной, громило армии мировых религий - **мусульман, христиан и буддистов.**

* * *

Видение Чингисхана было революционным, положить конец трайбализму и построить национальное единство. Природа революционного лидерства требует жертв. По словам Джеймса Мак Грегора Бернса, «лидеры должны быть абсолютно приверженными своей цели и должны доказывать, выделяя максимум времени и сил, рискуя жизнью, пройдя через лишение свободы, ссылки, преследования и постоянные трудности». Разделение трудностей не гарантирует успеха, и многие храбрые лидеры умерли в забытье, но отказ от этого почти наверняка гарантирует провал. Чингисхан был в хорошей компании. В число успешных революционных лидеров, которые пострадали за свое дело, и последователей входят Александр Великий, Иисус, Мохаммед, Мао, Ленин, Кастро и Мандела.

*(«Секреты лидерства Чингисхана» Джон Мэн).*

* * *

Қазақ атанған ұлыстың XV ғасырда тарих сахнасына шыққаны аян, Дәлірегі 1460 жылы Шыңғыс ханның ұрпақтары - Жәнібек пен Керей орталығы сырдың бойына орналасқан «Әбілқайыр ұлысы» (Өзбек хандығы, Қазақ - Өзбек хандығы) деп аталған Құрылымнан өз жақтастарын бөліп алып кетіп, Шудың алқабындағы Қозыбасы тауы маңайына барып аялдайды. Олар арада 5 жыл өткенде осы жерде меншік иесі болып табылатын Моғолстан билеушісі

**Есен - бұғаның** рұқсатымен «Қазақ хандығы» деген мемлекеттің Құрылымының іргесін қалайды. Ал өздерін, негізгі топтан бөлініп саяқ, жырақ кеткендіктен, осы сөздерге синоним болып табылатын «қазақ» атауымен атай бастайды.

Кейін Ресей империясындағы құжаттарға да біздің ата - бабаларымыз осы атаумен түседі.

Бәрін 1734 жылғы бір ерсі, тіпті күлкілі жағдай бұзып кетеді. Сол жылы қаңтар айында Петербурге Әбілқайр ханның ұлы Ералы сұлтан бастаған Кіші жүз қазақтарының делегациясы өздерінің дәргейге жығылғанын құжат жүзінде дәлелдеу үшін келеді.

...Сөйтіп газет тілшісі («Санкт - Петербургские ведомости») Витзенің мәліметінде бұған ұқсас бір сөз болмағанына қарамастан, Қазақтардың пайда болу тегін енесейлік қырғыздардан апарып бір - ақ шығарады.

Осы жерде айтылмаса атасы өлетін тағы бір жайт, ұлтымыз атауын қалпына келтіруде Сұңқар ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің еңбегі ұшан - теңіз болды. Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы, яғни Үкімет басшысы болып тұрған ол «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 15 ақпанда шыққан № 66 нөмірінде «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген тарихи мақаласы жарияланды. Мақала соңында «Манап Шамиль» деген бүркеншік атын қалдырған Алаш ардақтысы онда: «Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» деген есімді жойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығаруы керек. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік» деп бәрін бірден ашып жазды. Оның бұл бастамасын басқа қайраткерлер қолдап әкетті. Соның нәтижесінде 1925 жылы өткен Кеңестердің V съезінде Қырғыз КСР-ы -



Қазақстанға, ал ондағы негізгі ұлт Қырғыздан қазаққа алмастырылып, тарихи әділеттілік қалпына келтірілді.

Бір қызық оқиға бопты. Кеңесшілерінің бірі патшаханымға келіп осындай да, осындай, ұлы мәртебелі сізге мүлде бағынып, қол астыңызға өтуді өздері сұранып, қырғыз - қайсақ ханы Әбілқайырдың депутациясы келіп тұр демей ме. Сонда императорша айтты дейді: «Ертең келсін, бүгін қырғыз - қайсақ мәселесінен гөрі маңыздырақ бір оқиға боп тұр», - депті. Сөйтсе, үйіндегі асыранды маймыл балалап, соған өзі кіндік шеше боп, аса үлкен қуанышты оқиға үстінде отыр екен,- деді Шоқан жайлап. («Ақ боз атты ару» Сәуірбек Бақбергенов).

Менің айтарым. Ойлап қарасаңыз, орыстар патшасынан бастап түгелдей бізді, надан - жабайы халық санап отырды. Бізден маймылды артық санайды. Айта берсеңіз қаншама мысал келтіруге болады. Тек, езгілеп сүліктей қанын сора беру керек. Өзіміздің көзіміз көріп, құлағымыз естіді. Қандай надандары болсын, Ұлы халықпыз деп, кеудесін ұрып үстемдік жасап келді. Тіпті халқымыздың бойына терең бойлап кеткелі соншалық, соның ықпалынан әлі күнге дейін арыла алмай келеміз.

* * *

Жүз дегеніміз орысша - лик, адамның бет жүзі. Ұлы, орта, кіші емес. Старший, средний, младший емес! ұлы деген сөз Великий болады. Дұрысы Ұлы жүз - Великий лик, Орда жүз (ордалы ел) - Цитадель, Күші жүз - Сильный лик. Сонда бір тұтас сөз шығады - Ұлы Орда Күші. Біртұтас ел. Мынау мен берген адамға өте маңызды ақпарат! Кезінде осыны әдейі бұзып бұрмалаған. Разделяй и властвуй,- деген қағидаға

сүйеніп, қазақ үш жүзге бөлінеді деп жазған кезіндегі отаршылау саясаткерлер. Сонымен солай кетті емес пе? Қазақ деген ұлтты қырғыз деп атағандардан не сұрайсыңдар. Ұлы жүз, Орда жүз, Кіші жүз болып үш жүзден құралған ҰЛЫ ОРДА КҮШІ ЕКЕНІМІЗДІ жастарға көбінен насихаттасақ, олар болашақта бөлінбей біртұтас ел болуға ұмтылады,- деп сенемін! Кезінде осыны қолға алып қазақта нақты жазатын адам болмады емес па? Сондықтан Тянь - Шянский Семен сияқтылардың жазып бергендеріне еріп, қалың қазақ қараңғылықтың салдарынан адасып кетті емеспе. Аңқау елге арамза молда,- демекші. Шынында да, Ұлы деген сөз орысша старший емес, Великий болады. Ал анау великий болса, онда қалғандары қалай средний и младший болады? Осы жерде сол ғұлама сымақтарға неге қазақтар «куда делась теория относительности». Деген сұрақ сауал қоймаған десеңіздер, тағы да қара қалықтың еріншектігінің салдарынан мән бермегенінен адастық. Сол кезде ұйықтап кеткенбіз, әлі ояна алмай жүрміз.

ҰЛЫ ОРДА КҮШІ дегенді кеңінен тарату керек! Оянатын кез жетті. Тура осы қағида қазақтың басын қосуға ықпал етеді! Ешкім ешкімнен үлкен де кіші де емес, барлық қазақ тең, бір атаның баласы! Біз біртұтаспыз! Бөлінгенді бөрі жейді. (Иманғали Тасмағанбетов).

Бір ұлт, екінші ұлтқа үстемдік ету. Езіп - жаншу, құлғып пайдалану, қараңғылықта ұстау, қанын сүлікше сору басты мақсаттары. Міне сол үшінде неше түрлі қулыққа, зұлымдыққа барады. Ойлағандарын іске асыру үшін, неше түрлі залымдық жасайды. Орыстардыңда ежелден ұстап келе жатқаны сол саясат. Сондықтанда біздің оянуымыз керек. Басты шұлғи бермей ақпен-



қараны айыруымыз керек. Әр адам шамасы келгенше халқымыздың бірлігі мен ынтымағы үшін өз үлесін қосу керек. Тәрбие от басынан басталады. Яғни, бірлікте от басынан бастау алады.

* * *

## *Қазақтарды құлдыққа сату процесі*

1737 жылы 16 қараша күні әйел патша Анна Иоанованың пәрменімен Сібірде (қазіргі еліміздің солтүстік өңірі) құл саудасын жүргізу заңдастырылды.

Осындағы жарлықта:

«... түземдіктер қолға түссе, оларды сатуға, шоқындырып, ақысыз - пұлсыз тегін ұстауға рұқсат етіледі» деп жазылған. Құлдық езгі әсіресе Ойрат хандығының құлауы мен орыстардың қазақ даласына ағылып келуімен байланысты күшейген үстіне күшейе түсті. 1755 жылы жоғарыдағы құл саудасын заңдастырған патша Анна Иоанованың пәрменіне қосымша жарлық қабылданып, помещиктер сатып алған құлдарын тауар ретінде айырбастауға, оларды шоқындыруға ерікті делінген. Бұл заң 1822 жылы «Сібір қазақтарын басқару» ережесі шыққан соң күшін жойды. Демек отарлаушылар 1737 - 1822 жылдағы 85 жыл бойы қазақтарды құлдыққа сатумен айналысты. Академик Манаш Қозыбаев: «Қазақ - отаршылықтың ең бір жексұрын түрін көрген ел. Кейбір тарихшылар: «орыс отарлауын ақтағысы келіп, орыстар құл саудасын жасамады, жергілікті халықты қырмады, тек ғана шикізатын пайдаланды», - дейді. Егер сіз профессор Фурсовтың 1915 жылы жарық көрген «Сибирские чтения» атты жазбасын оқып көрсеңіз, қазақтар әлемдегі ең жексұрын отаршылықтың түрін көргенін

білесіз. Жазбада, отарлаушылар қазақтың қыз-келіншектерін пайдаланып жезөкшелер үйін жасақтау үшін арнайы қосын жіберіп, қазақтың жас қыздарын байлап - матап ұстап әкелгені жайлы, оларды базарда қойша сатқаны жайлы көрсетілген....» деп жазады. Сол сияқты, қазақ оқығандарының бірі Телжан Шонанұлы өзінің бір жазбасында құлдыққа сатылған қазақ қыздарының тағдырын ашына отырып баяндап: «Жарлы қазақтардың балаларын сатып алып, үкімет орысқа құл қылып бермек. Соның үшін патша 1825 жылы әмір қылады: «Қандай жолмен болса да қазақтан қыз балалар сатып алыңдар, оларды каторгаға айдалғандарға қатын қылу керек» дейді. Жоғарыда Шонанұлы айтқандай, қазақ қыздарын сатып алып күң ретінде ұстау XIX ғасырдың ортасына дейін жалғасып келді. Саудаға түскен қазақтардың (1737 жылғы дерек) құны: 40 жастағы қазақ әйелі - 12 сомға; 30 жастағы жігіт(әйелімен бірге) - 1ат, 1 құлын және 16 сомға;

1) 16 жастағы бозбала - 12 сомға; 20 жасар жігіт - 15 сомға сатылған. Сол заманда құр аттың құны 91,5 тиын екен.

***Жоғарыдағы осы бір деректі оқырманға ұсынып отырған мақсатым, халқыма Егемен елдің қадірін түсіндіру және кейінгі ұрпаққа мәңгілік сол Егемендікті сақтай білсін дегенім.***

* * *

Бірде Шоқанның қолына Ұранхай елінің «Алтын ханы» деген қолжазба кездесті. Осы қолжазбаны қарап, барлық жазылу тарихымен танысты. Бірақ, мұның ішінен де өзінің іздеген жұмбағына шешімін таба қоймады. Сол буддалардың тобынан он сегізінші ғасырдың орта



кезінде жазылған бір қол жазбаға кездесті. Бұл қолжазбада он сегізінші ғасырдың орта кезінде Өскемен бекінісіне қырғыз - қалмақтың он екі үйлі адамдары келіп, жергілікті әкімдерге: «біз бұрын Том мен Енисейдің аралығында тұрушы едік. Біздің басшымыз Танбын - батыр Танжи еді. Онда Ресей қазынасына аң терісінен алым төлеп тұрушы едік. Сонан он сегізінші ғасырдың бас кезінде Ғалден Сореннің үш қолбасы батыры бес жүз жауынгер тобымен келіп шауып, қырғыздарды Жоңғар тауына көшіріп жіберді. Үш мың үй қырғыз, қалмақ қолының сайланып келген қаһарына қарсы тұра алмай қонысынан ауды. Сонан қырғыздар Ғалден Соренге алым төлеп тұрды. Сонымен қатар біздің тағы бір табымыз Соғай даласында тұрады. Олар да кейінде Жоңғардағы туыстарын тапты. Біз де өз туысымызға қосылуды тілейміз» депті. Бұған қарағанда қырғыздардың «Енисей» бойынан ауып келуі анық.

Анадағы он екі үйлі қырғыз - қалмақ адамдарының айтуындай Жоңғар қолы келіп килігіп, қырғыз руларын екіге бөліп тастағанға ұқсайды. Сыр бойындағылар Әндіжан алқабында қалып, Енисей бойындағылар осында бөлініп қалған болуы керек. Ал, Енисейдегілер Жоңғар тозғындаған кезде Алатаудағы елімен қайтадан табысқан болар деп түйді.

*(«Шоқан асулары» Сапарғали Бегалин).*

«Неліктен орыстар бізді қырғыздарға апарып жапсырады олда олардың саясаты. Өйткені - «қырғыз, қазақ түбі бір халық, бұлар бір кезде сибирь өлкелерінде болып, кейіннен Алатау атырабына көшіп келген» - деп түйіндейді».

* * *

Негізі орыс саясаткерлері **қазақтың қазақ** екенін біле тұрсада әдейі **қырғыз** деп атайды. Себебі түпкі мақсат, біріншіден қазақтың қазақ екенін, мемлекеттігін жойып жіберу, екіншіден қазақ деген ұлт болмаса қазақтың иелігінде жерде жоқ, елде жоқ. Ешкім бас көтеріп дәлелдемесе, қазақ мемлекеті орыстікі болып шыға келеді. Орыстардың ежелден көксеп келе жатқан мақсаты сол. Орыстың жері деп Совет одағының уақытында құрлықтың алтыдан бірін телідік, енді одақтас мемлекетер егемендік алып бөлінген кезде, әрине орыстардың жер көлемі азайды. Қаншама байлықтың қолдан шығып кеткеніне өкінеді. Әртүрлі қулықпен қайтарып алғысы келеді. Қазірдің өзінде орыстардың құрамындағы татарлар, башқұрттар, шешендер, удмурттар, буряттар және басқа халықтар бөлініп егемендік алып көтетін болса орыстарда не қалады?. Бөлінуге жібермей күшпен ұстап отыр. Бөлінеміз деген шешендерді не істеді, қырып салды. Күшпен қаншалықты ұстап тұруға болады? Қаншама адамның көз жасы. Бұл да маңдайға біткен «Тағдыр». Адамдардың бір - біріне үстемдігі, жауыздығы, езілген халықтың көз жасы, тілінен - дінінен айыру, салт - ғұрыпын жою, алпауыттардың кішілерді - аз ұлттарды жұтып қойуы, жойуы. Совет үкіметі орнар кезде қазатың «Алаш орда» ұйымын өздеріне алдап одақтас қылып алуы, алашорда мүшелеріне жақсылықты үйіп төгуі, билікке қолы жетіп алған соң, **«Ұлтшылдар»** -деп жаппай қырып салуы, қазақ халқын бассыз қалдыру, қожырату саясаты, қазақты қырып жойып дінсіз - тілсіз жерсіз қалдыру, мемлекеттігін жойу басты мақсат болған.



* * *

## Кеңес Өкіметі (Елімнің көз жасы) (Тағдыр)

*Татяна Невадовская*

### Қазақстан трагедиясы

Көктем туып бар тіршілік оянған,
Қаумалаған қалың ойдан жеріп көр.
Жер де, міне, жасыл реңге боянған,
Көз алдымда... мұз құрсанған өліктер.

Кір-қожалақ, балақ биті басқа өрген,
Бірақ оны елемеймін мен тіптен.
Көрген сәтте сорлыларды босқа өлген,
Ет жүрегім жүгірмей-ақ ентіккен.

Киімім көк, ашығуды білмеймін,
Аш-жалаңаш бәрі-дағы олардың.
Әйел,кемпір... нанға зәру тілдей бір,
Соны ойласам көкірегіме толар мұң.

Көрсетеді ол омырауын суалған,
«Бір тамшы да сүтім жоқты» айта алмай.
Құйттай сәби құшағында қуарған,
Сандалады ол үйіне бос қайта алмай.

Сұмдық сурет есте мәңгі сақталар,
Айныдық па адамшылық салтынан?
Ашыққандар шөп-шаламды ақтарар,
Табам ба деп жарты дән.

Нөсер шайып, жел кеулеген қар кете,
Шөмелелер аштың көзін арбаған.
Түк таппайды жеткенімен ел кете.
Шірік масақ тышқаннан да қалмаған.

Сорлы бала сабан астын ақтарып,
Әлсіз қолға ілікті ақыр түйір дән.
Қуаныштан өкіруге шақ қалып,
«Сыбағаға» көз сүзеді бұйырған.

Жазығы не? Кімдер бүйтіп қорлаған?
Туған жері - өз елінде емес пе.
Қыз бала - ай тумай жатып сорлаған,
Теңселеді үп етіп бір жел ессе.

Сүйектері шодырайған тым арық,
Іші деген кеуіп кеткен қампиып.
Жас өскіндер түк көрместен қуарып,
Кетіп жатыр өкінішті жан қиып.

Күздік қаулап, шөп өскендей тасқа да,
Қиқулаған құстың үні тынбайды.
Балалардың ашыққаны масқара,
Шыр айналды бұ қазақты мың қайғы.

Кім жіберді аштық деген пәлені?
Кім жауапты? Білгім келер соны мен.
Түйе мініп, атпен шапқан жан еді,
Малын айдап, көшіп жүрген жөнімен.



Түгін қоймай сыпырды ғой қастықпен,
Болады екен осындайда сұм айла.
Бүкіл жұртты қырып - жою аштықпен,
Керек пе еді аллаға, әлде құдайға?

Азаптаудың ойлап тапқан нешесін,
Есі ауысқан миғұла бір пақыр ма?
Қойын - малын, киіз үйін, кесесін,
Тартып алып, отырғызған тақырға.

Қазақ түгел диқан емес, бақташы -
Біле тұра ешкім жағын ашпайды.
Үйсіз қыста жанын қалай сақтасын,
Өлімге де мойынсұна бастайды.

«Қазақстан - далалы өлке, тағы» деп,
Табиғатқа жала жабу - мекерлік.
Таратсаң да жұртшылыққа саны көп,
Өнім - астық мол болды ғой, жетерлік.

Алқаптарда қадау - қадау сар сабан,
Маржан бидай жөнелтілген қиырға.
Аш - жалаңаш жандар әбден шаршаған,
Бос алқапты айналдырды шиырға.

Малсыз қазақ - жансыз қазақ, қайрансыз,
Аш - жалаңаш көрдік мүрдем қатқанын.
Білмейді олар Мәскеу жақта кей колхоз
Егін орып, астық жинап жатқанын.

Аштық жайын еске алудың өзі мұң,
Саншу - сұрақ мазалайды: «Неліктен»
Бұл қорлыққа жетер қайтіп төзімің,
Жер бетінде жүре алмайсың өліктен.

Көз алдымда тұрып алды көлбеңдеп,
Сәбилердің аянышты бейнесі.
Шөмелелер түбінде аштан өлген көп,
Жел жұлмалар өрім - өрім жейдесін.

Аспан, міне, жарқырайды ап - ашық,
Құстар сайрап, тырна қиқу салады.
Аһ ұрғанмен арман, үміт адасып,
Өз жолымен өмір көшіп барады.

*Март, 1933 ж.*
*Шындәулет ауылы, Қазақстан.*
*Аударған З.Қыстаубаев*

Т.Г. Невадовскаяның документтері архивке 1980 жылы қабылданған болатын.

«Белгісіз жауынгердің қабіріне обелиск қойылғаны сияқты, Қазақ халқының сол кездегі жазықсыздан-жазықсыз шеккен қасіретінің куәсы ретінде мен ескерткіш орнатар едім», - деген сөздері бүгінде қашанғыдан да ерекше көңіл бөлуді қажет етеді деп ойлаймын.

*Өлеңді баспаға ұсынған*
*Марат Хасанаев (Нәубет 4-7бет).*



* * *

Өз ойымды айта кетейін. Осы бір өлеңнен, қазақ халқының басынан, қандай қасірет өткенін оқып отырсыз. Қандай керемет жауыздықтың куәсі болған ақын қыздың, жан айқайы. Иә, әр ұлттың қара халқын кінәләуға болмайды. Бұл орыс ұлтшылдарының, саясаткерлерінің зұлымдық іс - әрекеті. Әдейі аштыққа ұшыратып, бүкіл бір ұлтты жер бетінен жойып жіберу. Жерін, суын, байлығын өздері иемдену. Адамдарда осындай жауыздық болды, әлі де осындай озбырлық болып жатыр. Еркіне жіберсеңіз, әлі де сол жауыздықты көздейді, сол мақсатта барлық қулық - сұмдықтарын ойластыруда. Бір ұлттың тағдырын, өз қолдарына алып, өздері шешкісі келеді. Үстемдік құру. Көз жасын көл ғылып, сүлікше қанын сору. Бұдан артық сорақылық болар ма? Біздің халқымыздың оянатын мезгілі келді. Өткеннен сабақ алып, келешекте өз халқымыздың егемедігін сақтап қалу. Өз жеріне, өзінің иелігі болуы. Тәуелсіз қазақ елі болуы шарт!

* * *

Ғылыми ар намысты ояту, ғылыми тазалыққа, тек қана шындықты айтуға тәрбиелеу, кейбір ұлттық тар өрістілікке жол бермей, жалпы адамзаттық ар - ожданның дамуына жол ашу. («Қазақ оқулық»).

Өзіміздің сана деген өте бір үлкен ұғым. Егер сен өзің қаламасаң, өзің үшін басқалар үшін жауапкершілігімізді дұрыс түсініп, анықтай білмесең біздің ата - бабаларымыз үйреткендей ешкім да ешқашан саған көмек бере алмайды. Сен өз тағдырыңды өзің шешуге тиіссің. Бұл ұлттық сана сезімнің жоғары дәрежеде өскенінде ғана шешілетін мәселе.

**Бүгінгі күн** кешегі өткен тарихтың негізінде жасалынады, осы сәтте біз жалпы адамзат болмысының бөлшектеніп, алшақтап кетуге тиіс емеспіз. «Қазақ».

Біз әрқайсымыз, өз ісімізге жауапкершілікпен қарауымыз керек. Ел дегеніміз, сіз бен біз. Мемлекет дегеніміз, әр отбасының бірлігі. Ел тағдыры, біздің тағдырымыз. Кеңбайтақ жеріміз, ортақ қазынамыз. Біздің егемендігіміз өз қолымызда. Біздің тағдырымыздың баянды болуы да өз қолымызда. Біздің бірлігіміз бен ынтымағымыз да. Еліміздің әр пендесі, әр жан ұя түсінуі керек. Сонда ғана біздің жарқын болашағымыз баянды болмақ.

* * *

## *Әлем тарихшылары мен саясаткерлері қазақ халқы жайлы не айтады:*

«Біз өзбектер бір туғанымызды, туысымызды алыс сапарға жіберіп жатсақ «ДОСЫҢ ҚАЗАҚ БОЛСЫН» - деп бата беріп, тілек айтамыз... Осы бір мақал бүкіл қазақ халқының кім екенін айтып тұр. Қазақ ешқашан досын жауға бермеген, досын сатпаған, досын жолға тастамаған»... Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримов).

«Қазақтардың өткен тарихымен әлем елдері арасында елеулі орны бар. Олар Бату хан армиясының өзегі болды. Қазақтар Козельск, Москва т.т. қалаларды алғандардың және Алтын орданың әскери - саяси құрылымының тікелей ұрпақтары. Әзірге қазақтың маңыздылығы әлемдік тарихқа байланысты болғанымен, қазақ халқының мол мүмкіндігінің ашылу сәті әлі алда.



Ол үлкен Тұранның ояну сәтіне байланысты болады. Оның қозғаушы күші қазақтар болады». (Ресей Ислам қоғамының қайраткері Гейдар Жемаль).

«Қазақтарды ұлт ретінде сақтау - түркілерді сақтау. Таза түркі - қазақтар. Қазақ тілі ең таза түркі тілі » (К.Карпай, АҚШ, профессор).

Ресей империясының патшайымы Екатерина II (I792 - 1796): Қазақтар өздерінің кім екенін білсе, әлемді жаулап алады. XIII ғасырдағы қазақ жеріне ат басын тіреп, Батудың қабылдауында болған Рим папасының өкілі Плано Карпини өз жазбаларында былай депті: “Бұл халық (қазақтар М.Қ.) өз билеушілеріне, о дүнйелік болған бабаларының алдында, ел билеген тұлғаларына өте адал болып келеді, бұларда жалған сөйлеп, өтірік айту деген жоқ. Бұл халықтың арасында өзара айтыс-тартыс деген болмайды. Ұрлық - қарлық деген нәрсе бұларда атымен жоқ, сондықтан болар, бұлардың есіктеріне өмірі құлып салынбайды. Бұлардың тіпті малы адасып басқа қораға кіріп кетсе де, оның иесі адасқан малды қайта айдап келеді. Жалпы бұлардың ауызбірлігі, ынтымағы өте берік және тауқыметке өте шыдамды, жолда ашқұрсақ жүрсе де жүзінен күлкісі кетпейтін дарқан, ақжарқын халық». Қазақтар сан ғасыр осылай өмір сүрген екен, кешегі кеңес заманында да есігіне құлып салуды білмепті.

Енді міне соңғы 30 жылда «гендерлік» деген теріс саясаттың салдарынан, қулық - сұмдық, мансапқорлық, екіжүзділік, қылмыс, парақорлық пен жемқорлық, арсыздық, дүниеқоңыздық, т.б. жаман қасиеттердің бәрі жастарымыздың бойына көз ілеспес жылдамдықпен дарып келеді...

«Қазақты оқытудың қажеті жоқ. Салт - дәстүрлері мен әдет - ғұрыптары түгелдей тұнып тұрған білім» (П.Семенов-Тян-Шанский 1828 - 1914).

Әрбір ұлт өз ұлтын өзге ұлттардан артық санайды. Бұл ұлтшылдық пен соғыс өртін тұтатады. Адамдар білу керек, ешбір халық қанша мақтанғанмен, Қазақтан асып, қазақтан артық мемлекет құрып, қазақтан биік бола алмайды. (Татар жазушысы Мұса Жалил).

Анна Ахматова, ақын, «Алтын Орданың» соңғы ханының ұрпағы: Қазақтар ұлы және жауынгер халық. Баршаңызды қазақ тілін үйренуге шақырамын!

Владимир Белинский, «Алтын Орда» тарихын зерттеуші: Орыс тарихшылары өздері бірнеше ғасыр қазақтарға тәуелді болып, салық төлегендерін жасыру үшін қазақтың шынайы тарихын ашықтан - ашық бұрмалаған. Алтын Орданы құрған Шыңғыс ханның тегі қазақ.

Ресей патшасының қабылдауында болған Михаил Сперанский Қазақтар жайлы былай деген екен:

- Қазақтар көшпелі өмір сүретін өте жауынгер халық. Арақ ішпейді және табиғи қиыншылықарға төзімді. Далада соғысудың өнерін жақсы меңгерген.... Ресей патшасы І Александр «Оларды бағындырудың жолын ойластырдың ба?, деп сұрағанда Михаил Сперанский: - Қазақ даласында сексеуіл деген ағаш өседі. Өте қатты, балтамен шауып сындыра алмайсың. Оны тек бір - біріне ұрып сындырады. Қазақтар руға қатты бөлінеді. Оларды бір - біріне айдап салып, әлсірету қажет, - депті...

Тарихшы - ғалым В.Белинский: Барлық ұлттардың тегі қазаққа барып тіреледі. Шыңғысқанның тегі қазақ. Михаил Финкель, құқық докторы, Питтсбург (США)



университетінің теология профессоры, еврей: Қазақтар еврейлердің атасы. Станислав Дробышевский, Ресейлік антропология прфессоры: Қазақтар антропология тұрғысынан ең таза халық.

Сергей Станкевич, орыс саясаткері, тарих ғылымдарының докторы: «Алтынорда» дегеніміз қазақтар. Монғол империясы қазақ тілінде сөйлеген. «Қазақтарды тарихи жадынан айырып, халықты дүбәралау саясаты ХХ ғасырдың отыз бен қырқыншыжылдардың ортасында қатты жүрді. Сүттің бетіндегі қаймағы сияқты болған барлық интелегенциясы осы жылдары түгел оққа ұшып, ұлт осыдан кейін үлкен тобырға айналып шыға келді. Жаңаша пайымдайтын, озық ойлы, арлы, мінезді ұлтшылдардың бәрін құртып, коммунистер жаңа биліктің айтқанын бас шұлғып қана қабылдайтындарын ғана қалдырды. Былай қарасаң, Совет өкіметі шынымен де құл - құтандардың билігі болатын. Ең қызығы, осындай сұмдық геноцид бұл халықтың ғасырлар бойы бізге жасаған ықпалын бәрібір бәсеңдете алмады. Соғыс жылдары қазақтар баяғы бабалары сыяқты (Кресшілерге қарсы соғыста Московияға көмекке келген ордалықтарды меңзеп отыр) тағы атқа қонып, майданның алғы шебінен көрінді. Әрбір он оқтың тоғызы да Қазақстанда жасалғанын қалай жасырасмыз? Мәскеуді қорғағандар, атақты партизандар, тіпті, адамзат шежіресіндегі ең алапат айқаста да аты аңызға айналған қыздардың да көбі осылардың арасынан шығыпты.

Ген деген өзі, өзі қызық нәрсе ғой... Халықты қанша қырсаң да, оны жоқ қылып жібере алмайсың. Ол түбі бір жерден жарқ етіп шыға келеді...! (С.А.Караганов,

Ресейдің бұрынғы президенті Борис Ельциннің кеңесшісі). Түрік (Түркия) халқы күні бүгінде де берген уәдесін жұтып, екі сөйлемейтін, бір сөзді МӘРТ, батыр адамды ҚАЗАҚ деп атайды. Сонымен қатар, малдың жүнінен тоқылған бүкіл бұйым атаулыны және әйелдеріне билігін жүргізе алатын адамдардың бәрін де қазақ деп, атайтын көрінеді.

Адамзаттың ұлы пайғамбары Мұхамбет (ғ.а.с) көптеген хадистері бар. Алайда, пайғамбарымыздың Қазақтар (түркілер) жайлы арнайы хадисі бар екенін біреу білер, біреу білмес. «Аллатағала адамдарды сынау үшін жамандықты жаратты. Оны жою үшін түркі халқын жаратты. Оны шығысқа орналастырды», десе тағы бір хадисінде «Бақ пен ырзықтың тағын Аллатағала түрік жұртының төбесіне орнатты» дейді. Ал, сол түркі халқының қарашаңырағы бүгінгі Қазақ елі болып табылады.Әрине, біз оны бүгін сезбегенмен ертең сезетін боламыз.

«Әбу Хурайра) былай деді: Алла Елшісі (с.а.у) «Сендер қысық көзді, қызыл шырайлы, таңқы мұрынды, бет - жүздері қабат - қабат тері қапталған қалқан тәрізді түріктермен соғыспайынша қиямет - қайым болмайды. Сондай - ақ, сендер аяқтарына жүннен киген бір қауыммен соғыспайынша қиямет болмайды» (Сахих әл-Бұхари).

«Мәртебөсі биік Алла Тағала маған Иран мен Византияның алынатынын хабардар етті. Маған олардың әйелдері, балалары, құлдарын да берді. Себебі, қызыл шырайлылардың (түркілері) көмек беруімен мені құдіретті етеді» (Рашиб б.Са). «Өлкені (дұшпандарға қарсы) қорғаудың күші онға бөлінеді: Оның тоғызы түркілерге, қалғаны өзге ұлттарға берілді.



Сараңдық та онға бөлінеді: оның тоғызы парсыларға, қалғаны өзге ұлттарға берілді, жомарттықта онға бөлінеді, оның тоғызы судандықтарға, қалғаны өзге адамдарға беріледі, ар - ұят та онға бөлінеді, оның тоғызы әйелдерге, қалғаны өзге адамдарға беріледі, көре алмаушылықта онға бөлінеді, оның тоғызы арабтарға, қалғаны өзге ұлттарға беріледі, тәппарлықта онға бөлінеді, оның тоғызы римдіктерге, қалғаны өзге ұлттарға берілді» (ат-Табари).

«Түріктер сізге тиіспейінше байқаңыз сіздерде түркілерге тиіспеңіз. Өйткені, Алланың үмбетке берген бұл мүлкі (байлық) мен салтанатын алғаш болып Қаентураұлдары тартып алады» (ат-Табарани). «Байқаңыз, хабашилер сізге тиіспейінше, сіздер оларға тиіспеңіздер. Сондай-ақ, түріктер де сіздерге тиіспейінше, сіздер де түріктерге тиіспеңіздер» (ән-Нашаш). (kazislam.kz https://kasislam.kz/t-rkiler-turaly_-khadis-bar-ma/).

«Сахих» имам Муслима: Олар өздері келіп тиіспесе, Түрікке тиіспеңіздер! Сіздер олармен соғысатын болсаңыздар, жеңілесіздер!

Қазақтың діншілдігі жайлы Барон фон Шварц: Қазақтар мен білетін өзге халықтарға қарағанда діншілдікті алға қоймайды. Бірақ қоғамдық санада, яғни адами қарым - қатынаста Түркістанның отырықшы халықтарының бәрінен шексіз жоғары тұрады және бүкіл әлемге үлгі бола алады.

Түркия Президенті Т.Ердоған: Қытай! Тарт қолыңды түркілерден! Қытайдағы (Шыңжаң М.Қ.) қазақ бауырларымызға жасалынып жатырған, қатыгездік тоқтатылсын. Түбі бір түркілер біріксе қытай еліне қауыпты болады осыны ескертеміз. Түркияда менімен

қоса 85 миллион Қазақ бар. Қазақстан киелі мекен біздің ата жұртымыз деп мақтанышпен айта аламыз. Әр түрік кеудесіне қолын қойып қазақ бауырларымызға құрмет көрсетеді. (Азамат Шынболатов «Айтарым бар» 2019 ж. 14 желтоқсан).

Құмық тілінде Қазақ - батыр деген мағына беретін сөз. Қумық әдебиеті Қазақ жырауларынан басталады. Дағыстан поэзиясында ҚАЗАҚ - ер, қайсар, жауынгер болып сипатталады. Алыста қалған ноғайлар қазақтардың мына өсиетін жадтарына сақтап жүреді екен: «Қазақ баласын үш - ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген. Біріншісі - ұят болады. Екіншісі - жаман болады. Үшінсісі - обал болады. Ұят болады дегені - өлімнен ұят күшті, ұят істеме дегені, ұят жанымнан сақа дегені. Бұл қазір «Малым жанымның, жаным арымның садақасы» деп тұжырымдалған. Жаман болады дегені - жақсы сөз жарым ырыс, жамандықтан аулақ жүр, жақсының жомарттығы, жаманның нәмәрттігі жұғады дегені. Обал болады дегені - әр бір істің сұрауы бар, адам баласына қиянат жасама, обал мен сауаптың ара жігін ажырата біл дегені». Қазақ пен Ноғайдың бір туған екендігіне ноғай ақыны Арысланбек Сұлтанбековтың «Домбыра сазын ескен Адайлар» атты әні толықтай куәлік ете алады.

Латыштың (Латвия) филолог ғалымы Галина Шуке өзінің «Латыштар түрік болған ба? Деген ғылыми зерттеу кітабында «Латыш пен орыстар түріктерден шыққан», яғни бұл елдің тілдері көне түрік (Қазақ М.Қ.) тілінен бастау алғанын дәлелдеген.

Түркілер (Қазақтар) туралы орта ғасырдағы көрнекті ғалым Махмуд Қашқаридың «Түркі тілдердің лұғатына» былай деген: «Ұлы Тәңір (Тенгри) айтады:



Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды түркі деп атап, күншығысқа қоныстандырдым. Кейбір тайпаларға ренжісем, түркілерімді қарсы аттандырам». Сондықтан түркілерге Тәңірдің өзі арнайы ат қойған. Жер жүзінің ең биік, ауасы таза бөлігіне қоныстандырып, «Өз қосыным» деп атаған. Оған қоса, «түркілер көрікті, өңі сүйкімді, жүзі мейрімді, әдепті, үлкендерін құрметтей білетін кішіпейіл, уәдеге берік, мәрт және сол сияқты көптеген жақсы қасиеттерге ие болған ашық - жарқын жандар».

Ұлы мәдениеті бүкіл әлемді мойындатқан қазақ елі жайлы, «Кәдімгі тарих» атты фундаметалды ғылыми еңбектің авторы Жорж Луи Леклерк (Бюффон) XVIII ғасырда былай деп жазыпты: «Бірінші мемлекет, яғни осылай деп аталуға лайық ел өте ескі заманда Каспий теңізінің шығыс жағында дүниеге келген. Бұл халық ғылымды, өнерді және басқа да игіліктерді дүниеге әкелгені үшін де үлкен құрметке лайық... Олар төтенше бақытты болды. Себебі олар өте білімді еді, кейін жаттың шабуылына ұшырап, адамзаттың ұлы цивилизациясын қара түнек басты».

Біз Құдайды, Тәңірді, Алланы танып, Жаратушы бір Құдайға сыйынған кезімізде, бүкіл әлем елдері отқа, суға, тауға, тасқа, әртүрлі жан-жануарларға табынып жүрген болатын.

Біз жабайы құланды қолға үйретіп, ат қылып мініп, даланы тұлпардың төрт тұяғымен дүбірлеткеніміз де бүкіл дүние жаяу жүр еді. Біз ағаш пен киізден жасалған салтанатты көшпелі үйлерде тұрған кезімізде, өзгелер табиғи үңгірлерді мекендейтін. Біз даланың жабайы аңдары қодасты, таутайлақты, құланды, арқарды, ақбөкенді, киікті қолға үйретіп, етін жеп, жүні мен терісін

пайдаланып, сүтін, шұбатын, қымызын ішіп, шалқып, жүрген кезімізде өзгелер тек қана аң аулап күн көріп қара су ішетін. Біз алғаш дән егіп, астық жинап, нан пісіріп жеп жүргенде, өзгелерге мұндайдың исі де мұрындарына бармайтын еді. Біз шалбар кигенде бүкіл дүние алды мен артына жапырақ байлап, жалаңбұт жүр еді. Біз алғаш темір қорытып, ердің бес қаруын ойлап тапқан кезде өзге елдер қолдарына ағаш таяқ ұстап жүрген болатын. Біз домбыра, жетіген, саз сырнай сияқты музыкалық аспаптарды ойлап тауып, сол аспаптардың құлағында ойнап жүрген кезде, өзгелердің мұрнына мұндайлардың исі де бармайтын еді Ақындарымыз озық ой, жүйрік қиял, елден ерек тіл байлығының молдығы арқасында домбырамен айтысып жүргенде олар айтарға сөз таба алмай, жандары қиналатын. Біз алғаш Садақ пен жебені ойлап тапқан кезде, өзгелер қолдарымен тас пен таяқ ылақтырып жүретін. Біз Алып биді (Әліппені) ойлап тауып, жазу жазып, жыр толғаған кезде қазіргі Еуропа қараңғылық түнегінде жатқан. Біз айбынды қағанат құрып, әлемді билеп отырған кезде бүгінгі заманның ең озық жұрттары тайпалық құрылым деңгейіне жеткен. Біртұтас ұлы қазақ (түркі) халқы «Алаштап» ұран шақырып, сан мыңдаған жылдар бойы салтанат құрды, ғылым мен өнердің озық үлгілерін жасады, рухы биік, аруағы үстем, күш-қуаты артық болды, бүкіл жер, ғалам-ғарышқа қазақи атаулар қойды. Олардың даналығы мен данышпандығы елден ерек болды. Қазақ халқы барлық жақсы істерде бүкіл әлем елдеріне үлгі бола білді. Бүкіл адамзат баласына деген адалдығы мен әділдігі әлемді тәнті етіп, баршаны сөзіне, ісіне, адами қасиетіне табындырды. Қазір оны кім білер, кім сенер, біз сондай



да сондай едік, деп! Дегенмен, ұлы Аталарымыз «Ат айналып қазығына, Ер айналып елін табар» деген мақалды бекер қалдырмаған болар. Осы жазылған жайды ой елегінен өткізіп, санамызды тірілте алсақ, әлі де кеш емес. Аллатағала сүйген құлдарына ешқашан жамандық жібермеген. Қазақ «Тегін білмеген тексіз, жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөз бар. Тегіміздің кім екенін және олардың бүкіл әлемге үлгі болған ерлік істрін біліп, оны келешек ұрпаққа жалғаудың қамын ойлап жазған Қожырбай Мұхамбеткәрімнің (Маңғыстау) жазғанын, көтеріп отырған мәселеме дәлел ретінде пайдаланып және оны келешек ұрпаққа жалғаудың қимын ойлап, келешегіміз оқысын, білсін, жалғастырсын деген мақсатпен жазып отырмын.

* * *

Кейінгі ұрпақ өзінің өткен тарихын терең білген сайын, олардың отанына, халқына деген сүйіспеншілігі арта түседі, Қазақ елінің мәртебесі биіктей береді. Қазақ елінің тағы бір тарихи ерлігін әлем мойындаған жаза кетейін. Біздің жастарымыз да, орыстар да білсін, оларға (орыстарға) қиын-қыстау кезінде кім қол ұшын бергенін, кім орыс елін сақтап қалғанын. Орыс тілінде, қазақшаға аудармай жазып отырмын.

В 1995 году Франция отметила у себя 180-летие битвы под Ватерлоо. На это торжественное мероприятие съехались многие страны. Среди приглашенных стран была и Республика Казахстан. Казахская Государственная делегация повезла с собой по Францию на это торжественное мероприятие 30 лошадей, 6 пушек, 8 юрт... По прибытию в Париж, казахские юрты французы установили в самом центре

театрализованного представления военного сражении Один из Французских Генералов спросив разрешения у казахской делегаций взял одну юрту для установлении под генеральный штаб французской армий. Во время торжественного мероприятия один из членов казахском делегации через переводчика задал вопрос, слушайте зачем вы нас пригласили? И какое отношение имеют казахи к битве под Ватерлоо и Отечественной войне 1812 года? Французский генерал ответил ему. Вы казахи не знаете о подвиге своих предков в 1812 году. Именно они помешали дальнейшему продвижению армии Наполеона в глубь России. В архивах Франции имеются все сведения о начале похода Наполеона в Россию: сколько человек участвовало в этой битве, сколько погибло, сколько попало в плен, сколько пропало без вести, вплот до того сколько вина было выпито и сколько фуража зерна было съедено лошадьми. Всё это хранится у нас как прошедшая история Франции. Когда Наполеон под Бородино сильно потрепал русскую армию Кутузова. Кутузов был не в состоянии оборонять Москву и с остатками ослабевшей армий отступил. 14 сентября 1812 году Наполеон занял Москву и пробыл там 34 дня. Позднее, на неожидавших нападения от русских французов, напала неизвестная конница и заставила французов лихорадочно отступать... Это стало началом разгрома армии Наполеона! От которого его армия так и не оправилась. Когда Французы стали выяснять кто на них напал, выяснились следующие факты. Русский царь Александр I обратился за помощью к Казахскому хану, послав ему гонцов. Казахи не отказали братской Царской России и решили ей помочь. Старший жуз выделил 50 тыс. всадников. Средний жуз



выделил 12 тыс. всадников. Младший жуз выделил 30 тыс. всадников. 92 тысячная конница двинулась в далекий поход на помощь, чтобы изгнать французов из Москвы. Их путь лежал через земли Башкирского народа, по пути к казахам присоединились и Башкиры.

Численность Казахско-Башкирской Конницы перевалила 100-тыс. Перед такой силой французы не смогли устоять и начали отступление... Казахско-Башкирское конница проследовала французов до самого г. Смоленска.

Полководец Кутузов смог войти в Москву после её освобождения от французов Казахско-Башкирскими войсками. Царский режим не мог смириться с тем, что дикая конная Орда, одолела армию непобедимого Наполеона! Из всех источников и архивов удалили эти сведения, сделав героями доблестную, русскую амию во главе с Кутузовым! Это правда дошла до Казахского народа через два века благодаря французам, они открыли нам свои архивы выложив эти исторические факты на всеобщее обозрение!

* * *

Ғалымдар 5 мың жыл ішінде жер бетінде 14 мың ірі ооғыс болып онда 4 млрд. Адам опат болғанын есептеп шығарған.

...Жасанды, ұйымдастырылған аштықтың нәтижесінде - Голощекиндік зұламаттан Қазақстанда 2 млн. 300 мың қазақ өлді. Аштықтан және зұламаттан аман қалу үшін 900 мың Қазақ (18%) шет аймаққа - Ресейге, Орта Азияға, Қытай, Монголия,Ауғанстанға және Иранға қаша көшті.

Бұл жерде айта кететін мәселе Қазақтың малын қасақана қырса, қазақ аштан қырылатынан тек қана

Голощекин емес, оның **көкелері де** жақсы білді. Білсе де білмегенсіп отыра берді. Тіпті Голощекиннің айтуымен бас көтерер қазақ зиялыларының басын қағып отырды. Негізгі саясат қазақтың негізі аштықтан-аурудан қырылса, не жер ауып кетсе - кетсе кете берсін, қазақ жері иессіз қалады, содан жерге ие орыстар болып қалады. Жерде байлықта өздерінікі. Оларға қазақ халқының керегі шамалы. Азынаулақ қазақ қалса орыстардың 1916 жылғы соғысында жер қаздырғанындай (окоп), адамға зияны бар жерге жұмысқа салу (мысалға ураны бар жерге, тағыда басқа).

Иә, сендер кереметсіңдер деп, балаша алдайды. Халықтар достығы деп арқадан қағып қояды. Орден-медальдарын кеудеңе іліп те береді. Батырсың деп отқа да - оққа да жұмсайды. Еліңе - жеріңе сынақ өткізеді. Қырылсақ, біз қырылдық. Адамды құрдымға кетіретін небір жойқын қарулар біздің жерде сыналды, біздің халқымыз қырғынға ұшырады. Жеріміз - суымыз іске алықсыз болып қалды. Біздің халқымыздың тағдыры. Біздің халқымыздың бастан кешкен қасіреті.

...1916 жылдың ортасында ұлт - азаттық көтеріліс басталғанда, жалпы қазақтар саны 5 млн 650 мың адамға жеткен болатын. 1916-1945 жылдар ішінде басқа халықтар, социалистік қайта құрудың барлық қиыншылықтарына қарамастан 25-30% өссе, ал қазақтардың саны 3 млн 150 мың адамға немесе 45% кеміді. Қазақстандағы 1916 жылғы халық саны, тек 1976 жылы ғана қалпына келтірілді. (Шетелде оқытып бізге басшы қойып жатқан, байлар мен манаптардың балалары, мәңгүрттер осыны білеме, солар отанын - халқын сүйеме? Халықтың қазынасынан оқып, шетелде



қалып жатқандарына недерсің. Қазақтар надан халық деп өз ұлтын әшкерлеп, болашағым осы елде деп, жылтыраған өмірге мәз болып, шет елде қалып жатқандарын қайтерсің. Оқып келгендері, басшы болып алып, өз халқын тонап, жерін-суын сатып, халық қазынасын жымқырып шет елге қашып жатқанына не айтарсыз? Иә, халқымның тағдырын ойыншық қылуда. Отанын сатқандарға әлі тосқауыл болмай отыр.)

... (1949 - 1989) қырық жыл бойы Қазақ даласында, бейбіт халықтың ортасында сынақ үшін жарылған 500 - ге тарта атом бомбасы да емес немесе империиялық - орталық саясаттың туын көтерген шовинистердің жиырмасыншы - отызыншы жылдары 4 миллион қазақты қырып салған геноциді де емес ХХ - ғасырдың ең **үлкен қылмысы - тоталитарлық өктемдікпен екі жүзден астам ұлттың мыйдай араластырып жіберілуінде** еді. (Орыс өз тілін сақтаған мен, өз ұлтын жоғалтып алды, ол одақ құлаған уақытта әшкереленді, қазір жазатын басқа ойым бар, бұл мәселені дәлелдеп берем).

Нәтижесінде жүзге тарта ұлттар мен ұлыстар жойылып кетті. Осынау жойқын да жойдасыз қасіреттің орнына мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан төлтума мәдениетін әбден таптап, химералық күйге жеткен 300 миллион тобыр қалды, басқа ұлт пен некелескен 60 млн дүбара қалды, 60 мың тірі жетім балалар қалды.

Тек бұл жерде тоталитарлық система мұндай процесті бір ғана орыс ұлтының пайдасына шөшіп, мәдени-рухани ассимиляцияны мемлекеттің саяси-идиологиялық негізіне айналдырғанын айта кету керек». «Қазақ». (Бұл жердеде жалпы өздерінің тілін, дінін, мәдениетін дамытамыз деп жүріп өз «орыс» деген

ұлтынан отан сүйгіштігнен айрылып қалды. Ресей деген мемлекетің жаңағы дүбараның қайда жүргенін білмейді, мүмкін көбісі өздерін қан қақсатақан фашистердің отанында жүрген шығар?).

Расында Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін, немістер өз отнына кете бастады. Сол лекпен қарын тойған жерге, - деп орыстарыңда жаппай кетті. Біреуінің әйелі неміс, екіншісінің күйеуі неміс сонымен немістердің патриоты болып германиядан бірақ шықты. Бұл көзіміз көріп жүрген ақиқат. Бұл Кеңес үкіметінің «орыстандырудағы» берген жемісі. Әйтпесе еңбек етіп күн көруге кеңбайтақ ресейдің жері жетіп жатыр емеспе?

Тілімізге келетін мәселе, тек қана орысша сөйлеу керек болатын, одақ уақытысында. Көп ұлттың бір-бірімен сөйлесу үшін қазіргі ағылшын тілі сияқты тіл керек болды. Бұл орыстарға қолайлы болды, біріншіден олар көп, билік соларда, содан орыс тілі мемлекттік тіл деп кіргізіп жіберді. Біртіндеп басқа ұлттың тілдерін кемсіте бастады. Қайда барсаң орыс тілі, орыс тілісіз күн болмады. Тіпті біздің қазақтардың өзі, өз ана тіліне жиіркенішпен қарайтын болды. Надан қазақтарым билікте отырған, оқыған сол аурудан, сол індеттен әлі арылмай келеді. Бір нәрсені сұрау үшін орыс тілі керек болды. Қызметке кіру үшін орыс тілі керек. Тіпті жүз қазақтың ішінде бір орыс отырса орысша сөйлеу керек. Әйпесе ұлтшылсың. Мекеменің, биліктің бәрі орыстарда. Ауданның бірінші хатшысы қазақ болса, екіншісі орыс, атқару комитетінің төрағасы орыс немесе керісінше орыс бірінші болса, қазақ екінші. Бұл жерде қазақтарың бірінші болсын, екінші болсын орысына жалтақтап отыратын аға баласы не айтар екен,- деп. Іс -



қағаздары, отырыстар - бәрі орыс тілінде. Қазақтар орысша дұрыстап айта алмаса, бәрі орысы - қазағы әжуалап күлетін «надан» - деп. Міне күн көріс үшін, өмір сүру үшін тек орысша сөйлеу қалды. Біз енді орысшаға орыстардың өзін оқыта бастадық. Басқа ұлт орыс болам десең, әуелі қазақ бол дегенді естідік, тіпті мақтан тұттық. Енді егемендік алғаннан бері біраз жыл болды, біз қазақтар қазақ тілін үйренгіміз келмейді, сөйте отырып биліктің әр пұшпағында отырмыз. Жаңағы қазағымыз шатып - пұтып екі ауыз сөз қазақша айтса мәз боламыз. Неге? Біз ауылда қазақ сыныбында оқып жүріп, жұмасына төрт сағат орыс тілін оқып, он жылдық мектепті бітіргенде жап - жақсы орысша біліп шықтық. Әрі қарай техникумда, институтта орысша оқыдық, себебі барлық оқу орны орысша оқытатын. Тек бірен-саран оқу орындары қазақ ұстаздарын дайындайтын. Біртіндеп қазақ мектептері жабыла бастаған, себебі әрі қарай қазақша оқу қиынға түсетін. Кеңес үкіметі құлар алдында, бір Қарағанды қаласында қазақша оқытатын бір - ақ мектеп интернат қалған, оның өзі ауылдан келген малшылардың баласын оқытатын, ал қалған 60 - 70 мектеп орысша оқытатын. Сол орысша бітіргендер билік басында, өздері қазақша үйренгісі келмейді, балаларын да, немерелерін де үйретпейді. Әлі орыстарға жалтақтауда бүгін - ертең қайта келіп қалама, - деп, әзірге қазақтардағы биліктен айрылғысы келмейді, сөйтіп былжырап бір - екі ауыз сөзді жазып берген халық алдында ежелеп оқып береді. Сөйтіп «надан» қазақтарды қазақтандырудың өзі қиынға соғып отыр. Әйтпесе күніне бір сағат қазақша оқыса, жиырма бес жылда есің дұрыс адам болсаң қазақшаның майын тамызасың ғой. Ауылымызда бұрын немістер болатын,

солар ешкім зорламаса да орысшадан бұрын қазақшаның майын тамызатын. Керек болса ата бабамызды тарқатып беретін. Балық басынан шіриді,- деп билікке барлығы емес, арасында кіріп кеткен «надан» қазақтардан арылмай қазақша сөйлей алмаспыз. Қазақша сөйлемесек тілімізден, елдігімізден айрылу. Бұл ұлтшылдық емес, ұлтжандылық. Екі ұғымды айыра білу керек. Өзге бір ұлтты кемсіту ұлтшылдық, ал өз ұлтын сүю- ұлтжандылық.

* * *

...Бір қарағанда, Қазақстан өсіп - өркендеуге қол жеткізгенде сияқты. Алайда, ол өрлеудің қазақ ұлтына қатысы қандай болды дегенде, қараптан - қарап тосылғаннан басқа шараң қалмайды екен. «Ұлы коллективтендіру мен қарышты бес жылдықтар» кездерінде халқымыздың жартысына жуығы қырылғаны - орны толмас қасірет болып бір теңселтсе, Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Тұрар, Халел, Жүсіпбек, Мұхамеджан, Санжар, Нәзір, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Ораз және тағы басқалар сынды елім деп еңіреген қайраткерлерімізден, бетке шығар қаймақтарымыздан сыпырыла айырылғанымыз - маңдайлы ұлтымыздың күре тамырына шабылған сойқан соққы болып және есеңгіретті. (Менің айтайын дегенім, бұл жөрде ұлтымыздың зиялы, көзі ашық, оқыған - білімді азаматтарының көзін жою, «қазақтар» бассыз қожырап қалсын, деген «орыстар»дың басты саясаты еді.Тіпті «орыстардың» еңбектерінің жемісті болғаны соншалық, қазақ зиялыларының өзін бір - біріне айдап салып, бір - біріне жала жапқызып көзін жойды. Ащы шындықты мойындау керек, бір жаны үшін орыс



әйелдеріне үйленіп жаны қалды. Орыстардың белділерінен пана іздеді. Солардың сойылын соқты. Көзі тірілері егемендік алған кезде басқаша сөйлейді. Заман солай болды деп қояды. Сол уақытта орыстардың сойылын соқ деп кім зорлады. Тыныш өмір сүруге болмас па еді. Соларды мадақтап, Ленин орденін алмаяқ қоюға болатын еді ғой. Әр заманның сатқындары болған. Қоғамға қауіптісі солар. Ертеңгі күнге сенімсіздік артады. Ежелден сатқындардың басы жойылып отырған. Қоғамға опасыздық әкеледі. Әрқайсымыз тарих сахнасынан білеміз).

Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным - Алаш!!!» кітабында төмендегідей дерек жазылған.

Қазақ ұлты үш рет зауалға ұшырады. 1931-1932 жылғы аштықтан, 1937-1938 жылғы жазалау науқаны, Ұлы отан соғысынындағы қантөгістен соң 1913 жылы 6 миллионға жеткен қазақ ұлтының саны 1948 жылы 1 миллион 400 мыңға дейін құлдырады. Қырып жоюдың мұндай қасіретін басынан кешкен ұлт әлемде некен-саяқ қана. Адамның сүйегі ғана қалған иесіз даланы ың-шыңсыз игерудің бұдан асқан аярлық жолының болуы мүмкін емес. Аштан қырылған қазақтың тәні мен сүйегі құнарланған топыраққа өсіп - өнген астық мұқым кеңес өкіметін асырады.

1937-1938 жылы Қазақстанда 118000 адам сотталып, 25000 адам атылған. Атылғандардың барлығы дерлік жалған айып, зорлап қылмысты мойындату арқылы жүзеге асырылған.

Чадаевтың: «Қайран, Ресей! Адамды бақытты қылу қолыңнан келмегені айып емес, тым құрыса дұрыстап өлтіруді де үйренбендігің - ау!» - деген сөзі осындайдан барып айтылса керек.

...Өзегі үзілген халық мұны көріп-білмей отырғандай-ақ, асқан аярлықпен өздерінің күнәсін «ұлтшыл - буржуазияшыл контрреволюционерлерге» «Алаштың» ардагерлеріне жапты. Бес жыл бойы дәлелденбеген «қылмыстарын» ұрып-соғудың нәтижесінде мойындаттырып, ұялмастан: Қылмыстарын мойнына алды! Аттық! Астық! Жер аудардық! Кеңес өкіметінің саясатына қарсы шығып, елді ашаршылыққа ұшыратқан солар! Енді көздерің ашылатын болды!» -деп өздері қырып салған халықтан сүйінші сұрады!

Абайдың бір шумақ өлеңін пайдалануды жөн көрдім.

Шіркін, данышпан Абайдың:

Жамантайдың баласы Көжек деген,
Екі үйдің арасына безектеген.
Досын келіп досына жамандайды,
Шіркінде ес болсайшы сезед деген!,-

сөзін әлгі кеңестің кеңкелес мәңгүрттері түсінбеді.

Жоғарыда азын-аулақ тоқталдым. Зиялы Қазақтарды қырып тастаса, қараңғы қазаққа кім ие болмақ, әрине орыстар. Міне сол саясат бас көтерер Қазақтың бәрін қырып салды. Жасыратын несі бар, тек сендердің сойылдарыңды соғам, - деген бірен - саран Қазақ интелегенциясы қалды. Әрине олар орыс көкелерінің айтқанымен - айдауымен жүрді. Бізге :

- Үйімізде төрімізде тұрған кім, Бұл, Ленин бабамыз, Бұл, Ленин данамыз, - деп өлең шығарып берді. Отанымыздың жүрегі Москва, - деп білдік. Шен - Шекпенді Москва береді. Москваның айтқанын орындайсың, орындамасаң басың кетеді. Бір орыс тиіссе, екінші орысқа барып жалынатын болды, аман алып қал,- деп. Адам нәпсісінің құлы деген, өз



халқымыздың арасында да кейбір зымияндар болған шығар, шен - шекпен үшін бірін - бірі көрсетіп, бірін - бірі ұстап беріп жататын, асқызып - атқызып жататын. Ежелден, сонау Шыңғысханнан бастап сатқындарды да ешкім жақсы көрмеген. Кеңес үкіметі уақытысында да сол сатқындар да кейінен асылып, атылып жатты.

Міне, «Ұлы» халықтың «Ұлы» саясатының арқасында жасампаз кеңес азаматы болып шыға келдік. Құдай жоқ, маймылдан жаратылғанбыз, сыйынатынымыз коммунистік партия, отанымыз КСРО, астанамыз Москва, ағамыз Ұлы орыс халқы. Ағаның айтқан жолымен жүресің, жүрмесең жоныңнан таспа тіледі, тәубәңа келгенше.

* * *

## *Шетел ғалымдарының қазақ империясы туралы айтқандары*

И.В.Сталин: Қазақ өздерінің кім екенін білсе, масаттанғандықтан өліп кетуі мүмкін.

Оған Қазақтардың миллиондап қырылып жатқанын айтқан кезде Шыңқұз ханның (Шыңғыс хан) ұрпақтарынан тек қана осылай құтылу керек деген екен.

* * *

Ресей саясаткері, тарихшы - журналист Максим Шевченко: Шыңқұз ханның мұрасын ең жақсы білетін қазақтар. Егер қазақтар Шыңқұз ханның жолын ұстаса, Евразия кеңістігінде лидер болып, Евразия халықтары да, соның ішінде орыстар да қазақ халқына қосылады.

...Қазақтар - түркілердің атасы. Біздің болашағымыз түркілерге байланысты.

...Қазақстан ССРО - ның бөлшегі емес. Қазақстан ежелгі түркі жұртының бірден - бір мұрагері болып табылады.

...Орыс халқының бостандығы түркі жұртының (қазақтың) өркендеуіне байланысты. Себебі, түркілер орыстарға қарағанда еркін халық. Бізге бұл өзімізді тануға көмектеседі.

* * *

9 тамыз 1944 жылы БКП (Б) (Бүкілодақтық Коммунистік партия) Орталық комитетінің қаулысымен Одақ халқына Түркі тарихын оқуға тыйым салынды. Зерттеушілер қуғынға ұшырады. Қолдан Монгол деген ұлт атауы жасалып ел құрып, Оларды Түркілерден бөліп Тұтастай Шыңқұз қаған Қағанатын соларға теліді. Түркілердің өзін монгол қол астында болғанғып көрсетті. Скифтерді иран - парсыға телінді, ал Түркы Қағанаттары жайлы үн шығармауды бұйырды.

* * *

Данилевский И.Н. Ресей тарих ғылымдарының докторы: Монгол - татар қолдан жасалған термин. XIX ғасырда ойлап табылған. Монғол - татар деп жүргендері қазақтар (түріктер).

* * *

Латыштың (Латвия) филолог ғалымы Галина Шуке өзінің «Латыштар түркі болған ба?» ғылыми зерттеу кітабында «Латыш пен орыстар түркіден шыққан», яғни бұл елдің тілдері көне түркі (Қазақ М.Қ.) тілінен бастау алғанын дәлелдеген.



...Латыш халқының түп тегі түркіден тараған. Орыстың қазіргі қолданыстағы сөздері латыш тілінен, ал латыш тілі түркі тілінен қалыптасқан. («Были ли латыши тюрками?» 2010 жыл).

* * *

07.10.2014 жылы Белорус президенті Александр Лукашенко «Euronews» - ке берген сұхбатында Ресейдің Қырымды қосып алуын логикаға сүйеніп бағалар болсақ: «Көбінің айтуынша, Қырым Украинаға дұрыс берілмеген, ол бұрын орыс жері болатын. Бұл жағдайды дұрыс бағалау емес... Келіңіз онда Батый хан заманына оралайық. ... Қазақстанға... Ресейдің барлық жерін қайтару керек», - деп мәлімдеді.

* * *

Украиналық ғалым Татьяна Крупа: Қазақтар біздің атамыз. Киевті салған солар. Харьков - қазақтың «Қар көп» деген сөзінен шыққан.

* * *

Син (қытай) жазушысы, саясаткер Лу Юнь: Жұңғолықтарға мемлект құрып берген қазақтар.

* * *

Ресей мәдениет министірі Владимир Мединский. Ресей тарихында орыстың қазақтан қорықпаған кезі болған емес.

* * *

Ресей Ғылым академиясы, тарих ғылымдарының докторы Дмитрий Петров: Орысқа Ресей мемлекттігін құрып берген қазақтар.

* * *

Российский политолог, журналист, Максим Шевченко: Если кому суждено спасти русских, то это казахи

Орыстарды құтқарушы болса ол жалғыз қазақтар

* * *

Ресей тарихшысы В.Белинский «Москва Ордынская». Ордалықтар қазақтар, Шыңқұз қаған қазақ бүкіл европа оны жақсы біледі. «Әлемді жаулаған әйгілі қолбасшы Шыңқұз хан ол заманда монғол болмаған, шын мәнінде, Шыңқұз хан - Түрік - қазақ. Шыңқұз хан жорыққа шыққанда түрік тайпалары оны бірден мойындады.. Сондықтан ол Қазақстан жеріндегі көшпенділермен соғысқан жоқ. Жақын арада Шыңғыс ханның қазақтан шыққаны ресми түрде мойындалатын болады.

...Орыс тарихшылары өздері бірнеше ғасыр қазақтарға тәуелді болып, салық төлегендерін жасыру үшін қазақтың шынайы тарихын ашықтан - ашық бұрмалаған. Алтын Орданы құрған Шыңқұз ханның тегі қазақ.

- Барлық ұлттардың тегі барып қазаққа тіреледі.» (В.Белинский, тарихшы «Москва Ордынская»), Ресейдегі санаулы әлем мойындаған тарихшылардың бірі.

* * *

Шыңқұз қаған керей елінің тағына отырғасын, түркілердің басын бір жерге қосып алып империя жасады.

Өз аты Теміршың, сол заманда жан саны екі миллионға тайған Керей Елінің күшімен Тұркылердің басын қосып ҚАҒАНАТ ҚҰРДЫ. Қағандық Атағын,



ШЫҢҚҰЗ ҚАЛҒАН атады. Алып ТҰРК ҚАҒАНАТЫН (империя) құрды.

Жоғарыда жазылған тарихи деректерден, әлем мойындаған ежелгі Түркі халқының жалғастырушысы тек Қазақ халқы екенін, әлем мойындап отыр. Ал, біз халық сол тарихи дәлелденген шынайы шындыққа әлі мойын ұсынғымыз келмейді. - Е, солай екен,- деп салғырт қараймыз. Әлі де «ағамыз» не дейді деп сол жағымызға жалтақтаймыз. Қара халықтың жан айқайына құлақ аспаймыз. Тек, от басындағы күңкілмен қалады. Ал, биліктегілер «ұлы» халықтан айрылсақ өлеміз дейтіндей. Солардың тілімен сөйлеп, солардың салт - дәстүрін сақтап, солардың сойылын соғуда. Тіпті ата заңды да солардың ыңғайына келтіріп, нықтап қойған. Орыстарың тіпті мақтанады, қазақтар орысша бізден жақсы сөйлейді, біздің тілімізді, салт дәстүрімізді дамытуда, басқалар үлгі алыңдар деп, біздің дүмшелерді, қолтығына су бүркіп мақтап қояды. Осы бір азғындықтан, түркі тілдес халықтардың одағына кіріп, бауырлас халықтар демеу көрсетпесе, біз оңайшылықпен құтыла қоймаспыз.

* * *

Жерлесіміз Жұмағұл Шөженов «Ақжолтайдың ақ жолы» кітабында біздің қазақ елінің тағдыры көтерілген, соның ішінде Ақжолтай Ағыбай батырдың замандастары, сол заманның қоғам қайраткелері, әрі халқымыздың аяулы тұлғалары туралы біраз мәліметтер жазылған екен. Солардың бірі, қазіргі жазып отырған жолдарыма байланысты менің тоқталайын дегенім жерлесіміз Әлімхан Әбеуұлы Ермеков (1891-1970) - Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Қызыларай тауының бөктерінде туған.

Қаракесектің: «Қара - Шормыз, Құдайдан кейін зормыз!» - дейтін текті атасынан. Кезінде әкесі Барақ сұлтан қайтыс болғаннан кейін, қуғын - сүргінге ұшырап, Қаракесек елінен көмек сұрап жене пана тауып, «бала төре» болып келген Бөкейдің ұрпақтары, естерін жинап, қандай жағдайда келгенін, елдің оларға жасаған жақсылығын ұмытып, асып - тасып, төрге шығып алып, төске өрлегенде, оларды орнына қойған осы Ермековтар әулеті. Атап айтқанда, Әлімханның әкесі Әбеу 1881, 1884, 1887, 1905, 1908 жылдары, яғни 20 жыл бойы Темірші болысын басқарған.

Әлімхан «Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысының жетекшілерінің бірі және басшыларының ең жасы, өзі ғалым - математик, әрі ұстаз. Томск технология институтын бітірген. 1919 - 1920 жылдары Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің мүшесі, әрі коллегия төрағасы болған. Сол жылдары Ресей Федерациясы күшпен қосып алған Қазақстанның солтүстігіндегі, батыс пен шығысындағы ең шұрайлы, әрі қомақты жерлерді қазақтарға қайтару жұмыстары барысында, Москваға қазақ делегациясын басқарып барады. Сол кездегі Қызыл империяның басшысы В.И. Лениннің өзін терең білімділігімен және жан - жақты дайындығымен тәнті етіп, мойындатқан. В.И.Лениннің өзі басқарған бұл келіссөздер бірнеше айларға созылып, қызу талас-тартысқа айналады. Ресей басшыларының қарсылығына қарамай, Қазіргі Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарының жерлері, сол



Әлімханның өжеттілігінің арқасында, В.И.Лениннің шешімімен қазақтарға қайта қайтарылады. Осындай келіссөздер арқылы, бейбіт жолмен бұрын да, одан кейінде, қазақ басшыларының ешқайысы қазақ жерлерін басқа елден қайтара алмаған. (Менің қосарым, кейінде халқының атамекенін Ресейге беріп жіберуге қарсы болған және сақтап қалған жалғыз адам - Жұмабек Ташенов). Тіпті, одан сорақысы Қазақстанның құрамындағы Автономиялық Республика болған Қарақалпақстанды және Оңтүстік облыстың бірнеше аудандары мен қалаларын Кеңестер Одағының кезінде Өзбекстанның қанжығасына байлап жіберіп, сол қазақтың қаны тамған жерлер, ешқандай да сұраусыз Өзбекстанда қалып қойды.

Кейінгі ұрпақтың Әлімханның тағдырын білген артық болмас. Әлімхан 1935 жылы қазақ зиялыларының қатарынан тұңғыш рет математика саласынан профессор атағына ие болып, сол жылы қазақ тілінде «Ұлы математика курсы» деген кітабын және «Қазақ тілінің математика терминдері» атты түсіндірме сөздігін шығарған. 1930 жылдан бастап қуғын - сүргінге түсіп, түрмеге қамалып - ақталып біраз жыл сергелдеңге түседі. 1939 жылы 10 жылға сотталып, ГУЛАГ - тың алыстағы лагерьлерінің біріне айдалады. 1947 жылы тұтқыннан босап, ұстаздық кәсібін жалғастырмақ болғанда қайтадан жала жабылып, түрмеге түседі. Осыдан тек 1957 жылы ғана толығымен ақталады. Сол жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Қарағанды тау - кен институтында (Қазіргі ҚарМТУ) адал ұстаздық етті. Әлімханның ғылыми-зерттеу еңбектерінің негізгі бағыттары - ықтималдық теориясы, математикалық статистика, теориялық механика, математикалық терминология мәселері.

Ертеректе, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожанов сияқты қайраткерлер Голощекин қуғындауына ұшырап елден безіп кетті, сыртта жүріп белгісіз жайда қайтыс болды. Кейін біз көрген тұста осындай қуғынға түскен үлкен азаматтың бірі Жұмабек Ташенов еді. 1940 - 1950 жылдарда республиканың басшы қайраткері санатында жүрген (облыстық партия Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы) ол 1960 жылдардың басында Н.С.Хрущевтің озбырлық саясатына ашық қарсы шығып, қызметінен босап қалды. Намысы бар адамға оған қарсы шықпау мүмкін емес еді. Қазақстанды бөлшектеуге бел шешіп кіріскен Н.С. Хрущев тың және тыңайған жерлерді көтеру кезінде құрылған тың өлкесін (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар облыстарын біріктірген) Ресейге қосу, Шымкент облысын Өзбекстанға беру (мақта өндіруді бір жерге жинақтау деген сылтаумен), Маңғыстауды Түрікменстанға өткізу сияқты адам ойына кірмейтін идеяларды көтерді. Алдымен осы сылтаумен ол тың өлкесі мәселесін қойды. Оған ашық қарсылық айтқан бірден - бір азамат Тәшенов еді. Ол ойы іске аспаған Хрущев Өзбекстанға бүкіл облысты бере алмай, мақта егетін үш (Мақтаарал, Киров, Жетісай) ауданды беруді ұйымдастырды десе академик Серік Қирабаев.

Ол кезде хатшыға қарсы тұру, қарғыс атқанмен бірдей. **Жұмекеңнің қайыспай шешкен шешімі - халық мүддесін көздегендік, қазақ жерінің тұтастығына тұтқа болу.**

Тың өлке билеушілері Т.Соколов, В.Машкевич тікелей Мәскеуге, не РСФСР - ға бағынуды арман етіп, СОКП Орталық Комитетіне бірнеше рет мәселе қойды.



Ал Н. Хрущев те Тың өлкесін Ресейге бағындырудың амалын іздеп, саяси бюроға қайта - қайта ұсыныс жасады. **Республика басшылары бәрі дерлік Тың өлкесін РСФСР - ға беруге қарсы болмады.** Тек, баяғы заманда Бөгенбай, Қабанбай, Кенесары, Наурызбай батыр бабаларымыз қан төгіп, сыртқы жаулармен соғысып, аман сақтап қалған қазақ халқының атамекенін Ресейге беріп жіберуге қарсы болған жалғыз адам - Жұмабек Ташенов. Қазақ халқының ерте заманнан бері қоныстанған тамаша шұрайлы жерін оның бір қатерден сақтап қалғанының куәсі болғанбыз» - деп жазады атақты партизан, мемлекет қайраткері, ғалым, белгілі жазушы Ә. Шәріпов.

*(«Шынжырда әткен жолбарыс»*
*Кәрішал АСАН АТА 147б, 158б.)*

* * *

Менің айтайын деген ойым жоғарыда аталған Ұлы екі тұлғаның арқасында, қазақ жері тұтастығын сақтап қалды. Сол, халқының жері үшін басын дауға қойды. Қуғын - сүргінге ұшырады. Азап отында болды. Ел тағдыры үшін өмірін оққа тікті. Біздің игілігіміздегі ұшан - теңіз жеріміз кімнің арқасында сақталып қалғанын білгіміз келмейді. Екі арыстың атын атауға да ерінеміз. Жас ұрпақтың санасына құймаймыз. Орыс шовонистерінің, біздің берген сыйлығымыз дегенге, рас па? - деп көзіміз бақырайып қарап отырамыз. Тіпті сорақысы, қара басының қамы, құлқыны үшін, жұлмалап, жер мен байлықты биліктегілер шет елге сатуда. Жерді сату деген - отанын сату. Сол сатқындар, кезегі келгенде жауабын берер халық алдында. Бірақ ол кез кеш болуы мүмкін.

* * *

Адам баласының ой - өрісі артқан сайын өз басының жауын көбейте бере ме?, әлде ақыл - ойы шарықтау шегіне жеткенде өзінің басын жұтып біте ме? Совет Өкіметінің тағы бір сорақылығы, қазақ халқына деген қастандығынан тағы бір мысал: «Загадки истории» журналының 2013 жылдың № 24 санында Конвейер «Тихой смерти» - деген мақаладан мынандай бір үзінді келтірейін. ...В процессе научно - технического прогресса добро и зло всегда шагает рядом. Достаточно вспомнить открытие ядерной реакции, которое привело к созданию атомной бомбы. Химия, биология, психология тоже были задействованы в секретных разработках. И в СССР на протяжении всей его истории активно разрабатывали различные виды подобного оружия...

История химического оружия началась в годы Первой мировой войны после применения немцами газа **иприта.** Но подлинного расцвета эта отрасль достигло только в годы советской власти.

...Секретная база на острове Возрождения посреди Аральского моря (Барса келмес) ныне стоит в запустении. **Какие тайны** хранят эти заброшенные лабаратории? - деп жазылған.

Енді ойланып көріңіз, қазақ халқына деген тағы бір жауыздықтың сыры.

Иә, өлсе қазақ өлсін, біздің неміз кетеді, тәжірибені осы қазақтарға жасайық деп, алдарына қойған мақсаты. Сол қару оңтайлы шықса басқа халықты да қырып салмақ. Өлсе қазақ өледі, уланса қазақ жері - суы уланады. Ешкімнен сұрамай, ешкімге айтпай, өз ойларын жасырын іске асыра берген. Қазақтың



тағдырына бастарын қатырмайды. Бұдан асқан зұлымдық бола ма? Қазіргі билігіміз бұл сорақылық туралы жақ ашпайды. Әңгімеде көтергісі келмейді. Сонда қалай? Кейінгі тағдыры не болмақ? Қайта орыстардың кейбірі адам өміріне бей - жәй қарамайтыны не болып жатыр деп бізден сұрап қояды. Ал, біз үндемейміз. Неге?

Осы орайда Арал теңізі туралы не айтамыз, не ойлаймыз? Аралдың тағдыры бүкіл қазақ халқының тағдыры. Аралды да сорлатқан Кеңес үкіметі. Аралмен қоса, Арал маңындағы тіршілікті де сорлатты. Жергілікті тұрғындарды аздырып жіберді. Жазылмас дертке шалдықты, ата - мекендерін тастап кетуге мәжбүр етті. Тозақ аралына айналдырып жіберді. Қан қақсаған ел-жұрт сол дерттен әлі бас көтерер емес.

* * *

...Ал Құл - Тегін әмір сүрген кезді ғалымдар сегізінші ғасырға жатқызып жүр. Бесінші ғасыр шамасында құрылған Түрік қағанатының жұрнағы сегізінші ғасырда мұхиттың тасып - тасып қайтқан шағы да. Құл - тегін сол кездің көсемі де.

Төбешіктің үсті қираған тастар қиқымы. Кәдімгі көк тас. Көк жусан, боз жусан, көк тас. Боз жусан басы ызыңдайды. «Кімсіңдер? Не керек сендерге? Тағы да тас атуға келдіңдер ме? Айдалада, тек аспанға, Тәңірге ғана бой созып тұрған тас не жазды сендерге? Атсаңдар арқарларың ана тауда. Тас атып еріккенде не шығады? Не мұраттқа жетесіңдер? Мұнда бұдан он екі ғасыр бұрын өмір сүрген батыр жатыр. Ол сендер сияқты арқар атып, қала берді тас атып еріккен емес. Елім деп еңіреген ер еді. Еділден бері Алтай асып

созылған ұлы түрік елінің елдігін ойлап еңіреген ер еді. Түрік елі жан - жақтан түрткі көріп, ішінен де іріткі шығып, теңіздей телегей Ұлы Отан ыдырай бастаған кезде осы құл-Тегін елінің өткенін айтып, кейінгілерге өсиет қалдырып еді. Ыдырамас үшін, бүлінбес, бөлінбес үшін ерлер қалай болу керек айтып еді. Бөлінгенді бөрі жейді, бөлінбеңдер, деп еді. Құл - Тегіннің ақ байрағында көк бөрінің басының алтын суреті болатын. Бөрлі байрақ оған сонау көк түріктің түбі **Тұман** ханнан, оның баласы **Моде** ханнан қалған. Не білесіңдер сендер? Шіріксіңдер. Тұрақты дүние кімде бар? Шіренген сендер де де бір кез жермен - жексен боласыңдар. Сонда бастарыңа біз сияқты боз жусан шығады. Боз жусан мына біз сияқты тілсіз күй тартып, тарих жырын шертіп тұрады әлі...

Құл - Тегін жасаған заманда Шыңғыс ханның әлі елесі де жоқ болатын. Кейін - кейін, көп жүз жыл кейін, осы сендер тұрған жерде Шыңғыс ханда тұрған. Қанша құдіретті хан болса да, ол да аттынан түсіп, төбе басына жаяу шыққан. Ал осыдан екі - үш жыл бұрын барон Унгерн бұл төбеге атынан түспей шықты. Ат үстінде шіреніп тұрып әскерлеріне бұйрық берді: «Атыңдар мына жабайылардың тас құдайын, - деді. Мас солдаттар жабылып жатып тасты атқылады. Содан бері біз шошынамыз. «Жабайылар» деді әлгі барон Унгерн. Құл - Тегіннің тасына түріктің сына жазуы жазылған кезде, сол Унгерндердің елі екі қолда қанша саусақ бар екенін әлі санай да білмейтін. Құл - Тегін діңгегі - ежелгі түріктердің тас кітабы.

Ежелгілер талай тас кітап қалдырған., бірсыпырасы анау Ене - Сайдың жертастарында әлі сақтаулы. Кім біледі, барон Унгерндер тағы шықса, ол



кітаптар да жойылар. Бірақ Унгерндердің моласы да белгісіз қаларын есерлер біле ме екен?!»

...Аспанда іртік бұлт қалықтап барады. Ақсұр бұлттардың арасынан қарауытып жалғыз қарақұс көрінеді.. Қарақұс ұзақ жасайды. Бірақ қанша ұзақ жасағанмен ол Құл - Тегіннің құрдасы емес. Құл - Тегіннен бері көп заман өтті. Ол сонда қаншашысы ата?

Мүмкін Рысқұловтың отызыншы, әлде қырқыншы атасы шығар. «Сен әлі тумай тұрғанда кімге ұқсас едің?». Түркі дүниесінің туларын тұтастырмақ болған Құл - Тегін бұдан он екі ғасыр бұрын өтіп кетіпті ғой.

- Бұл Тасты тез арада қамқорлыққа алмаса болмас. Тарих алдында қылмыскер атанамыз - деді Рысқұлов төрт қырлы ұзын тастың топырақ тұтқан жазуларын тырнағымен тазалап отырып...........

- Егер Европада мұндай баға жетпес тас кітап тұрмақ, сынық моншақ табылса да тәбәрік көріп, қанша шулар еді. Біз әлі самарқаумыз, - деп Рысқұлов өкініш айтты.

*(«Жұлдыз көпір», «Қыл көпір» Шерхан Мұртаза)*

Менің айтайын дегенім: Кеңес одағының бір мақсаты - тілімен, дінімен қоса қазақ халқын төл мәдениетінен, ата - дәстүрінен айыру болды. Мәдениетімізді ескіліктің салты деп, біртіндеп көзін жоя бастады. Мемлекет дегеніміз өзінің жері, ортақ тілі, мәдениеті, салт - дәстүрі бар халықты айтады ғой. Ендеше, мәдениетімізді жоюдың өзі мемлекетігімізден айырудың бір жолы еді. Өздері сол біздің мәдениетімізбен дамығанын жоққа шығарып, аяққа таптағысы келді, таптады да. Өздерін Ұлы халықпыз, бар мәдениет бізден тарайды, басқа халық жабайы-

надан халық, еш уақытта мәдениеті болмаған дегенге келтірді. Сондай саясат жүргізді. Орыстардың әлі де сол пікірді айтқысы келетіндері бар. Біздің халқымыз жер бетіндегі тіршілікті бағындыра бастаған кезде, өздерінің тырдай жалаңаш жүргенін мойындағысы келмейді.

* * *

До открытия Австралии жители **Старого Света** были убеждены, что все лебеди - **белые.** Их непоколебимая уверенность вполне подтверждались опытом.

Поскольку **Черные лебеди** непредсказуемы, нам следует приспособиться к их существованию (вместо того чтобы наивно пытаться их предсказать),по возможности идя им навстречу.

...Я не согласен последователями Маркса и Адама Смита: свободный рынок работает потому, что он позволяет человеку «словить» удачу на пути азартных проб и ошибок, а не получить её в награду при желании и за мастерство.

«Дилетанты пишут для себя, профессионалы - для других».

**Нассим Николас Талеб** (ливанец, **Черный лебедь** под знаком непредсказуемости).

Өмір болғаннан кейін ағы да - қарасы да болады. Өмір дегенің тіршіліктегі жер бетіндегі уақытың. Сол уақытыңды қалай өткізесің. Және ол өзіңе байланысты ма? Кейде тағдырың сенен сұрамайды. Өмір дегенің арпалыс. Жақсы, баянды өмір сүру үшін де күресуің керек. Бейбітшілікті сақтау үшін де күресуің керек. Күресудің өзінің әр жолы бар. Ақыл, саясат, дағдарыс,экономика, күш көрсету, білім және т.б. Кім



қай жолды таңдайды. Айта берсек, шексіз мысалдар, ойлар туындайды. Сондықтан өміріміздің өзі - біздің Тағдырымыз.

* * *

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр - жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай - керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады.

Әуелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістеніп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғысса керек еді.

(Абай. Қара сөздері. Жетінші сөз. Тұсын Сұлтановтың «Алтын орда» кітабының алғы сөзі).

Иә, менде көппен бірге, Ұлы Абайдың жазып кеткен ойына жауап іздеймін. Сондықтанда шамам келгенше, ой өрісім жеткенше жауап іздеп, ізденісте боламын. Өміріміздегі кездесетін құбылысты тура жазып отыр. Өзі де, өз сұрағына дұрыс жауап іздеген шығар? Біз де, өз - өзімізге сұрақ қоямыз, дұрыс шешімін іздейміз. Сол себептермен, бізге берген саналы өмірде, қалай бақытты өмір сүрудің амалын қарастырамыз. Еліміздің тағдырына бей - жәй қарамай, шешілмеген сұрақтарға жауап іздеу мақсатында, жазып отырған жолдарымызды келешек ұрпағымызға арнаймыз.

* * *

## *Я - казах, все тот же скиф, «стерегущий злато гриф»*

Я - казах, все тот же скиф, «серегущий злато гриф»,
Царь же скифский Таргытай - Предок мой, не ложный миф.
Был широким мой размах,
Я держал в своих клещах Страны Запада, Востока,
Потому что - я казах! Лидия, Рим, Китай, Иран, Вавилон платили дань,
Я посредством «длинной воли»
Сделал длинной свою длань.
Я - казах, все тот же хунн,
Жил в Прикаспии, как гунн,



Покорив затем Европу,
Я - герой германских рун.
Я - казах, небесный тюрк,
Волф, бури, каскыр и гург, «человолко-человек»,
Разрушитель-демиург.
Я - казах, то есть хазарин,
Кутургул, дулу,
Но, запутав нить историй,
На устах у всех - «татарин».
Я - казах, - огуз, кипчак,
Меч, копье - моя печать,
Среди злобы, мглы и стужи
Пламенеет мой очаг.
Я - казах, «татар-монгол»,
Конь - мой транспорт, ложе, стол,
В городах, дворцах, горах,
Я возвысил свой престол.
Я - казах, раб, гегемон,
Обладателем корон
В Мысыре, Индии, Багдаде
Занимал султанский трон.
Я казах, султан - мамлюк,
Я сломал монгольский лук,
Крестоносцев гнал с Востока без крестов, кольчуг и брюк!
Я - казах, Ногай, Мамай,
Тот же вождь я вольчих стай,
В визг, скуление превратил
Шумный гвалт, собачий лай.
Я - казах, все тот же сак,
Попадал и я впросак,
Стала Русь меня небрежно

Называть «киргиз-кайсак».
То тавро иль тот же знак,
Ставил на себя казак,
Сакский он, кайсацкий сын,
Пусть гордится: «Я - казах!»
Я не набожный монах,
Небо - Тенгри - мой Аллах,
Глядя ввысь на синеву,
Восклицаю: «Я - казах!»
Много я врагов знавал,
Битым был и правил бал,
Потому - то я - казах,
Вольным был, свободным стал.
Я от воли до свободы
Претерпел и смерть, и роды,
Но до истинной свободы
Мне нужны эпохи, годы.
Мне неведом мелкий страх,
Даже мой несчастный прах
С того света все ревет
Гордый клич мой «Я - Қазақ!»

*(Последняя песня Ахмета Байтурсынова, запись нашли в архиве Оренбурга).*

Менің айтайын дегенім: Осы өлең, исі қазақ халқының мәселесіне жауап беріп отыр емес пе? Әлем тарихшылары да, саясаткерлері де, Ұлы Ахаңның (Ахмет Байтұрсынов) айтқанын қайталап, дәлелдеп, бар Әлемге паш етіп отыр. Кеңес одағы: көзін шұқып, мойындатып, тарихи шындықты айтып отырған адамды қалай жақсы көрсін? Қайта жан - жағына дәнін сеппей тұрғанда, тезірек көзін жою керек болды. Сол себеппен



де қазақ зиялыларының көзі жойылды. Ұлы адамдарымыздың ұлы сөздері етек алып кетсе, қара халыққа ие бола алмайтынын білді. Басқа - басқа әуелі қазақ зиялыларының көзін жою, кезек күттірмейтін мәселе болды. Сол себепті алды - артына қаратпай қырып салды. Ақ - қарасына жету мақсат емес, қалайда кінәлі қылып, ұрып - соғып, мойындатып, жалған жала жауып, азаптап өлтіру болды. Қазақтардың басын алу науқанын жүргізді. Бас кесерлерді мадақтады, марапаттады. Міне, қазағымның тағдыры осылай шешіліп жатты.

* * *

## *Көк есектерге*

Не жазып ем,
Құдай - ау, мен қазаққа,
Мүбтала ғып салғандай бұл азапқа?!
Адамшылық есебіне кірісіп,
Қолы жетсін дегендік пе азатқа?
Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, -
Дедім, - сен де қатарыңнан қалыспа!»
Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?
Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді,
Тамақ үшін сатқан иттер иманын.
Көң тасыған көк есектер, бәріңе,
Қалдырмастан жағалай жас - кәріңе,
Үрім - бұтақ нәсіліңе қалғандай
Нық басылар кетпейтін мөр тәніңе.

Бәріңді де іздеп қарап көрермін,
Тапқанымды тастамаспын, терермін.
Миллат үшін еңбектері сіңген деп,
Өсиет қып, кейінгіге берермін.
Асықпаңдар!
Артымызда қазы бар,
Тергеп талай, сүйектерің қазылар.
Пайғамбарды сатып отыр тілла алған,
Яһудамен бірге аттарың жазылар.
Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны.

*(Ахмет Байтұрсынов)*

Қандай керемет жазылған өлең дөсеңізші. Ішкі жан айқайын жайып салып отыр. Ащы болса да, шындық. Кейбір надандар: қара басының қамына, уақытша мансап, атақ, құлқыны үшін - елін де, арын да сатады. Оқыған - тоқыған кейбір адамдардың да надандығы-сатқындығы болады. Сол заманда да болды, қазірде бар. Ең жаманы, іштен шыққан жау жаман деген. Біздің қазақтардың, қаншамасы күншілдікпен бақталастықтан бір - біріне жала жауып, бірін - бірі атқызып жіберді, Орыстардың сойылын соқты. Солардың қол шоқпары болды. Бір ұлтты, бір - біріне қарсы айдап салып, бір-бірінің түбіне жеткізуі, керемет аярлық қой. Қазір, заман солай болды деп ақталғандай болады. Уақыт өте келе, сатқындардың беті ашылып жатыр. Ұлы Ахаңның (Ахмет Байтұрсынов) айтып кеткені, енді өз бағасын алып, дәлелденіп жатыр. Әрине бір күндік, не бір



жылдық жұмыс емес. Әлі талай тарихи сорақылықтың беті ашылар. Уақыт өте келе, келер ұрпақ бағасын берер.

Қазіргі егемендік алдық деп жүргенімізде, заманымыз тіпті сорақыланып кетті. Ат төбеліндей билік: қарабасының қамы үшін, атақ - мансап, байлыққа бола: арын да, елін де, жерін де сатып жатыр. Басқа емес, қазақтарыңның өзі, қара халықтан ұрлаған қазынамен шет елге қашып жатыр. Бала кезімізде айтушы еді:

- Молланың істегенін істеме, айтқанын істе, - деп. Қазіргі билік барлық жақсылықты қара халыққа айтып үйіп - төгеді де, сол жақсылыққа бөлінетін қаржыны ұрлап шет ел асып кетеді. Жемтікке таласқан иттер, енді өз ара қара халықтың байлығына таласып, бірінің басын бірі жұтуда. Ел тағдыры оларға керек емес. Сорлы елімнің тағдыры жапа шеккен. Халқымыз қай уақытта ойланып, өз тағдырын өздері қай уақытта шешеді?

* * *

## *Тәртіп*

Мені үш жасымда нағашы әке - шешем бауырларына алған екен. Өздерінің балалары ересек, яғни менің нағашыларым, бірақ үйлену жасына келе қоймағам. Мен кіші қызының баласы болғанмен, сол кісілердің баласы болып өстім, қашан орта мектепті бітіріп, аттестат алғанша сол кісілердің фамилиясында жүрдім. Әлі күнге дейін тәртіп сақтап:

- Сол кісілердің баласымын, - деп қоямын. Нағашыларым, алалайтыны жоқ, мен үшін ерекше жандар еді. Өздері де мені ерекше бауыр басып алып

еді. Кейінгі жастарымен сыйластығымыз әлі сондай. Үлкендердің салып кеткен ізгі жолы шығар. Менің қазіргі жазайын деп отырған ойым сол кісілер туралы емес, сол кісілер еңбек еткен уақыттағы, заман ахуалдың, көзім көрген бір сәтін жазсам деген ой. Бала болсақ та, қанша уақыт өтсе де, кейбір сәттер адамға елес болып жадында қалады екен. Менің нағашы әке - шешем ол кезде жасы келіп қалған адамдар. Менің өз әке шешем, мен де және басқа мен білетіндердің бәрі, нағашы шешемді «апа», нағашы әкемді «бжә»,- дейтін. Ешкім аттарын атамаған соң, бізде есейгенше есімдерін білмейтінбіз. Өткен ғасырдың елуінші жылдың ортасында, алпысыншы жылдардың басында мемлекеттің қойын бақты, алғашқыда колхоз болып құрылыпты, кейін мен ес білгенде, совхоз болыпты. Дәлірек айтсам, 1957 - 1960 жылдары біз Қарағанды облысы, Шет ауданы, С.Орджоникидзе атындағы совхоздың Ақтөбе бөлімшесінің, Жылыгөң деген қыстағында болдық. Қазіргі Қарағанды - Алматы авто жолының, Қарағандыдан шыққанда Ақсу - Аюлыға жетпей, Көктал көпірінің тұсында, солға қарай 10 - 12 шақырым жердегі сайда сол қыстақ болатын. Несіпбала деген кісі менің ортаншы нағашы апам, менің анамнан үлкен, ал Нұрғали деген кісі менің әкемнің бажасы, нағашы апамның жолдасы. Мен кейін ержеткенде айтатын, ол кезде баламын ештеңе білмеймін. Нұрғали бас қойшы екен, бар қойға нағашы апам екеуі ие. Ал, менің нағашы әкем мен нағашы шешемді сол кісілерге жастары егде тартып қалса да көмекші ғып берген. Бір жағынан соғыстан кейінгі уақыт, жұмыскер күші жетпейді, екіншіден менің нағашы әке - шешемнің



жандары ашиды жақын балалары деген болу керек. Не керек, бір отар қойға төртеуі ие. 1932 жылғы жұт, одан кейінгі Ұлы Отан соғысы елді тұралатып жіберген. Заң болса қатал И.Сталиннің уақыты. Бір ауыз дұрыс сөз айтпасаң немесе бір қозы шетінесе сотталып, атылмасаң да біраз жылды арқалап кетесің. Тек Совет еліне күндіз - түні адал еңбек ету керек. Менің әке-шешем, төртеуі бір мезгіл мені ермек қылсын, - деп берсе де керек. Ол уақытта радио - телевизор, телефон деген жоқ. Сенсеңіз ол кезде электр жарығы да жоқ. Май шаммен отырады, сенсеңіз кейде ол да жоқ, пеште жанып жатқан оттың жарығымен отырады. Май шамды сырттан біреулер, мал мамандары, өкілдер келсе, сонда ғана жағады. Қыста малды жайғастырып келгеннен кейін, қазандағы тамақ піскенше сол оттың жарығымен әңгімелесіп отырады. Кейде іштері пысқанда мені ермек қылады. Отқа жағатындары көмір емес, қойдың қиы, ұшқат, қайың. Күзде қыстаққа келгенде тамыздық шауып әкеледі де қыстай қи жағып шығады. Үйге келетін болсақ, ай қазір үй деп айтса күлерсіз. Адам бойы ғана көтерілген шымнан ойып, жер барақ. Терезесін, қойдың қарнымен тартып қойған саңылау. Жаңағы бараққа бойшаң адам еңкейіп кіреді. Үш бөлмелі барақ және алдында дәлізі бар. Бір бөлменің есігін бөлек шығарып, біз нағашы әке-шешемізбен тұрамыз, ал екінші жақ екі бөлменің есігін бөлек шығарған, онда нағашы апамдар бір бөлмесінде, бір бөлмесі қонақ бөлме. Қазіргімен айтқанда, бір бөлмелі, екі бөлмелі пәтер ас үйсіз. Сол ас ішкен жерге жата кетесіз. Үш - төрт көрпе төсеніш жәй жерде жинаулы тұрады. Бөлмеде еден жоқ, қара жер үстіне

тері - киіз төселген. Үйдің үсті терек, оны үстіне тал салып жаба салған. Қабырғасы қара балшық. Даладан әкелген суды қатып қалмасын, - деп пештің тұсына төбеге іліп қояды. Оның үстіне пешке тақау жерге жаңа туып қалған қозыларды, жас бұзауларды байлап қояды. Ал дәлізде арық - тұрық қой - ешкілер тұрады. Сөйтіп малмен бірге қыстан шығамыз. Тек тамақтануымыз ғана бөлек. Тамақ демекші, бөлімшеге ат - шанамен барып, бес - алты қап бидайды тартып ұн ғып әкеледі. Бөлімшенің өз диірмені бар. Одан кейін аудан орталығынан, шәй - қант, кір сабын әкеледі, сонымен болды. Құрт, май, ірімшік өздері дайындайды, сүт пен ет бар. Жазда жуа - сарымсақ теріп, жинап қояды. Міне, қыстай төрт жан бір отар қойды өздері аман алып шығады. Күн ашық кезде нағашы әкем қой бағып кеткен кезде, Нұрекеңмен нағашы апам бүкіл баздың қиын екеуі ойып шығады. Нұрекең қиды ояды, нағашы апам ат шанаға тиеп, сыртқа шығарады және езіліп кетпесін деп отынға қалап қояды. Нағашы шешем жүн иіреді, нәски, қолғап тоқиды, жүн түтеді, жазда кигіз басуға, түбіт түтеді, шәлі тоқуға, арқан есуге, қыл - жүн дайындайды. Не керек күні бойы дамыл таппайды. Өздері жұмыссыз отыра алмаса керек. Ал боран болды дегенше, азап болды десеңізші. Қар күреу, үй мен мал қораны қойғанда, қар қалың түскенде қой жайылатын даланың қарын күреу. Сырттан ешқандай көмек келмейді. Бірақ қой қырылатын болса сотталасың. Оны қойғанда, әр жүз қойдан 110 - 120 дан қозы аласың, - деп міндеттеуін қайтесің. Әр жүз қойдан, жүз қозыдан кем болса, күзде қошқарды дұрыс қоспағансың, - деп тағы жаныңды тығырыққа тірейтінін қайтерсің. Міне есіміз



жаңа кіріп келе жатқан бала болсақ та, үлкендеріміздің бейнетінің шет жағасын көрдік. Сенбі, жексенбі түгілі, жылдап кезекті демалыс берілмейді. Ол уақытта оны ешкім сұрамайды да, білмейді. Ол түгілі монша дегенді ешкім білмейді. Транспортыңыз ат шанамен, ат арба. Сонымен барлық шаруа бітеді. Егерде бір қой өлетін болса, қашан екі - үш айда бір келетін бөлімше басшыларына көрсетеміз деп сақтап отырады. Олардың өзің әдейі өлтіргендей, шіреніп, маңғазданып, не істесем екен, - деп жан - жағына қарап қоқиланып тұрады. Өздері барлық жағдайды жасап тастағандай. Сондайлардың кесірінен қаншама адам сотталып та кетті десеңізші. Яғни, олардың ойынша үкіметтің малына дұрыс қарамағансың. Сенің Совет Үкіметіне,- деген көзқарасың дұрыс емес. Қаскүнемсің, не жалқаусың. Міне, мен көрген сол кісілер еңбегіне қарай Үкіметтен ешқандай марапат та алған жоқ, депутат та болған жоқ. Әбден қалжыраған кезде еңбек етуді қойды. Мен кейін техникумда оқып жүріп, демалысқа шыққан кезде сәлем беруге келетінмін. Сонда маған зейнет ақысынан жинап жүрген ақшаларынан беретін. Кейін білсем, сонда нағашы әкем 20 соммен зейнетке шығыпты, ал нағашы шешем зейнет ақы алмайды екен, ешқайда тіркелмеген. Құры тегін жұмыс істеп жүре берген. Сол кезде де тамыр - таныс, ашық болмаса да қазіргідей, жасырын кездесіп қалады екен. Басшылар өз жақындарын жеңілдік жасап, соларды мақтап марапаттап, депутат қып жүреді екен. Міне, сол кезде қара халық Үкіметтен қорықты. Сондықтан айтқанын істеп, айдауында жүре берді. Бұл бір менің ғана бала кезімде екі таудың арасындағы көрген тіршілік.

* * *

Керемет тәртіп және есеппен бақылау, өз басым тек Совет үкіметі кезінде болды деп ойлаймын. Мен ауылда өскен адаммын. Ешқандай қоспасыз ауылдағы тіршілік пен тәртіпті айтайын. Әр бас маман өз ісіне жауап береді. Жұмыстарын тікелей басшымен қоса партком, рабочком, ауылдық атқару Советімен, тіпті комсомол ұйымы бақылап отырады. Яғни партком коммунистер қалай жұмыс істейді, алда еңбек озаты болуы керек, комсомол ұйымы, қай істе болсын комсомолдар алда болғанын талап етеді. Тіпті атақ-шеніңе қарамай моралдық жағдайыңды қатаң қадағалайды. Семьяңмен айырылысу - ажырасу, не екінші рет үйлену ойыңда болса, не басқа бір қылықтарың байқалса, қызметіңнен қуылдым дей бер.

Совхоздың бөлімшесінде күнбе - күн таңертең қанша сүт сауылды, қанша сиыр бұзаулады, қанша пішен шабылды, қанша гектар егін егілді, енді айта берсеңіз әр бөлімшенің шаруашылық бағытына қарай, қысқасы бір тәулікте не болды тәңертең таңғы жетіге дейін рациямен совхоз әкімшілігіне есеп береді, ал совхоз әкімшілігі, сағат сегізге дейін төрт бөлімшенің істеген шаруасын басын қосып, ауданға мәлімет береді. Ал, аудан болса аудандағы совхоздардың күнделікті атқарылған жұмыстарын Облысқа сағат тоғызға дейін мәлімдейді. Әрі қарай астанамыз Алматыға, одан әрі Москваға тізбектеліп кете береді. Кейде телеграмма арқылы бекітіліп мәлімдеме беріліп, не телефон арқылы беріледі. Ауданнан бастап, жоғары қарай статистикалық мекемелер жұмысын атқарып жатады. Сонда менің шалғай ауылда атқарылған жұмысымды



керек болса, Москваңыз біліп отырады. Тек, ауыл шаруашылығы емес, қай саланы алсаңыз жұмысы солай. Завод, фабрика, транспорт, құрылыс, тағы сол сияқты бәрі күнделікті есеп беріп отырады. Ешқандай интернетсіз. Ал есеппен - бақылау, бухгалтерлер мен экономистердің жұмысы. Қалың журналдар болады, парақтары да қалың, соны ұшталған қара қарындашпен әдемілеп толтырады, егер де қате кетсе өшіргіштері дайын өшіреді, сондықтан қара қарындашты пайдаланады өшіру - түзетуге дұрыс. Журналдың парақтары да өшіруге шыдамды болады. Ал цифрларды қосып, алу мәселесі шотпен шешіледі. Кәдімгі бастауыш сыныптағы арифметикалық амалдарды шотпен орындайды. Бір жерінен қателессең, қайта қағып есептейсің. Сондықтан бухгалтерлер шотты дұрыс қақсаң, дұрыс шығады,- дейді. Ешқандай компьютерсіз, есеп - машинкасыз жұмыстарыңыз: дұрыс, дәл, уақытысында атқарылып отырған. Жұмыс көлемі аз болды, - деп айтуға аузыңыз бармас, осыдан отыз жылдан астам уақыттағы малдың санына, не егілген егін жайдың көлеміне әлі жеткен емеспіз. Қазіргідей жұмыссыздық емес, керісінше жұмыскер күші жетістпейтін. Уақытысында еңбеккерлердің кезекті демалысын алудың өзі бір қиямет болатын.

* * *

## ЕГЕМЕНДІКТЕГІ ЕЛДІҢ КӨЗ ЖАСЫ (Тағдыр)

Аңсаған егемендігімізге қол жеткіздік. Қазақ халқы бостандығын алды, басқа ұлы халықпен тереземіз тең болды. Әуелгі кезде бұл бостандық бізге қалай келіп қалды деген сенімсіздік пен таңданыста болғаны анық. Өз тілің, өз дінің, өз мәдениетің, өз жерің, өз байлығың өзіңе. Осы байлықтың бәрі өзіміздікі ме деген сауал туатын? Иә, өзіңдікі, ата - бабалардың қанымен, терімен келген байлық. Енді әрі қарай қалай мемлекет болу керек деген сұрақ өзінен - өзі туды. Иә **,Егеменді Қазақ мемлекеті** болу керек.

Қара халықты алдап, бар жақсылықты үйіп - төгіп, орыстың сойылын соққандар, билік басына келіп алды. Сол, билікке жету үшін қандай қулыққа - зұлымдыққа барды десеңізші. Бұрын егемендік алып көрмеген халық, айтқандарына сеніп, алданып қалды. Сол алданғанына отыз жыл болды, әлі есін жыя алмай отыр. Билік біртіндеп қара халықтың қамы үшін деп, елді алдап, бар байлығымызды қытаймен - орыстарға таратып бере бастады. Сол, ағаларынан қолдау тауып күшейіп алды да, енді ашық солармен бірігіп, ел байлығын ат төбеліндей адамдар тонай бастады, әлі тонап келеді. Тоқтар емес, тойымдық жоқ. Бас көтерген қара халықты ұрып - соғып, қамауға алып, қуғын - сүргінге ұшыратып, тіпті керек болса көзін жойып та жатыр. Ата заңды өз ыңғайларына келтіріп алған, сонымен халқын мылтықтың ұшында ұстап отыр. Әлемде өз халқын сүлікше сорған, теңдесі жоқ мұндай билікті тарихта кездестірмеген боларсыз. Қай уақытта шарықтау шегіне



жетер екен? Ел тағдыры ұрылардың - сатқындардың қолында тұр.

* * *

Дүние жүзіндегі алып мемлекет **«Кеңес Одағы» -** ның ыдырауы яғни құлауы барлық одақтас Республикаларға да, дүние жүзіне де таң қаларлық жағдай болды. Тіпті күтпеген жағдай. Көктен іздегенің жерден табылды. Қан төгіссіз бөліне салу. Ата - бабаларымыз қанша қанын төгіп осы жерді қорғап еді. Бостандықты аңсап еді. Жоқ, қан төгілді. Кеңес одағының ыдырауына басты себепкер қазақ халқы. Кеңес Үкіметінің көсемі В.И.Ленин алғашқы газетін (ол кезде басты қару газет, халықпен байланыс газетте еді) «Ұшқын» (Искра) - деп атады және алғашқы сөзін «Ұшқынан от жанады» - деп жазылды. Ендеше, Кеңес Үкіметінің ыдырауына себепкер алғашқы ұшқын Қазақстанда болды. Ол «Желтоқсан» оқиғасы еді. Басты себеп Кеңес Үкіметі басшыларының (Горбачев) Қазақстанға Д.А.Қонаевтың орнына Колбинді басшылыққа қойуынан басталды. Қой бағып жүрген қазақтың қолынан не келеді. - деп ойласа керек патшамыз. Бірақ, оңбай қателесті. Ұлт жанды қазақ жастары көтерілді. Билік күшпен баспақ болды және басты - да. Қаншама жастар: ұрылды - соғылды, кемтар болды, өлтірілді, абақтыға түсті, қудаланды. Бар кінәлары өз ұлтымыздың теңдігін алу еді. (Бір қызығы сол жазалаушыларды қолдаған біздің кейбір қазіргі бетке ұстар интеллигенциямыз бен басшыларымызда болды). Бірақ, күшпен басқанмен ұлттың рухын баса алмады. Бұл оқиға басқа Одақтас Республикаларға ой салды, сабақ болды. Ақыры, Кеңес Үкіметінің ыдырауына әкеліп соқты. Бірінші болып

Балтық теңізі бойындағы Республикалар, мемлекеттор бөлініп шықты (Латвия, Литва, Эстония). Кейінен басқа Одақтас Республикаларда бой көрсете бастады. М.С Горбачевымыз қазақпен күресем, арақпен күресем, мемлекетте демократия болады. - деп жүріп биліктің тізгінен өзі қалай айрылып қалғанын білмей қалды. Батыстың да басты үлесі бар ғой, сен кереметсің, сенікі дұрыс, дегенге шынымен керемет екенмін, - деп ойласа керек. Сонымен қатар, бақ таластық деген қай уақытта, қай кезеңде болсын, болған. Біздің қазақта «ханның басын - хан алады, қардың басын - қар алады» - дейді. Бақталастары көбейіп М.С.Горбачевтің өзіне тап берді Ақыры, Н.Б.Ельцин Ресейді бөліп алды және басқа Одақтас Республикалардың бөлінуіне қарсы болған жоқ. Себебі өзінің билігі заңды болу үшін сондай қадамға барды. Н.Б.Ельцинге жеке билік қажет еді. Соңында барлық Республикалар бөлініп шыға келді. Оның ішінде Егеменді Қазақстанда бар. М.С.Горбачев барлығынан айрылып сопа басы қалды. Бас сауғалап шет елге кетті. Біздің халықта «молданың айтқанын істе, істегенін істеме» - дейді. Кейінде интернетте Ресейліктер жазады, М.С.Горбачев елімізден үш миллиард доллар сол уақытта ұрлап алып кетіпті, неге жазаға тартпаймыз, қазір рахатын жалғыз қызымен немересі көріп жатыр , - деп. Ол болса, менің оқыған лекциям мен кітапымнан түскен ақша деп айтатын көрнеді. Жазған адамдар таң қалады, үш миллиард долларға қанша кітап сатып, қанша лекция оқуға болады және лекция тыңдаушыларымен оқырмандары кімдер деген сұрақ туады? Әйтсе де М.С. Горбачевтің есебі түгел болып шыққан. Шетел, Кеңес Үкіметін құлатқанына риза болып «Нобель» силығын беріп тынды. Дегенмен бір күш



бар ғой. М.С .Горбачевтың Кеңес Үкіметінің басына келуі және оның ыдырауы, біздің егемендік алуымыз,

**Халқымыздың көз жасы - Тағдыры.**

* * *

Иә, егемендік келді. Қазақстан кімдікі. Яғни Қазақстан қазақтікі, егемендік те қазақтікі. Осы біз расымен егемендік алдық па, деген жалтақтау көп болды. Кімге жалтақтаймыз, әрине орыс «көкемізге». Әбден бізге тізесі батып кеткен. Егемендік алған кезде Ресейде орыстар өз басымен өзі қайғы еді. Тағы кімдер бөлінеді екен, - деп отыратын. Біздер есеңгірегеннен есімізді жия бастадық. Ұмытылып бара жатқан тіліміз, дініміз қайта келе бастады. Тіпті бізге көршілеріміз - өзбектер, қырғыздар және бұрыңғы одақтас мемлекеттер егемендіктің үлгісін көрсете бастады. Құдай бізге мол олжа берді ме дегендей - Қытай, АҚШ, Түркия және басқа мемлекеттер қамқоршы болғандай бізден айырылып қалмауға тырысты. Заманға қарай «Қазақ» деген ұлт бар екенін, өз тілі, өз діні бар екенін, өз мәдениеті, өз дәстүрі бар екенін - Орыс түгілі, Әлемге мойындауға тура келді. Өз шекарамыз, өз тіліміз, өз дініміз, өз төл құжатымыз, өз теңгеміз, өз әскеріміз, өз ата заңымыз - бәрі өзіміздікі. Тек қайта қазақтануымыз керек. Бірақ, егемендік алғалы отыз жыл болса да қазақтардың өзі толық қазақтанбай келеді. Қандарына орыстың идиологиясы сіңіп кеткен. Балық басынан шіриді деп ең бастысы биліктің қазақтанбауы - кері тартпалылығы. Қазақтанбауымыз, қазақ тілін білмеу деген - ұлттылығымызды жою. Билік басындағыларға билік керек, көбісінің ойы қазақ

байлығын шамасы көлгенше сорып, шетелге қашу. Отыз жылда қазақ тілін білмеу қазаққа топастық, қалай олар ел басқара алады. Біз көп ұлтты мемлекетпіз, басқа ұлтты кінәлап отырған жоқпын, біз өзіміз қазақтар дұрыстап қазақша сөйлесек, басқа ұлттар да қазақша сөйлей бастар еді. Басқа ұлттарымыздың да қазақша сөйлегенде майын тамызатандары да бар. Оларға қарап өзіңнің ұлтың қазақша білмегенге ұяласың. Билік басында отырған шала қазақтардың ар - ұяты жоқ. Тіпті ресми кездесулерде қазақ тілін қойып, орысша сөйлейтінін қайтерсің. Ортақ тіл ағылшын тіліне аударатын болса, қазақ тілінен аударды не, орыс тілінен аударды не, мен түсінбеймін. Орысша сөйлеп шет мемлекетінің алдында өз ұлтын, орыс ұлтынынан төмендету.Тіпті президенттеріміздің өзі жаңа жылдық құттықтауды қазақша - орысша жолдайтынын қайтерсің. Орыс тіліне неге жабысып жатқанын түсінбеймін. Ресейдің өз президенті бар ғой өз халқына жолдауын жолдайтын. Оларда несі бар? Орыстардың президенті қазақша жолдау жіберіп жатқан жоқ қой. Әлде өздерін Ресейдің де президенті сезіне ме? Қорыққандығы ма, әлде жағымпаздығы ма? Бұл сонда мен тағы да айтамын түсінбеймін, бұл сатқындық па, әлде надандық па? Қайсысы болса да, өйтіп сорақыланғаннан берілген лауазымнан аластатуы керек қой. Егерде қазақ тілін толық білмегендерді билік қызметіне алмаса, теп - тез үйренер еді және қазақ деп соққан жүрекке дем болар еді. Мен орыстарды құртыңдар, - дегеннен аулақпын, орыстардан да және басқа ұлттардан да достарымда - сыйластарымда көп. Иә, біздің мемлекетіміздің ата заңына сәйкес тұрып, бейбіт өмір сүре берсін. Бірақ, біз



өз ана тілімізді біліп, өз ата - дәстүрімізді дәріптей біліуіміз керек. Бұл қайталап айтамын, ұлтшылдық емес **-ұлтжандылық.**

Мемлекеттік тілдің мәртебесін қорғау - еліміздегі ең басты мәселеге айналып келеді. Осы мақсатта «Қазақ үні» ұлттық порталында ҚР Конституциясының 7-ші баптың 2-ші тармағын алып тастау туралы сансыз мақала жарияланды. Солардың ішінде ең келелі әрі өзектісі 2017 жылы 26 ақпанда жарияланған **«Мемлекеттік тілдің тәуелсіздігі ата заңда айқын көрінсін»** атты Қазақстан Президентіне жазылған 118 ұлт зиялысы қол қойған Ашық хат. Конституциядағы орыс тілі туралы 7 баптың 2 - ші тармағын алып тастап, Мемлекттік тіл туралы заң қабылдауды талап еткен бұл Ашық хат бүгінде 54015 адам қол қойып, қолдап, бұрынғы межелерден 400 еседей көп тарихи рекордтық деңгейге жетіп отыр. Яғни, Мемлекттік тіл туралы заң қабылдау күн тәртібіндегі күннен - күнге күшейіп келе жатқан ең өзекті мәселе болып тұр. Әлеуметтік желілердегі қаптаған қолдаушылардың санын есептеу мүлде мүмкін емес. Бұл Ашық хат 2017 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолына тигені туралы сол кездегі Президент әкімшілігі басшысы Әділбек Жақсыбековтың Конституциялық реформа қортындысы туралы Елбасыға есеп берген ресми жиында мәлімдегені БАҚ - та жарияланып, телеарналар көрсеткен еді. Бірақ әлі толық нәтиже көрінбей келеді.

Енді елдің үміті ел тізгінін қолға ала салсымен ұлттық мүдделерімізді қорғауға баса назар аударып, **«Ең бастысы - Қазақ тілі», «Қазақ тілі - ұлтаралық қатынас тіліне айналуы керек» -** деп мәлімдеген Қазақстан Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевта!

Конституцияның орыс тілі туралы 7 баптың 2 - ші тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау мәселесін ҚР Президнеті жанындағы Ұлттық Кеңестің 2019 жылғы 6 қыркүйекте өткен бірінші отырысында белгілі ақын Қазыбек Иса көтеріп, қолдау тапқаны белгілі. Қазір қоғам барлық салада шынайы өзгерістер күтуде.

Сондықтан, кеңестік кезеңнен бері отыз жылға жуық теперіш көріп келе жатқан Мемлекттік тіл мәртебесін ойыншыққа айналдыра бермей, Ата заңда ақиқат, анық, өзінің заң жүзіндегі орнына ие болуы керек. Себебі, орнағанына 25 жылдан асып бара жатқан Тәуелсіздігімізде мұндай Конституцияны демократиялық даму аясында талқылау - тек біздің ұрпақтың маңдайына бұйырып отыр!

Қазақстанның зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік тілдің мәртебесін анықтайтын Конституцияның 7 - бабынан 2 - тармағын алып тастауды ұсынады. Себебі Тілдер туралы алғашқы заң қабылдаған 1989 жылы Қазақстан Кеңес Одағы құрамынан әлі шықпаған кезі, «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» еді. Заңның аты да «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы» Заңы делінген... Әрі осы заңдағы «Қазақ тілі - мемлекттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі болып табылады» деген бапты қабылдау кезінде халықтың пайыздық салмағы қатарлас еді. Яғни қазақтар 1989 жылы 39,7 пайыз, орыстар 37,8 пайыз болатын. Сондықтан ол кезде бұл заңдылық болып қабылданды. Кейін 1995 жылы конституция қабылдарда Қазақстан Республикасы осы «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы» Заңына сүйеніп, осы кеңестік кезең талаптары



шеңберінен шыға алмай, «Мемлекттік ұйымдарда және жергілікті өзін - өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» - деген 7 - баптың 2 тармағын қабылдап, орыс тілін тіпті, шектен тыс күшейтіп жіберді деуге болады... Кейін де, 1997 жылғы «ҚР Тіл туралы заңымыз» да осы ескі сүрлеумен, Кеңес империясы кезіндегі талаппен кетті.

Ал қазір Тәуелсіздікке ширек ғасырдан асқанда, қазақтардың саны кемінде 70 пайыздан асып кеткен демографиялық және демократиялық заңдылықтармен өз күшін жойып отыр.

Конституцияның 7 бабында «Мемлекттік тіл - қазақ тілі» деп бадырайып жазылып тұрса да, екінші тармағындағы «орыс тілі ресми түрде мемлекттік тілмен тең қолданылады» деген сөз - «ресми тіл» дегенді білдірмейтін жене орыс тілі екінші мемлекеттік тіл бола алмайтынын Коституциялық Кеңес дәлелдеп берсе де, сол бір 7-баптың екіші тармағы жұртты әлі шатастырып, орыс тілі заңсыз мемлекттік тіл рөлін атқарып келе жатыр. Сондықтан Конституцияның 7-ші бабының екіші тармағын алып тастау керек.

«15 жылдан бері мемлекттік тілді аю да үйреніп алатын уақыт болды» - деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзінің ащы шындықты жайып салғанынан кейін де он жыл өтті?!

Ал, 2011 жылы Коституциядан 7 - баптың 2 - ші тармағын алып тастауды көтерген «138 - дің хаты» кезінде бұл Үндеуді қолдағандардың саны қысқа мерзімнің өзінде көп болған еді...

Бірақ, сол кезде билік Конституцияны өзгертуге болмайтынын айтып, халықтың талабына келіспей қойған еді.

Енді, Елбасымыздың өзі Конституцияға реформа жасауға шақырып, демократиялық жаңаруды бастағанда, зиялы қауымның үнсіз қалуы - болашақтың алдында кешірілмейтін қылмыс деуге болады.

Медициналық тілмен айтқанда, ауруды емдеу үшін диагнозды дәл қоюмыз керек. Біз жүрегі ауыратын адамға тұмаудың диагнозын қойып, солай емдеп келеміз.

Физикалық тілмен айтқанда, біз газды басқанмен, тежегішті жібермей келеміз.

Сол тежегіш - Конституцияның 7 - бабынан орыс тілі туралы 2 - ші тармағын алып тастауды ұсынамыз» - деп заңды талап қойып отыр.

«Суға түспей жүзуді үйрену ешқашан мүмкін емес болса - Ата заңнан 7 бапттың 2 - тармағын алып тастамай, тілді үйрену де дәл солай мүмкін емес!» - турада, орынды жазылған.

* * *

### *Мемлекеттік тілге қажеттілік тудыру қажеттігін өзге ұлт өкілдері де түсінуде*

*(Қазақ үні жалғасы)*

2011 жылы Конституциядан 7 баптың 2-ші тармағын алып тастауды көтерген 138 - дің хатын - заңды талапты орыстілді өзге ұлттар да қолдады. Сын сағаттарда парасатты кәріс қызы Клара Хан, Украйн Мәдениет орталығының Валентин Лымарко және Никлой Щербинин, Алла Плотонова секілді орыс ұлтының озық ойлы өкілдері мемлекттік тілді қолдап шықты. «Қазақ тіліне қарсылық - қазақ халқына қарсылық» деді Клара Хан ханым. «Қазақстанда қазақ тілі үстем болуы тиіс! Кез - келген мемлекеттік тілсіз



өмір сүре алмайды. Мемлекттік тіл - мемлекеттің өмірі, мемлекеттің бейнесі. Бізде ол - Қазақ тілі. Бұл - Қазақстан Республикасы! Сондықтан мемлекеттік тілді бәрі білу керек!» - деп мәлімдеді Валентин Лымаренко. «20 жыл тіл үйренуге аз уақыт емес, орыстар ренжімеуі керек! Мемлекеттік тілді білмегендер, елді қалай басқарады?» деді орыс Николай Щербинин. Ал орыс қызы Алла Платонова 2011 жылы Көкшетауда өткен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының V құрылтайында: «Қай мемлекетте тұрып өмір сүрсең, сол мемлекеттің тілін білуге, құрметтеуге міндеттісің! Қазақша сөйлемеу, үйренуге құлшынбау мемлекеттік тілді, яғни мемлекетті сыйламау. Қазақтың нанын жеп, ауасын жұтып, бірақ тілін менсінбеушілер елдеріне кетсін!» деді. Бұны орыстың ойлы қызы Алла Платонова айтты...

Ал өскемендік белгілі ақын, «Золотое перо России» халықаралық әдеби сыйлығының иегері, Ресей Жазушылар одағының мүшесі Борис Петрович Аникин: «Я член союза писателей России. Автор нескольких поэтических сборников. Я упорно изучаю казахский язык. Считаю, что каждый человек, который проживает в Казахстане, должен знать государствен - ный язык, чтить культуру и обычай этой великой нации. Сам Лев Толстой и Достаевский, приклонялись перед тюрками. Анна Ахматова потомок последнего хана Золотой Орды Ахмата. Казахи великий воинственный народ. Призываю всех изучать казахский язык!!!» - деп жазады.

Яғни, өзге ұлт өкілдері де Мемлекеттік тілді қолдау - ел бірлігін қолдау екенін сезініп, ынтымақтастық көрсетіп отыр. Мемлекттік тілге қажеттілік тудыру қажеттігін өзге ұлт өкілдері де түсінуде. Сондықтан, бұл

жерде ұлтаралық қатынасқа сызат түседі деп босқа сезіктену негізсіз деп білеміз.

Конституциядан 7 - баптың 2 - ші тармағын алу - тек қазақ халқы үшін ғана жасалып отырған әрекет деуге болмайды. Бұл арқылы мемлекеттік тілді үйренген өзге ұлт өкілдеріне болашақта жарқын жол ашылады. «Тіл бірлігі - ел бірлігі» деп айтып жүрген Елбасының ұлағатты сөзі сонда ғана нақты іске асады. Егер бұл орыс тілі туралы тармақ алынбаса, 28 жыл үйренбеген езге ұлт өкілдері, өзіміздің орыстілді қазақтар енді ешқашанда үйренбейді. Бұл - ширек ғасырдан астам уақыт анықтап берген аксиома!

## *Мемлекеттік тіл мәртебесін халық саны да қамтамасыз етеді*

«Қазақстан Республикасында 1989 жылғы халық санағында 16199,2 мың адам тіркелді. № 1999 жылғы санаққа дейінгі аралықта Қазақстан халқы 1246,1 мың адамға кеміген. Мұның басты себебі бұрын қуғын-сүргінге ұшырап, Қазақстан жеріне көшіріліп, әсіресе, орыстардың, украиндардың, немістердің, кавказ халықтарының, т.б. өз ата мекендеріне көшіп кетуі болды.

1989 жылмен салыстырғанда 1999 жылы ұлттық құрамда айтарлықтай өзгеріс болды. Мысалы, қазақ ұлты 1468,1 мың адамға (22,9%) көбейіп, республика халқының жартысынан астамын (53,4%-ын) құрады. Оның есесіне орыс ұлты өкілдерінің саны 1582,4 мың адамға (26,1%) кеміді» - дейді.

Яғни, 1989 жылдан 1999 жылға дейін он жылда халық санағында қазақтар 22,9 пайызға көбейіп, 53,4 пайызға болса, орыстар 26,1 пайызға кеміген. Ал 2009



жылы қазақтар ресми дерек бойынша 63,1 пайызға жетті.

Сонымен қоса, қазақстандық орыс диаспорасы өкілдерінің 25,3 пайызы қазақ тілін түсінеді, 8,8 пайызы оқи алады, 6,3 пайызы жазады. Еліміздегі диаспоралардың өкілдері әлі де өздерінің, не ұрпақтарының тарихи отандарына қоныс аударғанын қалайды. Мәселен, «Сіз, өз балаларыңыздың болашағын қазақ елімен байланыстырасыз ба?» - деген сауалға, қазақтардың 96,6 пайызы, орыстардың 53,5 пайызы, басқа диаспора өкілдерінің 78,5 пайызы -«иә» деп жауап берген. Ертең елімізде қазақтар 75-80 пайызды құрағанда іс қағаздары Ресей тілінде қалып жатса, ұлттық наразылық туатыны айқын.

2013 жылғы өткізілген халық санағының қорытындысы бойынша халықтың этноқұрамы келесідей: қазақтар - 65,2%, орыстар - 21,8%.

Ал 2017 жылғы халық санағы әлі жоқ. Әр онжылдық санақта еліміздегі халық санына шаққанда, кемінде 10 пайызға өсіп отырғанымызды ескерсек, (1989 жылы мен 1999 жылы арасындағы он жылда қазақтар 13,7 пайызға өсті) қазақтың бүгінгі саны шамамен 75 пайыздай деген елдің болжамы тура келетін сияқты. Себебі, атамекенге көшіп келуші қандастарымыз да мол, керісінше тарихи отандарына көшіп кетуші орыс ұлты өкілдері де көп. Сонда, қазақ халқы 75 пайыз деп алатын болсақ, 2013 жылғы орыстан өзге ұлттардың сандық пайызы 9,7 қалыпта қалған күннің өзінде, (түркітілдес диаспоралардың өсімі жоғары, олардың көбісі мемлекеттік тілді жақсы біледі), басқа халықтар (саны 1 пайыздан төмен диаспоралар) 2013 жылғы санақ бойынша 4,4 пайыз болса, онда орыс

ұлтының өкілдері 10 пайызға жуық төмендейді деп санауға болады...

Ендеше, 10 - 20 пайыз ғана, кезінде өзіміз отары болған ұлт диаспорасына өзге ұлт өкілдерінен артықшылық - астамшылық беріп, ширек ғасырдан астам әлі құлдық ұра беру - негізгі ұлт - қазақтарды тілдік кемістушілік болып саналады.

Қазір Қазақстандағы орыс тілін білмейтін, шала білетін түпкілікті қазақтарға (көбінесе ауыл халқы) ресми саны ғана миллионнан аса қосылған оралман ағайындарымыздың басым бөлігін қоссаңыз, орыстілділердің санын он орап алады. Сонда Конституциядағы орыс тілі туралы 7 - баптың 2 - тармағы орыстардан 4 - 5 еседей көп халықтың - негізгі ұлттың намысына тиіп, ширек ғасырдан астам тілдік кемсітушілікке, яғни мемлекеттік тілдік кемсітушілікке ұрындырып келеді.

* * *

## *Мелекеттік қызметкерлеріміз мемлекеттік тілде сөйлеуі керек*

Ал мемлекттік қызметкерлердің көпшілігі мемлекттік тілде ең болмаса, демалыс сұрап, арыз жазуға сауаттары жетпейтінін Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне төраға болған кезде Әлихан Бәйменов мәлімдеген болатын... Сонда мемлекеттік тілде нан сұрай алмайтындар мемлекет тағдырын шешетін мемлекеттік қызметтік қызметтерде мемлекттік тілге - мемлекттік мүддеге қарсы қызмет етіп отыр... Қорқынышты емес пе, бұл бізге...

Мысалы, әкімдіктегі, министрліктегі, парламенттегі, ұлттық компаниядағы, т.б. мемлекттік мекемедегі өзге



ұлт өкілдерін айтпағанда, өз ана тілі мен мемлекттік тілді білмейтін мемлекттік қызметкерлер (парадокс емес пе), тіл басқармасы қызметкерлері қазақ тілінде қағаз апарса, түсінбейді де, «орыс тіліне аударып әкел» дейді. Оған «бұл мемлекеттік тіл» ғой десең, «бізде бәрі екі тілде ғой деп, заңымыздың бейшаралығын алдыңа тартады. «Онда өзің аударып ал!» - десең «мен мемлекеттік тілді білмеймін?» - деп, топастығына ұялмай, қайта мақтанғандай түр көрсетеді... Оған табанының бүрі бар санаулы қызметкер ғана: «Сенің өз ана тіліңді, қазақ тілін - мемлекеттік тілді білмеуге, өкінішке орай, құқың болса, менің де айдаладағы шетел тілін, Ресейдің тілін білмеуге құқым бар. Ал менің мемлекеттік тілді білгенім үшін ғана маған неге артық жұмыс - тегін аудармашылық жұмыс жүктелуі керек? Керек болса, ақша төлеп, өзің аудартып ал» деп айта алады... Ал 99 пайызы бір күрсініп алып, негізгі жұмысын жиып қойып, жыл бойы «аудармашылықпен» айналысады.

Ал барлық мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін - өзі басқару органдарында алдымен орыс тілінде дайындап, содан соң оны мемлекеттік тілге аудару үшін қаншама тонна қағаз, қаншама аудармашы үшін осындай дағдарысты кезеңде қандай алапат қаржы шығындалатынымыз, ең бастысы қаншама уақыт кететінін - бұның бәрі жұмыс сапасына кері әсерін тигізетінін айту тағы бір өзекті мәселенің жүгі болады.

**Президент әкішілігінен бастап, Үкімет, Паламент төрағаларынан бастап, министрлер, әкімдерден, барлық басшылардан бастап, мемлекеттік қызметкерлер тек мемлекеттік тілде сөйлеу үшін бізге ешқандай тіл үшін жұмсалып**

**жатқан миллиардттардың керегі жоқ! Тек қана Конституцияның 7 - бабы 2 - ші тармағын алып тастау керек!**

**Біріншіден,** қыруар қаржы жұмсалса да, маңдымай жатқан (себебі қажеттілік жоқ) мемлекттік тіл дамиды.

Екіншіден, мемлекеттік тілді білетін қаншама қазақстандыққа жұмыс табылады. «Орысшаға аударып әкел» деп, омалып отыратындар орын босатады... Сонда Ресей тілінде сөйлеу, яғни Қазақ тілінде сөйлемеу деген сөз - қазақ тіліне, сол арқылы өз елінде қазаққа жұмыс бермеу деген сөз! Яғни, бұл ұлтқа жаулық емеспе? Сонда ұлтқа, яғни мемлекетке ең алдымен мемлекеттік тілді білмейтін шенеуніктер, министрлер, әкімдер, депутаттар, ұлттық компания жетекшілері, барлық басшылар жау деген сөз емес пе бұл! **Көрнекті орыс жазушысы К.Паустовский: «Ана тілін білмеу - ұлтқа жасалған опасыздық» деп жазды сол кездің өзінде.**

**Мемлекеттік тіліміз - Қазақ тілі Тәуелсіздігін енді алатын кез жетті! Өйткені, 28 жыл бойы Қазақ тілі - мемлеттік тіл деген аты болса да, Конституцияның орыс тілі туралы 7 - бабының 2 - тармағына Тәуелді болып келді.**

Осы уақытқа дейін мемлекеттік тілді білуге мәжбүрлемеген билікке өзге ұлт өкілдері алғысын айтып, енді қазақ тілінің Мемлекеттік тіл мәртебесіне жеке дара иеленуіне өздері де қолдау жасауы тиіс! Бұл жолда Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Парламентіміз, қоғамдық саяси күштер, зиялылар қауымы қайрат көрсетуі керек!



2015 жылы Елбасымыз тарихта тұңғыш рет Біріккен Ұлттар Ұйымында қазақша сөйлеп, бүкіл әлем президенттері алдында қазақ тілінде баяндама жасап, Қазақ хандығының 550 жылдығына керемет тарту жасаған еді.

**«Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік Тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйтқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз ат салысуымыз қажет», -** деген еді Елбасымыз.Қазақ тілі Мәңгілік тіл болуы үшін, Қазақстан Президенті Ұлт алдындағы қасиетті парызы мен міндетін орындауы керек! Ел ширек ғасырдан астам уақыт осыны күтіп келеді!

Өйткені, Кеңес Одағының құрамынан шықпаған Бодан кезімізде, қазақтардың саны республика халқының 39,7 пайызын құраған 1989 жылы қабылданған Тілдер туралы заң талабынан 28 жылдан соң, Бостан кезіміздің 26 жылында, 70 - 75 пайыз кезімізде шыға алмасақ, ешуақытта да шыға алмаймыз?!!

XX ғасырдың басындағы Алаш көсемдері «Оян, Қазақ!» - деп жар салғаннан бері бір ғасыр өтті. Биыл сол Алаштың 100 жылдығы! Тәуелсіздігімізге ширек ғасырдан асты! Енді қашан оянамыз:

Жоғарыда көтерілген көптеген мәселелерді саралап, түйіндей келе біз, Қазақстанның қоғамдық ұйымдары, зиялы қауым өкілдері осы Ашық хатымыз арқылы өз ұстанымдарымызды мәлімдейміз» - деп жазылды Ашық хатта.

* * *

### *Ескеріңіздер*

Халал емес - Адал! Харам емес - Арам! Жұма емес - Жұма! Никах емес - Неке! Минбар емес - Мінбар! Бараккаллаһ емес - Бәрекелді! Альхамдуллилаһ емес - Құдайға шүкір де! Мүбәрак емес - Құтты болсын! Қабыл болсын! Ақи емес - Бауырым деп айт! (Өйткені «Ақи» - қазақ тілінде көз ауруы деген сөз) Ифтар емес - Ауызашар! Иншаллаһ емес - Құдай қаласа, Құдай бұйыртса, Құдай нәсіп етсе... Сихр емес - Сиқыр, Нафс емес - Нәпсі

P.S:

Мұсылман бауырлар, орысшадан енді құтылып келе жатқанымызда, арабшаларыңды тықпалай берменңдер. Адами қарым - қатынаста, өмірде осы сөздерді қазақы мақаммен, қазақы әуезбен қолданыңыздар.

*(Ерболат Қошқарбаев)*

Азаматтың ескертіп отырғаны да, дұрыс. Бізге араб болу мақсат емес. Біздің өз тіліміз бар, өзге тіл қажет емес.

* * *

### *Почему Казахи являются такими, какие они есть сейчас? В чем причина всех наших проблем?*

*(Пишу на русском, потому что адресовано в первую очередь русскоязычным Казахам).*

Под словом «такими, какие они есть сейчас» я имею ввиду: разобщенность; стремление к личной выгоде, а не общей; стремление только к материальным благам, а не духовным; неуважение к своим корням,



культуре и историй; и т.д. Этот список можно долго продолжать.

Так почему же мы такие?

Почему если «тронешь» представителя кавказской национальности, через некоторое время соберется масса его земляков, чтобы его защитить, а если тронешь Казаха, то такого не будет?

Почему на всех уровнях от семейно - родственных до общегосударственных мы постоянно делимся на группировки и готовы взять в союзники представителя других наций, но только потому, что они в другой группировке?

Почему наши чиновники больше озабочены обеспечением своих семей, а не заботой о своем народе?

Почему немалая часть наших казашек готовы прыгнуть в постель к иностранцу, и презирают парней своей наций?

Почему нас волнует не воспитание наших детей достойными людьми, которых заботит судьба своей нации, а воспитание их в идее выживания, чтобы они были шустрые, сумели стать начальниками и обеспечить семью и родню?

Почему когда наступает день памяти жертв Голодомора и политических репрессий наши мемориалы в честь павшим жертв не усыпаны цветами, почему мы самоорганизовываемся только в том случае, когда нам прикажет или укажет наше начальство, директорат, ректорат и т. д., где наша самоинициативность?

Почему ради толерантности мы боимся показывать, что мы Казахи, почему не говорим по-казахски в общественных местах, не включаем

Казахскую музыку, почему ассоциировать проявление своей культуры с малограмотностью и деревенщиной, иначе говоря «мамбетизмом»?

Мы можем сколько угодно обвинять друг друга в этих грехах, однако этим проблема не решится. Никто не станет лучше от критики. Нужно найти проблему и решить ее. Проблема в наших головах. Но немногие догадывается о ней, точнее почти никто не догадывается.

Все проблема, дорогие мои единокровники, в нескольких исторических событиях произошедших с нашей нацией в начале прошлого века. Казахи, жившие до этих событий и после этих событий - это два разных народа. И как вы уже догадались, этими событиями являются - ГОЛОДОМОР и ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ.

До г-ра и полит. Р-ий Казахи были верны идеалам своих предков - были гордым, независимым народом, с высоким самосознанием, чувством единства, и готовностью пожертвовать собой ради общей цели. После этих событий мы видим испуганное стадо, готовое сделать все, чтобы выжить и чтобы их никто не трогал.

Воистину, такие страшные события случались лишь с некоторыми нациями. Не все нации подвергались уничтожению более половины своей численности, поеданию своих сородичей ради выживания, убийству своих лучших сынов.

Произошла «деформация сознания». Эти трагические события сделали нас теми, кто мы есть сейчас. Только представьте...



По сведению Казахского национального лидера Алихана Букейханова численность Казахов сократилась с 6,47 миллиона в 1924 году 2,1 миллиона в 1937 году. Потери Казахов от голода 1932 - 1933 годов составили 4 миллиона 68 тысяч человек. ТО ЕСТЬ УМЕРЛИ ДВОЕ КАЗАХОВ ИЗ ТРЕХ.

По сведениям профессора Мекемтаса Мырзахметулы в 1937 году политическим репрессиям были расстреляны как «враги народа» 1 таджик, 7 узбеков, 40 кыргызов, а число казахов подвергнутых репрессиям превышало 25 тысяч человек. ТО ЕСТЬ БЫЛИ УНИЧТОЖЕНЫ ВСЕ ОБРАЗОВАННЫЕ КАЗАХИ, КОТОРЫЕ МОГЛИ ЗАЩИТИТЬ СВОЙ НАРОД.

Все это отразилось на генетической памяти нашей нации. Это причина того, что мы боимся защитить своих братьев и сестер. Из - за этого нам более важно свое выживание, а не забота, о всей нации. Мы, испугались что умрем от голода так же как другие Казахи, поэтому делали все чтобы выжить. Мы стали думать, как бы выжить, и нас не интересовало ничего кроме этого. Мы боялись, что если будем защищать своих, нас расстреляют как расстреляли наших лучших сынов - «Алашордынцев». Мы писали доносы на своих же, по этим же причинам. После уничтожения генофонда нации - лучших сыновей Казахов, остались лишь, те кто их сдавал, арестовывал и расстреливал, и те которым было все равно до политики и больших дел.

Все это деформировало наше сознание. Наша историческая память и преемственность поколений были прерваны. Так большинство стали «манкуртами» - Иванами, не помнящими родства; людьми без роду, без племени. После превращения Казахов в стадо

пугающихся овец было легко переписать историю на тот лад, который выгоден победителям. Были скрыты деяния Алашордынцев, голодомор был назван вынужденной мерой. Я уже не говорю о средневековой истории. Называться Казахом, говорить по Казахски, читать Казахскую культуру и традиции стало «отсталым». Были придуманы специальные клички - «мамбет», «борх», «аулбаец», «колхозник», «казахпай» ит.д.

Ответы, на те вопросы, которые я писал вначале, по логике уже сами найдете. Теперь стоит другой вопрос. «Ладно, мы поняли, в чем дело. А что нам теперь делать? Как мы можем изменить ситуацию?» - спросите вы.

По этому поводу, хотел бы обратиться с призывом ко всем Казахам, особенно к молодежи.

Самое главной и важной проблемой является отсутствие у нас национального духа, самосознания и гордости за свой народ. Чтобы их возродить нужно в первую очередь изучать историю своего народа, НАПИСАННУЮ НЕ ТЕМИ, КТО ПОДЧИНИЛ КАЗАХОВ И УСТРОИЛ ВСЕ ЭТИ БЕДСТВИЯ.

Изучив ее, вы почувствуете единство со всеми Казахами, будете сопереживать своим единокровникам, будете чувствовать духовную связь со своими предками, будете гордиться победами своих предков, у вас проснется гордость за свой народ и чувство собственного достоинства. Вы будете знать кто вы и откуда, и не дадите никому тыкать в вас пальцем. Будете знать от кого что ожидать. Изучив прошлое, вы поймете настоящее и увидите будущее своего народа.



Как каждый человек опирается на свой прошлый опыт и на свою память, так и народы опираются на историческую память. Без нее мы никто, мы люди в амнезии, не знающие кто мы. Чтобы понять, кто вы есть, изучайте свою национальную историю.

С уважением и огромной любовью ко всем казахам (городским и сельским, старшим и младшим, русскоязычным и казахскоязычным ) ҚАЗАҚ азаматы.

* * *

## *Конституцияның 7 - бабының 2 - тармағын алып тастап, Мелекттік тіл туралы заң қабылдау керек!*

## *Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевқа*

## Аса құрметті Қасым - Жомарт Кемелұлы!

Сіз өткен жылы **«Қазақ тілі - қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да - тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де - тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі - ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстырған құрал...», -** деп атап өткен едіңіз.

Тәуелсіздік алғалы бері қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылу аясы біртіндеп кеңіп келе жатқаны баршамызға мәлім.

Қазір халқымыз 18,6 миллионға, оның ішінде қазақ ұлты 70% - дан асып қалды. Қостанай және Солтүстік Қазақстаннан басқа өңірлердің тұрғындарының басым бөлігі қазақтар (бірнеше аймақта 90% құрайды!).

Елдің ұлттық құрамының өзгеруі және тіл саласындағы мемлекеттік саясаттың нәтижесі

балабақшаларда, мектептерде балалардың дені мемлекеттік тілде оқуына, білім гранттарының қазақ топтарына көптеп бөлуіне алып келіп жатыр.

Енді, өзіңіз атап өткендей қазақ тілін шынайы ұлтаралық қатынас тіліне айналдыратын келесі нақты шараларды қабылдау қажет.

1 . Конституцияның 7 - бабының 1 - тармағына сәйкес мемлекеттік тіл - қазақ тілі болса да осы баптың 2 - ші тармағында «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін - өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп көрсетілген.

Конституцияны қабылдаған 1995 жылы бұл норма орынды болғаны белгілі және ол кеңестік дәуірде тұралап қалған қазақ тілінің тілінің ұлтаралық келісімді сақтай отырып қалпына келуіне әсер етті. Атап айтсақ, сол кезде елімізде 16,6 млн адам тұрса, оның 46% (7,6 млн) қазақ, тағы 46% орысша сөйлейтін ұлттар - орыс, неміс, украйн, беларус,татар және т.б. болған. Мысалы, Тәуелсіздік алған жылы Алматыда 7 ғана қазақ мектебі болған және тек 4% студенттер қазақша оқыған.

Енді Ата заңымыз қабылданғалы бері 25 жылда жағдай мүлдем өзгерді. Қазақтардың саны 70% - дан асса, славян ұлттарының үлесі 25% - дан кем. Бұған қоса бұлардан өзге елімізде тұратын 5% ұлт өкілдерінің тілі түбі бір түркі тілдеріне жатадындықтан, қазақ тіліне жақын, сондықтан түсінісу ешқандай қиындық туғызбайды. Сонымен бірге қазақ мектептеріне баратындар 92 пайызға жетті! Сондықтан, Конституциядағы **бұл орыс тілі туралы талап демографиялық және демократиялық заңдылықтармен өз күшін жойып отыр.**



Жалпы бұл мәселені үш жыл бұрын да 2017 жылы ұпт зиялылары көтеріп, Президенте ашық хат та жазды. Өзге ұлт өкілдері де мемлекеттік тілді қолдау - ел бірлігін қолдау екенін ұғынып, өздерінің оң пікірлерін білдірді. Ашық хатта **Конституциялық Кеңес «орыс тілі ресми тіл» дегенді білмейтін және орыс тілі екінші мемлекеттік тіл бола алмайтынын қосымша қаулысымен дәлелдеп берсе де, осы норма жұртты әбден шатастырып, орыс тілі бейресми мемлекттік** тіл рөлін атқарып келе жатқандығы атап өтілген.

Тіпті **Конституцияның 7 - бабының 2 - тармағы е**лімізде соңғы кезде **ұлтаралық шиеленістердің орын алуына себеп болып отыр** десе де болады. Өйткені **«ресми қолданылатын тіл бар кезде мемлекеттік тілді үйренудің қажеті қанша?» - деген түсінік қалыптасқан.** Ал мемлекеттік тілді меңгерген адамға елімізде қаншама мүмкіндіктер ашылатындығы онсыз да түсінікті.

**Сондықтан, біз, ұлт зиялылары:**

**Конституцияның 7 - бабының 2 - тармағын алып тастауды және Мемлекеттік тілді міндеттейтін Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды ұсынамыз.**

2. Халыққа қызмет көрсететін мамандардың **мемлекеттік тілді білмеуі тұрғындардың сапалы қызмет алу құқығына нұқсан келтіріп отыр. Елімізге қоныс аударған қандастарымыз және ауылда тұратын қаракөздеріміз мүлдем жапа шегуде.**

Халықпен етене араласып жұмыс істейтін **мемлекеттік қызметкердің, әсіресе жоғары шенділердің мемлекеттік тілге немқұрайлы қарауы халықтың наразылығын тудырып, билікке деген ашу - ызасын, сенімсіздігін арттыруда.**

Қазір мемлекеттік тілді еркін меңгеру туралы талап тек Президентке үміткерлерге ғана қойылған. **Сонда 12 миллионнан астам мемлекет негізін құраушы қазақ ұлты 150 мың мемлекеттік қызметшіге (оның 90% астамы өз ұлтының өкілі!) қызметті не ақпаратты мемлекеттік тілде беруін талап ете алмауы парадокс емес пе: Яғни, бұл жерде 12 миллионнан аса халық тілдік дикриминацияға ұшырап отыр.**

Бұл келеңсіздіктің шешімін **таппай жатқан бірнеше себептері бар.**

**Бірінші,** мемлекеттік қызметке үміткерлердің мемлекеттік тілді білу керектігі туралы талап жоқ.

Екінші, 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 23 - бабында: **«мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік** талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, **мамандықтардың және лауазымдардар тізбесі ҚР** заңдарымен белгіленеді» - деп көрсетілген. Ал 28 жылда бірде бір тізім қабылданған жоқ және қабылданбайды да.

**Үшінші,** мемлекеттік органдарда **барлық құжаттар орысша дайындалып, кейіннен қазақшаға аударылады. Мемлекеттік тіліміз мемлекеттік органдарда ешкімге қажеті жоқ бейшара халде. Бұған** қоса **екі тілде құжат жүргізудің қанша тауқыметі бар: екі есе көп уақыт пен қағаз жұмсау, аудармашылар штатын, арнайы лингвистикалық орталық құру.**

Ал оның барлығы қосымша қаржы және халықтан жиналған салықтың босқа құмға сіңген судай болуы.

**Сондықтан Конституцияның аталмыш нормасын өзгертумен қатар келесі шараларды да қабылдауды талап етеміз:**



1) «ҚР мемлекттік қызметі туралы», «Құқықтық қорғау қызметі туралы», «ҚР сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» және басқа да заңдарға мемлекеттік және құқық қорғау органдарына, сотқа үміткерлер мемлекеттік тілді білуі тиіс деген норма енгізілсін;

2) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» **Заңның 23 - бабының үшінші бөлігі алынып тасталсын немесе мамандардың мемлекеттік тілді қандай дәрежеде білуі керек екендігі тиісті саладағы мемлекеттік органдардың актілерімен анықталады** деп жазылсын.

3) «Құқықтық актілер туралы» Заңда және басқа да тиісті заңнамапарда **мемлекеттік органдардағы құжаттар және құқықтық актілер мемлекеттік тілде дайындалған жағдайда оның орыс тіліндегі мәтіні қажет емес** деп нақты көрсетілсін. **Бұл ұсынысты жүзеге асыру мемлекет қаржысын үнемдейді.**

Әділет министрлігі жанынан құрылған, барлық аумақта филиалы бар, құжаттардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндеріне лингвистикалық сараптама жүргізетін мекеменің жұмысы оңтайланады.

Бұл мәселелер күрделі болмағандықтан, оны кейінге қалдырмай **қазіргі таңда Парламенттің қарауына жатқан мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға өзгеріс енгізуді көздейтін заң жобасы немесе басқа заң жобасы аясында шешуге болады.**

Жоғарыдағы ұсыныстар қыруар қаржысыз мемлекеттік тілді тез дамытуға, оған деген қажеттілік пен сұранысты арттырып, мәртебесін көтеруге септігін тигізері сөзсіз.

Бұл хат басқа тілдерді төмендетейік деген пиғылда әзірленген жоқ.

Әрі Конституциядағы еліміз Қазақстан халқының тілдерін үйрену үшін жағдай туғызады деген нормаларына қарсы емеспіз.

Қадірлі Қасым - Жомарт Кемелұлы! Сіздің өзіңіз елімізде жаңаруды бастап жатқанда, демократиялық талап бойынша (азшылық көпшілікке бағынады) **мемлекеттік тілге Конституцияда жекедара мәртебе беріп, бекітіп алу қазіргі қоғамдағы күн тәртібіндегі ең басты мәселе болып тұр.**

Мемлекет басшысы Ұлт аманатын орындауды өзіне парыз деп санағанда, ел де өзін елміз деп санайды!

*Қол қоюшылар: Ұлт зиялылары (тамыз 2019 ж).*

* * *

***Бәрімізге ортақ қуаныш!***
***Армандап жүрген Қазақ тілінің тағдыры,***
***әрі қарай дамуға, бір қадам алға басқандай.***
***Создан союз тюрских государств!***

Сегодня в Турции состоялся саммит Тюркского совета, он проходит на уровне глав государств. Решением Саммита теперь Тюркский совет будет называться Союзом тюркских государств!

С этого дня начинается сотрудничество, особенно в областях экономики, производства, логистики и вооруженных сил.

Мы являемся свидетелями очень важного процесса для всего тюркского мира.



**ПОЗДРАВЛЯЮ КАЗАХСТАНЦЕВ И ВСЕХ ГРАЖДАН ВОШЕДШИХ В СОЮЗ СТРАН!**

И Венгрия тоже вошла в тюркский союз.

В г. Баку предложили для объеденения всех Тюрков сделать Казахский язык единным для всех Тюркских народов.

Почему Азербайджанские ученые - лингвисты для объеденения всех Тюрков выбрали Казахский язык. Оказалось что из всех Тюркских языков в казахском языке меньше всего иранских, арабских слов, и он больше подходит к тому древней тюркскому языку на котором разговаривали наши предки - древние Тюрки.

В Турции выпушена специальная монета, посвещенная 30 - летию Независимости Республики Казахстан, надпись на которой гласит:

«Казахстан - наследник Тюркского каганата и Золотой Орды. Сердце тюркского мира».

У турецкого правительства историзм мышления гораздо выше, чем у казахского. Как и оценка исторических заслуг и исторического места казахского народа.

Молодцы братья - турки!

*14.11.2021г.*

* * *

Югославияны қырық жыл басқарған, атақты әскери маршал Иосиф Броз Тито қазақша таза сөйлеген, қазақтың әндерін әуелетіп айтқанда ет жүрегіңді елжіретеді екен.

Көшпенділердің салт - дәстүрін жақсы ұстағаны сондай, қымыз ішкенді ұнататын Тито мырза, армансыз қазақша сөйлескенді жаны қалапты. Қазақпен Титоны байланыстырып тұрған қандай құдірет?

1967 жылы Мәскеу қаласында Қазан төңкерісінің 50 жылдығы айрықша атап өтіледі. Саяси мәні басым тойға сол кездегі социалистік лагерь елдерінің басшылары, сырт мемлекеттердегі коммунистік партияның жетекшілері бірі қалмай шақырылғаны анық.

Осы тойға құрметті қонақ ретінде Монголия елінің басшысы, маршал Юмжагийн Цеденбал да қатысады. Бұл адамның әйелі Анастасия Ивановна орыс ұлтынан, әрі өзі де Кеңес елінде білім алғандықтан орыс тілін еркін меңгерген жайы бар.

Тойдың әбден қызған тұсында Моңғолия маршалы Ю.Цеденбалға Югославия елінің басшысы, әскери маршал Иосиф Броз Тито жолыққысы келетін жайлы хабар жетеді.

Броз Тито - 1982 жылы Хорватияның солтүстігіндегі Кумровец атты елді мекенде туған. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1915 жылы майдан алаңында жараланып орыстардың тұтқынына түсіп, лагерьде болған. Осында жүріп орыс тілін үйренген.

Тіпті Лев Толстой шығармаларын түпнұсқада сүйсініп оқыған. Кейін коммунистік партияның халықаралық қайраткерлерінің біріне айналып, 30 жыл мемлекет басқарып, 40 жыл Югославия коммунистеріне көсем болды.

Сөйтіп екі елдің қос маршалы Мәскеу төрінде қол алысып, орыс тілінде армансыз әңгімелескен. Бір әредікте Броз Тито: «Секе, менің арманым биебаудың басында тұрып, сары қымыздан қанғанша бір ішу.

Естіуімше, сіздің елдің жайлауында тамыздың шүйгін шөбіне піскен қымыз көп дейді. Құдай бұйырса,



келесі жылы бірге отырып, жайлауда қымыз ішсек қалай?» деп әзіл - шыны аралас ұсыныс айтады. Ю.Цеденбал жарықтық «Келіңіз, қанша ішсеңіз де қымыз табылады» деп жалбақ қағады.

Сонымен келесі, 1968 жылы Югославия басшысы Моңғол еліне келеді. Көміліп қымыз ішеді. Жуықта осы тарихи сапар жайлы жазылған естелікке көзім түсті. Авторы - Моңголху Бестайұлы дейтін қазақ екен. Бұл ағамыз Шыңғыс хан жұртына аты мәлім журналист. Бір айыбы - тек моңголша жазады. Ұзақ жыл елдің бас басылымы «Үнен! (Правда) газетінде тілші болған.

Мүкеңнің айтуынша Броз Титоның өмір - тарихында көшпенділердің дәстүр - салты айрықша қымбат. Өйткені 1915 жылы орыстың тұтқынына түскен ол Оралға жер аударылады. Тито бұл арадан қашып шығып Омбы қаласының маңындағы Александровск ауылында жансауғалап жүрген жерінен қазақтың бір байы өкіл бала етіп «асырап» алады.

Сөйтіп Тито қазақтың ұлы болып шыға келеді. Өкіл әкесінің сібірліктерден сатып алған су диірменін іске қосып, ұн тартып қазақтарды қарық қылады. Бұл оқиға жайлы 1987 жылы Мәскеуде жарық көрген «Они остаются с нами» атты Титоның өз естелігінде. «Түрмеде өлімші қалде жатқан мені қазақтың бір дәулетті адамы келіп, алып кетті. 10 шақты киіз үйден тұратын қазақ аулына әкелді.

Кейін білсем бұл жер қазақтардың мекені екен. Орыстар өлкені «Киргизская край» деп атағандықтан мен өзімді алғашында қырғыздардың арасында жүрмін деп ойладым. Кейін білдім бұлар ұшан - теңіз даланың иесі, әрі көшпенділердің соңғы мұрагері қазақтар екен.

Өкіл әкемнің тек өзінде 2500 жылқы болды. Мен қазақша тәп - тәуір сөйлейтін және халық әндерін нақыштап айтатын дәрежеге жеттім. Айдауда жүргенде өкпеме суық тиіп, ауыр дертке шалдыққан едім. Қазақ аулына келіп үздіксіз қымыз ішудің арқасында 3 жылда құлан - таза айықтым».

Тағы бір дерек, орыс қаламгері Евгений Матониннің «ЖЗЛ» сериясымен 2012 жылы жарық көрген «Броз Тито» атты кітабы бар. Осы туындының «Ресей тұтқында болған күндер» атты бөлімінде: «1917-1920 жылдары аралығында Иосиф Броз қырғыздардың арасында өмір сүрді.

Ол өзінің өкіл әкесі Жексенбаевқа (түпнұсқада Жаксенбаев) адал болды. Ол өз ағайындарын (қазақтарды айтады) ақтардың бұлап - тонауына қарсы көтеріп, халықты большевиктік сенімге бағыттады» деп жазыпты. Бұл жазбада Титоны қазақ асырап алғанын анық аңғарамыз.

Сол сияқты аталған тақырып бойыша ізденген қазақ журналисі Қуаныш Ахметов марқұмның пайымдауынша Титоның асырап алған өкіл әкесі - Иса Жексенбаев деген ауқатты қазақ. Оның Омбы қаласына таяу маңда жеке шаруашылығы болған. Егіншілікпен айналысқан, жылқы өсірген. Тіпті Исекең көрші Михайловка атты ауылда тұратын Полина Белоусова деген орыс қызға құда түсіп, қалың малын төлеп Титоны үйлендірген.

Онымен қоймай қызыл бөренеден қиюластырып үй салып берген. Исекең 1937 жылы омбылық қайраткер Мұқан Әйтпеновтің контрреволюциялық тобында болды деген жала арқалап, «халық жауы» ретінде атылып кеткен екен. Ұрпақтары (Жүнісовтар) бар. Олар Омбы



облысы Шарбақты ауданы «Қойшыбай» аулында тұрады *(«Егемен Қазақстан». 25 шілде, 2001 ж).*

Сөзіміздің басына қайта оралайық. Моңғолдың кең көсілген даласы, шұрқыраған жылқы, жайылып жатқан малды көріп, өзінің қазақ даласында өткізген күндері есіне түскен Тито «менімен қазақша сөйлесетін адам бар ма?» дейді ғой. Сол тұста Моңғолияның Жоспарлау агентігінің төрағасы, кейін Министрлер кеңесінің бірінші орынбасары қызметіне дейін көтерілген, бала кезінде қазақтардың арасында өсіп, қазақ тілін үйренген Түменбайыр Рагша деген азамат «Кел сөйлесейік мен бармын» депті.

Сөйтіп екеуі кең жайлауда киіз үйде қымыз ішіп отырып қазақша көсілген көрінеді.. Содан қымызға қызған Тито «мен қазақша өлең айтам» дейді ғой. «Қандай өлең айтасыз?» «Қараторғай». Қасындағы Рагша досы дереу «Маршал Титоның орындауында қазақтың халық әні «Қараторғай» деп салтанатты түрде жариялап жіберіпті. Содан екеуі қосылып әлгі әнді айтып шыққан екен, маршал Цеден бал қол соғып қарық болыпты.

Броз Тито партизандар отрядының командирі болған. Югославияны 1941 - 45 жылдары жаулап алған немістерді қынадай қырған. Соғыс жылдарында, Броз Тито Совет армиясының неміс әскеріне пленге түскен солдаттарын азат етеді.

Совет армиясының тұтқындарын өзінің партизан отрядына қосқан. Ал тұтқындар арасындағы қазақтарды Рота, Полк, Батальон командирі етіп тағайындады..

Соғыс біткесін Сталин барлық неміс тұтқынында болып келген Совет жауынгерлерін «Сатқындар» деген жалаумен 10 - 20 жылға соттап жіберді.

Ал осы кезде Броз Тито соғыс біткен кезде партизан жасағындағы қазақтарды СССР - ге жібермей қояды. Себебі еліне қайтса болды НКВД 25 жылға соттап жібереді.

Броз Тито барлық қазақтарды Югаславияда қалуға үгіттейді: «Мен қазақтарды СССР - ге жібере алмаймын себебі мен Қазақтарға қарыздармын» - деп айтқан көрінеді. (мақала авторы Бекен Қайратұлы).

Міне осындай тарихтағы Ұлы адамдар Броз Тито сияқты арып - ашып жүріп қазақтың тілін үйреніп, өлеңін айтқан болса және өмір бойы жадында сақтай білген болса, басқа ұлттың өкілдерін атамай - ақ біздің мәңгүрт қазақтарымыз отыз жылдан бері қазақтың өлеңін айтпай - ақ, ананың ақ сүтімен берілетін ана тілінде сөйлей алмай жүр. Тіпті әр нәрсені сылтау етіп талпынып сөйлегісі де келмейді. Кемшіліктің ең бастысы шетелдің оқуын тауысып, билікте отырған қазақтардың ана тілінде сөйлегісі келмегені. Олардың тек ойлайтыны ана тілінде сөйлеп, елін көркейту емес, қалай өз халқының байлығын тонап шетелге қашу. Отанды сүю, - дегенді айта көрмеңіз. Көздеріне шел бітіп, қара халықтың қанын сор беру - сора беру. «Балық басынан шіриді», - деген осы. Осындай қазақтарды, шынымен қазақтан, анадан туды ма? - деп ойлайсың.



НЕ деген көріпкелдік!!!
Таң қаламын!

**Кезінде Мөңке би келешек туралы былай депті:**

«Кер заман кезінде: - Көлдің суы бітіп, табаны қалар,
Аттың жүйрігі кетіп, шабаны қалар,
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалар,
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар,
Сөйтіп, ақылы жоқ санасыздың заманы болар.
Кер заманның кезінде: -
Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады,
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішіне шынтақ айналмайтын,
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң, ауырып қалатын,
Бедірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес - кестеп өтетін,
Кекірей деген келінің болады.
Табалдырықтан биік тау болмас,
Туысқаннан мықты жау болмас.
Кер заманның кезінде су тартылар,
Тана мен торпаққа жүк артылар,
Ар - ұяттың бәрінен жұрдай болып
Қарап тұрған жігітке қыз артылар.
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің де ішпейді,
Бірақ адам оған құмар болады.
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады,
Ит пен мысықтай ырылдасқан

Еркек пен қатының болады...
Кер заманның кезінде:-
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,
Бетіңнен ала түсетін інің болады,
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады,
Еркегің қазаншы болады,
Әйелің базаршы болады.
Жылқы жұлдыз болады,
Қой құндыз болады.
Кебір жерге теңеледі,
Әйел ерге теңеледі.
Көл теңізге теңеледі,
Сиыр өгізге теңеледі.
Ақырзаман адамы -
Сағынып тамақ жемейді,
Ащыны ащы демейді.
Тапқанын олжа дейді,
Алһам білгенін молда дейді.
Бір - біріне қарыз бермейді,
Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді.
Сарылып келіп тосады,
Құны жоқ қағазды судай шашады.
Ақырзаман халқының -
Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ.
Лағынет қамыты мойнында,
Жұмыстан қолының босы жоқ.
Әрқашанда олардың
Көңілінің қошы жоқ.
Бар шаруасы түп - түгел,
Енді мұның иесі жоқ.



Заман ақыр боларда -
Жер тақыр болар,
Халқы пақыр болар.
Балалар жетім болар,
Әйелдер жесір болар,
«Ә» десе «Мә» дейтін кесір болар.
Бас қосылған жерлерде,
Әйел жағы ден болар.
Жаман - жақсы айтса да
Өзінікі жөн болар.
Орай салып бастарын,
Жалпылдатып шаштарын,
Тақымдары жалтылдап,
Емшектері салпылдап,
Ұят жағы кем болар.
Өйткен заман кез болса,
Түзелу қиын болар!...» .

Қалай дәл айтылған. Дәл қазір бүткіл қазақ осы болжамда айтылған «Кер заманның» қақ «төрінде» отырған жоқ па?! Осыдан асқан көріпкелдік болуы мүмкін бе?! Мөңке бидің де, оның ұрпақтарының жерленген жері Маңғыстаудың қырында, ол жер күні бүгінде де Қара Мөңке деп аталады.

Иә, Кеңес үкіметі қазақ халқын Мөңке би айтқан заманға әкелді. Бастан кешкен «Тағдырды», енді біз егемендік алған уақытта осы дерттен қалай құтыламыз? Бұл дертті қазір біздер тоқтатпасақ, келешек ұрпаққа індет болып жайылып келеді. Тоқтату әр қазақтың парызы. Әркім шамасы келгенше ат салысу керек. Халқымыздың келешектегі **«Тағдыры».** Біз Мөңке би керемет айтты, деп жар саламыз. Бірақ, ешқандай

нәтиже шығармаймыз. Айтамыз да қоямыз. Әр отбасы өз отбасынан бастау керек. Кеңес үкіметінің зардабынан құтылған жоқпыз, одан құтылайық деп талпынбаймызда. Егемендік алған уақытында, ешкімнен кедергі болмасада, өзіміздің кері тартпалығымыз. Тағы бір себебі қайталап айтамын, билікте отырған орыстілді қазақтар. Қазақ тілін білмейді. Тілді білмегеннен кейін, қазақтың салт - дәстүріне, мәдениетіне үңілмейді. Оған бастарын ауыртпайды. Күн талабындағы тілді, нақты орыс тіліғып қойғандықтан, қазақ жастарыда сол тілге, солардың мәдениетіне жүгінуде. Бұл дегеніңіз қазақ халқын жайлап кеткен індет. Бойды алған індеттен сауығу оңай болмайды. Тек, бір ғана үміт, түркі тілдес халықтармен, одақтас болып, тілімізді - дінімізді - мәдениетімізбен, салт - дәстүрімізді қалпына келтірмесек, басқадай шешімін табатын жолды білмей отырмын. Бірақ шешім, қандастарымыз, түркі халқының одақтасы ғана болып шешімін табады. Жалпы қазақ халқының келешегі, бауырлас: тілі бір, діні бір, түркі халқына байланысты болып отыр.

* * *

Егемендік алдық. Енді ел болудың, мемлекет болудың мәселесі тұрды. Ол үшін экономикапық әл-ахуалды дұрыстау керек болды. Дағдарыстағы елді қалай алға бастау керек деген мәселе тұрды. Ел арасында жұмыссыздық, аштық, парақорлық, бірін - бірін алдау - арбау, тонау тағы басқа жағымсыз іс - әректтер қарапайым халықтың сорына көбейіп кетті. Тіпті ашынған халық «Кеңес үкіметіне» зар болып қалды. Одақтас Республикаларды экономикалық тұрғыдан бір - біріне тәуелді ету, сөйтіп бір тұтастықты ұстап тұру «Кеңес



үкіметінің» әдейі жасалған саясаты еді. Ол бір күндік шаруа емес еді, ол «Кеңес үкіметі» құрылғаннан бастап ұдайы дамып келе жатқан саясат еді. Сөзіме дәлел болсын, біраз мысал келтірейін: Қазақстанда «Менделеев» таблицасыдағы элементтердің бәрі бар дейміз, бірақ соны осы күнге дейін өзіміз тікелей пайдалана аламыз ба? Жоқ. Мұнай өндіруден Әлемдегі мемлекеттердің алдыңғы қатарындамыз, оны өңдейтін бірде - бір завод болған жоқ, егемендік алғалы ширек ғасыр болды әлі солаймыз. Көмір өндірдік, комбайндарды басқа технникаларды Украинадан, Ресейден алдырдық, миллиард пұттап астық бердік тракторды - комбайнды Белоуссиядан, Украйнадан алдырдық, тіпті алматыда өндірілген «Қазақстан» сигаретінің фильтірін «Армениядан» алдырдық. Ресейдің Горький атындағы заводттан шығатын автомобильдің кузовын Фрунзеде (Пішкекте) салушы еді. Бидайды, күрішті, мақтаны, теріні басқа өнімдерді алып кетіп басқа республикаларда өңдейді. Біз өндіруші ғана Республика болдық, әліде солаймыз. Тіпті бір жаратқанның берген, көлдегі балығын, даладағы өріп жүрген киігіне дейін өзіміз пайдалана алғанымыз жоқ. Бірақ осынының бәрін өндіріп жатқан қазақ. Біздің әлі шикізат өңдейтін өндірісіміз жоқ. Аз ғана биліктегі топ, бар байлығымызды жекешелендіріп алып, шикі зат түрінде шет елге сатуда. Не шет елдіктерге жалға беріп пайдасын көруде. Қара халыққа келіп жатқан ешқандай пайда жоқ. Ат төбеліндей азғана топтың бар байлық еншісінде. Елімнің тағдыры ссылай, жоқшылықтың күнін көруде. Не баспана жоқ, тегін емделу - тегін оқуға қара халықтың қолы жетпейді, жаппай жұмыссыздық. Осы кілеңсіз жағдайдың бәрі елді дағдарысқа ұшыратуда. Ұры - қарының заманы

болып кетті. Ұры болғанда, алпауыт ұрылардың заманы, түйені түгімен емес, түгелдей мемлекетті жұтып жіберетін ұрылар болып отыр. Тағдырымыз әрі қарай қалай жалғасады түсініксіз?

* * *

Ең бірінші қателік біздің елімізде жекелендірушіліктен басталды. Жекелендіру - деген елді ыдырату, бірлігін кетіру еді және биліктің пайдасына шешіліп жемқорлыққа жол беру болды. Қазір ширек ғасырдан астам уақыт өтті, мемлекетімізде жемқорлық мықтап дамыды. Нешетүрлі жолмен жемқорлық деген дамып келеді. Тіпті жемқорлық институты ашылды, халыққа нешетүрлі жолдарын ұсынып отыр. Билікке келгендер жемқорлықтың нешетүрлі жолдарын ашады. Жемқорлығы жоқ бір саланы айта аласыз ба? Жоқ. Ата заңға сүйенем десеңіз, сол заңды жүзеге асырушы сот, прокурор, полицияңыз - еліміздегі басты жемқорлар. Ішкі істер министрлігінің бір есебінде - жемқорлық аталған салада өткен жылға қарағанда пәлен пайызға төмендеді деп министрліктегілер мақтана жазады. Егер, ойласаңыз ол салада жемқорлық болу керек пе? Билік өздері жасырмай жылына халықтың қанша байлығын жегенін жазып жатады. Жемқорлықты жоямыз - деп неше түрлі бақылайтын органдарды ашып жатады, ал оларыңыздың өзі артыңды ашам - деп қорқытып өздері қоса жеп жатады. Яғни, билікке жемқорлық институтынан келеді және жемқорлықтың жаңа жолын дамытады.

Жекешелендіру деген өз еңбегіңмен өзің күн көру - біреуге емес өзіңе еңбек етіп байисың деп халыққа жар салды, оған қара халық дайын емес еді. Мысалға сол бір кездегі (1990 жылдар) жұмыс істегендердің үлесі



ғана есептелді, ал сол сол шаруашылықты бұрын құрған кейінде басқа жаққа ауысып кеткен немесе өмірден өткен адамдардың үлесі қайда. Халыққа қызмет еткен мұғалім - дәрігерлердің және басқалардың үлесі қайда. Сол шаруашылықты билеп отырған бес - алты адам бар шимандысын өздері бөліп алды және жоғарыдағылармен бөлісті де, қалған - құтқан, сүйек - саяғын жәй жұмыскерге (шаруаға) бере салды. Жер бөлісі де солай болды, жақсы шұрайлы жерді басқарып отырған адамдар өздері алды, құмдақ шөлейт жер, адам баспайтын жерлерді қара халыққа берді. Билік кен орындарын бала шағасы үрім бұтағымен өздері басып қалды. Ойбай, өзіміз игере алмаймыз шетел болмаса - деп шетелден инвесторлар шақырып енді солар арқылы жей бастады, әлі де қара халықтың байлығын сорып келеді. Тіпті тұрған үйіңді жекешелендіру. Бір Қарағандыны алайық. Кеңес уақытында көп ұлтты қала болды, шындығын айтсақ, орыстардың қаласы болды. Егемендік алған кезде жұмыс жоқ, жарық жоқ, су жоқ, ел дағдарыста болған кезде, үйлерін (пәтерлерін) бір малға немесе арзанға, тіпті босқа тастап ата - жұртына (ресейге, германияға және т.б.)кеткендер көп болды. Су жоқ, жылу жоқ, жарық жоқ үйлер қаңырап бос қалды, құлады. Сол үйге ауылдағы жұмыссыз қалған қазақтарымыз келіп қоныстанды, бұзылған үйлерді қалпына келтірді. Енді ес жиып ел бола бастаған кезде, қашып - босып бас сауғалап кеткен ұлттарымыз қайта келіп, сот арқылы тастап кеткен үйлерін тартып алып, біздің халқымызға қайта сатып, ақшаны қалталарына басып еліне тайды. Біздің аңқау қазағымыз далада улап - шулап қалды. Билік осының бәрін біле тұрып қашып кеткендерге қайта

сатуға жол берді, себебі өздерінің есебі болды. Себебі билік керемет ғимараттарды өздері жекешелендіріп алып, қайтадан өзіміздің халық игілігіне қайта сатты. Тіпті жап - жақсы жұмыс істеп тұрған жұмыс орнын, әдейі банкрот қылып, өздері арзан бағаға сатып алады да, қайтадан қымбат бағаға сатады. Яғни, соқырдың өз бидайың өзіне қуырып береді.

Елде бұрын болмаған, тонау - кісі өлтіру, зорлық - зомбылық көбейіп кетті. Ұсталғандары заң орнына ақшасын төлеп жазадан құтылып жатты. Әлі де кездеседі. Заң орындары қара халық біледі, әділ жазаға бармайды, билік қалай айтады солай шешеді, «ақ» десе ақ дейді, «қара» десе қара дейді. Немесе қалталылар заң орындағылардың «жемсауын» толтырып ақтап алып шығады.

Жаңалық ашып керегі жоқ, егерде жекшелендірмей кеңес үкіметінің алғашқы кезіңіндегідей коллективтендірсе болатын еді. Шаруашылықта еңбек еткен адам, сол қалпында қалатын еді. Ешқандай талан - тараж болмайтын еді. Шаруашылық төрағасын, алқа мүшелерін ұжым жыл сайын өздері сайлайтын еді. Төр аға, алқа мүшелерімен бірге жыл сайын есеп беретін. Шаруашылықтың кіріс - шығысын айтатын, атқарылған жұмысын, алда не істеу керек екенін жоспарлайтын. Ұжым мүшелері басшылықты қалдыру - қалдырмауын өздері шешетін, атқарылған жұмыстарына қарай баға беретін. Ұжым мүшелері де еңбегіне қарай ақысын алатын. Міне «демократия» деген осы еді. Билік бұл жолды білді, себебі жаңалық емес еді, бірақ әдейі бармады. Егерде ол жолға барғанда өздеріне ештеңе тимей қалатын еді, биліктің жемсауын толтыратын жол емес еді. Ел басы бір жиында, жейтінін жеп болдыңдар



ғой, енді халыққа қызмет етсеңдерші деп жалынып еді. Оған болама, жемсауы ортайғанда қайта толтырып отыру керек. Иә, болады кейде жемсауы қорытпай қайта құсып жататыны. Дегенмен үйренген жағдай ғой, қайта емдеп алып, қайта жеуге кіріседі. «Балық басынан шіриді» - дегендей хақымыз осындай «дертке» душар болды.

Халқымның «Тағдыры» - көз жасы.

**Ұлы Абайдың бір шумақ өлеңі есіме түседі:**

...Не болып барады мынау заман,
Шошимын кейінгі жас балалардан.
Терін сатпай, телміріп, көзін сатып
Теп - тегіс жұрттың бәрі аларман...

* * *

## *Дін туралы бірер сөз.*

«Әуретті жерлеріңді жап» дейді. Ол деген сөз ұятты жерлеріңді жап дегені. Сенің басың, бетің ұяттты жер емес қой. Ол құдайдың жаратқаны. Ұятты жер мына мойыннан төмен жақ. Қазақ онсыз да ол жерін ашып шашқан жоқ. Қазақтың қызы тұрмысқа шыққанға дейін басына орамал салмаған.. Кәмшат бөрік, құндыз бөрік үкілі тақия, шашақты сорабақ, моншақты қасаба, жырға деген сондай әдемі бас киімдер болған. Шаштарын он күн тарап бес күн өрген деген, шаш күтіміне көп көңіл бөлген. Қолаң шаш, сүмбіл шаш, қара шаш, алтын шаш соның бәрі қыздың шашы. Сонда не мұсылман болады екенбіз деп соның бәрін жерге көмуіміз керек пе? Ананың барлығы арабтардікі. Арабтың жері ыстық, құм боран соққан бұрын. Еркегі бар әйелдің бәрі көзінен басқаның бәрін жауып тастаған қарамен. Енді соны алып келіп бізге тықпалайды.

Мұсылман болу үшін араб болудың керегі жоқ. Мысалы, арабтар керемет болатын болса, тегі бір, діні бір, тілі бір неге бірін - бірі қанға бөгіп жатыр? Қырып жатыр. Қаншама жыл болды. Оның несі ислам? Оның несі шариғат? Құдай сақтасын. Қазақтар бұрын жер дауы жесір дауы деп барымтаға шыққанымен оның өзін екі ауыз сөзбен бітіріп отырған. Сөзге тоқтаған. Қазақ өте құдайшыл халық. Бірақ фанатик емес. Қазақ бір ауыз сөз «Құдайсыз құрай сынбайды» деген бір ауыз сөзбен құдайды мойындаған. Ең жаман адамды құдайсыз адам дейді. Жақсы адамды «Ой, құдайы бар екен айналайын» деп айтып жатады. Арабтар бұрын пұтқа табынған. Екі қыздың біреуін тірідей көміп отырған. Содан мына «Тарихи жад» (Историческая память) содан қалып қойған. Әйелді төмен көру қанында бар. Бәрібір тегіне тартпай тұрмайды. Ал қазақта керісінше «Ырыс алды қыз» деп, ырымалдысы қыз болғанда керемет қуанған. «Кететұғын бала, қонақ» деп, қызды әкенің үйінде жүргенде әбден еркелеткен. Жақсыны кигізген. Дәмдіні жегізген. Қолынан келсе жорға мінгізген. Қызды ешқашан есік жаққа отырғызбаған. Оң жақ төрге отырғызған. Тұрмысқа шықпаған қызды оң жақтағы қыз дейтіні содан. Отырған қыздың аяғынан аттау үлкен күнә болып саналған қазақта. Қыз балаға қол көтеру ол үлкен қылмыс болып саналған. Қыздар жаугершілік кезде әкелерімен ағалармен қатар сауыт киіп жауға аттанды. Шайқасты. Оған тарих куә. Айтысты, айтысқа түсті. Бәрін қойып, қыз қууды қарашы! Анау жігіттерді шықпыртқан кезде қандай, аттың құлағында ойнаған. Енді неге осының бәрін жауып, жерге көміп, мұсылман болады екенбіз деп, бейшара қыздардың басына қара орамал салуымыз керек? Қара орамалды байы өлгенде салады.



Қаралы әйел дейді оны. Мысалы, Әуезовтің «Қаралы сұлуында» әйел жыл бойы қаралы орамал салады. Жыл өткеннен кейін жақындары келіп, қаралығын түсіріп, ауыстырып жатады. Өздерін өздері қор қылып, сор болып жүр. Үйлерінде теледидар көрмейді, ешқайда шықпайды, әйтеуір бала тауып жатқандары бар, тек анау еркекке қызмет ету керек бітті. Біраздан кейін надандық шығады, Білімсіз анадан білімсіз ұрпақ көбейеді. Біз біріншіден біліммен, екіншіден өзіміздің тіл арқылы таралатын дәстүрмен ғана ұлтымызды сақтай аламыз. Әрбір адам ұлтымен бірге туады. Ұлтыңмен бірге туған соң, ұлтыңның тілі, бүкіл салт - дәстүрі, елі, жері, тарихы саған тиесілі. Бұл жерде егер дін ұлттың үстіне шықса, ұлт жойылады. «Екі сөздің бірінде қазақпын деп айтпа, мұсылманмын деп айт» дейді. Көрдің бе қандай құйтырқы жаман нәрсе жатыр? Мына радикалды дінге қарай бұрылатындардың ішінде еркекке қарағанда әйелді қайтару қиын екен. Айтыскерлер, небір спортшылар кетті. Атағы барлар мен ақшасы барлар алдымен қармаққа түсіп жатыр.

*Зейнеп Ахметова.*

Иә, өте дұрыс жазып отыр. Бізге жаңалық ашпай-ақ, өз халқымыздың, ата - баба салт дәстүрін ұстасақ болды. Басқа іс - қимыл қажет емес. Егемендік алған кезде неше түрлі діни ағымдар қаптап кетті. Совет үкіметі тілімізді дінімізді жойып бітірген. Халықымыз діни сауатсыз еді. Бір ауылдан, тіпті бір ауданнан өлген адамның жаназасын шығаратын адам табылмай шарық ұрған кездер болды. Міне, сол кезде «аңқау елге арамза молла» деп дін жолындамыз деген неше түрлі адамдар, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетті.

Көбісінікі дін жолы емес, дінді желеу етіп, өздерінің пайдасы, өздерінің құлқыны еді. Сол кезде, аңқау - ақ көңіл қазағымыз, әсіресе жастарымыз соған бой ұрып қалды. Теріс пиғылды ағымдар көбейіп, етек алып кетті. Енді сол індеттен жастарымызды сауықтыру қиынға соғып тұр.

Менің өз басымның құдайға сенуім, бес мезгіл намаз оқуым, аруаққа жалынуым, ата - бабамнан келе жатқан, сенімім. Бірақ, мен басқалар айтып жатыр, деп «араб» болуым, не басқа діни ағым жолына түсуім керек емес.

* * *

Шоқпартоғай жерінде өмірге келген 88 - жасында өмірден өткен қариямыздың әңгімесі. Рамазан айында ораза ұстау жайында әңгімелеп берген еді. Ораза ұстау қазір бала - шағаның мазағына айналды. Оразаны пайғамбар жасына келген кезде ұстау керек. Неге Пайғамбарымыздың өзі сол уақытта ұстаған. Жасы келген адам ұстайды. Тіптен жастарға қажеті жоқ. Өлім көбейді жастардың. Себебі қызық оларға, келемеж етті. Орта жастағы әйел адам ұстап жатады. Және де мен оразамын, - деп жар салады. Әйел адамға қажеті жоқ. Міндетті емес айналайындар. Ол еріншек, ештеңе істегісі келмейтін әйелдің ісі, бәрі ойыншық болды балдарым. Әйел адамның сәні үй шаруасын дөңгелете ұстау парызы. Қазір оразаны жарнамалап күлкілі әзілдерге айналдырған. Тіптен ұят нәрсе. Жас жігіттерге не керек. Тепсе темір үзетін жігіттер тек тәттілеп тамақ ішу үшін. Ана жаққа барғанда есеп береді деп, ол жаққа кім барып келген көкежандар - ау. Әркімнің өзінің өмірге деген сенімі болу керек, болды.



Құрметті имамдар, мені оқып отырған болсаңыздар, бір сұрақ: «Неге уағыз айтқанда барып келгендей етіп тек о дүниені айта бересіздер?» Есіте - есіте құлақ жауыр болды ғой. Бұл дүниені неге айтпайсыздар? Неге жастарға қазақтың салт - дәстүрін насихаттамайсыздар? Қазақтың салт - дәстүрінің шариғатқа қайшы келетін жерін көріп тұрғаным жоқ. Пайғамбарымыз үйткен - бүйткен дерсіздер. Иә, Пайғамбарымыз араб болғандықтан, өзінің - дәстүрін ұстанады. Қайта содан үлгі алып, өз салт - дәстүрімізді ұстануға неге шақырмайсыздар? Міне, сіздердің дәрежелеріңіздің төмендігі сонда. Жаттанды сөзден шыға алмайсыздар. Және мешітке бара қалсаң, дікіңдеп, өзі салған мешіт сияқты болғандарыңызға не себеп? Мешіт сіздердің әкелеріңіздің үйі емес қой. Сондай әдеттеріңізді пайдаланған салафилер өздеріне жастарды тартуда. Алланың алдында бәріміз тең екенімізді ұмытпағандарыңыз жөн болар еді. Ақшаң көбейсе бау - бақша ек, көпір сал, жол сал, жетім - жесірдің үйлерін жөндеп бер, ауру - сырқаулардың дәрі - дәрмегін алып бер, - міне ең сауаптың үлкені осы» деген имамды көрмедім. Тек «намаз оқы, қажыға бар, сонда жәнаттқа барасың» дегеннен басқаны естімейміз. Иә, қажыға бару модаға айналды: талақ қылып, бес - алты баласы жетім болып жүргендер де қажылыққа барып, қажы атануда.Қажылықтың шарттарын неге уағызда түсіндіріп отырмайсыздар? Балдарын жетім етіп жүріп, өздері қажылыққа бару - бұл сауап емес, күнә ғой. Күнә болғанда ең үлкені. Бау - бақша ексең, пайдасын көрмесең де, соны жеген құстардың сауабы тимей ме? Көпірден, жолдан өткен әр бір адамнан сауап түспейме? «Үлкендердің алдын кесіп өтпе,

автобустарда орын бер, көшеден өткізіп жібер, атына мінгізіп жібер, жолда тұрса алып кет», - міне сауаптың үлкені деген қарапайым қағиданы айтқан имамды да көрмедім. Жоқ, бұларды айтуға сіздерде ұрықсат бермейме, әлде құранға қайшы ма, жоқ әлде сауатсыздық ла? Енді имамдарды қолға алатын кез жеткен сияқты. Деп, әңгімесін ренжумен аяқтаған пендеге менде иә, деп қосылдым.

Иә, дінімізде айтылатын сөздің бәрі; дұрыс жүру, дұрыс тұру, жоғарыда ақсақалымыз айтқандай шамаң келгенше жақсылық жасау. Соны келешек ұрпаққа түсіндіру. Мақсат о дүниеде, азап отына барасың деп қорқыту емес, шошындыру емес. Ойлап қарасаңыз, о дүниеге бармай - ақ, осы өмірде азап шегіп жатқандар қаншама? Соғыс отын, қақтығыстарды былай қойғанда, бейбіт өмірде тозақ отын кешіп жүргендер қаншама? Біреу он екі мүшесінен айрылады, біреу онкологиялық ауруға шалдығып азаптанса, енді біреулер от құшып, не суға батып, не жол апатынан өмірден өтіп жатады. Жаңа туған нәрестелер өмірден кетіп жатады. Аталған жағдайлардың бәріне душар болып жатқандар, құдайдан безгендер емес қой. Кейде ауртпалық басына түскен пендеге «сынақ» деп айтамыз. Неге сонда, ұры-қарылар, адамға зорлық жасайтындар, неге сол тозақ отына, не сол сынаққа жер бетінде жүргенде түспейді? Сондықтанда қара халықты қорқытып, имамдар өз икеміне келтіру керек емес. Қайта дұрыс тәлім - тәрбие беріп, дұрыс жолға салу. Бұл дегеніміз діннен безу емес. Қайта діни сеніміміз бен,ісіміздің қабысып, ортақ мақсатымыздың орындалуы. Жастарымыздың өмірде дұрыс жол табуы. Сондықтан да жастарымыздың тағдырына, келешек ұрпақ



тағдырына бей - жәй қарамау керек. Үлкендеріміз өздерінің жауапкершілігін сезіну керек. Қандай ісіңмен, ұрпағыңа үлгі боласың. Біздің халықта «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген, тон пішер» дейді. Міне, осы атадан қалған аталы сөздің өзі, біздің жауапкершілігімізді ұрпағымыздың алдында міндеттеп отыр. Сол себептенде, сол тәрбиенің бірі діни сенім. Ал, діни сенімге әр пенде жауакершілікпен қарау керек.

**Керексізді керек деп**
**Санасыз ойсыз дедектеп.**
**Керекке осы керек деп**
**Адасқан азап емес пе? -** *дейді*

*Құдайберген Шәкәрім*

* * *

Біздің мемлекетімізді басқарып отырған кімдер? Дұрыс басқарып отыр ма? Отанына - еліне адал қызмет жасай ма? Халқының көңілінен шыға ма??? Осы сұрақты өзіңізге - өзіңіз қойсаңыз, нақты жауап таба алмассыз. Өткен «егеменді» ширек ғасырыдан асқан уақытқа үңіліп көрейікші. Күлеміз бе, жылаймыз ба, ұяламыз ба, әлде ақталамыз ба - келешек ұрпаққа не айтамыз? Менің елімнің **«Тағдыры»** не болады?

Дұрыс жауап болар еді, егерде Біріккен Араб Әмірлігі қалай көркейіп кетті, сол мемлекет іске асырған шаруаны біз де басшылыққа алғанда. Ешқандай жаңалық ашып керек емес еді. Мен сол Араб мемлектінің жалпы халық білетін, атқарған іс - шараларын қолымдағы мәліметтерге байланысты орыс тілінде жазылған, ешқандай өзгертусіз жазайын, содан кейін саралайық.

Объединенные Арабские Эмираты, конечно, черезмерно удивляют. Про то, как они живут - все уже неоднократно слышали. Нам того и не снилось. Может когда - либо приснится. Но не более. Вот что хотелось бы отметить. Здесь всю ключевую роль в новом государственном строительстве сыграла одна личность. Шейх Зайд. Именно он стал основателем не зависимого ОАЭ. Первый президент. Лидер Нации. 33 года правил. Арабы его любя называют Отцом основателем. Есть за что! 50 лет назад здесь не было ничего. Только пустыня пальмы, верблюды и рыбацкие лодки. Бедуины с кочевым образом жизни, которые делились на племена. На заре независимости они прошли через все трудности, как и любая страна, которая только обрела независимость. Затем хлынул прилив нефтедолларов. Вот здесь вот и проявились личные моральные качества первого президента. Он начал умело вкладывать средств в развитие экономики. Сталь дальновидно и мудро распоряжаться доходами. Впервую очередь застроил жилищный фонд, чтобы в стране не было бездомных и всякого рода ипотечников. Чтобы граждане не жили в шалашах, времянках, общежитиях, шатрах. Он обеспечил каждую семью собственным жилищем. Выделил каждому гражданину долю от продажи ресурсов. Богатство принадлежали всем гражданам. Затем он начал строить школы, чтобы каждый гражданин мог получить доступ к первичному образованию. Он строил больницы, чтобы нация была здоровая. С тех пор лечение здесь бесплатно. Никаких справок, квот, частных клиник, криворуких хирургов и безумных врачей. Граждане получили возможность получать бесплатное высшее образование в любой



точке мира. Без всяких залогов недвижимости, как это делали другие, которые давали доступ только своим и привилегированным. Он дал людям все, что им принадлежит по праву. Он с умом начал вкладывать в развитие сельского хозяйства, промышленности и туризма. Каждый иностранный бизнес должен был брать в долю местного гражданина. За годы его правления страна не погрязла в коррупции. Её практически нет. Страну не охватила преступность. Её здесь тоже нет. Самое важное - здесь женщины в полной безопасности. Здесь в сутки пять женщин не подвергаются сексуальному насилию. Здесь детей не развращают. В туалетах не насилуют. Здесь вообше нет педофилов. Здесь в ДТП не умирают по 7 - 8 человек в сутки. Здесь дороги ровные, без сучка и задоринки. Здесь нет проблем с экологией, когда граждане подвергаются замедленному убиению. Здесь нет такого, чтобы гражданин батрачил на стройке, превращаясь в раба у себя же дома. Здесь экспаты получают намного меньше граждан страны. Здесь нет закредитованного населения. Здесь многодетные не штурмуют исполнительные органы. Здесь женщины не работают. Здесь дети во времянках не сгорают заживо. Здесь школьники не ходять в уличные туалеты. Здесь граждане не покидают страну, уходя скитаться по миру в поисках лучшей жизни. Здесь вообще ни с чем нет проблем. Здесь граждан обеспечивают всем от слова абсолютно.Здесь нет безработных, бездомных и малоимущих. Здесь нет 50% граждан, которые находятся за чертой бедности. Здесь нет суицидов. Здесь нет влачащих нищенство пенсионеров. Здесь вообще нет бедности. Эмираты развиваются стремительно. Они уже давно отошли от

невтяной иглы. Они диверсифицировались, и на другом зарабатывают. Сюда вес мир приезжает полюбоваться оазисом в пустыне. Они ушли далеко вперед. Здесь уже футуристическая архитектура. В следующем году в Дубай пройдет ЭКСПО, на котором предста - вят летающие автомобили и ещё ЛРТ, который будет развивать скорость в 500км/час. Они помогают другим странам развиваться. Они занимаются благотво - рительностью. Это он заложил менталитет. Он сформировал новую культуру. Шех Зайд действительно начал с полного нуля. С голой пустыни когда люди делились на племена и вели бедуинский образ жизни.

В то время, когда у нас было все: от дорог, вокзалов и аэропортов, до институтов, высотных домов и горнолыжных катков.

Сегодня арабы его называют Отцом - основателем. И нигде не встретишь ни одного памятника. Нет национального пантеона. Столица Абу - Даби почему - то не переименована в Шейх Зайд. Там построена белоснежная мечеть, где они покоится. Туда арабы приезжают помолится. Поблагодарить его. Он останется в памяти навечно. Государство строят личности. И то, какими личными качествами обладает лидер, от этого зависит то, каким станет государство. Шейх Заид неустанно повторял? «Богатство - это не деньги. Богатство в человеке. Вот где настоящая сила, которую мы ценим. Это убеждает нас направлять ресурсы на построение личности, использовать данные Богом богатства для службы нации». Шейх Зайд всегда говорил близким, что все богатства принадлежат его народу. И он это доказал. Это насколько нужно любить свой народ, чтобы сделать его полностью



обеспеченным. Это насколько нужно любить Творца, чтобы быть порядочным, честным и справедливым. Это насколько нужно любить свою родную землю, чтобы все вложить в её процветание.

Почему у нас не так, спросите вы?

Наверное, потому что у нас нет выхода к морю!

Иә, осындай ел басқаратын адамдарға қалай сүйсінбейсің. Қалай бар - күш жігерін халқының болашағына жұмсаған адамға табынбайсың. Халқының жүрегінде мәңгілік сақталып қалған. Ал, біздің басшыларымыз, бала - шағаның көз жасынан да, құдайдан да қорықпайды,. Өз халқын қан қақсатып, тонап - қанай беру. Қаншалық уақытқа созылатыны белгісіз? Ертелі - кеш бір әділдік орнар, бірақ қаншама адамның өмірін тозаққа айналдырған, орнын толтыра ала ма?

* * *

Кому же не известно, что первый закон истории - ни под каким видом не допускать лжи; затем - ни в ком случае не боятся правды, не допускать ни тени пристрастия, ни тени злобы. (Марк Цицерон).

Осы бір ұлағатты сөзді оқып отырып, шамамыз келгенше, ой өрісіміз жеткенше, айналамызға баға беріп, адалдықты көздеп, дұрыс шешім қабылдасақ деп, талпынамыз. Ойымыз қаншалықты жүзеге асады, оны уақыт көрсетер.

* * *

## *Арылу*

*Академик Сұлтан Сартаевтың өкініші*

*(Болған оқиға ізімен)*

Қараша айының бел ортасында Алматыға алғашқы қар түсті. Қара суықпен бірге қарт профессордың басына қайғының қара бұлты да үйірілген еді. Алланың ісіне амал бар ма? Қалт - құлт етіп, кәрі сүйегін әрең сүйретіп жүрген дімкәс кісі қапелімде жалғыз ұлынан көз жазып қалды. «Құдай - ау, бұл не қылғаның? Баламды алғанша, қаусап тұрған мені неге әкетпедің?» өзегі өртене зарланды. Бірақ Жаратушының өз есебі бар. Жазмыштың алдында жұмыр басты пенденің қорғансыз, бейшара екендігін санасының түкпірімен терең түйсінген. Ауыр қайғыдан есін жия алмады. Мең - зең күйде біраз күн өтті. Көңіл айтушылардың аяғы әлі басылмаған. Бүгін бейсенбі. Бір қауым кісі құранға қатысқалы келе қалды.

- Міне, Сұлтекең де келді, - деді үй егесі құрдасын көргенде қайғысы жеңілдегендей болып. Қарағай үстелді қаумалай жайғасқан жұрт орындарынан ошарыла көтерілді. Төрде отырған имамның өзі де көкшілдеу көздерін жыпылықтатып, арыстан көрген қабыландай ығыса берді. Құрқылдайдың ұясындай тар бөлмеде қысылысқан қонақтар кешігіп келген кісіге кіре берістен бастап ұмар - жұмар амандасып жатты. Аты аңызға айналған акедемиктің ақ мақтадай былпылдақ алақанына қолы жеткен кейбірінің жүректері ауыздарынан шығардай соқты. Ардақты ақсақал ығы - жығы көлік ішінде алыстағы бос орынға ұмтылған жолаушыдай қинала жылысып, қол беріскендердің жүзіне де қарамай, әупірімдеп төрге жетті. Жұмсақ



орындыққа жайғасқаннан кейін ғана есіктен бері бажайлап қарап, «Е - е, сендер екенсіңдер ғой» дегендей, жүзін шырамытқандармен көз түйістіріп, бас шұлғысты. Дұға жасап, бет сипағаннан соң дәмнен ала отырып, бақилық болған марқұм жайлы жүректегі жақсы сөздерін айтты. Көпшілік оның сөзін бөлген жоқ. «Шіркін - ай!» десіп , өкінісіп, бас изеумен болды.

Тоқсаннан асқан тұрымтайдай ғана қария қайта - қайта көкірегін қарс айыра күрсінеді. Бұрынғы жайдары қалпынан жұрнақ та қалмаған. Жанарының нұры тайып, маңдайы мен көзінің айналасындағы әжімдері тым тереңдеп кеткен.Уақыттың ізі аяусыз шиырылған аққұба жүзін төмен салып, бірер минут үнсіз қалды.

Осы кезде ақсақалдың оң қапталында отырған көк көз имам ұзақ сонар уағызын бастап кетті. Фәнидің мәні, ақырет қамы, пенденің хәлі туралы алыстан орағытып, тереңнен толғады. Одан кейін көңіл айтушылар кезегімен сөйлеп, әркім шамасы келгенше шаңырақтың қайғысын бөлісіп жатты. Бірақ, барлық әңгіменің түйіні төрде отырған қарт академикке ойыса берді. Сөйлеушілердің көбі оның шәкірттері еді. Еңсесі түсіп, езіліп отырған кісінің көңілін аулау ма, әлде, қарт ұстазға деген шынайы құрмет пе, әйтеуір, қаралы күйде емес, мерейтойда отырғандай сыпыра мақтады. «Заңғар заңгер», «Патриарх», «Мэтр», «Даңғайыр ғұлама» деген теңеулер қардай борады. Соңғы сөйлеген ғалым жұртқа қарап:

- Бұл кісі біздің абызымыз! Ата Заңымыздың авторы ғой! Алла ұзақ ғұмыр берсін ағамызға! - деп көтермелеп бара жатты, Оны үнсіз тыңдаған ақсақал оң қолын көтеріп, «тоқтай қал!» деген ишара жасады.

- Ұзақ ғұмыр деймісіңдер? - деп, жан - жағын көзбен шолып өтті, - Осы жерде менен үлкен кісі жоқ. «Жаратушы кәрілікті сүйген құлына береді» дейді. Аллаға шүкір! Жұмыр жердің бетінде біраз жүрдім. Жасым тоқсаннан асты. Кімнің өлгісі келуші еді? Бірақ Алланың бұйыртқаны болады. Солай емеспе, молдеке?

- Иә, солай. Айта беріңіз, аға! - деді имам қарияның сөзін күтіп.

- Жаңа мені «Ата Заңның авторы» деп қалдыңдар ғой, осыған байланысты бір айтпағым бар еді, - деп қария терең күрсініп алды да байыпты жүзін имамға бұрып: - Молдеке! Христиандарда шіркеуге барып, поптың алдына жүгініп, арылу деген салт бар емес пе? «Каяние» дей ме? Біздің шариғатта сол жағы қалай өзі? - деп сұрады.

- Алланың пендесіне мейрімі шексіз. Қатесін түсініп, шын жүректен өкініп, дұға жасаған адамды Алла кешіреді.

- Олай болса міне, мен имамның алдында, шәкірттерімнің ортасында отырмын. Жанымды жегідей жеп, арыма салмақ болған үлкен бір қателігімді айтып, арылғым келеді, Алланың алдында да, келешек ұрпақтардың алдында да, ақтала алар ма екенмін?

- Айтыңыз, аға, - деді имам.

Бөлмеде отырғандар құлақ тосып, іштен тына қалысты.

- Айтсам, былай! Мен халқымның алдында үлкен күнә жасадым. Осы мәселе ғұмыр бойы жыйған абыройдан жұрдай қылатын түрі бар. Оны ойласам күндіз-түні жаным жай таппайды, - деп академик еріксіз іркілді. Көкірегінде «Айтсам ба, айтпасам ба?» деген



күмәнді ой кілкіп тұра қалды. Ойға салып көріп еді: «Ақиқат айтылмай қалмайды. Бүгін сен айтпасаң, ертең уақыттың өзі айтады. Ақиқат бәрібір жарыққа шығады. Одан да өзің айт!» деді ішкі даусы. Жүрегі ерекше тулап қоя берді. «Оқталып қалған соң айтып тынайын» деп шешті де, сөзін жалғады:

- Иә, Ата Заңды жазғандардың басы - қасында жүргенім рас. Ол бір күрделі кезең еді. Әуелі елімізде «Президент қызметін белгілеу туралы» Заң даярладық. Мен осы тұста оңбай қателескен екенмін.

- Ол қандай қателік еді? - деп, отырғандар ынтыға түсті.

- Адамға сенгіштіктен болған қателік.

- Сонда қалай?

- Алғашқы кезде бірінші басшының елге деген ниеті дұрыс болатын. Саясаттың барлық сатысынан өткен. Өзі жас. Алғыр да ақылды басшы. Жүзінен нұр есіп тұратын. Мен оған пайғамбардай сендім. Ел басқаруға одан өзге лайықты адамды елестете алмайтынмын.

Бірде ол мені өзіне шақырып ақылдасты. Елдегі саяси жүйенің жағдайын айтып: «Біз Европа елдеріндегідей қос палаталы парламенттік ел болуымыз керек. Заңды парламенттік басқару жүйесіне бейімдеп жазыңыздар» деп тапсырды. Әттең! Сол бағытпен жүруіміз керек еді...

- Сонымен не болды?

- Мен Қазақстанға парламенттік емес, Президенттік басқару жүйесін енгізуді ұсындым. «Жоқ! Дамыған елдердің барлығында паламенттік жүйе қалыптасқан. Солардың жолымен жүруіміз керек. Демократия да, экономика да соларда. Халықтары

бақытты. Біз ең бірінші кезекте халқымыздың жағдайын ойлауымыз керек. Басқаша болмайды» деді ол. Мен өз позициямды дәлелдеп бақтым: «Парламенттік елде екі мерзімнен артық президент болып сайлана алмайсыз. Өзіңіз бастаған кейбір мемлекеттік, экономикалық макрожобаларды, ұзақ мерзімді бағдарламаларды соңына жеткізуге уақыт тарлық етеді. Ал Президенттік басқару жүйесін енгізсек, кейін Конституциялық Кеңес арқылы Ата Заңды өзгертіп, басқару мерзімін ұзартуға болады. Осы жағын дұрыстап ойланыңыз» дедім. Ол кісі: «Әлі де ойланып көрейік» деп қалды.

Арада бірнеше күн өткен соң мені тағы да шақырды. Бардым. Ол қолымды қысып: «Мен асықпай ойландым. Сіздің ұсынысыңыз орынды екен. Сондықтан Президенттік басқару жүйесін енгізген дұрыс деп шештім. Іске сәт!» деп, Заңды тездетуді тапсырды.

Міне, отыз жыл бойы біздің халқымыз менің сол қателігімнің зардабын тартып келеді. Шексіз билік адамды қатты өзгертіп жібереді екен. Ол кісі мүлдем басқа адамға айналып кетті. Менің үмітім мен сенімім тас - талқан болып күйреді. Елдің жағдайы қандай күйге түскенін ойласам, жүрегім езіледі. Жанымды қоярға жер таппаймын. Әттең! Әттең!!!

Парламенттік жүйемен жүрсек қазіргі жағдайымыз Балтық жағалауы елдерінен әлдеқайда жақсы болар еді. Әлемдегі дамыған елдермен де тереземіз теңесер еді... Қап, әттеген - ай!.. Бәріне мен кінәлімін! Өмірімнің соңы орны толмас өкінішпен өтіп барады. Осы өкініштен өртеніп кететін шығармын. Біз де енді бұл жарықта қанша күн жүрер дейсің? Бәрің мені кешіріңдер! Мен оған сеніп қалдым. Сенген адамым алдап кетті. Кешіріңдер!!!



Академиктің даусына діріл енді. Оның жанын табадағы балықтай шыжғырып жатқан ар сотының үкімі еді.

Құдай сездірді ме, осы оқиғадан кейін ол кісі келместің кемесіне мініп кете барды. Ең бастысы, жағада тұрып кешірім сұрап, арылып үлгерді.

Біреулер арылуға асығар емес...

Иә, өмірде неше түрлі зұлымдар болады. Өз мақсаттарына жеткенше, адамның іші - баурына еніп, сеніміне кіреді. Содан, дегендеріне жеткенде, өз ойларына келгенін істейді. Тарихымызда талай жағдайлар кездескен, әлі де кездеседі. Сенгіштік, көбінесе адамның өз түбіне жетеді. Әрине, сенгіштік қарапайым адамдарда, өз бағасын алар. Ал, биліктегілер, сенімге кіріп, бірінің басын бірі мұжып жатады. Әрине, академигімізде сол сенгіштікке бой алдырды. Қателігін мойындасын, халқынан кешірім сұрасын, онымен халқының жағдайы түзелді ме? Кейде бір адамның қателігі, бүкіл халықтың соры. Сордың, ең бастысы себепкері, дер кезінде билік туралы дұрыс қабылданбаған ата заң.

* * *

...В горах, на подоблачных кручах, обитают архары, рыси, снежные барсы, дикие кошки,улары. Чуть пониже - волки и лисы, куницы и зайцы. Возле самого подножья рыщут корсаки, воют шакалы. Из густых зарослей доносятся соловьиные трели, вскрики фазанов и кекликов. И во всем этим вольном, дышущем покоем удивительном мире есть только одно подлое и гнусное создание - сорока.

Вот она, время от времени треща, летит впереди двух всадников - отца и сына. Словно манит их за собой туда, где много дичи. Ради своей, выгоды - несколько глоточиков теплой крови - сороке выдает всякого, кто попадается ей на глаза. И сейчас она трещит, будто хочеть сказать: следуйте за мной и я приведу вас к цели. И ей можно верить - приведет, без всякого сомнения, приведет. Выдавая всех и вся, сорока и охотников облагодетельствует, и себя не забудет.

- Сынок, - не оборачиваясь, обратился к своему спутнику Тарагай, - Мне тут одна мысль пришла на ум. Я буду говорить, а ты слушай да и на ус наматывай. Не хочу я, чтобы тебе, когда станешь взрослым, пришлось водиться с такими друзьями - приятелями, как вот это сорока. Держись подальше от них. Рано или поздно друг с подковами сорки предаст тебя, столкнет в пропасть. И сделает это ради пустяка, ради минутного удовольствия, ради все тех же нескольких капелек крови, которыми он смочет себе горло. Страшней не враг, а именно вот такой друг - предатель, скачущий с тобой стремя в стремя.

Сын с интересом слушал отца, напрочь забыв о трещавшей поблизости сороке. Слова Тарагая казались ему открытием, в них ощущались трепкая горечь, похожая на запах горных цветов.

- Это сорока, - продолжал Тарагай, - ведет нас к звериным тропам. Она предает нам зверей, которых видит издалека, с высоты своего полета. Но в то же время она своей трескотней как бы предупреждает их и о нашем с тобой приближения. Предостерегает: берегитесь, идут два губителя - охотника с луками за спиной! Те же повадки и у двуногих предателей из



числа людей, точно так же стараются втереться они в доверие, угождая и вашим и нашим, чтобы с большей для себя выгодой предать и тех, и других. Это коварство они переняли не у кого - нибудь - у сороки!...

*(«Смерть Темирлана» Саурбек Бакбергенов)*

Иә осы жерде айтайын дегенім. Осындай екі жүзді адамдар, өмірде кездескен, кездеседі де. Өздерінің мақсатына жету үшін екі жүзді болып, сатқын болып келеді. Соның жолында әр түрлі айла - тәсіл құрып отырады. Оларға кімнің өліп, кімнің тірі қалғаны бәрібір. Тек, өз жағдайы жақсы болып, өз құлқыны қарық болса болғаны. Міне, осындай адамдар билік басындада кездеседі.

**.... Биік мансап - биік жартас,**
**ерінбей еңбектеп жылан да шығады,**
**екпіндеп ұшып қыран да шығады...**

- деген екен Абай.

* * *

Ержан Орымбетовтың Ел басы Н.Назарбаевқа жазған хатын толығымен төменде орыс тілінде ұсынып отырмын. Осы билікке қаншама былықтың бетін ашып жазып берседе, ешкім селт етпейді. Баяғы жартас, бір жар тас. Ит үреді де, қояды дегенге келеді.

Г-н Назарбаев! Состояние Вашей дочери и зятя приблизилось к ВВП Кыргызстана в то время, как 2,3 млн. казахстанцев живут в бедности. В Германии проживает 2 миллиона миллионеров, на долю которых приходится треть богатств страны. В Казахстане же больше половины богатств страны владеют всего 162

человека. Это результаты Ваших реформ, который привели к обогащению элиты и обнищанию простых людей. Ваш предшественник Кунаев заботился о народе и поэтому отдавал свою зарплату академики нуждающимся детям и молодым учёным. Многие реформы Вы переняли у Вашего друга Ли Куан Ю, который бедный и трущобный Сингапур с территорией в две Алматы превратил в богатейшую страну мира. Но он был скромен по природе, поэтому добирался на работу на велосипеде или ходил пешком без всякой охраны, как Кунаев. У Вас же только лайнер стоил 250 млн. доллар и резиденция в 7 раз больше чем у президента США.

Ли Куан Ю прежде всего заботился о благосостоянии свох граждан. Он создал чудо всего за 20 лет, обеспечив 90% сингапурцев собственным жильём. За 30 лет Вашего правления своим жильём обеспечено всего 185 молодых казахстанцев.

Ли Куан Ю близких друзей и родственников за коррупцию сажал в тюрьму. Вы тоже заявили об этом на всю страну, но так не видел ни одного случая. В Сингапуре и Китае крупных коррупционеров расстреливают, у нас же их отпускают по УДО или держат под домашним арестом. Оставив пост главы, ВЫ возглавили Совбез. Это же когда - то сделал отец-основатель китайского чуда Дэн Сяопин. Скромный по природе, он запретил воздвигать ему памятник после его смерти. У нас не то что памятники, а столица названа Вашим именем при жизни. Чиновникам самим не противно лезть из кожи вон, чтобы назвать в Вашу честь улицу или учреждение? Во что они превратили название нашей вакцины?



Глава Туркменистана недавно установил золотой памятник собаке, переплюнув Ниязова. И это в период, когда в стране голод и коронакризис. Но мы не лучше. Отменив салют на юбилей Победы, его провели в день Вашего рождения, когда тысячи наших граждан гибли от пандемии.

При Вас количество больниц сократилось в 2,4 раза. Коронавирус показал нашу несостоятельность противостоять эпидемии. Не хватало коек и лекарств, а пациенты умирали прямо в каретах скорой помощи, не дождавшись очереди. Маски, которые сейчас на базаре стоят 20 тенге, продавались спекулятивно по 150 тенге, а ПЦР тесты по 18 тысяч тенге. Многим было не по карману, что привело к массовому заражению. По данным Сандж заражён был каждый пятый казахстанец. Поэтому не народ Минздраву, а наоборот, Минздрав народу должен сказать спасибо за самоизлечение от вируса. Сейчас в Гонконге и Китае суточное заражение Ковидом в сто раз меньше чем у нас. Все потому, что тесты там проводятся бесплатно. Мы же, пожалев пару миллиардов на бесплатные тесты, летом получили итальянский сценарий. Зато, не задумываясь тогда отдали 90 млрд, тенге на ремонт улицы в Астане. У нас спящий депутат обходится казне в 100 млн. тенге в год. На эту сумму можно полстраны обеспечить бесплатными масками и закрыть эту проблему. Но власть хочет сделать нашу медицину как на западе платной как ПЦР тесты. Однако, простая операция в США стоит 25 тыс. дол. Зачем нам это? Г-н Назарбаев, Ваши реформы привели к развалу нашей медицины. При этом сами Вы лечились в Германии. А как быть нам простым смертным? Ваши реформы

привели к закрытию 500 сёл и ещё почти три тысячи с миллионом сельчан считаются без перспективными. 9 из 10 тракторов изношены, а по поголовью коров мы только недавно сравнялись с уровнем 1927 года, В США фермеров всего 1% населения, но они обеспечивают потребности всей страны. У нас же пол страны живёт в сёлах, а мы не можем закрыть наши потребности даже наполовину. При Вас долг Казахстана стал в 3 раза больше чем у всего СССР. Мы заняли больше средств, чем 11 стран бывшего Союза.

Чтобы нашим женщинам выйти на пенсию в 55, а мужчинам в 60 лет требуется триллион тенге. Но эти деньги мы ежегодно отдаём на погашение внешнего долга. У нас всё наоборот. Хрупкая девушка сбила фуражку полицейского и её посадили в СИЗО. А когда полицейский молотил пассажира в аэропорту, ему ничего не было. У нас говорят сначала фейк, а потом это становится правдой или увольняют чиновников за день до их преступного деяния. Простого смертного заставляют на всю страну извиниться за мелкий проступок, а заставить извиниться укравшего у народа миллиарды, не хватает сил.

Г-н Назарбаев, Вами созданы все условия для процветания элиты, но не народа.

- Повсюду камеры, которые следят и массово штрафуют простых людей. Штрафстан какой - то. Но камер нет в кабинетах чинов, где процветает коррупция.

Трамп на карантине без всяких заявок скинул на карту казахстанцев в США по полмиллиона. А мы с трудом, дав мизер, ещё и пригрозили.



- В российских автосалонах машины стоящие 2,5 у нас продают за 4 млн. тенге. Почему, чтобы поддержать чей - то бизнес, наш народ должен переплачивать двойную цену и обращаться за кредитом, оставляя ещё миллион на проценты? Поэтому необходима кредитная амнистия.

- Наш же газ продается в Шымкенте или Алматы дороже чем газ, который Россия предлагала Германии. Почему на юге Казахстана газ должен быть в 3 раза дороже чем на западе страны? Везде цена должна одинаковой, как к примеру услуги связи.

- Возможность досрочно снять пенсионные на - копления на покупку жилья могут только высокооплачи - ваемые люди, то есть депутаты. Что законы принимаются под себя для элиты, а не простых людей.

Иә, болып жатқан бар былықты ашып, дәлелдеп жазатын адамдар бар. Бірақ, оған құлақ асатын билік бар ма? Қарға қарғаның көзін шұқымайды. Ит үреді де қоядығa, келеді ғой. Міне солай батпақты кешіп жатқан өмір.

* * *

**Аса құрметті кең - байтақ қазақ халқыма!**
**Елім деген ел азаматтарына!**
**Ел басқарып отырған азаматтарға!**
**ҰСЫНЫС**

Қазақтың жері - бізге ата - бабамыздан қалған мұра. Оны бөтен елге ешқашан түбегейлі сатуға немесе жалға сатуға болмайды!

**Тарихқа үңілейікші:** Ресей кезінде Алясканы АҚШ - қа 100 жылға жалға сатқан болатын, ол жерден

Ресей түпкілікті айырылды. Осы оқиғаны дүние жүзі біледі. Сондай - ақ, Күрдістан мемлекеті кезінде жерін кепілдікке қойып қарызға ақша алған болатын. Нәтижесінде қарызын қайтара алмауы себепті 3 ел Ұлыбритания, Франция және Түркия оның жерін бөліп алып, Күрдістан елі мемлекет ретінде тарихтан жойылды. Сонымен қатар, Палестина мемлекеті кезінде жер сатуды парламентке шығарып, жерді шетелдіктерге сату жайлы Заң қабылдаған болатын. Сол заңның негізінде олардың жерінің бір үлкен бөлігін еврейлер сатып алып, сол жерге қазіргі Израйль мемлекетін құрды. Демек, қандай да мемлекет жерін сатса немесе ұзақ жылға бөтен елге жалға берсе, онда ол жерден міндетті түрде айрылады.

Естеріңізге сала кетейін, тәуелсіздік алған жылдан бастап, біздің еліміз Қытай мемлекетіне «өзара даулы» жерлерді, мәселен 1994 жылы Алматы облысының 946 шаршы километр, сосын 1997 жылы 530 шаршы километр (жалпы 174600 гектар, немесе 5 Алматы қаласының орны) жерін берді.

**Бұл жерлер бізге енді ешқашан қайтпайды** Өкімет сөзіне сенсек, бүгінгі таңда Қазақстан мемлекетінің көрші мемлекеттермен даулы жері жоқ. Енді қалған жерімізді көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Қытайға ауыл шаруашылық қажеттілігіне қатысты 1млн. гектар жер беру мәселесі 2009 жылдан бері сөз болып келеді. Қазір Қытайға беруге дайындаған жердің көлемі 1 млн 700 мың гектарға өсті. Кезінде көршіміз Ресей де Қиыр Шығысынан Қытайға үлкен жер беруге шешім қабылдаған еді. Олар алдымен кішкентай жер бөліп көрді. Нәтижесінде қытай шаруаларының жерді



неше түрлі рұқсат етілмеген пестицидтермен өсірген өнімдерінен халқы уланды, жері істен шығып, экологиялық зардап шеккені анықталды. Ресей бұл жобадан бас тартты. Қытайға ешқашан егін егіп, шаруашылық жасауға **жер беруге болмайтындығына** көзі жетті. Егер де біз Қытайға жер берсек, үлкен экономикалық шығынға, экологиялық апатқа тап болатынымыз сөзсіз. Тәуелсіздігімізден айрылып қалу қаупі тұр.

Қазіргі кезде мемлекетіміздің сатуға немесе жалға сатуға беліп отырған 1700000 гектар жерін (52 Алматы қаласының орны) халқымыздың пайдасына шешу туралы менің ұсынысым:

Жерді бөтен елге сатуға да, жалға сатуғада болмайды. Ол - үлкен кешірілмес қателік әрі еліміздің тағдыры үшін орны толмас өкініш болмақ.

Егер де ол жер Қытайға ет өнімдері мен көкөніс өнімдерін өндіруге берілсе, онда өлген жеріміз осы!

Одан да ол жерді басқа біреулерге сатқанша, тәуелсіздігімізді сақтап қалуға қажетті іске айналдырайық:

Біз еліміздің экономикасын көтергіміз келсе, бөтен елдің күшіне емес, өз еліміздің мүмкіндіктерін пайдаланайық. Егер жеміс - жидек, көкөніске қатысты ауыл шаруашылығын көтергіміз келсе, онда Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан және Түркия қазақтарын шақырайық. Ол елдерде қазақтардың кәсіпқой мамандары жеткілікті.

Егер мал шаруашылығын көтергіміз келсе, онда ата - баба кәсібінен ажырамаған Қытай қазақтары мен Монголия қазақтарын шақырайық. Осылайша, біздің мемлекетімізге аса қажетті бірнеше мәселені шешіп алуға болады:

Біріншіден, өз отандастарымыз ата жұртына қайта оралады.

Екіншіден, өз экономикамызды өз қолымызбен көтереміз.

Үшіншіден, өз жеріміз өзімізде қалып, ата-бабамыздың ежелгі кәсібі мал шаруашылығын қайта жаңғырта аламыз.

Сөйтіп, тамақ өнеркәсібі өзгенің емес, өз қолымызда болғаны жөн.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, осы іспен кезінде Астанамызды Сарыарқаның төріне орнатқан ұлы іс сияқты халқымызды бір серпілтіп, ұлттық санасын өсіретін, демографиясын толықтыратын осындай маңызы аса зор екінші бір іске жұмылдыруға болады.

*Жомарт Аршабаев.*

Иә, жері болмаса қандай мемлекет, мемлекет болмақ. Қарайған халықтың бәріне аян, жерден айрылсақ мемлекеттігімізден айрылғанымыз. Жоғарыда қаншама мысалдармен дәлелденіп отыр, жерді сатуғада, жалға беруге де болмайды. Мемлекеттегі билікке: жеріңді сақта, еліңді сақта деп отыр. Басқа ешқандай талап қойып отырған жоқ. Жеке бастарыңның құлқындары үшін, еліңді - жеріңді сатпа деп отыр. Кейбір азғындардың жер туралы іс - қимылына, саясатына қара халық ашынуда. Халқымыздың арасында наразылық тудырады. Билік солақай іс әректін қоймаса жағдай ушығып кетуі мүмкін. Азғана топтың азғындық іс - әрекетінен, жерімізден мүлдем айрылып қалуымыз мүмкін. Сондықтан жер мәселесіне жәй - салғырт қарауымызға болмайды. Жер кейінгі ұрпағымыздың



тыныс-тіршілігі. Билік халқының мүддесімен құлақ асу керек. Жер, жергілікті халықтың қазынасы. Оған сырттан келіп ешкімнің қол сұғуына, құқы жоқ. Отанды сүю, елін - жерін сүю. Еліміздің әр азаматы, отаны үшін басын отқа қояды. Еліміздің бірлігі, жеріміздің тұтастығы, әр адамның, яғни қазақ халқының жарқын болашағы.

* * *

Видение Чингисхана было революционным положить конец трайбализму и построить национальное единство. Природа революционного лидерства требует жертв. По словам Джеймса МакГрегора Бернса "лидеры должны должны быть абсолютно приверженными своей цели и должны доказывать, выделяя максимум времени и сил, рискуя жизнью, пройдя через лишение свободы, ссылки, преследования и постоянные трудности" Разделение трудностей не гарантирует успеха, и многие храбрые лидеры умерли в забытье, но почти наверняка гарантирует провал. Чингисхан был хорошей компании. В число успешных революционных лидеров, которые пострадали за свое дело, и последователей входят Александр Великий, Иисус, Мохаммед, Мао, Ленин, Кастро и Мандела

*(«Секреты лидерства Чингисхана» Джон Мэн).*

Джон Мэннің осы бір жазған ойын, осы еңбегімде орайына қарай екінші рет қайталап пайдаланып отырмын, ойымды аша түссін деген мақсатпен. Менің айтайын деген ойым, адамзат тарихына үңіліп отырсаңыз, қандай ойларға тап боласыз. Халқын билеу. Өз халқының болашағы үшін басын құрбандыққа тігу.

Билікке әркім әр жолмен келеді. Бірақ, қайсысының болсын алға қойған мақсаты, өз халқының тыныс - тіршілігі, болашаты. Билікке ақыл - парасатымен келе ме, әлде күшпен келе ме, қай жолды таңдаса да билікке келеді. Сол, билікке келген адам, халқының қамын ойлайды. Сол хақының болашағы үшін құрбандыққа барады. Бірақ, ондай адамдар тарихта саусақпен санаулы. Қандай ақылды болсын, қаныпезер болсын, халқы үшін қызмет еткен басшы, сол халықтың жадында мәңгілік сақталып қалады. Тарихта өз орнын алып, ғасырдан - ғасырға жалғасын табады. Біз де айтамыз: «жалғыз ағаш орман емес, жалғыз адам қорған емес», деп. Иә, күш бірлікте. Ал, тарихта билікке келген бір адам, бүкіл әлемге бет бұрыс жасап жүруі мүмкін. Оған дәлел, жоғарыда аталған адамдардың қайсысы болсын, дәлелдеп отыр. Өз уақытында, жер бетіндегі бар тіршілікке қалай ықпал етті. Менің айтайын деген ойым, бір адамның іс - қимылын, екінші адам тура сондай орындау мүмкін емес, заман талабы басқаша. Билікке келген адам тек өткеннен сабақ алып, келешекке өз халқын бақытты етуді мақсат етсе, халқының сүйспеншілігінде мәңгілік қалар еді.

* * *

Басымыздан кешкен, көзіміз көрген, біраз ойларды ешқандай қоспасыз ортаға салуға тура келді. Онсыз мына өмірде көңіл тыныштығы болмайтын болды, **«Қорқыныштың құлы болу - Құлдықтың ең сорқы түрі» -** дейді Бернард Шоу.

Өз ойымды, досым ақын Болат Ақтанұлының «Ей,Қазағым» өлеңімен қортындылауды жөн көрдім. Жазған ойым осы өлеңнің ішінде тұрғандай.



## *Ей, Қазағым*

Ей, Қазағым, тағы таңың атты ма?,
Аяқ қолға, бұғаудың ізі баттыма?,
Жауыр аттай еңсең түсіп жүруші ең,
Сорлы күнің, намысыңды жақты ма?
Отыз жылда қайда сенің тапқаның,
Қайда сенің егемендік алғаның?
Өз жеріңде басқаларға құл болып,
Солма еді?, сорлы Қазақ арманың.
Желтоқсанда көз жұмғандар қаншама,
Алып берді бостандықты баршаңа.
Өз байлығың, өздеріңе бұйырмас,
Қандай ұлтпыз сорлы болған соншама.
Құр уәде жылда береді үкімет,
Қара халық көріп жатыр тауқымет.
«Ақтабан шұбырынды» қайтадан,
Қайтып келіп жүрмесінші бәлекет.
Қымбаттауда азық түлік күн сайын,
Жерден шыққан газың мен мұнайың.
Ең арғысы нанның өзі қымбаттап,
Күн көрісің төмендеді - ау ағайын.
Тәнін сатып күн көруден қыздарың,
Жұмыс іздеп қаңғып кетті ұлдарың.
Қашан бұлар қырылады дегендей,
Жан жағыңнан анталауда жауларың.
Жаңа өзенде көтерліс болғантын,
Жетпіс адам ажал оғын құшқантын.
Қазағымның үкіметке қойған талабы,
Сөз бұйда болып аяқ асты қалғантын.
Халқым менің қашанға дейін шыдасын,
Қорлық өмір оятты ғой санасын.

Көтерілді Жаңаөзен, Ақтау, Атырау,
Тапты тағы әр облыста жалғасын.
Арандатқан қаскөйлерде қаптады,
Адал ниетін жәй халықтың ластады.
Өртеп, тонап қиратып, арандатып,
Өз ойларын іске асыра бастады.
Үкіметте дереу шара қолданды,
Ланкестер айғақтармен ұсталды.
Аямаңдар жазалаңдар соларды,
Жәй адамдарға тимесінші зияны.
Ей, басшылар жоғарыда отырған,
Бәріңді де осы халық сайлаған.
Талаптарын орындаңдар халықтың,
Бола бермей тоты құстай сайраған.
Біз Қазақпыз барлығына көнетін.
Айтқан сөзге бала құсап сенетін.
Алла! Жазса бүкіл Қазақ баласы,
Кезек келер бақытты өмір сүретін!

*Болат Ақтанұлы. 11.01.2022 ж.*

* * *

«Биікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде олар ортам - ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де - қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім». (Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев).

Міне, осы сөзді биліктегі әр азамат түсінсе дұрыс болар еді.



* * *

Барлық қазақ халқының арман - мұратын, ақ иық ақынымыз Мұқағали Мақатаев уақытысында «Сен қазақсың» деген өлеңінде жырлап кетіп еді.

## *Сен қазақсың*

Сен қазақсың себебі әкең қазақ,
Ақ сүт берген ақ жаулықты анаң қазақ.
Ата - дәстүр салтымен ағып жатқан,
Денеңдегі қасиетті қаның қазақ.

Сен қазақсың себебі тілің қазақ.
Ізіңде еріп жүрген інің қазақ.
Бір қараған алыстан танитұғын,
Ақ дидар, мөлдір қара көзің қазақ.

Халықсың кең даланы мекен еткен,
Жер үшін ата - бабаң қанын төккен.
Тәуелсіздік туымды көрем бе деп,
Ежелден ата - бабаң арман еткен.

Сен қазақсың сол туға қолы жеткен,
Бақыт бұл басыңа қонып келген.
Биік ұста сол туды таба етпей,
Дұшпандарға сені бүгін аңдып жүрген.

## ӨМІРІМНІҢ ТЫНЫСЫ

Өмірімнің кейбір сәттеріндегі іс - қимылдар, жазылған еңбектер, ақиық ақын болмасам да, өзіме деген жақын адамдарға арнаған өлөңдерім, ой толғауларымды, маған да арнаған ақын жанды адамдардың өлеңін осы жазылып отырған еңбегіме қосуды жөн көрдім. Себебі маған жақын адамдар да - менің халқым.

Өзімнің ойымды, бойымды мазалаған тіршіліктегі кейбір мәселелерді, қара сөзбен, не шамам келгенше өлеңмен жазсам, бойым жеңілденіп, бір серпіліп қаламын. Ақ қағаз бетіне түсіріп отырған ойым, сіздермен сырласып отырған сырым. Сіздер қалай қабылдайсыздар менің жазғанымды, ол сіздердің таңдауларыңыз. Ойым дұрыс шықпай жатса, сөкпейсіздер? Себебі менің тыныс - тіршілігім.

### *2006 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген материал. «Приозерск - Қоржынтүбек немесе Ақ мамық» қалай қазақтанды?*

Мен, 1980 - 1993 жылдары Шет ауданында Қарағанды Кооператив институтын бітіргеннен кейін әртүлі қызмет (тұтынушылар қоғамында қатардағы қызметкерден төрағаға дейін, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы және тағы басқа) атқардым. Шет ауданынында 1986 - 1992 жылдары аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған, кейін аудандық Советтің төрағасы болған Медеубаев Сағынбай Мұқатай ұлы 1993 жылы Приозерск қаласына әкім (ол кезде «әкім» - деп аталмайтын) болып бекіді.



Мен ол кезде Шет ауданында «Сақтандыру» фирмасының директоры едім, ол кезде Совет үкіметі тарқағаннан кейін, Советтік жүйедегі «сақтандыруда» қожырай бастаған. Бірде, ауылдасым Кобенов Өзкен (туып өскен жеріміз Нұраталды совхозы) деген азамат Приозерск қаласында болғанын, менің Медеубаевпен бірнеше жыл қызметтес болғанымды айтып, сол жаққа қызметке барайық, - деп ұсынды. Шынымды айтсам, мен Сағынбай Мұқатайұлымен 1985 жылы танысып едім. Ол кезде мен аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы едім, ал ол кісі Облыстық партия комитетінде ұйымдастыру бөлімінің орынбасары еді. Бірде іс сапармен Шет ауданына келгенде танысқанбыз, кейін көп ұзамай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып келді. Сол кезден ағалы - інілей болып, от басымыз араласып, үлкен кісілеріміз бір - бірімен дәмдес болып сыйласып кеттік. Не керек Өзкен ағамыз (інісі Қанатпен он жыл бірге бір сыныпта оқығам) айтып болмаған соң, не болса да барып - көріп қайтайық, - деп 1993 жылдың қыркүйек айында ағамыздың жеңіл машинасымен жол жүрдік. Біз Сағынбай Мұқатай ұлымен кездесіп, мен әкімшілікке қызметке келетін болдым, ал Өзкен ағам өз шаруашылығын ашатын болды. Кешікпей мен осы қыркүйек айының аяғында қалалық әкімшіліктің экономика комитетінің төрағасы болып қызметке кірістім, ал Өзкен ағам өз бизнесімен айналыса бастады. Кейін 1994 жылдың наурыз айында отбасымды көшіріп алдым. Не керек, мен сол Приозерскіде он жыл тұрдым 1993 - 2003 жылдары, яғни 40 жасымда барып 50 - ге келгенде Қарағандыға қоныс аудардым, балаларым сол жерден мектеп бітіріп,

барлығы да жоғарғы оқу орнына түсті. Приозерскідегі тұрған он жылым өмірдегі ауыртпалығы болса да, қызықты да баянды бір жылдар еді.

Менің басты мақсатым өзім туралы емес, осы Приозерск туралы, осы қайта құрудағы он жыл ішіндегі қаланың бастан кешкен жағдайы туралы, жазушы болмасам да шамам келгенше оқырманға жеткізсем,- деп едім. Көзімізбен көргенімізді біз жазбасақ, кім жазады?

Приозерск қаласы жергілікті халықтың айтуы бойынша бұрын Қоржын түбек, деп аталған екен. Шынында, түбек қоржын сияқты көлге кіріп жатыр. Ал, жаздағы көлдегі құстың көпшілігі соншалық, жағада қалың құстың жүні, содан да екінші атауы Ақ мамық.. Ағыбай батырдың қыстауы. Күзде мұз қата, аттылар келіп қамыстың ішіндегі аңдарды қуады екен де, бар малды қамыстың ішіне кіргізеді екен, сол жерде қалың қамыс әрі ық, әрі азық.. Көктемде мұз ерімей, Ақ далаға қарай жайып шығады. Бір мал екеу болып малдың көптігі сонша өріске сыймай кетеді екен дейді үлкен кісілер. Бұл кәрсон - кернейдің жері. Қамыстың іші неше түрлі аңға толы, жолбарыс та болыпты, ал жабайы қабанды мен өз көзіммен көрдім. Ондатордың қалыңдығы соншалық, үлкен кісілер таяқпен ұрып алады екен. Кейін әскерилер келген уақытта ондаторды үнді шайына айырбастайды екен. Орыстар мәз, қазақтардан шайға ондатор алдым - деп, ал қазақтар мәз тышқанға үнді шайын алдым, - деп. Өзенді жағалағанның өзегі талмас, - дегендей, 1932 жылы талай қазақты ашаршылықтан алып қалғанда осы көл. Малдан айрылған қазақтар осы көлді паналап, аңы мен құсынан басқа, ең бастысы балығымен ғой жан сақтағандары. Осы балық 1993 - 1998 жылдары да біраз



халықтың жанын сақтап қалды, оған кейінірек тоқталармын. Осы балық туралы бір қалжың бар, Тасаралдан Ақтоғай ауданына қыз ұзатып отырған ана қыз ұзатуда жылайды дейді, аққайранның сорпасын ішіп өскен құлыным - ай, енді қи сасыған қойдың сорпасын ішетін болдың - ау деп. Қысы жайлы, Қарағандыға қарағанда бір айдай кеш түседі және көктем бір айдай ерте келеді. Міне осындай табиғаттың берген байлығына Орталықты, яғни орыстарды да қызықтырады, бір жағы көл, бір жағы кең дала кімді қызықтырмасқа. Әскерилер 1956 жылы жергілікті тұрғындарды Тасарал колхозына көшіреді де, сол жерден бір мектеп және үш - төрт үй салып береді. Бар болғаны сол. Сол жылдан бастап жабық қала салына бастайды. Аты өзгеріп көлдің жағасы болғандықтан, орыстар өз атауын Приозерск деп қояды, бірақ құпия болғандықтан картада атауы белгіленбейді. Егемендік алғанға дейін бұл қалада келіп-кететіні бар 70 мыңға жуық тұрғыны болған екен. Қаладан басқа жерлерде осы қалаға қарасты 4 - 5 мыңдық бірнеше қалашықтар болған. Нағыз зымырандар осы жерде ойлап табылып, осы жерде сыналған. 1961 жылғы Свердловскінің үстінен 22 мың метр биіктіктегі самолетті атып түсіретін де осы жерден. Никита Хрущевтың да туфлиімен үстелді қойғыштайтыны да осы жерден шыққан зымырандардың күші. Жергілікті әскерилердің айтуы бойынша екі рет атом бомбасы да сыналған, - дейді. Бір анығы әскери конструкторлар көп қызмет атқарған, әскери ғылыми орталық болған, - деп те айтуға толық болады. Сол уқыттарда әскерилерге толықтай жағдайлар да жасалған екен, мектептер, бала-бақшалар, спорт кешендері, мәдениет сарайлары, дүкендер, мұражайлар, бірнеше қонақ үйлер және тағы

басқа көптеген кешендер. Бұл жердегі кейбір құрылыстарды сол уақытта Қарағандыда кездестірмейсіз. Бұрын Приозерскіде тұрып, көшіп кеткендер, кейін келгенде көздеріне жас алады. Приозерск қаласын сол кездегі Қазақстандағы «кіші Россия» - деп те айтуға болады. Қалаға ол кезде тек рұқсат қағазбен кіреді. Қазақ деген ұлт жоқтың қасы, бірең - сараң болса да орыстанып кеткен, Москваға тікелей әскерилердің самолеті ұшады. Өздерін қожайын санайды, Ресейдің қаласы деп есептейді, өздері ірге тасын көтерген, жергілікті жерден бірең - сараң қазақ көрсе, «надан қазақ» - деп есептейді. 1991 жылы еліміз егемендік ала бастаған кезде, орыстардың біразы көше бастады, қала тонала бастады. Қазақстандағы Қорғаныс министірлігі ештеңе қабылдап алған жоқ, сырттан ешкімді қалаға кіргізбеді. Нағыз тонау. Орыстар қаланы орыстың қаласы, деп есептеді, өзіміз салдық, енді өзіміз тонаймыз, - деді және шындығын айту керек солай жасады да. Орыстардың жоғарғы жағы да жетісіп тұрған жоқ еді, оларда бақылауға ала алмады. Содан әскерилердің құдайы берді. Қай әскеридің қолында не бар, соны өзінің жеке меншігіндей сатты. Біз барған жылы, 1993 жылы қала қираған, қала соғыстан кейінгі көріністі беретін. Ол кезде не бары 20 мыңға жуық тұрғыны болды - ау деймін. Орыс армиясының көбісі кетіп аз ғана бөлімі қалған. Соның өзін де ешкімді Қазақстаннан жолатқысы келмеді, неше түрлі кедергілерді ойлап табатын, қала жабық қала деп сылтау айтып қалаға рұқсат қағаз бермеуге тырысатын және бір қызығы рұқсат қағазды Ресейдің әскерилері беретін. Әкім деген сөзді тыңдағылары келмей, әкімшілік деген билікті мойындамай тек Ресейдің генералы шешеді дейтін де



отыратын. Бұл жерде расын айту керек, әкім болып барған Медеубаев Сағымбай Мұқатайұлы көп тер төкті. Сағымбай Мұқатайұлының партия - Совет орындарындағы қызметте көп тәжрибесі бар еді және орыс тіліне өте сауатты адам, орыс генералдары мен офицерлерімен пікір алысқанда мәдениетті түрде оқытып жіберетін, олардан білімі шоқтығы биік тұратын, оны орыстардың өздері де мойындайтын. Барғанымызға жарты жылдың көлемінде, яғни келесі 1994 жылы наурызда бірінші рет «Наурыз» мереке қалада тойланды, мұның астарында үлкен саяси мән бар еді. Көрші «Сарышаған» станциясынан үш киіз үй әкеліп құрылды, қонаққа Алматыдан атақты әншіміз Әлібек Дінішев шақырылды, атақты әншінің әндеріне орыстарыңыз аузын ашып, көзін жұмып қол соқты. Қазақ халқынының рәсімдері көрсетілді. Иә, 1994 жыл Приозерск қаласының қазақтануының бастамасы еді. Біздің өзіміз сол кезде әкімшілікте 4 - 5 сырттан келген қазақтар қызмет атқаратынбыз. Бұрыннан келе жатқан - 5 қазақ отбасылары болды. Бірде Сағымбаи Мұқатайұлы маған Қабатай (шын есімім Ғабдыманап, Қабата нағашыларымның еркелетіп қойған есімі) осы қаланы қайткенде қазақтандыруымыз керек, - деп ашып айтты. Бірақ ашық кетіп қалмайық, орыстар көп қой, біртіндеп жүзеге асырайық деді. Сонымен қазақтандыруымыз басталды. 1993 - 1996 жылдары қай жерде болсын жұмыс жоқ еді, Приозерскіде жұмыс бар да жұмыс күші жоқ еді. Ол кезде қаланың ішкі құрылымдары әскерилерден біртіндеп әкімшіліктің құзыретіне көше бастаған. Біз Шет ауданынан, Ағадыр станциясынан, Ақ сүйектен, Жамбыл облысының Мойынқұм ауданынан және басқа жерлерден қоныс аударғандарды қабылдай бастадық.

Ең бастысы елімізге егемендік алғаннан кейін шет елдегі қандастарымыз келе бастаған. Сол кезде біз Жезқаған облысына қарайтынбыз. Бізге облыстың көші - қон басқармасынан қанша оралмандарды қабылдайсыздар, - деген хат келген, Сағымбай Мұқатайұлы хатпен танысып, қабылдауымыз керек, бірақ қанша адам қабылдаймыз деп, хатқа бұрыштама соғып, экономика комитетінің төрағасы ретінде маған жолдапты. Мен құдай көктен іздегенімді жерден берді деп, 500 отбасын қабылдауға ұсыныс жасадым. Әкімнің екі орынбасарлары Никитина А.Г. және Логнивенко Л.Ф. деген орыстар еді, жергілікті алып - сатарлармен ауыз жаласып кеткен, бұрыннан келе жатқан, азар да безер болып әкімге шағымданғаны. Мына Жазыбаевтың басы жұмыс істей ме, қалада бір дұрыс үй жоқ, жылу жоқ, су жоқ, жарық жоқ, жұмыс орны жоқ, 500 отбасын қайда апарып жан сақтайды, - деп байбалам салғаны. Қала негізі осы екі орынбасар қызмет істеген уақытта құри бастаған, күйеулері орыс армиясының полковниктері еді, өздері де уақытша ішіп - жеп қалудың қамында отырған адамдар еді. Мұның бәрі сылтау, әр жақ ойлары қазақтарды қалаға жолатпау, қазақтандырмау. Дегенмен Сағымбай Мұқатайұлы мені қолдап, мен дайындаған құжаттарға қол қойып берді. Қалада жоғарыда айтқанымдай жаңадан коммуналдық мекемелер ашыла бастаған, ЖГКХ, ТВСК, Водоканал, Электроцентраль, Теплоцентраль, РСУ, Автобаза мекемелері қалаға керек еді. Бұл мекемелерді ашу үшінде көп еңбек етілді, әр мекемені ашу үшін де жоғарғы жаққа дәлел керек еді. Ол кезде астанамыз - Алматы. Алматы мен Жезқазғанның талай есігін ашуға тура келді. Дегенмен уақыт өте біртіндеп бәрі қалыпқа келе бастады. 1995 жылы



Өзбекстанның Бұхар облысы Газли қаласынан квота бойынша қандастарымыз көшіп келе бастады. Олар қаладағы бос үйлерге кіре бастады. Шынын айту керек, сол кездегі қандастарымыздың шыдамдылығына ризамын, мүмкін ата - жұртына , - деген сүйіспеншілігі де бар шығар. Ол кезде қалада жылу,жарық мәселелері қиын еді, жалақы да уақытысында берілмейтін. Әркім үйлеріне пеш салып алған, майшаммен отыратын. Қала сыртында әскерилерден қалған темір - терсекті өткізетін. Ол кез ертедегі жүн - тері жиятын мекемелер сияқты темір - терсек жиятын орындар да қаптап кеткен. Ең бастысы оралмандар балық аулауға қалыптаса бастады. Бұл да жоғарыда айтқанымдай, күнкөрістің бір түрі еді. Қалада 1993 жылдары үш орыс мектебі болатын, оның біреуі тікелей Ресейге қарайтын, мұғалімдері Ресейден жалақы алады және оқуын бітіргендерге Ресей мектеп бітірушілерінің куәлігін алады. Дәлелбек деген азаматтың зор еңбегінің, ұлтына деген сүйіспеншілігінің арқасында Қазақстанның 60 жылдығы атындағы орта мектептен бастауыш қазақ сыныбы ашылды. Бар болғаны үш сыныпты қосқанда 13 қазақ баласы оқыды. Менің де қызым Гүлзада да бірінші сыныпта оқушы еді. Сарышаған станциясынан бір қызбала келіп оқытты. Дәлелбек 1995 жылы марқұм болып кетті. Біздер аз уақыт болсада дос болып кетіп едік. Негізі Шығыс Қазақстан облысының тумасы. Казақ мемлекеттік университетінің механика - математика факультетін жұбайы Алмагүл екеуі бірге бітіріп, жолдамамен келген екен. Ол бізге бастауыш сынып ашу үшін қаншама тер төгуге тура келді, - деп еске алатын. Қаншама орыстардан бөгет болды, ашқылары келмесе, сылтау көп қой, ақыры Оқу минстірлігіне дейін баруға тура келді дейтін.

Сондағы кедергілері жаңағы Қазақстанның 60 жылдығы мектебінің ішінен бір бөлме беру және қазақша оқытатын бір мұғалім табу. Дәлелбек марқұмның өмірі қысқа болды, сол қысқа өмірдің өзінде халқына жақсылық жасап кететін азаматтар бар - ау. Мектеп ұжымы Дәлелбекті ұмытпас, - деп ойлаймын. Көшіп келген қандастарымыздың әр отбасында кемінде 3 - 4 баладан болатын, айналасы 2 - 3 жылдың ішінде мектептегі балалар әуелде 600, кейін 800 оқушыдан асып кетті. Ұмытпасам, 1998 жылы толық қазақ орта мектебі болды. Тіпті әр сыныпта 100 - ден аса оқушы болып, бірнеше бөлімге бөлуге тура келді. Біз жан - жақтан келдік демей, бір - бірімізбен сыйласып туыстай болып кеттік. Достарым, сыйластарым көп - ақ, біреуін атап - екіншісін атамасам, өкпелетіп алам ба? - деп ешкімнің атын атағым келмейді. Мені 1-2-3 шақырылымда Маслихаттың депутаты ғып сайлады. Екінші шақырылымда 1999 - 2003 жылдары қалалық Маслихаттың хатшысы болып сайландым. Бұл шақырылымда 11 депутаттың 10 - ы қазақ болатын. Қалалық акиматта түгелдей дерлік қазақтанған. Мекеме басшылары да негізі қазақ ұлтынан болды. Қызмет бабында қала тұрғындарымен, мектеп өмірімен тығыз байланыста болуға тура келді. Көп шаруа көбінесе бірінші басшыға байланысты болады ғой. Мен өзім мектептің іргетасын қалауда, өсіп - өркендеуіне сол кезде мектеп директоры болған Саруса Мақышқызы көп еңбек сіңірді деп есептеймін. Мектепте неше түрлі қазақша спектакльдер қойылып, концерттер беріліп, әртүрлі тақырыпта кездесулер өтетін. Қала мекемелері де жылына бір рет есептік концерт беру дәстүрге айналған. Жыл сайын наурыз тойы тойлана бастады. Ұлттық тағам, ұлттық ойындар, қазақтың кең дастарханы



басқа ұлт өкілдеріне өте әсерін тигізді. Қалаға қазақтың танымал өнер қайраткерлері, әнші - күйшілері, қазақтың Сәкен Жүнісов, Софы Сматаев сияқты маңдай алды ақын, жазушылары шақырылатын. Жергілікті халық әр кездесуде айтарлықтай әсер алушы еді. Наурызға әр мекеме өз тартуымен келе бастады. Жергілікті теледидар бұрын соңды болмаған, 1994 жылдан қазақша сөйлей бастады. Қалаға қазақ дикторлары шақырылды, қаланың жаңалықтары қазақша беріле бастады, ауқымды мәселелер қазақ тілінде көтерілді. Қала телевидениесінің тек қана қала емес, көршілес Сарышаған станциясы және Тасарал елді мекені көруші еді, бұл үлкен жетістік болды. Қалада мешіт іргесін көтерді, бұл өте жауапты шаруа еді. Қала жастары бір мезгіл мешітке бара бастады, ораза ұстайтын болды. Ойын - сауық, басқа рәсімдер ана тілімізде өте бастады. Тіпті көшеде кездескен екі қазақ бір - бірімен «ассалаумағалайкум» - деп амандасқанның өзі не тұрады. Бәрін бір жолда айтып шығу мүмкін болмас. Менің айтайын дегенім, орыс қаласына қызметке барып көз алдымда он жылдың ішінде қаланың қазақтанғанын көрдім. Менің Приозерскіден қоныс аударғаныма 5 жылға жуық болып қалыпты. Биыл кезекті еңбек демалысыма шыққаннан соң, қаңтар айында сыйлас бауырларым шақырғаннан кейін 3 - 4 күнге барып қайтуға тура келді. Жан - жақтан келген азаматтар болғанмен, бірге туған азаматтардаймыз, сыйласымымыз жарасымды, өмірдің ащы - тұщысын бірге көтеріп келеміз. Сөзімнің басында айттым ешқайсысын бөле - жара атағым келмейді, менің бұл сырымды өздері де біледі. Менің айтайын деген мақсатым, қала тұрғындарының тұрмыстарының жақсарғанын,

көңілдерінің көтеріңкілігін, болашаққа деген сенімін атап айтқым келеді. Сарыарқадағы қазақтың қаласын көрдім. Қазіргі уақытта Қазақстан қарулы күштерінің бірнеше бөлімдері орналасқан, онда қызмет ететін өзіміздің қаракөздер. Қандастарымыздың қиындықты жеңіп, атамекенге берік орныққанын мақтан еткім келеді. Бір қуаныштысы қалада тегіс іс - қағазадары әкімшіліктен бастап қазақша жүретін болыпты, отырыс - жиналыстардың бәрі қазақша өтеді екен.

Мен адамның жеке басына табынудан аулақпын, дегенмен қазақтанудың бір себебі өз ойым, Медеубаев Сағымбай Мұқатайұлының әкім болып баруы, Дәлелбектей азаматтың бастауыш сынып мектебін ашуға себепкер болуы, Абдуллаев Нұржан ақсақалдың жергілікті телевиденияның директоры бола тұра қазақ дикторларын шақыруы, Саруса Мақымқызының қазақ мектебінің директор болуы, Елдос деген азаматтың жергілікті мешітке имам болуы, ең бастысы қандастарымыздың осы қалаға орнығуы. Приозерск қаласының қазақтануы басқа орыс қалыптасқан қазақтың қалаларына үлгі боларлықтай. Ендігі бір тілеуім, жалғыз мен емес шығармын, Приозерскінің бұрыңғы атауы Қоржын түбек немесе Ақ мамық оралса, деп күтіп жүрген, қай атау болса да жарасып тұр. Бұл күнде қашық емес шығар, халық қалаулылары, қала тұрғындары ойланар. Сөзімнің соңында гүлденіп жайнай бер, Қоржын түбек - Ақ мамық, елімнің еркіндік алған бір қаласы демекпін.



### *2021 жылдың қазан айында «Орталық Қазақстан» газетіне жолданған материал.*
### *Нұраталды мектебі*

Нұраталды мектебі туралы өз ойымды, не білетінімді сіздерге жеткізуді жөн санадым. Себебі бұл мектепте менің әкем ұзақ жылдар ұстаз болып, осы мектептен құрметті демалысқа шықты. Өзім осы мектепті оқып, білім алдым. Осы мектептің 1970 жылы бітірген түлегімін. Аға - бауырларымда осы мектептің түлегі. Мен, ауылдағы туысқандарымнан Нұраталдылықтар келесі жылы, яғни 2022 жылы мектетің 80 жылдығын атап өтейін, деп жатыр деген сөзді естідім. Туысқандарыма ұйымдастырушылар қателеспесін, бұл мектепке 95 жыл болады, мектеп директорына сәлем айтыңдар, дедім. Себебі, менің өз сөзімді дәледеуге айқын дәлелім бар, еді. Менің әкем Жазыбаев Серік 1937 жылы Көкшетау педтехникумын бітіріп Шет ауданына мұғалім болып келеді. Шет ауданындағы сол кездегі алғашқы арнайы дипломы бар мұғалімдердің бірі. 1939 жылы міндетті Қызыл Әскер қатарына алынады, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып кетеді де, 1946 жылы елге бірақ қайтады. Яғни, жеті жыл Кеңес армиясы қатарында болады. 1947 жылы Нұраталды мектебіне мұғалім болып келеді. Мектепте сабақ бере жүріп, сырттай Қарағанды пединститутының физика - математика факултетін бітіреді. Зейнетке шыққанша осы мектепте физика - математика пәнінен сабақ берді.

Бірде әкем, 6/VII - 2000 жылы, осы Нұраталды мектебі туралы әркім әртүрлі сөз айтады, мен олармен келіспеймін, мұнда менің дәлелім жазылған, деп сыямен жазылған, өз қолы қойылған екі парақ қағазды

маған ұсынды. Менің ол кісі өмірден, өткеннен кейін, «Менің Нұраталдым» және «Тұғыр» деген деректі кітабым жарыққа шықты. Мемлекттік тіркеуден өтті. Бұл кітаптың бір - бір данасы және электронды жазбасы Қарағанды облыстық және қалалық кітапханасына тапсырылған. Енді бір - бір данасы Нұраталды мектебі мен кітапқанасына табыс еткем. Менің сөзімді Нұраталдыдағы туысқандар мектеп директорына жеткізіпті. Мектеп директоры сырттан келген жас жігіт болып шықты. Жас болғанымен өте сауатты, мәдениетті азамат екен. Мектепке басшы болып келген бетте, мектептің қай жылы құрылғаны туралы қызығушылық танытыпты. Ешкім тура басып ештеңе айта алмапты. Ауданға барып сұрастырса да, нақты жауап ала алмапты. Тек, аудандық архивтен 1942 жылы Баршыникова деген кісі мектеп директоры болып тағайындалды, деген құжатты кездестіреді. Сонымен мектеп 1942 жылы құрылды, деп есептеген. Мен сәлем айтқаннан кейін, мектеп директоры Айбар деген азамат үйіме іздеп келді. Біз мектеп жайлы бірәз сыр шертіп, естелік фотоғада түстік. Мен бұл мектепке бей - жәй қарамайтыным туралы, қолымнан келгенше мектепке демеу болатынымды айттым. Айбарға әкемнің қол жазбасын, кітаптарымның бір - бір данасын бердім. Сөйтіп, Алла! Қаласа мектебіміздің 95 жылдығын атап өтпекпіз. Менде, сөзімнің айғағы ретінде, әкемнің қолжазбасынан, бір сөзін ауыстырмай «Тұғыр» деген кітабыма түсірген көшірмесін сіздерге ұсынуды жөн көрдім.



### *«Нұраталды мектебі»*

«Нұраталды мектебі 1930 жылдан бастап жеті жылдық мектеп болды деп айту қыйсынға келмейді.

Қазіргі орта мектеп 1927 жылы жеті жылдық болып атанды. Олай дейтінім: Осы жылы Қызылтау, Қотырды өрт алып, оның маңында отырған біздің ауылдың шабындық жері жанып кетті. Сол ауылды қыстап отырған бізге туыс Тұрсана, - деген кісі, Қазақтың Ысқағы, - дейтін ақсақалдың Тәжібәй дегеннің қызын алған. Сол жақындық пен Тұрсекең атасының қасына қыстамаққа көшіп келді. Мен Келгенбай, - деген Тұрсекеңнің бұрынғы жеңгедей алған әйелінен туған туысым, екеуміз осы Тұрсекеңнің үйінде едік. Содан күз болды. Қошқарбай аулынан 7 жылдық мектеп ашылыпты, балаларды қабылдап жатыр, - деген хабар келді. Ол кезде «Қазақ аулы», «Қошқарбай аулы», - дейді. Ауыл арасы оншақты шақырым. Келгенбай екеуміз өгізге мінгесіп барсақ, мектепте қабылдау емтиханы басталып жатыр екен. Екеумізде кірдік, екеумізді де 2 - ші сыныпқа қабылдады. Өйткені бұрында, саужайда оқып қара танитынбыз. Сөйтіп екінші сыныпта оқыған 7 - і жылдық мектептің алғашқы оқушыларының бірі мен едім. Сол жылдары алғашқы мұғалімдердің бірі, жаңылмасам Омаш Уақасов, - деген болу керек. Руы керней, математик. Мәуиұлы Нұрғали, Құлпейісов Шәйкен, Менісов Нұржан, бұлар 4 - ші сыныпта оқыды, өйткені бұрын ауылдың мектебінде де оқыған болу керек. Мауиев Нұрғали кейінде Нұраталды мектебінде директор болды. Менісов Нұржан Қарағанды қаласында ішкі істер бөлімінің бастығы болды», - деп жазады. (Ескерту: Мәуиев Нұрғалидың баласы Мабиев Қайыржан Қарағанды облыстық денсаулық

департаментінде басшылық қызмет атқарды, ал Менисов Нұржанның немересі Менисов Мадияр Қайсарұлы Қарағанды қаласының ішкі істер басқармасында басшылық қызметте).

«Ал, мектептің салу жайына келсек: масаткері Сапахов Рахымбай, - деген кісі болған. Руы жайықбай ішінде «нияз» болады. Рахымбай жетім қалып, жетім атынан Қарқаралыға оқуға түседі. Қарқаралыда мұғалімдер техникумын бітіріп, сонда мұғалім болып тұрады да, бір ноғай қызына үйленіп, сонда тұрақтанып қалады. Математик, беделді мұғалім болған, бірден «Қаратаяқ» атанады.

Рахымбай «Қояншы - таңай» да бірінші ағартушы. Ол кісі еліне, ауыл - аймағына сауатын ашу, білім беруді мақсат етеді. Жазда демалысқа келгенде, ауыл - ауыл да сәлемдесіп, амандықта жүргенде, бірінде Қошқарбай аулында болғанда, осы Қошқарбай елдің орталығы, - дегендей, осы елді мекенге жеті жылдық мектеп салуды ұсынады. Ел, бұл ұсынысты қабыл алып іргесін көтеруді өз мойындарына алады, ал Рахымбай басқа жабдықтарды Қарқаралыдан алуға көмектеседі. Сөйтіп 1927 жылы жеті жылдық мектеп болып ашылады.

Рахымбай осы елдің бірінші ағартушысы, - дейтінім: Ол өз қаражаты, өз күшімен Талдыдан 4 (төрт) жылдық мектеп салғызды. Ол мектеп кейін колхоз конторы болып кетті.

Ескерту. Бұл естелікте Тұрсана ақсақалды кірістіруім, менің осы мектепке қалайша қатысты болуым, ал Рахымбай ақсақалды кірістіруім, осы мектепті салуға себепкер ретінде ұсынып отырмын, әрі дәлел ретінде.

*Серік Жазыбайұлы 6/VII-2000жыл,қолы».*





*Нұраталды мектебінің мұғалімдері. 1967жыл.*



*Менің сыныптастарым. Сынып жетекшиміз Көшербай Балмұханұлы(сол жақта) және менің әкем Серік Жазыбайұлы. Мен үшінші қатарда оң жағынан екінші. 1966жыл. 6-шы сыныпта оқимыз.*

Мен алғашқы салынған мектептің орнын бала кезімде 1961 - 1962 жылдары көрдім. Біз кейінде 1959 - 1960 оқу жылында сегіз жылдық аралас, орыс - қазақ сыныптары бар мектепке бардық. Бұл мектеп қай жылы салынды тура айта алмаймын. Еңселі бір қабатты ғимарат болатын. Кейін бала саны көбейген сайын, сыныптар саны да қосыла берді. Қошқарбай ауылы Нұра және Талды өзенінің бойында орналасқан, кейінде 1929 жылы Шет ауданында бірінші болып «Нұраталды» совхозы құрылып, елді мекен «Нұраталды» болып аталып кетті. 1930 жылы Шет совхозы құрылды. Мектеп жайына келсем сыныптар саны қосылған сайын,басты ғимаратқа қосымша қабырғалар жалғана бастады. Жанынанда қосымша мектеп үйлері салынды. 1964 - 1965 жылдары 9 - ы сынып ашылды. Ал, 1965 - 1966 оқу жылы толық орта мектеп болды. Орыс және қазақ сыныптары. Сөзімнің дәлелі болу үшін, бәрін түгендеп жазбай, бірекі түлектерін атап өтейін: орта мектептің алғашқы түлектері: Қанафин Мағауия, Барменов Болат, Гайн Шурик және т.б. Екінші жылғы түлектері 1966 жыл: Нәукенова Қауия, Мағрамова Күләш, Бастенов Қозы, Сатемиров Сәулеш және т.б. Үшінші жылғы түлектері 1968 жыл: Игенбаев Қуатбек, Жазыбаев Қанат, Құдабаев Талғат, Қашқынбаева Баян, Исина Зақыш және т.б. Төртінші жылғы түлектері 1969 жыл: Дүйсекенов Көркітай, Мағжанов Қайыркен және т.б. Бесінші жылғы түлектері біздер 1970 жыл: Тәженов Зекен, Сәтбеков Сыздық, Төлеуов Марат, Көбенов Қанат, Арысбекова Рымкүл және т.б. және орыс сыныптарын: Нурмуханов Болат, Молдағалиев Нұқа, Жоламанов Серік, Карашенова Мая жене т.б.



Қазіргі мектеп 1985 жылы салынып бітіп пайдалануға берілді. Тура қай жылы құрлысы басталғанын айта алмаймын. 1982 - 1983 жылдары Нұраталды совхозының Ақсу бөлімшесінің озат сауыншысы Разақова Дәметен Қазақ ССР жоғарғы Советінің депутаты еді. Сол кісіге жергілікті халық, сайлаушылары ретінде сұрау салып, сол кісінің араласуымен мектеп салуға рұқсат берілді. Біз Нұраталды мектебінде, 1985 жылы мектеп бітіруіміздің 15 жылдығын жазда ескі мектепте атап өттік. Мен ол кезде Шет ауданында (Райком) нұсқаушы едім. Біздің кездесуімізде Саламатова Нина Леонидовна қатысты. Ол кісі Шет ауданында Райкомның хатшысы еді. Бұрында Нұраталды орта мектебінде оқу ісін басқарған. Сол кезде Нұраталды орта мектебінің директоры, осы мектептің түлегі Тәбәрікова Рахима, бізді салынып біткен жаңа мектепке ертіп апарып көрсетті. Яғни қазіргі мектеп. Кейінде, Рахима Тәбәрікова бірәз жылдар аудандық оқу бөлімін басқарды.

Тағыда айтарым, мектеп жанында интернат болатын. Нұраталды совхозының Қызылғой, Шопа, Аққияқ бөлімшелерінің балалары 5 - ші сыныптан бастап интернатта жатып оқитын және Ақшоқы, Ақбауыр елді мекенінің балалары 9 - шы сыныптан бастап Нұраталдыға келіп интернатта жатып оқыды.

Нұраталды орта мектебі 95 жыл тарихы бар Қарағанды облысындағы алғашқы білім ордаларының бірі. Мектептің барлық жетістіктерін айтып жеткізе алмаспыз және ол мүмкін де емес. Қарағанды облысындағы осы бір қарашаңырақтың 95 жылдығы Облыстық деңгейде атап өтілуі керек. Қарағанды облыстық, аудандық ақпарат құралдары мектеп жайлы

ақпарат беріп, Облыстық білім басқармасы және аудандық білім бөлімі осы іс -шараның ойдағыдай өтуіне мұрындық болу керек. Облыстық, аудандық әкімшілік және жергілікті әкімшілік бұл іс - шараға бей - жәй қарамай, ойдағыдай өткізуіне басшылық етеді, деген сенімдеміз.



*1950 жылдардағы Нұраталды мектебінің оқушыларының бір тобы.*
*Ортадағы ұстаз, менің әкем Жазыбаев Серік*



Институтта бірге оқыған досым Алмагүл Ағаділованың құрастырумен шыққан «Замандастар» кітабына жазылған алғы сөз және сол кітапта жарияланған менің материалдарым, сонымен қатар курстас досым ақын Мира Жетесованың «Жан Сырым» өлеңдер жинағындағы алғы сөздерді ұсынып отырмын.



Алпыстан асқан шағымызда өмірімізде тамаша өзгерістер болды. Мен бақытты жандардың бірі шығармын. Екі жылдан бері институтта бірге оқыған достарымызбен хабарласып, реті келгендермен кездесіп - қауышып жатырмыз. Жастық шағымыз, қызығы көп студенттік жылдар, есейіп, азамат болу, халықыңа еңбек ету, үй болу, бала сүю, немере көру, қазіргі жастарға арман болса, біздің өткен өміріміз. Қазір зейнеткер уақытымызда замандастарымызбен

сырымызды бөлісеміз. Жақсылығымызға қуанамыз, жаманшылыққа ренжиміз. Өмірде «сыйластық», «жағымпаздық» деген екі ұғым бар. Сыйластық, - деген адамгершіліктің ең жоғарғы деңгейі, ал жағымпаздық, - адамдардың қасиетсіздігі. Өмірде кездесетін осы екі ұғымды ажырата білген жөн. Мен бұл екі ұғымды жазып отырған себебім, менің қазіргі достарыммен сырласуым тек сыйластығым. -деп ойлаймын. Қазір жасым жетпіске тақалғанда, маған: қызмет, байлық, атақ қажет емес. Өмір өткелімізді електен өткізіп, жамандығынан жиіркеніп, жақсылығын келешек ұрпаққа табыстау. Осындай бір сәт жастық шақ, балауса кезімізді, өміріміздің алаңсыз, арамдықсыз, шынайы ақ көңілмен өткізген студенттік өмірімізді еске алып, достарыммен қырық жыл өте сырласып, сыйласу. Зейнетке шыққаннан кейін, қызметтес - әріптестеріңнің өз жұмысы өзімен, үрім бұтағының күнделікті өз тіршілігі өзімен. Сол кезде жалғызсырап жан - жағыңа қарайсың. Замандас -мұңдас адамдарды іздейсің. Міне сол бір кезде жаныңа сая боларлықтай, жоғалып - табылған аяулы достарың, замандастарың, мұңдастарың, сырластарың. Иә, ел қатарлы, біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріп жатырмыз. Әулеттің ақсақалы болдық, осы жасқа жеткенімізге де тәубә дейміз. Ұл - қыз, немере сүйдік. Бәріне шүкіршілік! Өмірдің ащысын да, тұщысын да көріп келеміз. Өткенімізге өкінішіміз жоқ. Алланың маңдайға жазғанын көріп келеміз. Біздің өткен өміріміз, тіршіліктің заңы. Сол бір жүріп өткен өміріңнің соқпағын, достарыңмен - замандастарыңмен сырласқың келеді, іштегі сырыңды тарқатқың келеді. Сонда бойың жеңілдеп, көңілің орнына келгендей болады.



Жүремін бірде атпен бірде жаяу,
Жүрісім бірде шапшаң, бірде баяу.
Келемін бірде сүрініп, бірде тұрып,
Көңілім бірде жарқын, бірде қаяу.

Келеміз біз жүзіп, теңіз айдынында,
Бірде тыныш, бірде асау толқынында.
Бәрімізде бар арман, бар мақсат,
Оңдасын!, - деп жалынамыз, бір Аллаға!

Сынды да, сынақты көріп келем,
Шүкір! Жақсылығына жаратқанием!
Кір қалмасын, деп көңілім де,
Сырымды Достарыма ашып келем.

Кетсем ішімде «шер» болама?
О, дүниеден пенде қайтып оралама?
Сырымды айтып Достарыма арылмасам,
О, жалғанда маған ол «тон» болама?!

Мен осы жолдарды жаза отырып, әуелі жазуға себепкер болып отырған аяулы адамға, досым - сырласым, бір институтта оқыған курстасыма тоқталғым келіп отыр. Досымның есімі Алмагүл Ағаділова. Біздер 1976 жылы Орталық Одақтықтың Қарағанды кооперативтік институтының «бухгалтерлік есеп» факультетіне түсіп, 1980 жылы бітірдік. Біздер бір институтта бірге оқығанмен, бірге жүрдік, бір нанды бөліп жедік, деп айта алмаймын. Бірақ мен Б - 47 тобының старостасы болғанда, Алмагүл Б - 42 тобының старостасы, оқу озаты болатын. Қарағанды ол уақытта

Қазақстандағы екінші ірі қала, Сарыарқаның төрінде болғанмен, дені орыс, орыс билеген қала еді. Оқу орындарының бәрі орыс тілінде білім береді, тіпті Қарағандыда бір - ақ қазақ мектеп интернаты болатын, ауылдан келіп малшылардың баласы оқитын. Қызылордалықтардың көңіліне келмесін, сол кезде шынтақтай қара торы қыздың, Б - 42 тобының старостасы болуы, орысша - қазақшаны бірдей сөйлеуі, оқу озаты болуына, өз замандастарының «лидері» болғанына сырттай таң қалатынмын. Таңданудың себебі, қыз көрмегенде емес. Ол кезде Қарағанды жаппай орыстанып кеткен, қала қазағының өзін орыс, деп айтуға болатын. Тіпті өздері ол кезде «орыстанғанын» мақтан тұтатын. Міне сол кезде біздің оңтүстіктің қыз балаларының дені, қазақи тәрбиеде болып, қазақ әдет - ғұрпын сақтап, ұяңдық - биязылық танытып, аса көп алдында ашыла қоймайтын, орыс тілдері де ақсап тұратын. Міне сол кезде, шынтақтай қара торы қыздың, өз замандастарының көшін бастау кімді болсын таңдандырған да шығар. Тіпті кейбіреулер Қызылорда облысынан, дегенге сенбегенде шығар. Мен білетін сол кездегі Қызылорданың екі қызы. Екіншісі қара нанды бірге бөліп жеген, қара суды бірге бөліп ішкен, бір топта оқыған досым - қарындасым - Гүлшат. Гүлшаттың орысшасы ағып тұрды, өте алғыр, оқу озаты болды. Бірақ, қазақша сөйлемеуші еді. Мен Алмагүлдің алғырлығына, ұйымдастыру қабілетіне, ақылдылығына сырттай баға беріп, қазақ билігінің бір жоғарғы сатысында болар - ау, деп ойлаушы едім. Ойлау бір басқа, маңдайға жазған тағдыр бір басқа. Иә, бәрі де бір Алланың қалауымен болады.



Енді міне, екі жыл болды, сырласып -жүздесіп жүрміз. Екі жыл бұрын Қабышев Жанат, жерлесім - досым - курстасым телефон шалып, Әсемкүлмен хабарласып, менің телефон немірімді алып, бірге оқыған қыздарға беріпті. Содан бірінші болып Алмагүл хабарласты. Иә, Алмагүлдің адамгершілігімен парасаттылығының, ұйымдастыру қаблеттілігінің арқасында, отыз тоғыз жылдан кейін, басымыз бірікпей кеткен достар Қарағандыда қайта қауышып, көңіліміз жәй тапты. Екі ойлы болған достарымыз, кезесуде болмай, өкінген де шығар? Қуанған мен қорыққан бір, деген жүрегіміз алып - ұшып достар қандай күйде болды десеңізші. Астанада отырып, Қарағандыда сондай деңгейде отыз тоғыз жылдан кейін, кездесуді ұйымдастырудың өзі Алмагүлдің кемеңгерлігі емес пе? Мен жеке адамның басына табынудан аулақпын, бірақ адамдарда сыйластық болады, деп басында айттым. Істеген ісіне тәнті болсам, қалай айтпасқа, қалай жазбасқа? Менің достарым да сондай ойда, деп ойлаймын. Міне, осындай досымыздың арқасында, Алмагүл бізге салып берген дара жолмен, достарымызбен ватсап арқылы сырласамыз, қалжыңдасамыз, қуанышымызбен - ренішімізді бөлісеміз, арамыздан өткен достарымызды іздейміз, еске аламыз. Замандастар, бізге қазіргі жасымызда, басқа қандай орта, қандай әсер керек. Адамдар, достар бір - бірін көрмесе, уақыт өткен сайын жат болып жүре береді. Ал, отыз тоғыз жылғы кездесуден кейін, бір - бірімізге тартылып, іздей бастадық, сағынатын болдық. Тағыда бір Алмагүлдің көріпкелдігі ме, отыз тоғыз жылда кездесе берейік, қырық жылды да көре жатармыз, дегені. Рас, жасымыз келгенде жыл сайын кездесуге,

уәде берісіп едік. Өткен жылы кездесе алмадық, ол да бір тағдырдың жазуы болар. Әкем марқұм айтушы еді, шамаң келсе «сонсоң» деген сөзді айтпа, әр шаруаны уақытында шешу керек, деп. Алмагүлдің адамға әсер етуінің өзің байқаған шығарсыздар, Астаналық достар жұма сайын кездесуді шығарды. Міне сол әсерінің бір ұшы Қарағандылықтарға да тиді. Мен де 2021 жылдың жаңа жылында Қарағандылық достардың кездесуін ұйымдастырмақшы болып талпындым. Не болса да ортамызға келіп қалар, - деп Астаналықтарға да ұсыныс жасадым. Достарым, Салтанат пен Жанат, Қарағандыда кездесудің дайындығына кірісіп кеттік. Кездесу қаңтар айында, Қарағандыда, Сарыарқаның сары шұнақ аязы, ат құлағы көрінбейтін бораны, оның үстіне бүкіл әлемді жайлаған індет кезінде болады деген ақылға сыймайтын дүние еді. Достарымыздың күмәнданатын жөні бар. Не болса да, деп еліміздегі барлық достарымызды шақырып жар салдық. «Иә, өзім бастамақшы болғанмен, өзім де қалай болар екен», - деп көңілім күпті болды. Мен кездесу өткеннен кейін, екі күннен кейін жөні түзу ұйықтаған шығармын. Мен ұйымдастыру барысын, тегіс Алмагүлмен ақылдасып отырдым. Бірінші құдай, одан кейін, астаналық достарым - Алмагүл, Дәмет, Гүлшаттардың қолдауымен өткен кездесу, деп ойлаймын. Үш ұйықтасақ ойымызда болып па, отыз адам жиналады, бүкіл Қазақстаннан келеді деген. Алматы, Қызылорда, Шымқала, Жамбыл, Көкшетау, Атбасар, Астанадағы достарымыз бас қосады деп болжау қиын еді. Әртүрлі себептермен келе алмаған достарымыз таңданғандай. Иә, бұл өзі, бір айға жетпейтін уақытта қалай болып кетті деген өз ойымда да қалды. Бір Алланың құдіретінің күштілігін қойсайшы,



достар келер қарсаңда, боранға да, індетке де үзіліс болып, достарым үйлеріне жеткеннен кейін қайта басталуы. Достарыма өмірлік есте қалатын жағдай болды. Ал, кездесу қалай өтті, әркім өз түсінігімен бағалаған шығар. Менің айтайын дегенім, осы кездесуге Алмагүлдің ұйтқы болуы, қолдауы, басқа достарға бастамашы болуының өзі, ақыл - парасаттылығын, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарғы деңгейде екенін дәлелдейді. Біздің ККИЦ - 80 - нің Президенті, деп айтамыз. Ылайым денсаулығы зор болып, Президенттігі ұзағынан болсын! Енді, Шымқалада кездесуді асыға күтудеміз.



*1980 жылғы институт түлектерінің 2019 жылы Қарағандыда кездесуі.*

Студенттік өмір дегеннің өзі - адам баласының жарқын бір болашағы. Әр тараптан, мектеп қабырғасынан кейін жасөспірімдердің бір ортаға жиналуы. Туған жер, өскен ортаң, ата - анаң, бала кездегі достарың мен сыныптастарыңнан бөлініп, болашақ арманға жол жүру. Жаңа орта, жаңа дос, сырлас, замандас табасың. Сол замандастарың мен студенттік өмірдің қызығың да - шыжығың да бастан өткересің. Бала болып келіп, азамат болып, еліңе керек маман болып шығасың. Махаббаттық сезіммен, үйлену дегенде кезекте тұрады. Тамаша бір сол жылдар, екі айналып келмейді. Жүрегіңе алтын әріппен жазылған сол бір кездегі қызық өмір, сол кездегі ортаңа байланысты. Сол кездегі студенттік достарың, ұстаздарың. Мен тобымыздағы жасы үлкені болдым. Институтқа орта мектепті бітіргеннен кейін, алты жылдан кейін түсіп едім. Арасында техникумды үздік бітіріп, Совет армиясы қатарында болып, содан кейін бір сабақ (география) беске тапсырып институту түсіп едім. Жасымызға қарай болар, староста болдым, «Достық» студенттік құрылыс жасағының командирі болдым, басқа да белсенділіктеріміз болды. Драм кружокқа да қатыстық, спортпен де шұғылдандық. Тобымыздағы студенттердің бәрі дерлік мектепті сол жылы бітірген, үйінен бірінші шыққан жастар еді. Бәрінің ойында тек білім алу, білгір маман болу. Мен өмірдегі бақытты жандардың бірімін, деп ойлаймын, қайда оқысам да, қайда қызмет жасасам да, қай ортада болсам да маған жаны жайсаң тамаша адамдар кездеседі. Сондай бір тамаша өмірім, институттағы студент достарым. Бірі бауыр, бірі қарындас болып көтті. Осы уақытта да солай. Тобымда болған, не құрылыс жасағында болған достарымның



бірін атын атап жазып, бірін жазбасам өкпеші болармын. Мен ешкімді ұмыта алмаймын, сондықтанда топтың және құрылыс жасағының фотосын ұсынуды жөн көрдім. Ал, деканым Шумеков Зейнеш Шахметович пен кураторым Дюсенова Шолпан Сұлтановна (Саша Павловна) менің өмірімдегі аяулы адамдар болып қалды.



*«Достық» студенттер құрылыс жасағы*
*1979 жыл*

**Б-47 тобы 1980 жыл (2-3 фото)**







Студентік өмірдің, бір - екі қызық жағдайын, ойыма түскен, айта кетейін. Бәрің түгендеп жазу мүмкін болмас.

* * *

Біздің уақытымызда топтың старосталары айына бір рет институт кассасынан студенттердің степендиясын алып, тарататын. Өзіміздің қалтамыздан бергендей әжептеуір қодиланып қалатынбыз. Ұлдар степендияны екі - үш күн ішінде құртқаннан кейін, топтағы қыздардың комнатасын жағалайтын әдетіміз, әр нәрсені сылтаулатып барып тамақ ішу. Біздің топта бес ұл түсіп едік оқуға, екеуі бірінші курста шығып кетті. Қанат Тоқаев, Амантай Байдәулетов үшеуміз бір комната тұрып, бірге бітірдік. Кейін де бізге Утатилаев Бертілеу қосылды. Біздің ұлдардың қатты араласатын комнатамыз біздің қыздарымыз: Гүлшат, Дәмет, Райхан, Балдырған, Айтжамал, Гуля Сагнаева тұратын комната болатын. Бірде тура шәй қайнап жатқан үстіне барғанбыз, кроватқа отыра бергем, кроват үстінде, тоқшәйнектің қайнап жатқан шнуры өріпті. Мен байқамай үстіне отыра қалғанда, шәйнек аунап түсіп, жамбасым ыстық суға күйіп қалды. Содан су киімді шешуге тура келді. Оншақты күн жиырма төртінші автобусқа сығылысып міне алмай бейнетті көрдім.

* * *

Студенттер қысқа қарай ауылдан соғымның етін әкеледі. Оны сеткаға салып, терезеден сыртқа шығарып қояды. Балық аулағандай, таяқпен түрткілеп, жерге түсіре алмай жүргенің. Жерге түссе «үлкен» олжа.

Барлығымыз асты жатақханада бір этаждың, бір бөлмесінде дайындаймыз. Қыздар пісіріп жатқан етті, жігіттер пісіп қалған кезде, бесінші этаждан, төмендегі этажға алып кететін. Өз комнатасына әкелсе, иісінен тауып алады.

Немесе ет пісіп жатқан қазанға, жанына апарып суымен бос қазанды қоя салатын. Ет иесі сыртқа шықса, жаңағы қазаннан бір - екі түйір етті алып, өз қазанына сала салатын.

* * *

Мен 1979 жылдың күзінде үйленетін болып, тойымызды Қарағандыдан 90 шақырым жердегі ауылымда жасамақ болдым. Ауылда ол уақытта ресторан жоқ қазіргідей, есік алдына палатка тігетін болдық. Арқада қазан айында жаңбыры мен бұршағы жауып тұрады. Мен екі - үш күнге сұранып, барып палатка тігістім. Қораның артына, қысқа шөп, қолдағы малға дайындап үйіп қойған екен. Қазанның 21 күні Қарағандыда ЗАГС - те болып, автобазадан үш үлкен автобус жалдап, студент атаулы тойға барды. Оған ауылдағы достарым, сыныптастарым, техникумдағы достарым, армиядағы достарым, басқа туысқандар қосылды. Не керек қырық рудан, бәрі қызып алған, азан-қазан болып кетті. Оның үстіне жаңбыр жаусын. Содан әйтеуір аман - есен той тарқады. Кейін де әкем ауылға барғанда:

- Марат жездең сендерге риза. - деп күледі. Сөйтсе әкей малға шөп суыруға барса:

- Бір шиша шығады, - кейінде тағы бір шиша шығады дейді, сөйтіп бірнеше күнде, бірнеше шиша шыққан екен. Бұл не арақ деп, үйге келіп отырған Марат



деген жездеме берсе, мақтап - мақтап ішіп алыпты. Тойға барған студенттер палаткада отырғанда арақты алып, кейін ішеміз, - деп шөптің арасына тыға берген ғой. Одан кейін таба алмай қалған немесе шамалары келмеген болса керек. Тойымызда да студент достарымызбен сондай бір қызықтар болған.

* * *

Біздер староста болғаннан кейін деканымызбен жиі кездесіп тұруға тура келді. Біздің сол аяулы деканымыз З.Ш.Шумековпен болған, екі қызық жағдайды айтып кетейін:

Біздер мемлекттік емтихан тапсыратын болдық. Мен староста ретінде Жаңарқалық қыздар Райхан мен Әлимашқа, емтиханға қымыз әкеліңдер, - дедім. Емтихан болатын күні қыздарым қымызды алып келді, біз қымызды эмальданған шелекке құйдық та, үстіне бір жарты ақ арақты қосып жібердік те араластырып графинга құйдық, комиссия мүшелеріне алып бардық. Біраздан кейін деканымыз Шумеков З.Ш мәз, денесі қызған, көйлектің жоғарғы түймесі ағытылған, екі езуі екі құлағында:

- Әй, Жазыбаев, қандай қымыз әкелгенсің, - дейді маған. Комиссия мүшелері риза болғаны соншалық, бәріміз емтиханды ойдағыдай тапсырдық. Маған:

- Қымыздың қайсысына қосылған, қайсысына қосылмаған айтып қойыңдар , - дейді Шумеков. Келесі жылы Әсемкүлім институтты біретін болды, Шумеков Әсемкүлге айтыпты:

- Жазыбаев емтиханға былтырғындай қымыз жіберсін, - деп. Мен Шет ауданында қызметте едім,

нағашы апайым тамаша қымыз ашытушы еді, сол кісінің қымызын жеткізіп бердім, Кажикаримовке:

- Былтырғы Жазыбаевтың қымызы, - дейтін көрінеді Шумеков.

Екінші бір жағдай: Амантай, мен, тағы біраз студенттер Л.И.Брежнев қызмет атқарған жер Украинаға бардық. Днепродзжержинскіде, Львовта, Днепропетровск және Киевте болдық. Мен келген соң, Брежневтің бьюстінің жанында түскен группаның фотосы мен алған әсерлер жайлы мақаланы «Орталық Қазақстан» газетіне жібергем. Бір күні маған он сом гонарар келіпті. Олжа ақша, - деп қуанып, Амантай, Қанат үшеуміз моншаға бардық. Қайтарда кафеге соғып тамақ, сыра және Қанат екеумізге бір жарты ақ алдық, Амантай ішпейді. Сырамен араласқан соң ба, Қанат екеуміз қызып қалыппыз. Сол қызумен даурығып, №19 автобусқа отырыппыз. Автобуста кісі көп, бірақ Қанат екеуміз даурыққанды қоймаппыз. Бір кезде Амантай мені түртеді, Шумеков, - деп. Алдыңғы жаққа қарасам Шумеков, ол кісі автобустың алдыңғы жағында, біз арт жағында. Кісінің көптігінен маған жете алмай тұр, менің фамилиямды атайды, мен атаған сайын теріс қараймын. Әйтеуір ол кісі аялдамасына келіп түсіп қалды - ау. Келесі күні деканатқа шақырады, мен ішкенімді мойындамаймын. Кең адам ғой, группаңды ал да жатақхананың жанындағы қарды күреңдер, - дегені. Аузынан сөз шыққаны мұң екен тайып тұрдым.

Өзіме талай жақсылықтар жасады. Әлі де біздің институтта сабақ береді, сексеннен асса да ширақ. Мен облыстық газеттерге мақала жариялағанда, үкімет тарапынан марапат алып, депутаттыққа сайланып, қызмет бабында жоғарылап жатсам, барлығынан



сырттай хабардар болып, оқып, біліп, менің студентім, - деп марқайып отырады екен. Жиі кездесіп тұрамыз, сыйластығымыз жақсы. Москваға оқуға жібергенде бармадың, - деп әлі күнге дейін маған өкпесін айтып қояды. Кейбір жерлерде бірге дәмдес те болып қаламыз.

* * *

## *Жетесова Мира Тұрашқызының «Жан Сырым» өлеңдер жинағына*

## *Алғы сөз*

Жетесова Мираның жазған өлеңдерін үзбей оқып келемін. Мен бақытты жандардың бірімін, осындай адаммен бір институтта оқығаныма қуанамын, мақтанамын. Әрібір жаңа өлеңін оқыған сайын мына өмірдің жақсысы мен жаманын, ащысы мен тәттісін, досың мен дұшпаныңды, дұрысы мен қатесін ажыратып аласың. Өмір - деген теңізде кездесетін әрбір толқынды, әрбір жыр шумақтарынан кездестіресің. Әрбір сөздері өлең деген құдыреттің шың - құздарының асуларынан қанаты талмай асып жатады.Жыр жолдары бұлақтың суындай мөлдір - таза, шынайы жүректен шыққан ойлар, жанға демеу береді, жүрегіңнен жылы орын алып өмірге деген сүіспеншілікпен алға жетелейді. Өлең қай тақырыпқа жазылса да оқырман бар ықыласымен оқиды. Адамның көңілінен діттеген жерден шығады, шөлдеген адам шөлін басады. Ақынның қаламы ұшқыр, тілі орамды, ойы терең. Өлеңдері ата - анаға, бауырларына деген сүіспеншілікке, достарына, туған ел, туған жерге деген сүйіспеншілікке, достарына, туған ел, туған жерге деген ыстық сезімге толы. Қызылқұмның

аптабындай ыстық махаббаты, Алатаудың көз жетпес шыңдарындай биікті сездім. Өлеңінен барлық қазақ халқына керек жолдар табылады. Өлеңдері өз оқырмандарын табады деген сенімдемін.

Інім, ақын Нұрғали Карабектегінің өлеңі бар еді, сол өлеңнің соңғы шумағын Мираға арнадым:

Көп бүгін ұмытқандар құдайын да,
Тәңірден саулығыңды сұрайын да.
Көл болсын, көп тілегі саған деген,
Тіл мен көз, тасқа тисін ылайымда.
іске сәт, Қазағымның аруы!
Әлі талай өлең - жырларыңмен бізді қуантарсың.

*Ізгі ниетпен, Жазыбаев Ғабдыманап Серікұлы.*



*Ақын досымның Болат Ақтанұлының өлеңдер жинағының тұсау кесері 2021 ж.*



## *Түркістанда болуымыз.*

Билылғы жылы, яғни 2021 жылдың тамызында бұрында айтқандай киелі Түркістанда кезекті достарымыздың кездесуі болды. Төменде бауырым, әрі студенттік досым Әбдәлімнің (өзі қатыса алмады) кездесуден кейінгі маған жолдаған хатын сіздерге ұсынуды жөн көрдім.

Ассалаумағалейкум!

Құрметті Ғабдыманап аға!

Алланың қалауымен сырқаттанып ауруханаға түсіп кездесуге бара алмай қалдым. Бұлда бір сынақ шығар...

Дұрыс айтасыз «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған» - деген сөз бар.

Бүкіл әлемді топан су алардың алдында Алла-тағала Нұх пайғамбарға кеме жасауды бұйырып адамзаттан бастап барлық жануарларды жұбымен алуға аяң береді.

Сол кеме Қазығұрт тауына барып тоқтайды. Міне тіршілік осы жерден басталады. Топан судың тығыны (пробкасы) Берік - Ата осы Қазығұртта.

Қазығұрт тауының басында Нұх пайғамбар өмірді жаңадан бастайды. Астрономиялық шеңберлер және Түркістанның қақпасына ұқсаған сол тау шатқалында мраморлап кескендей жалтыраған мешіт бар. Ал, Ғайып - Ерен, қырық шілтен Адам ата мен Хауа анадан бастап барлық тіршілікті көрністер тас белгісімен сыйпатталған. Әліде ашылмаған құпия сырлары көп. Нұрмахан - Ата жас кезінен сол киелі жерді қолға алады, баласы Махмуд жалғастырып жатыр. Алпамыс жырындағы Ғайып - Ерен, қырық шілтен жәрдемдесіп алып өт, деген осы Әулие.

Жер жаһан топан судан кейін батпақ болып иленіп қанша жылдар өтіп жәйлап кебе бастайды.

Сайрамда сансыз бап демекші таудан төмен түсіп бірінші қала Сайрам - Атадан бастау алады. «Сайрамда сансыз бап», «Түркістанда түмен бап», «Баптардың бабы Арыстанбап» - дейді бабаларымыз.

Бағдарлама бойынша барлық жерлерде болдыңыздар. Кездесу жоғарғы деңгейде өтті деп жүрек жарды қуаныштарыңызды айтып біздерді бір марқайтып жатырсыздар, жылы лебіздеріңізге ұйымдастыру алқасының атынан Рахмет!

Ғабдыманап аға Сіргелі мешітіне барып, кейін туған жердің топырағына аунап ата - баба әруағына тәуба етіп қайтыпсыз. Керемет!

Сіздің яғни, біздің атамыз Сарыағаштағы Әлімтаудағы «Жабай - Ата» Әулиеге келесі келгеніңізде бірге бара жатармыз.

Отбасыларыңызға бақыт толсын! Көңілдеріңіз көктем, Жандарыңыз жаз болсын!

*Бауырыңыз Әбдәлім.*



*Институтта бірге оқыған достарыммен Түркістанда болуым 2021ж.*



* * *

Жазушы Әбдіжәміл Нүрпейісовтың «Күткен күн» романында атақты Райнистің бір шумақ өлеңін жазып отырмын, орысшадан қазақшаға аударылған:

Сгниут годы, сгинет юность,
Канут в вечность дни за днями.
Но народ твой - он не сгнет,
Если встанеш за народ!

Өтеді күндер, өтеді жылдар,
Өтеді жастық зымырап.
Өлмейді халқың, өшпейді даңқың,
Қорғай білсең, сен бірақ.

Бұл шумақты келтіріп отырған себебім, өмірге келмек бар да, кетпек бар, жастық шақта мәңгілік тұрмас, бірақта қандай адам болса да шежіреде қалады, ол шежірені кейінгі ұрпақ жалғастырады. Кейінгі ұрпағым біле жүрсін деп «өз» сіргелілеріміздің (арқадағы) қолыма тиген деректермен «Тұғыр» деген атаумен кітабымды жазып оқырманға ұсындым, 2016 жылы.

...Осы ғасырдың жиырмасыншы жылдары (1920) бізде шежіреге қатысты алғашқы ғылыми зерттеулер дүниеге келе бастады. Бұл орайда өзі Петербор институтын алтын медальға бітірген темір жол инженері бола тұра, қазақ тарихы жөнінде тамаша еңбектер қалдырып кеткен Мұхамеджан Тынышбайұлының (1879 - 1938жж.) 1925 жылы Ташкентте басылған «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар», - деген кітабы осы мақсаттағы алғашқы іргелі талпыныс болып еді, - деп жазады «Қазақ шежіресі»! (1994ж) кітабында. Әрі қарай кітапта.... Сөзімізді қорыта келе айтарымыз,

шежіре таркату - кейбіреулер айтып жүргендей рушылдықты, жікшілдікті көрсететін құрал емес, жұртымызды бауырмалдыққа, туысқандыққа, ағайын - жекжат арасындағы сыйластыққа баулитын асыл қазынаның бірі.

Осы жазылған пікірге қосылып «Тұғыр» деген кітапты жазып арқа сіргелілеріне, яғни өзімнің туған-туыстарыма, бауырларыма, келешек ұрпағымызға арнап ұсындым. Деректер өзіміздің әкелеріміз-ағаларымыздың жазғаны мен айтқанынан алынды.

Сол орайда кейінгі жастарымыз біле жүрсін деген мақсатта, Қарағанды қаласында, 2021 жылдың қазан айында ас берілді. Ата - бабаға арнап құран оқыттық, шежіремен таныстырдық. Сөйтіп өмір бойы көкейімізде жүрген бір мақсат орындалды.

Төменде сол аста айтылған екі материалды (Аруаққа сену, Түсініктеме) ұсынуды жөн көрдім. Жастарымыздың санасында жүрсін деген мақсатпен.

## Аруаққа сену

Аруақ сөзі өте көне ұғым. Америка үндістерінде аруаки, араваки деген тайпалар бар. Америка құрлығымен Азия құрлығы ықылым заманда бір - бірімен Беринг көпірі арқылы жалғасып жатқан. Орталық Азиядан аң қуған аңшылар екі континент құрғақ жер арқылы тұтасып тұрғанда Америкаға өтіп кетіп, тұңғыш рет ол өлкені игеріп, мекендеп тұрып қалған. Қазір ғылымда прототүркілер мен үнділердің өзара туысқандық және тілдік байланысы ғылымда дәлелденгені әлдеқашан. Кейін дүниеде жағрафиялық



апаттардың әсерінен екі құрлық бір - бірінен ажырап, ортасын Беринг бұғазы бөлгенде екі туыстас халықтар да бір - бірінен мәңгілік үзіліп қалған. Мұндай жер үсті апатының болғанына географ ғалымдар жиырма бес мың жыл өткен деп тұжырымдайды, яғни аруақ сөзінің пайда болғанына жиырма бес мың жыл деуімізге әбден болады. Демек, аруақ сөзі мен ұғымы аруаққа табыну әлемдегі қай сөзден де, діннен де, діни ілімдерден де жасы жағынан жоғары тұрады. Арғы ата - бабаларымыз көне түркілердің басқа халықтардан айырмашылығы бір - ақ құдайға көк Тәңірісіне табынды, аруаққа сенді. Исламға дейінгі наным - сеніммен Исламның өзара жымдасып гармониялық жарасым табуында деген ойды «Қазақтарда аруақтарға табыну әлі күнге дейін сақталған. Мұсылмандар өз әулилеріне табынатыны сияқты олар да өмірінің қиын сәттерінде бабалар рухына жалбарынып, көмек сұрайды. Барлық сәттілік қасиетті аруақтың қол ұшын беруімен байланыстырады» деп көрсетеді Шоқан Уалиханов. Қазақ жерінде әулиелі жерлер аз емес, «Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб» дегеніміз әрбіреуінің өзіндік тарихы (сакральная история) ерекшелігі, халыққа берер ғибраты бар. Еліміз егемендік алып жеке мемлекет болғаннан кейін, езіліп қалған ел оянып, тарихи киелі жерлеріне тәу етіп, оларды жөндеп қайтадан қалпына келтіріп қызыл империяның тұсында мәңгүрт блған халқымыздың жаны жаңғырды, рухы оянды.....

*Ахмет Тоқтабай,*
*Тарих ғылымдарының докторы,*
*Профессор.*

## *Төленгіт атанғандардың Сіргелі болуы туралы Түсініктеме*

Бауырым Нәукенов Еркебұлан Оспанұлының, бұрын өз тарихын білмеген туыстарға және кейінгі буын білсін, деген мақсатпен жазған түсіндірмесін сіздерге ұсынуды жөн көрдім:

«Түп тамырын бір кісіден таратып келе жатқан бірлестік тайпа, бара келе ата - атаға бөлініп, жеке ру болып қалыптасады. Ал, «төленгүг», ру емес, ол әр рудан жиналған, билуші тапта қызметте жүрген адамдарды айтқан. Төленгіт - ру емес, лауазым. Олар билеуші тапқа салық жинау, заң бұзушыларды жазалау, орда күзету, жеке оққағар бөлу, төре ұрпағына аталық, әскери тәрбие қызметін атқарған. Төрелер оларды өзіне сенімділігін арттыру үшін және де ордаға жақын болған соң төре қыздарына қырындамау үшін, қыз алыспайтын туыс болайық, деп бауыр ретінде ұстаған. Сондықтан өз руларына кетіп қалмау үшін, төленгіттен туған ұрпақты автоматты түрде төленгіттік қызметке алынып отырған. Оларға жағдай жасалған, жалақы төлеген, қоныс жер бөлінген, үйлендіріп тамырын сол мекенге байлаған. Жағдайы жақсы болғаннан төленгүттер бара - бара өз түп тамырын ұмыта бастаған. Кейін ала сапыран заманда, төре билігі әлсірген кезде, кейіннен жойылғанда, төленгіттік қызметке сұраныс болмағаннан соң олардың ұрпақтарының кейбіреуі өз түп тамырын ұмытып, қай рудан келгенін білмей, қалың қазақтың ішіне қалай сіңісерін білмей, сол төленгүттікті руымыз, деп жергілікті, басым руға сіңіскен.

Біздің аталарымыз, керісінше, өз түп тамырын білген, елмен қарым - қатынас үзбеген. Бірақ, жағдайлары жақсы, Қояншы - таңай руының ішінде беделді, тіпті



беделі бара - бара төрелерден де басым болып, би, қазы боп қызмет атқарған. Ең ақырғысы Елеукен деген, Қылышбек деген аталарымыз Қояншы - таңай ішінде билік айтқан. Жұман, Жүндібай, Тұрымбет аталарымыз моллалық қызмет керсеткен. Солардан қалған жұрнақ Ақажан молла, Тұрсана молла аталарымыз. 1916 - шы жылға дейін атажұртпен етене араласта болдық, мүмкін жағдайлары тым жақсы болмағанда елге көшіп кетерме еді. Ал, одан кейін Жағдай күрт өзгерді, төңкеріс те төңкеріс, қуғын сүргін, бір жұттың үстіне бір жұт, аштықтың үстіне аштық. Ел ыдырап, қырылып жатқанда, біздің аталар, аналар тұтастықты сақтап, бір - бірінің қамқорлығы арқасында, осы Арқадағы қоныстан кетпей, басым көбі аман қалды. Аман қалу үшін нағашы жұртты паналап, қайын жұртқа сіңісуге тура келді. Сол уақытта ес білетіндердің көбісі елді, соғыста жоғалды. Қалғаны Сіргелі екенін ұмытып, өйткені нағашың қаракесек, алған жарың қаракесек, дос жарандарың қаракесек, сол қояншы - таңай руының бір атасы болып, руымыз төленгүт, деп жүріппіз ғой. Ата жұртты білетіндер, ол жақта болып келгендер де ара қатынас 60 - 70 жылдай үзілген соң, шежіре, ата қуу, деген құрдымға кетіп бара жатқанда, тек өзара, еліміз Сарыағаш, деген әңгіме жүрді. Тек, Сырымбетұлы Қасым атамыз шежірені тастамай, туыстыққа беріктігімен, өз мойнына осындай міндетті алып жүргізіп келді.

Кейіннен ата жұртта сондай тынымсыз, іздемпаз адамдар бар екен, оның ішінде, Нұсқабек көкеміз елді түгендеп, қор құрып, шежіреден жырақ қалмасын, деп ел кезіп, іздеп бізді тапты. Осының бәрі Алланың хикметі. Ал, өзінің арғы шыққан өзегін білмейтін, түп тамырынан айрылған қаншама адамдар жергілікті

руларға сіңіп кетті. Біз, Аллаға шүкір, тегімізді білеміз, мекенімізді білеміз, елдегі бауырлармен қатынасамыз. Ал енді, өз пікірі жоқ, елдің қыңқу әңгімесіне еретіндер, жүрегінде оты жоқтар. Біз Сіргеліміз, руымыз Батыр».

*Еркебұлан Нәукенов*
*Руы: Сіргелі, Батыр.*



*Шымқаладағы Сіргелі мешітінде болуым. 2021ж. (Мешітке баруға себепші болған, студеттік досым, әрі жиенім Шымқалалық Раяға алғысым шексіз).*



## *Достарым!*

Бүгінгі күн бір ерекше болып, таң намазынан кейін, қалың ойға кетіп, бір тұңғиыққа батып кеткендей сезініп, аяулы достарымның Серік - Жолдыбай досымыздың өмірден өткеннен кейінгі және досымыздың туған жеріне барып келгеннен кейінгі, достардың айтылып жатқан сөздері, жазылып жатқан өлеңдері, жан дүниесінен шығып жатқан ыстық лебіздері, көз алдыма елестеп, ой елегінен өтіп, ұйқымды шайдай ашып жіберді. Асқар таудың биіктігін, алыстағанда байқарсың дегендей, жанымызда жүріп өткен жан досымыздың, қасымызда жүргенде байқамасақ, ет жақын туысқандары да, достары, біздер де, асқар тауымыздың биіктігін енді байқағандаймыз. Жан даусымыз жан дүниесіне жетер, көз жасымыз жаңбыр болып өтер деген сезіммен, алыстап бара жатқан асқар тауымызға, сағынышпен сарғайып қараймыз. Сол асқар таудың биіктігі жер басып жүрген уақытымызда, біздің санамызда, өмірлік сақталары сөзсіз.

Жылқының тұяғы қатты, белі бос - Құстың қанаты қатты, мойны бос - Адамның мінезі қатты, көңілі бос, дегендей осы жолдарды жазып отырғанда, көз жанарыма менің де жас келе берді. Себебі, аяулы досымыздың орнын іздеп барғанда, ақ шашты, ақ жаулықты, ару ананың, ботасын іздеп боздағаны, қандай темірден жаратылсаң да, сай - сүйегіңді қақсатып, буын-буыныңды босатып, өзегің өксікке, көзің жасқа толып, бір сәт есің кетіп қалғандай болар. Иә, қимас жандар: сүйген жар, бауыры, баласы, ет жақын туыстары, бәріне қимастарынан айырылу оңай тимес. Біракта, ең ауыр қасірет, ауыртпалық ананікі болар. Сондықтанда, ананың

қанынан жаратылып, жарық дүниеге келіп, ана төсінен нәр алып, өскен азамат, кім болса да анаға басын иген. Үлкен әжелеріміз, апаларымыз айтатын «ботам дегізбесін, апам дегізсін», деп. Аналарымыздың сол тілегі ойыма келіп отыр. Бізбен көріскендегі досымыздың анасының жайы, дастархан басындағы отырыстағы күйі, қабыр басында құран оқытқандағы кезі, қара шаңырағындағы сезімін, мен айтып жеткізе алмаймын, толықтай айтып жеткізу мүмкін де емес шығар. Бірақ жай толық ойымда, ол сіздердің қалауларыңызбен, жер шалғайлығына, уақыттың болмасына қарамай, біздер барып, анасымен, отбасына, туған - туысына тағзым етуіміз. Ет жақындарының біздерді зор құрметпен қошеметтеуі, өз балаларының, достарының арасында, қандай құрметте, қандай сыйластықта болғанын дәлелдегендей. Тіршілік болса, әлі де жазармыз, әзірге ой толғауым осылай болып отыр.

Сырымды айтып, достарыма арылмасам,
0, дүниеде ол маған «тон» бола ма?

Жақсы көретін, сыйлайтын құрбыларым, сіздер де қазір әжесіздер. Арамызда Серік - Жолдыбайдың анасының күнін кешкендеріңіз бар. Сіздердің де қандай күйде болғандарыңызды түсінеміз. Тірі адам тіршілігін жасайды. Сіздерге де күш - қуат берсін. Барлықтарыңыздың өмірлеріңіз баянды болсын!

Мен, бір құдайдан қорқам,
Ананың көз жасынан қорқам,
«Жылатпасын аналарды»! - деп,
Тілеймін бір Алладан!

Сол себепті, осы жолдарды сіздерге жолдап отырмын. Жақсы күндеріңіз көп болын, менің достарым, сырластарым!



## *Досымның туған күні*

Алланың! Қалауымен, маған Алмасбай досымның туған күніне Астанада қатысуды нәсіп етті.

Алмасбай Қарағандыда институтта бірге оқыған досым, Қызылордалық азамат. Институттан кейін әр қайсымыз әр тарапқа кетіп едік. Менен алты жастай кішілігі бар, институтқа мектеп бітірісімен түскендер. Біздің оқыған институтта жігіттер аз болатын, оның үстіне дені қазақ жігіттері еді, сондықтан, бәріміз бір - бірімізге тартылып жақын жүретінбіз. Зейнеткерлікті алқымдаған шақта біздер, иниституттта бірге оқыған түлектер жиі кездесе бастадық. Қарағандыда институтты бітіргенімізге 39 жыл, 41 жыл. Шымқалада 41 жылдық кездесулеріміз болып өтті. Аракідік Астанада басымыз қосылып қалады. Сондай бір сәт, Астанаға барғанда Алмасбай досымның туған күніне тап болдым. Алмасбай досымның екі көзі көрмей қалғанына он бес жылдай уақыт болған екен, бірінші топтағы мүгедек. Балалары өсіп - ержетіп, Астанада қызметте, өз қолдары өз аузына жеткен азаматтар. Қызылордадан әке - шешелерін, Астанаға көшіріп алғанына он жылдай уақыт болыпты. Міне, сол тойға, туған күнге қатысқаным жайлы бірге оқыған достарыма айтқым келді.

Тойдан кейін, бір түн, бір күн әртүрлі ойға кетіп, екінші түні ұйқым шайдай ашылып, осы жолдарды жазуға мәжбүр болдым. Туған күнін атап өтерден екі - үшкін бұрын кездесіп, өзімен біраз сырласып едім. Той керемет, өте жоғары денгейде өтті. Мейрамхананың табалдырығын аттай бере, мені аяулы екі азамат, әдеппен құшақ жая қарсы алып, Астананың айтулы

мейрамханасының екінші қабатына бірақ шығарды. Айтып отырған азаматтарым Алмасбайдың екі ұлы. Банкет залының табалдырығын аттай бере, жарқын көңілімен аяулы жары қонақтарды төрге шақырып жатыр. Алмасбай төрде көтеріңкі кеңілмен достары мен бауырларының ортасында әңгімелесуде. Дастархан мәзіріне, әңгіме, тілек, ән - би, бәріне тоқталмай басқа бір екі жағдайға тоқталғым келді.

Сынақты, Жаратқан! көтеретін адамына береді дейді. Ол, бізбен бірге өмір сүріп жатқан адамдарымыз. Ал, енді сынақты көтере алмай сынып түссе ше? Алмасбай жеке отырғанда айтып еді, осы сынақты көтеріп жүргенім балаларымның арқасы, деп. Әке - ана сыйлай білген балаларды қалай айналмайсың. Алмасбайдың сол сөзін, дастархан басында қайталап айтуға мені мәжбүр етті.

Ол, жанына демеу болған аяулы жары, ақылды балалары, қаны бір бауырлары, жастық өмірі жарасып өткен жан достары. Осылардың бәрін қиып қара жерге қалай кетерсің? Астананың дәл ортасында қара шаңырақ иесісі атандырып, ең айтулы мейрамхананың төріне отырғызып, туған күнді тойлап жатқанда, осы аяулы жандар. О, дүниеде не боларын ешкім білмес. Ал, бұл жалғанда Алмасбай досым, таңдаған жарыңның аяулы алақанын сезіну, балаңның әке деген сөзін есту, немеренің маңдайынан иіскеу, досыңмен сырласу, жақсы ән - күй тыңдап, сары арқаның самал желіне көкірегіңді ашып тұрсаң, соның өзіне Аллаға! шүкіршілік дерсіз. Осындай өмірге жете алмай кеткен достарымыз да жетерлік. Менде, жүрегім езіліп барып бір Аллаға! шүкіршілік дедім.



Сенің төрде отырғаныңның өзі аяулы досым, өз ортаңа жеткілікті. Алланың! Берген жасын жасай бер. Домбыраңды тарт, өлеңіңді шығар, шөбереңді сүндетке отырғыз, жел қайығыңды есіп алға жүзи бер. Талай толқындардан, аударылмай жүзіп өтетініңе сенемін! Азаматтығыңа Ризамын!

*Досың Ғабдыманап.*

## Сырым

Жүремін бірде атпен, бірде жаяу,
Жүрісім бірде шапшаң, бірде баяу.
Келемін бірде сүрініп, бірде тұрып,
Көңілім бірде жарқын, бірде қаяу.

Келеміз біз жүзіп теңіз айдынында,
Бірде тыныш, бірде асау толқынында.
Бәрімізде бар арман, бар мақсат,
Оңдасын!, - деп жалынамыз бір Аллаға!

Сынды да, сынақты көріп келем,
Шүкір! Жақсылығыңа, жаратқан ием!
Кір қалмасын, - деп көңілім де,
Сырымды достарыма ашып келем.

Кетсем ішімде «шер» бола ма?
О, дүниеден пенде қайтып орала ма?
Сырымды айтып достарыма арылмасам,
О, жалғанда маған, ол «тон» бола ма?!

*12.10.2020ж.*

## Ой толғау

Тоғызыншы мамыр жеңіс, күнін тойлаймыз,
Бұл қандай жеңіс деп кейде ойлаймыз?
Керегі барма еді, сол соғыстың бізге?
Шаңырағымыз ортаға түсіп, зарлаған кезде?

Кәрі - жас аттанды сол соғысқа,
Қорған боламыз, деп ағамыз орысқа.
Біз орысты француз - немістен қорғағанбыз,
Бар ма еді сол орысқа қадіріміз?

Тісі империяның бізге әбден батқан,
Көсемдерімізді шетінен асып - атқан.
Тарихтан империяның жайы белгілі,
Еске түседі қара бұлт қайғылы.

Оң көзімен империя бізге қарады ма?
Қан жоса ғып елімді талады да.
Есеңгіретіп қайран елімді,
Тартып алды кең байтақ жерімді.

Буып тастап менің ана тілімді,
Құмақ болды мұсылмандық дінімді.
Сүлігін салып менің таза қаныма,
Тояр емес жер анамның уызына.

Өзіме бер, десем мен әзімдікін,
Шегір көзімен маған қадалады.
Жемқор топастарды алдыға салып,
Қол шоқпар ғып басыма ойнатады.



Құтыламыз қайтып қытай - орыс торынан?
Тұсалама жемқорлар доңызды емген?
Қайран елім! - деп қан жұтқан Бабамның,
Ұрпағы жеңіс туын ұстап қалар ма екен?!

*21.04.2021ж.*

## Аққу құс

Аққу құс сәнді сыңарымен,
Адамзатқа ықпалды киесімен.
Жас жұбайлар «пір» тұтар,
Жүрейік, - деп аққудай жұбымен.

Жалғанда жаратушыға мін бар ма?
Аққуға тең келер құс бар ма?
Айдын көлде сәнімен қалықтаған,
Аққудай жаны таза жан бар ма?

Бұл жалғанда бір жұп болып өтеді,
Махаббаты қосағымен бірге кетеді.
Қос аққудай қосылған жұбайлар,
Неге? Бір - бірімен ажырасып кетеді.

Бойында ақымақтығы асып тұрған,
Адамның да аласы болып тұрар.
Тіршілікте жүрсе шын сыйласып,
Таза махаббатты ел - жұрты сыйлар.

*13.05.2021ж.*

## Достарыма

О, жалған!
Өткенім қайтып келмес маған,
Сырым бар сіздерге айтылмаған.
Достарымнан жақсы хабар естісем,
Қуанып, мен бір жасап қалам!

О, жасаған!
Бір ұядан ұшқан балапандар,
Түгелдей қайтып ұяға оралмайды.
Достарым қатарымнан кетіп жатыр,
Қайтып олардың орны толмайды.

О, жасаған!
Ғаламат күш бар бұл Әлемде,
Адамзат оған тең келген бе?
Куә боларсың жазуына тағдырдың,
Ауыртпалығын арқаңа асып бергенде.

О, жасаған!
Жаратқан, деп бір Аллаға жалынар,
Алпыстан асқан жасымыз бар.
Өкінбей бұл өмірде адамдар,
Сағынып, бір - біріңмен сыйласыңдар!

*07.04.2021ж.*



## Тілегім

Білесіңдер ме сендер Мені,
Руым менің Батыр - Сіргелі!
Шыңғысхан мен қосылып,
Бабаларым алған талай жерді.

Ұлы жүз Ойсынның Ұлымын!
Ұлыны қорғайтынның бірімін.
Түркінің тек біз қазақ жалғасы,
Ешкімнің бізге жоқ таласар Хақысы.

Паш етем кең байтақ жерімді Әлемге,
Қазағымның бір Алла! берген несібесіне.
Уа, халқым қорған болайық,
Кетпесін сатылып біреудің еншісіне!

*16.08.2020ж.*

## Тағдырыма сұрауым

Тұнғиыққа мен батамын бойлап,
Кейде, небір барды - жоқты ойлап.
Талпынсамда ойымды тазартуға,
Бой бермейді санамды жайлап.

Келеңсіз бір жағдайға қынжылып,
Шешімін таппай мен қамығам.
Тілеп! Бұл өмірдің жақсылығын,
Күндіз - түні «тәңіріме» жалынам!

Не айтамын? Тағдырдың сынағына,
Мойныма асып, белімді жазам.
Кетседе аяқ - қолым қалтырап,
Үміт оты сөнбейді, жарқырап!

Жаңбыр жауса, жер көгереме?
Көңіл тазарып, шаттыққа бөленеме?
Ширығып, қиындыққа төтеп берсем,
Бақытым! құшақ жайып келеме?

*11.07.2021ж.*



## Қанағат

Ғасырлар тоғысында біз келеміз,
Бұл күнде, ауырлады денеміз.
Біздің бар арман, бар тілегіміз,
Ұрпағымның бақыты, тілеуіміз!

Өткенді еске алып, ойланып,
Келешекке үмітпен, қараймыз.
Мәуелеп өскен біз бәйтерек,
Дауылда пана болып қаламыз.

Өмірдің ащы - тұщысы кетеді,
Көз алдыңнан елес болып өтеді.
Жастық шақ қоштаспай кетіп,
Кәрілігің! Сұрамай келіп жетеді,

Өкінбейміз, өмірдің өткеніне,
Ұғар! Ұрпақ берді тілеуімізге.
Қарттарға өмір бер? деп сұраса,
Сол қанағат, мәреге жеткенде!

*12.07.2021ж.*

## Ей, өмір!

Ей, өмір!
Күйім бар әлі тартылмаған,
Сырым бар айтылмаған.
Жырым бар жазылмаған,
Арман бар орындалмаған.

Ей, өмір!
Жақсылық пен қуантып келесің,
Жалт беріп бір күні кетесің.
Мезгілсіз кететініңді мен білемін,
Сонда да жақсы үмітпен жүремін.

Ей, өмір!
Бер! жақсылықты тіршілікте,
Жақсы жандармен бөлісуге.
Жамандығыңды жерлеп кетем,
Керек емес, зұлымдық жер бетіне!

Ей, өмір!
Болсыншы!
Аспаным ашық, күнім шуақ,
Жерім көк майса, малым тоқ.
Елім аман, жұртым тыныш,
Ұрпағымның келбетінде, қуаныш!

*25.08.2021ж.*



## Сағыныш

*(Қарындасым - қарлығашым Төлеугүлге)*

Сол бір ай қараша ызғарлы күн,
Суық хабар жадымнан кетпейтін үн.
Жүргенімде науқас баламен Алматыда,
Сол сағат ұшатын болдым Қарағандыға.

Жете алмай келем қанатым талып,
Бір сағатым ғасырдай болып.
Ойыма менің не келіп, не кетпеді,
Көкелеп көз алдымда бой жеткені.

Келсем табалдырықты мен аттап,
Жақындарым отыр үйде қаптап.
Төр жақты меңзейді олар маған,
Ұзаққа бармас, келді, - деп күткен адам.

Ұсынған аяулы алақанды ала бердім,
Маңдайынан иіскейін, - деп бара бердім.
Келдің бе? - деп кірпігін бір қақты,
Айтуға шама жоқ, үндемегені жанға батты.

Қырық қарақшыға «дір» етпеген жүрегім,
Сары балшықтай езілд - ау білемін.
Көгершінім кетті қолымнан ұшып,
Көкетайымды көрдім, - деп мезет тұтып.

Жанарым менің болды жасқа толы,
Қолымнан ажырады екі қолы.
Аспан айналып жерге түсті ме:
Зары жарандардың үйге толы.

Сол бір айрылған көгершінім,
Енді қайтып оралмасын білемін.
Жаны жәнәтта болсын, - деп,
Жұма сайын Дұға оқып жүремін.

Жапырақ сарғайып, күз келер,
Ажалда ертеме, кешпе бір келер.
О, жарандар!
қарындасты сағындырмай аялашы,
Әлемде жан барма: оған тең келер.

*12.10.2020ж.*

## Ағажаныма

*(ағам Қанатқа)*

Тай - құлындай тебіскен,
Бір емшек еміскен.
Балалық өмір жарасып,
Бүгінде келдік бел асып.

Жел тұрса ық болатын,
Өксісем, мені жұбататын.
Реніш пен қуанышы ортақ,
Ағаларым менің жасасын!

Жақсылыққа мені жетелеген,
Аялап - әлдилеп мәпелеген.
Бар бұл өмірде тамаша Адам,
Ол, Асқар тауым, жан Ағам!



Алыс кетсем сағынатын,
Еркелегіме менің бағынатын.
Аман - саулығымды тілеп,
Ағам, бір Аллаға! жалынатын.

Мен ағамды «көке» деп атайын,
Сан жетпес жақсылығын айтайын.
Сүрінсем, маған демеу болатын,
Менің, Аллам берген Ағатайым!

Ақ жүзіңді көргенде әрдайым,
Қуаныш пен шаттық көрейін!
Айқара ашқан ай көкірегіңе,
Жанымды, ләзатқа бөлейін!

Ақын емеспін, мен, ақ иық,
Алдыңа тұрамын бас иіп!
Қабыл ал жырымды жолдаған,
Аман болшы, менің жан Ағам!

*28.11.2020ж.*

## Бауырыма!

*(бауырым Есенжолға)*

Еске түссе жастық шағымыз,
Елестейді әкеміз бен анамыз.
Қайта бала болып қаламыз,
Өткенді, енді қайтып аламыз?

Жылдар өтіп жатыр жылжып,
Келеді самайға дендеп ақ кіріп.
Тете өскен «жан» Бауырым,
Сен де «ата» болдың бір Әулеттің!

Бұл өмір, деген қызық қой,
Кейбір жерін сызып қой.
«Тәуба» дейтін барына Бауырдың,
Сенде! Ағаң барын біліп қой.

Мәуелеп өскен мен бір Бәйтерек,
Асқар тауың! болып жүрейін.
Соңымнан ерген «жан» Бауырым,
Бір Алладан! Амандығыңды тілейін.

*10.02.2021ж.*



## Әсемгүліме!

Өмірімде бар солмайтын бір гүлім,
Ол менің таңдағаным, Әсемгүлім!
Сүрінсемде қолыма ұстап бекем,
Кетпесін, деп үзіліп тілеп келем!

Таңсәуле - Сапар - Гүлзаданы сыйлаған,
Маған бар ма? одан артық адам.
Қырық бір жыл бірге басқан қадам,
Бүгінде алпысқа келді Асыл адам.

Лайым өміріңнің ұзағын тілейін!
Шөбереңді сүйсініп сүйгеніңді көрейін.
Бақыт сыйласын саған әр қадам,
Жасай берші! Менің жан қалқам!

*16.10.2020ж.*

## Досыма

Әзіл айтамын мен Досыма,
Назымды айтамын Досыма.
Сыртта кімге мен айтамын?
Мені түсінетін адам болмаса.

Досым қуанса шаттанам!
Ренжісе «пәс» болып қалам.
Бұл өміріме таңғалам!
Адал Достар, берген маған.

Сыйласып мен өмір сүрейін,
Алладан! Амандықтарын тілейін.
Жақсылығын айтып жарандарға,
Мәртебесін, туымғып жүрейін!

*07.07.2021ж.*



## Нұраталды

Әкем Серік, шешем Тишбала
ауасын жұтып, суын ішіп,
жарты ғасыр тұрған жер.
Біздер,
Қанат, Ғабдыманап,
Төлеугүл, Есенжол
Кіндік қан тамған жер.

Келіндер,
Раушан, Әсемгүл, Мейрамгүл
Отқа май құйған жер.
Олжатайдай күйеу бала беріп,
Қаракемен құда болған жер.

Немерелер,
Алмагүл, Сайран, Назгүл,
Таңсәуле, Арайлан, Сапар,
Айнұр, Ақшанұр, Гүлзада, Айдар

Жиендер,
Әсет, Шыңғыс, Еркебұлан
Әке - шешем тілеуіне,
Берген жер.

Шөберелер,
Ата - бабам,
Әруағына сиынып.
Ұрпақты жалғаған жер.

Нұраталды,
Әке - шешемнің,
Алладан қалап,
Жатқан жер!

*21.05.2010ж.*

## Арыстарым

Хасен - Қасым қос ақын,
Бірі нағашым - бірі әкем.
Болмаған құры жаяу,
Серікте менің өз әкем.

Қасымнан қалды шежіре,
Арқадағы бар Сіргеліге.
Заман қысты қос ақынды,
Кісендеп бойдағы дарынды.

Хасен - Қасым - Серік,
Менің туым сіздерге берік.
Қайда жүрсем мақтанышым,
Сіздер менің Арысым.

Түскенде сіздер есіме,
Ұран қылып, шалқып кетем.
Атадан балаға болсын Мирас,
Кейінгі ұрпаққа жазып келем.

*12.03.2015ж.*



## Анама

*(Ой толғау)*

Жетпісті мен еңсерген кезімде,
Балалығым түседі кейде есіме.
Сол, бір анамның ақ төсін,
Құшырлана жабысып емгенімде.
Күндер өтті талай - талай,
Шәшімде ақ, самайды жағалай.
Анамның уызына тойған кезде,
Мен, бақытты едім бұл Әлемде!
Білдім бе, анамның бұл өмірден кететінін,
Өмірін де мені аялап өтетінін!
Анамның барында талай биікті алдым да,
Жігіт болып, түзу көше салдым да.
Бұл өмірден анам өткен де,
Аспан айналып жерге түскенді.
Тұла бойым менің қалтырап
Келбетім жасқа жуылып кеткенді.
Өмір! деген өтіп жатыр жылжып,
Бәдіретіне қараймын мен қиылып.
Еркелеп маған келген немереге,
Әжең! деп көрсетемін иіліп.
Анамның ақ сүтін ақтадым ба?
Пәк салтын, мен сақтадым ба?
Сұраймын өзімнен әр дайым
Жаңылып бір жерде қалмадым ба?
Анамды «пірім» ғып мен жүремін,
Орны оның толмасын білемін!
Бір Аллаға! бұл жалғанда жалынып,
Жаны «жәннәтә» болсыншы деп тіледім!

*25.12.2021ж.*

## Дара жол

Әкем салған дара жол,
Сол жолмен мен келемін.
Шалынып кетсем мен егер,
Дұрыс баспадым деп білемін.

Ауырпалық болған шақтарда,
Көңілім жетімсіреп қалады.
Әке ақылын алмадым деп,
Санама менің ой салады.

Қиыншылықта кейде қамығып,
Аруағыңа Сенің жалынамын!
Іншалла! Бер деп тілеуімді,
Қолдап жүрген Сені сағынамын.

Ризамын! Саған асқар тауым!
Өмірге жаратып мені қосқаның.
Бәйгенің ортасында келемін,
Соңында қалмасыма серт беремін!

Бағыттадым Сенің дара жолыңа,
Ақылыңды тоқытып ұрпақтар бойына.
Аруағың желеп - жебеп жүрсін деп
Арнап құран оқытамын жұмасына.

*10.01.2022ж.*



## Өз сырым.

Өз сырым - өзіме мәлім,
Өзге жандарға беймәлім.
Қайдан білсін ол сырымды,
Көкіректе жиналған мұңымды.

Талпынып алға басасың,
Үмітпен әр қырды асасың.
Кетпейін деп ықпалында,
Қиындықты ақылмен басасың.

Сүрінсең сен, қайта тұрарсың,
Орындауға арманыңды ұмтыласың.
Өмір деген шіркін солай,
Ауыртпалықты жеңудеміз талай.

Жанталасқан әйтеуір бір заман,
Мәні өмірдің сонда болар.
Жақсы - жаман тізіліп өтіп,
Адамгершілігің бойыңда қалар.

*13.11.2012ж.*

## Апама

*(Нағашы апам Қамилаға)*

Жетті хабар,
«Апаң, о дүниелік болды», - деп!
Тұра алмадым,
Тұла бойым дірілдеп!

Тәлкегіңе тағдырдың мойымасам да,
Бұдан асқан ауыр жаза маған бар ма?

Нағашы әкем Нұржан өтті өмірден,
Әскерде болдым, топырақ салмадым.
Мына әлемге сонда мен түнергем.
Әсейім мен Жәкең де кете барды,
Тағдыр тағы да маған сынын салды.
Нағашы апам да арамыздан алыстады.
Тағы да маған деген темір тор,
Кешу алып, топырақ салғызбады.

Бір мен үшін жанын қиятын
Нағашыларым,
Тағдырдың жазуы неге осылай?
Түсіне алмадым?!

Ерекше еді - ау асыл апатайым,
Туғанындай мені жақсы көретін.
Шыбын - жанын қолға ұстап,
Амандығымды тілеп жүретін.



Алыстан аңсап келгенде,
Барын маған беретін.
Құшақ - жая қарсы алып,
Мейрімін шексіз төгетін.

Ыстық еді - ау, шіркін ықыласы,
Ондайды сезінбес туған баласы.
Күтті - ау аңсап апатайым,
«Бір көрсем», - деп Қабатайын!

Кетті - ау, апатайым өмірден,
Үш күн салып араға.
Қоштаса алмай,
Босап шыққан менімен.

Не дейін қатал тағдырға?
Бұдан ауыр жаза бар ма?
«Ботам дегізбей, Апам дегіз» деуші еді,
Апатайым, жылайым да, қалам да!

*15.01.2015ж.*

## Алпыстан асқанда

Айнаға кейде қараймын,
Ақ шашты тараймын.
Өткенді еске алып,
Ойға қалам мұңайып.

Енді қайтып келмес,
Болып қалар елес.
Өткен, қайран өмір!
Алыстаған бір белес.

Алпыстан асқан ақсақал
Сүйген кемпірінің сүйеуі,
Сұраған баланың тіреуі,
Тілеген немеренің тілеуі.

Түсінбей қалдым заманды,
Қолға алдым қаламды.
Адамдық тілеп адамзатқа,
Жақсылық болсын жаһанда.

Жақсылығын өмірдің көрейік,
Келешекке ақ бата берейік?
Дұрыс басып жүрейік,
Аллаға! Разылық тілейік.

*23.06.2020ж.*



## Асыл жандарға

Наурыздың сегізі көктем,
Келді, беріп бізге сәлем!
Асыға күтетін арулар,
Бізде тамаша мереке бар.

Айтулы күн мереке,
Бас иген әр пенде.
Аяулы адамдар келбеті,
Жарасымды сұлулық әлпеті.

Жақсы өмір панасы,
Бар тіршілік данасы!
Керемет емей немене,
Өшпейтін өмір жалғасы!

Қанша байлық сыйласаң,
Жан сырына тең келмес,
Шалт кетсең бұл өмірде,
Екі қайтып орны толмас.

Осы өмірге біздің лайық,
Алладан амандық сұрайық.
Кір шалмасын деп көңілді,
Тілейміз біз баянды өмірді!

*08.03.2021ж.*

## Замандастарға

Көңілді көтермесең «кір» басады,
Уайымдасам менің ұйқым қашады.
Қалжың айтып желпінбесем,
Қайғы, - деген уын шашады.

Өмір! Шіркін өтіп жатыр,
Өткеннің бәрі болып елес.
Қанша жалынып шақырсам да,
Енді қайтып ол келмес.

Тәубә! деп жасаған осы өмірге,
Алладан! амандықты біз тілейік.
Қалжыңдап, замандастар күлейік,
Жалғанды, бекер жасадық демейік!

*03.02.22021ж.*

## Кейін табысқан бөлелеріме

Ойыма келді менің бір шумақ,
Қуаныштан кетті жүрегім тулап.
Айтулы « Көк теңіз» жағасы,
Бой көтерген Балхаш қаласы.

Бір ұядан ұшқан балапандар,
Дауылы тағдырдың кетсе айырып.
Қайтып ұшқан ұяға орала ма?
Әлде бір ши түбінде қала ма?



Жылдар өтті сағынышпен талай - талай,
Көкжиекке үмітпен қарай - қарай.
Жарқырап бұлтты жарып күн шықты,
Балапандардан бір - бірін іздеген үн шықты.

Аллаһ! Ризамыз бұл жалғанда,
Ақылды да, кемеңгер Зина апамызға.
Шақырып теңіз жағасындағы ұяға,
Адасқан балапандар кездестік бір ұяда.

Апамыз бізге құшақ жайып,
Маңдайымыздан иіскеп көңілі толды.
Сағынғандар бір - бірімен қауышып,
Өмірде ұмытылмас той болды.

Адамзатта тату «бөле» деген,
Бауырмалдық ерекше болады екен.
Сағынып табысқан бұл бөлелердің,
Қуанышы ұзағынан болса екен?!

Амандығын бөлелердің мен тілейін,
Бұл жалғанда сағынып жүрейін.
Биікке сіздер самғап ұшыңыздар,
Қуанатын біздердің талай күніміз бар!

*15.06.2021ж.*

## ККИЦ - 80 қыздарына

*(студенттік достарым)*

Ширкін ККИЦ - 80 - нің қыздары - ай,
Сенсеңіз бірі - жұлдыз, бірі - ай.
Кезінде жалындаған жүректері,
Бүгінде ақ бата ғой тілектері.

Жастық кетті айтпай қашып,
Кәрілік келді жәйлап басып.
Кезінде әр үйдің бір гүлі,
Алпыстан асып тұр міне.

Елестетіп өткенді артына қарайды,
Жай - жайлап әр қадамын санайды.
Тыныштығын шаңырақтың қалайды,
Шалың кәрі арыстанға балайды.

Солмай, жайнай берші гүлдерім,
Маған баяғыдай әдемі түрлерің.
Адал ниеті Достарымның бастысы,
Сыйластығым өмірімнің тәттісі!

*29.05.2020ж.*



## Өмір!

Өткенің мен болашақтың арасы,
«Өмір» деген «шіркін» сол екен.
Күндер жылжып өткенде,
Мен де желіп өткен екем.

Бітпестей азап күндерді,
Үміт пен арман жеңген екен.
Сүрініп - құлап түскен кезерде,
Сабырлық, демеу болған екен.

Қуаныш пен реніш келгенде,
Арасында ақыл тұрған екен,
Қуанышына пенде «тәубә» деп,
Ренішін ақыл жеңген екен.

Әлі де талай күндер өтер,
Өмір! Оған да желіп жетер.
Адамдар жақсылықты жасай
берсе екен,
Аллам, бағасын берер
күн де жетер!

*05.12.2021ж.*

## Ғабдыманап ағама

Өмірдің сүрлеуі мен соқпағы бар,
Шалт бассаң ұратығын тоқпағы бар.
Өмірде адаспайтын жан болмайды,
Алланың саған берер сынағы бар.

Тағдыр солай жазса, қояр сынап,
Тап болды сол сынаққа Ғабдыманап.
Досың түгіл дұшпанға тілемейтін,
Тартуға тура келді - ау талай азап.

Тағдыр өз айтқанын қылады екен,
Бұғалық сап бұлқынсаң, қинайды екен.
Айтқан сөзің ақталып сот кезінде,
Бос сөз болып бекерге қалады екен.

Жиырма бесі болатын әз наурыздың,
Жеті жылды арқалап кете бардың.
Алай дүлей құйын боп бар өмірің,
Он алтыншы түрмеге сен қамалдың.

Жер төледе отырдың Беляевпен,
Уақытыңды өткізіп кітаппенен.
Жала жауып айдалып кете барған,
Тағдырыңды ұқсатам Сәкенменен.

Жертөледе тек свет жанып тұрды,
Бір жұтым таза ауа арман болды.
Күні құрғыр өтпеді сағым болып,
Уақыт екеш уақытта тоқтап қалды.



Тар жол тайғақ кешуді сенде көрдің,
Басыңды азаматсың, бір имедің.
Ізі қалды тас болып жүрегіңде,
Емделмейді жарасы өткен күннің.

Ешкім сені ешқашан ез демеген,
Барлығы да айтады көзі керген.
Ғабеке!, ез емессің, ер жігітсің!
Алдыңда інің болып бас иемін.

Хат келгенде жеңгеміз Әсемкүлден,
Мөлдіреп жас көрінеді екі көзден.
Жүрегін қуанышқа толтыратын,
Хабарлар келіп түскен Таңсәуледен.

Күн өтті айлармен жылдар өтті,
Түрмеден шығатын да мезгіл жетті.
Жазықсыз сотталған ағажанның,
Қуанышы қойнына симай кетті.

Қуанып қызына хабар берді,
Гүлзаданың (папатайым) деген сөзі
Жүрегін найзағай дір еткізді.
Айтарға ары қарай сөз табалмай,
Амалсыз көз жасына ерік берді.

Нардың жүгін көтеретін, бауырым,
Мойымадың, қамықпадың әр дайым.
Өткен күнді еске ала отырып,
Жаңа өмірдің баспалдағын жалғадың.

Ғабеке өзіңізге бақ тілеймін,
Астыңызға нық отырар тақ тіледім.
Отбасыңыз әрқашан аман болып,
Қабыл ал достарыңның ақ тілегін!

*Ақын, Болат Ақтанұлы*
*24.08.2020ж. (Осы кітаптың авторына арналған).*

## Ғабдыманап досыма

Серікұлы Ғабдыманап
Еңбекте ерлік таныттың.
Арғы атаң Жазыбай
Қамын жеген халықтың.
Таңсәуле ұлың болса да
Жарқыраған жарық күн.
Аталы сөзбен тербетіп
Уызына жарыттың.
Қыз бен ұл өсіріп
Ұрпаққа сенім арттың.
Еңбекке баулап жасынан
Оңды солды таныттың.
Жан сырыңды ұғынар
Жасқа келіп қалыпсың.
Қанмен келген қасиетпен
Тұлпарын міндің шабыттың.
Жастықтың біраз буымен
Сауық сайран салыпсың
Көз алдыңнан кетпейді,
Сол бақытты уақытың.
Қыр сырын кешіп ұғынтып
Жол сілтеген бағытың.
Тербеген жүрек сырыңды
Жетпіске таяп ағыттың.

*Мира Ж.Т., ақын. 07.12.2020ж.*



## Құрметті
## Ғабдыманап Серікұлы!
## Туған күніңізбен құттықтаймыз!

Ширкін, біздің Ғабекең,
Қылшылдаған шағы екен.
Бөлімдегі қыздардың
Көз моншағы, сәні екен.
Қырық қыздың ішінде
Жүрсе де адал, пәк екен.
Жеңгеміздің бағы екен,
Ойлайтыны - үй қамы,
Жұмыс, бала - шаға екен.
Оңға, солға бұрылмай,
Тік жүретін жігіттер
Өмірде әлі бар екен.
Демеймін Ғабекең қандай - ды,
Біз үшін атқан таңдай - ды.
Елена апамның жақсы ісін
Өзі бас болып жалғайды.
Бар ғұмырын тек қана
Қалалық әкімдікке арнайды.
Бал берем деп басқалар
Шақырса да бармайды.
Мың жерден мақтасақ - тағы
Бізге көз қырын салмайды.
Айнұрды ғана «қызым», - деп
Анда - санда алдайды.
Ащы суға жаны қас,
Сүт қатқан шаймен жібітер
Кеуіп қалған таңдайды.

«Ақырын жүріп, анық бас»
деп үйреткен анасы,
Аман болса Ғабекең
Қияларға самғайды.

*Ізгі тілекпен, бақылау және*
*құжаттамалық қамтамасыз ету*
*бөлімінің қыздары.*
*Қарағанды қалалық әкімдігі.*
*05.01.2006ж.*

Мектепте он жыл бірге оқыған досым Сәтбеков Сыздық, осыдан жарты ғасыр бұрын Қарағанды политехникалық институтында оқып жүргенінде, өлеңмен маған хат жолдап еді, соны жариялауды жөн көрдім. Біздер 1970 жылы орта мектепті бітірдік. Бұл хат 1971 жазылған. Досым 1995 жылы өмірден өтті. (Ескерту, мектепте мені сыныптастарым Қабатай дейтін)

Шіркін, достар қайда кеттің жалындаған,
Қымбатсыңдар бұл өмірден сендер маған.
О, өмір, қайта оралмас сол бір кезең,
Жақсылығың бұл өмірдің қалай сезем.

Естисің бе қайран досым, Қабатайым,
Өткен шақтан айрылдық жазатайым.
Есіңе алшы жас іркілтіп көз алдыңа,
Құмарланып ойнасақта ойынымыз бір қанды ма?



Есіңде ме үшеуміздің достығымыз,
Кей кездерде болды әрине мастығымыз.
Әрине қателік бұл - балалықтың әсерінен,
Болмасын деп бұйырамын қастығымыз.

Асыр салып ойнаушы едік асық атып,
Кейде бірге оқушы едік басты шатып.
Айрылдық бұл күндері сол қызықтан
Міне қазір отырмын ойға батып.

Достар кетті тарап - тарап шар - тарапқа,
Мен риза Галяй мен сен, Қанатқа.
Ұмытпаймын азда болса өкпем жоқ,
Кеш жазды деп және сөкпек жоқ.

Былтыр ғана бір партада отырған қайран досым,
Сағындым ғой асыл жүрек көңіл қошым.
Осымен өз хатымды аяқтаймын
Хат жазған, хат күтуші Сыздық досың.

## Ата баба жерінде

Томағасы шешілмеген қыран құстай,
Жүрген еді, амалсыз жаны шықпай.
Ата баба жеріне кіндік кескен,
Сіргелі Батыр, Ғабекең жете алмай.

Алла жазды, армандары орындалды,
Жоғалды бойындағы қиям қайғы.
Ата баба жерінде аунап - қунап,
Жер Анадан өзіне ләззат алды.

Ұлы жүз Ойсыл қара болады ата тегі,
Одан соң Бораш болған үлкендері.
Сол Бораштан тараған Сіргелілер,
Он екі ата болған екен бүгіндері.

Түлкібас, Қазығұрт, Ташкенттің аралығы,
Жайлапты Сіргелі - Батыр ұрпақтары.
Төскейдегі ата жұртын аңсайдығой,
Батырдың ұрпақтары арқадағы.

Өмірдің жазы өтіп күзі қалды,
Қазығұрттың басында кеме қалды.
Кеме қалған басында жерге аунаған,
Ғабекеңдей ағамның арманы орындалды.

*Болат Ахтанұлы*
*29.08.2021ж.*



## Ғабекеңе

Жансың - ау мол пішілген түсінігің,
Қашанда тап - түйнақтай ісі мығым.
Тұрасың кімді болсын ішке тартып,
Сезілер әр сөзіңнен кісілігің.

Мейрімге толы дәйім ай қабағың,
Жүрегің қайрымды байқағаным.
Алдында көпшіліктің мақтанышпен,
Ұялмай «ағатай» деп айта аламын.

Бересің біреуге дем, біреуге арын,
Жұбатат жабыққанның жүдеу жанын.
Шешіліп шын көңілден сыр айтатын,
Менің де сендей ағам біреу - жарым.

Пайымдап гәп астарын, сөз парасын,
Қиналмай ретінде сөз табасың.
Алады мені ізіне ілестіріп,
Өмірге деген мынау көзқарасың.

Ұғасың, түсінесің ақын жанын,
Өзісің сыншым әрі оқырманым.
Маған да мерей және міндет,
Бағалап жырларымды отырғаның.

Қастерлі, қасиетті саналатын,
Арқалап жүрсің елдің аманатын.
Қасыңнан тілеулестер табылады,
Дейтұғын шықпасыншы жаман атың.

Сөзің бар көп тыңдайтын өнегелі,
Мақтаса - олар Сені демегені.
«Батамен ер көгерер» - деген бар ғой,
Азамат ел сыйлаған көгереді.

Дүйім жұрт алысып жүр нарықпенен,
Біргесің әлеуметпен, халықпен.
«Ұлы той - көппен көрген», - дейсің аға,
Алланың бір аты ғой халық деген.

Көп бүгін ұмытқандар құдайын да,
Тәңірден саулығыңды сұрайын да.
Көл болсын көп тілегі саған деген,
Тіл мен сұқ, тасқа тисін лайымда!

*Ақын Нұрғали Қарабектегі*
*Приозерск қаласы.*
*Наурыз, 2002 жыл.*
*(Осы кітаптың авторына арнаған)*



* * *

*...Жүгірмей, желмей, жортпай, жорғаламай,*
*Өрмелеп шығып келем жонға қарай,*
*Қыран болсам қонбас па ем шыңға барып,*
*Дариға - ай, қанатымның болмағаны - ай!*

***Мұқағали Мақатаев.***

* * *

### *Мазмұны*

Автордан........................................................................... 4

Рухты кітап........................................................................... 6

Ұрпақ кәдесіне жаратар шығарма......................................... 8

Пікір........................................................................... 10

Кіріспе........................................................................... 12

Өз тағдырым........................................................................... 15

Ресей Патшалығы және Кеңес
Одағы кезіндегі ел тағдыры.................................................. 99

Егемендік алғандағы ел тағдыры....................................... 162

Өмірімнің тынысы.............................................................. 234



***Ғабдыманап Серікұлы Жазыбаев***

***Корректор Құтжанова Жансара Төребекқызы***
***Дизайн Қабылда Гулсая Серғазықызы***

*Компьютерлік беттеу* ***Бангерт Е.М.***

Басуға қол қойылды 28.02.2022 ж. Пішімі 60х84 1/16. Қағазы офсеттік.
Көлемі 20,0 б.т. Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 16.

«Арка және К» ЖШС
100000, Қарағанды қ., Алиханова көшесі, 1

# Ескерту

Алға қойған мақсат адам тағдырын оқырмандарға жеткізу болғанымен, көркем шығарма болмаса да, кітаптың алғашқы тиражында кейбір қолданыстағы сөздерде грамматикалық қателер кездесіп қалады. Уақыттың тапшылығынан бірнеше қайталап тексеріп, електен өткізетіндей мүмкіндік болмады.

Оқырмандарымнан орын алған олқылыққа кешірім өтінемін.

**Автор**



## Ғабдыманап Серікұлы Жазыбаев

1953 жылы 25 желтоқсанда (05.01.1954 құжатта) Қарағанды облысы Шет ауданы Нұраталды сохозында дүниеге келген. 1970 жылы онжылдықты бітіріп, Қарқаралы зоотехникалық - малдәрігерлік техникумына түсіп 1975 жылы үздік дипломмен бітіреді. 1972 - 1974ж.ж. Кеңес Одағы армиясында әскери борышын өтейді. 1980 жылы Қарағанды кооператив институтын бітіреді. Еңбек жолын өзінің туған жері Шет ауданында бастап, тұтынушылар қоғамында қызметте, Аудандық партия комитетінде нұсқаушы, тұтынушылар қоғамының төрағасы болып, 1993 жылға дейін қызмет етіп, 1993 - 2003 жылдары Приозерск қаласының әкімшілігінің экономика комитетінің төрағасы, Қалалық маслихаттың хатшысы болса, 2003 жылдан бастап Қарағанды қаласының әкімшілігінің ұйымдастыру және бақылау бөлімінде, кейін кәсіпкерлік бөлімінде 2011 жылдың наурызына дейін қызмет атқарды. Қазіргі кезде зейнеткер.

Ғабдыманап Серікұлының «Менің Нұраталдым», «Тұғыр» деген деректі кітабы және «Пирозерск қалай қазақтанды» деген очерктері жарық көрді. Ғабдыманап Серікұлының ақындығы да бар.

ISBN 978-601-06-8518-5
9 786010 685185